Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРДІҢ БІРІКТІРІЛГЕН СЫНЫПТАРЫНДА ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Әдістемелік ұсынымдар

Нұр-Сұлтан, 2022

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің 2022 жылғы 21 маусымдағы № 8 хаттаманың шешімімен баспаға ұсынылды

Шағын жинақты мектептердің біріктірілген сыныптарында оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022. – 428 б.

Әдістемелік ұсынымдамада шағын жинақты мектептердің біріктірілген сыныптарында оқу үдерісін ұйымдастыру, шағын жинақты мектептің біріктірілген бастауыш сыныптарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері, шағын жинақты мектептің негізгі орта білім беру деңгейінің біріктірілген сыныптарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері және шағын жинақты мектептің біріктірілген сыныптарындағы пәндерді кіріктіріп оқыту бойынша ұсынымдар берілген.

Әдістемелік ұсынымдама шағын жинақты ауыл мектептері педагогтері, білім беру ұйымдарының басшылары мен әдіскерлеріне арналған. Сонымен қатар ұсынымдамада ауыл мектептеріндегі білім беру сапасын арттыру мәселелері қарастырылған.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2022

КІРІСПЕ

Білім алуда теңдей мүмкіндікке қол жеткізу – әлемдегі көптеген елдердің білім жүйесі үшін негіз болатын маңызды принциптердің бірі.

Білімдегі теңсіздіктің негізі орта білім беру жүйесінде қаланады. Білім сапасының алшақтығы мектеп түрлерінің бөлінісінде, негізінен қала мен ауыл мектептерінің арасындағы бөліністе байқалады. Президент Қ-Ж. Тоқаевтың Қазақстан халқына бірінші, сондай-ақ екінші Жолдауында мектеп оқушылары үшін мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз ету бойынша жүйелі шараларды әзірлеу қажеттілігін баяндалды. 2020 жылғы 1-қыркүйектегі мемлекет басшысы Қ-Ж. Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Балаларымыз қай жерде тұрса да, қандай тілде оқыса да сапалы білім алуы керек… Осыған орай, мемлекет қарапайым мектептерге қолдау көрсетеді. Сонымен бірге бұл қадам қала мен ауыл арасындағы білім беру саласындағы алшақтықты қысқартуға жол ашады», – деді.

Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан елеулі өзгерістер білім беру жүйесінен тыс өтпейтіні белгілі. Білім беру саласындағы басты мақсат – еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси өміріне белсене қатысуға дайын, бәсекеге қабілетті жеке тұлға дайындау мәселесі. Олай болса, шағын жинақты мектептердің ұстанымы да осыған келіп саяды. Бұл мақсатты орындауда шағын жинақты мектептердегі оқыту жүйесін дамыту, соның ішінде оқу-әдістемелік база құру: арнайы бағдарламалар, оқулықтар, әдістемелік құралдар әзірлеу өзекті мәселелерді шешу қажет.

Шағын жинақты мектептердің өзіндік ерекшелігі мұғалім бір мезгілде екі, үш, кейде төрт сыныптың оқушыларымен қатар жұмыс істейді. Бұл ерекшелік оқу-тәрбие жұмыстарының өзгешелігін айқындайды.

Бірнеше сыныппен қатар жұмыс істеу оқу-тәрбие жұмысына айтарлықтай қиындық туғызады. Шағын жинақты мектептердің әлі күнге дейін ШЖМ ерекшелігін ескере отырып әзірлеген қажетті оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілмеуі, мұғалімдердің барлығы дерлік мұндай мектептерде жұмыс істеуге арнайы дайындығы жоқ екендігі, оқу-материалдық базаның әлсіздігі де жағдайды күрделендіре түсуде. Сонымен қатар оқу бағдарламалары барлық типтегі мектептер оқушыларының білім, білік, дағдыларына бірдей талап қоятындықтан, шағын жинақты мектептердің білім сапасына, оқушылардың білім, білік, дағдылары мен олардың жалпы дамуына кері әсерін тигізуде. Қолданыстағы оқулықтар мен дидактикалық материалдар шағын жинақты мектептердің оқу процесін ұйымдастыру ерекшелігін ескермейді және қажетті білім, білік, дағдыларын қалыптастыруға көмектесетін оқушылардың өзіндік жұмыстарын жүргізуге бағытталмаған. ШЖМ үшін әдістемелік құралдар әзірлеу ШЖМ жағдайында оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін арттыратыны сөзсіз.

Шағын жинақты мектептерде оқытуды тиімді ұйымдастыруда сабақтың мынадай түрлері бар. Олар: бірпәндік және біртақырыптық оқытуға негізделген сабақтар. Шағын жинақты мектепте оқу үдерісінің тиімділігін арттыруда

біртақырыптық сабақтар ұйымдастырудың маңызы зор. Біріктірілген сыныптарда біртақырыптық оқытудың мақсат-міндеттері төмендегідей:

- ✓ бірнеше сыныптағы мазмұны ұқсас тақырыптарды кіріктіру арқылы жүйелі білім беру;
- ✓ сабақты тиімді әдіс-тәсілдер негізінде ұйымдастыру арқылы мұғалім қызметін оңтайландыру және уақытын үнемдеу;
- ✓ әртүрлі жастағы оқушылардың мазмұны ұқсас материалды біріге отырып меңгеруіне жағдай туғызу.
- ✓ Біртақырыптық сабақтардың тиімділігі мынада:
- ✓ оқушылар әртүрлі сыныпта оқығанымен, олардың назарын бір тақырыптың мазмұнына аударуға мүмкіндік жасалады;
- ✓ жоғары сынып оқушыларының өткен сыныптағы білімдерін жаңғыртуға және жетілдіруге, ал төменгі сынып оқушыларын осы тақырып төңірегінде оза оқытуға мүмкіндік туады;
- ✓ мұғалім бір мезгілде әртүрлі жастағы балалармен бір бағыттағы сабақты ұйымдастыру арқылы оқушылардың бір-біріне көмектесіп, ұжымдық қарым- қатынасқа түсуіне жағдай жасайды, оларды ынтымақтастыққа, ұйымшылдыққа баулиды;
- ✓ оқушылардың бірін-бірі тексеруі және бағалауы жүзеге асады, үлкен сынып оқушысы төменгі сыныптың жұмысын тексеріп бағалау арқылы өз білімінің сапасын анықтай алады.
- ✓ Осыған орай, бұл үлгідегі мектептер, мүмкіндігінше, бірнеше сыныптың оқу материалын біртақырыптық жүйеге ыңғайластыруы және соған сәйкес оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін таңдау керек.

1 ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТІҢ БІРІКТІРІЛГЕН БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРЫНДА ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шағын жинақты мектептердің біріктірілген сынып жағдайында оқу-тәрбие процесінің негізгі ерекшеліктері – кіріктірілген сыныптардың бірнеше өзіне тән тиімді жақтары бар.

Балалардың санының аздығына байланысты мұғалім әрбір оқушының оқуға деген қызығушылығын арттыруына жылдам ықпал ете алады.

Оқушылардың отбасылық жағдайына аз уақытта талдау жасап, зерттеуге көп уақыт жібермей әлеуметтік картасын құрастырып, оқу процесі барысында берілетін үй тапсырмасы мен жеке тапсырмалады отбасы жағдайына, әлеуметтік тұрғыдан бағдарлай алады.

Сыныптағы оқу үдерісі барысында педагогтің жеке-дара өздік жұмысқа арналған тапсырмаларын толық іріктеуге мүмкіндігі бар, оған мұғалім аз уақыт жұмыс жұмсап, әрбір оқушымен белгілі бір уақыт шеңберінде байланысқа түсе отырып, сабақ барысында сыныптағы оқушылармен толық кері байланысқа түсе алады.

Оқушылардың сабақ барысындағы тәртіп бұзушылығының тез алдын алуға, уақытылы тиімді шараларды жүзеге асыруға мүмкіндігі бар.

Оқушылар бірінші сыныптан бастап, өздігінен жұмыс жасауға бейімделеді;

Бір оқу бөлмесінде күнделікті бірге сабақ оқығандықтан төменгі сынып оқушыларының жоғары сынып оқушыларының жақсы істеріне кіші сынып оқушыларын еліктетіп, жағымды ахуал қалыптастыра, үлгі өнеге алуларына ықпал етіп, жақсы оқитын жоғарғы сынып оқушысына үлгерімі төмен төменгі сынып оқушысын қамқорлығына алу мүмкіндігі де бар.

Әрбір баланың тәрбиелік деңгейлерін анықтап, олардың қабілет дағдыларының деңгейлерін көтеруге мүмкіндігі мол. Біріктірілген сыныптарда сынып сағаттары, ата-аналар жиналысы бірге өтеді және уақыт та үнемделеді.

ШЖМ-да сынып оқушыларының арасында тәртіп бұзушылық болмайды. Бір оқу бөлмесінде күнде болғандықтан, бір үйдің балаларындай тату болады. Мектепішілік тәрбие шараларына 1-4-сынып оқушылары түгел қатысып отырады.

Шағын жинақты бастауыш мектеп дегеніміз балалардың саны аз, оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың өзіндік ерекшелігі бар, біріктірілген сыныптардан тұратын жалпы білім беретін мектепті айтамыз.

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің ахуалы мен дамуы туралы жылдағы Ұлттық баяндамада және 2018 жылғы «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ-ның есебі негізінде ауыл мектептері білім алушыларының білім сапасы қала мектептерінің білім сапасына қарағанда оқу сауаттылығы бойынша – 38 балға, математикалық сауаттылық бойынша – 22 балға, жаратылыстану – ғылыми сауаттылықтары бойынша – 23 балға төмен екені анықталып отыр. Компьютерлік сауаттылық бойынша ауыл оқушылары қалалық білім

алушылардан 70 балға артта қалғаны белгілі болды. Сондықтан халықаралық зерттеулер нәтижесінде көрсетілген алшақтықты азайту мақсатында ауыл мектебінің педагогтері мен мектеп әкімшілігіне тиісті жұмыстар жүргізуге және халықаралық зерттеудің өтуіне жауапкершілікпен қарау ұсынылады.

PISA-2018-дегі нәтижелері бойынша ШЖМ-дағы білім сапасы барлық үш бағыт бойынша толық жиынтықты мектептерден төмен екенін көрсетті. Онда: математика бойынша алшақтық – 9 балл, жаратылыстану – 12 балл және оқу – 19 балға төмен көрсеткіш берген.

ШЖМ мен толық кешенді мектеп арасындағы алшақтықтың бірі – кадр тапшылығында. Оның ішінде: жаратылыстану-педагогтарға қажеттілік (физика, химия, биология) және оқу сауаттылығы бойынша – педагогтерге тілдік пәндер қажеттілігі (орыс тілі, қазақ тілі).

ШЖМ-да білім алушылардың көпшілігі (70,9%) оқу сауаттылығы бойынша 2-деңгейге жетпейді, яғни функционалдық тұрғыдан сауатсыз десек болады. Толық кешенді мектепте олардың үлесі шамамен 10%-ға төмен. ЭЫДҰ елдері бойынша орта есеппен мұндай білім алушылардың үлесі 22,6 % - ға жетеді, яғни Қазақстанға қарағанда үш және одан да көп есе аз (64,2%).

ШЖМ білім алушыларының құзыреттілік деңгейі: базалық білімнің жеткілікті жоғары деңгейі;

Функционалдық сауаттылық дағдыларының төмендігі: логикалық есептерді шешуде және сыни ойлаудың болмауымен анықталды.

PISA-2018 іріктеліп алынған 617 білім беру ұйымдарының ішінде 114 мектеп – шағын жинақты мектептерді құраған. Мұндай мектептер Атырау және Маңғыстау облыстарынан басқа барлық облыстарда іріктелді. 2018 жылы Атырау және Маңғыстау облыстарында барлығы 15 және 10 шағын жинақты мектеп болғандықтан іріктеуге алынбаған.

ШЖМ мен тірек мектептерінің (ресурстық орталықтар) негізгі міндеттері:

- ✓ сапалы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету және кеңейту;
- ✓ оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану;
- ✓ сапалы білім беруді қамтамасыз ету мақсатында тірек мектептерінде (ресурстық орталықта) ШЖМ-ның білім беру ресурстарын біріктіру;
- ✓ тірек мектебінде (ресурстық орталықта) нұсқаушы, аралық және қорытынды сессиялық сабақтар ұйымдастыру шараларын іске асыру;
- ✓ біріктірілген сыныптарда оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және т.б.

ШЖМ-дағы сыныптардың толымдығына 3-10 және одан көп адамға дейін рұқсат беріледі.

Республика бойынша шағын комплектілі мектептің үш типі бар:

– бірінші – бастауыш шағын комплектілі мектеп;

– екінші – негізгі сатылы шағын комплектілі мектеп;

– үшінші – жоғары сатылы шағын комплектілі мектеп.

Олардың бәріне тән қасиеттер:

– тек біріктірілген сынып комплектінің болуы (бұл бастауыш шағын комплектілі мектепте басым);

– тек біріктірілген сынып комплектінің және бала саны аз жеке сыныптардың болуы;

– тек бала саны аз жеке сыныптардың болуы.

Шағын кешенді мектептерде негізгі назар ұйымдастыру жұмыстарына аударылады. Жалпы жаңа жүйе бойынша оқыту жұмысын ұйымдастыру шарттары:

– сабақтың оқу бағдарламасына сәйкес жоспарлануы;

– бірнеше сыныптың оқу материалының бір тақырыптың жүйеге ыңғайластырылуы;

– көрнекі дидактикалық құралдардың алдын ала дайындалуы;

– сабақ тақырыбының өзара байланысы;

– сыныптарды комплектіге дұрыс біріктіру;

– сабақтардың кестесін дұрыс жасау;

– тиімді оқыту әдістерін таңдау;

– сабақтың мақсатқа сай келетін құрылымын анықтау;

– оқушылардың өздік жұмыстарын мұғалім басшылығымен істелетін жұмыстармен ауыстырып отыру;

– мұғалімнің 4-5 рет жұмыс түрін ауыстыруы;

– барлық сыныптарда тәрбие процесін жүргізу және т.б.

Шағын жинақты мектептер саны тәуелсіздік алған жылдардан кейін жыл сайын өсіп келе жатқаны белгілі. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының ерекшеліктері, ауыл тұрғындарының қалаға көшуі, жастардың ауылда тұрақтамауы шағын мектептер санының көп болуына тіреп отыр. Зерттеу бойынша Қазақстан оқушыларының әрбір жетінші оқушысы шағын жинақталған мектептер жағдайында оқиды және әрбір төртінші мұғалім шағын жинақталған мектептерде сабақ өткізеді.

Мектеп құрылымы өзгеше аталғанымен, мұндағы білім мен тәрбие сапасына қойылатын талап барлық білім беру мекемелеріне қойылатын талаппен бірдей. Сондықтан да шағын жинақты мектеп жұмысын ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлу керек.

Шағын жинақты мектепте мұғалім бір уақытта бірнеше сыныппен сабақ жүргізеді: екі комплектілі мектепте – екі сынып, ал бір комплектілі мектепте – үш немесе төрт сынып біріктіріліп, бір сыныпты құрайды.

Сыныптарды комплектіге біріктіру, оның негізінде сабақ кестесін құру, соған байланысты сабақтың күнтізбелік жоспарын құру, сабақтың жоспарын жазу, сабақтың уақытын дұрыс, тиімді пайдалану мәселелері – аталған мектептердің маңызды мәселелерінің бірі.

Егер мектепте барлық балалар саны 15-тен аспайтын болса, 1-сынып комплект, 15-тен жоғары 2 немесе 3-сынып комплект болуы тиіс. Егер де бала санының аздығына байланысты, яғни 5-тен 15-ке дейін ғана бала болса, онда 1 сынып-комплект – 1, 2, 3, 4 сынып оқушылары бірге оқитын жағдайда тиімді жылжымалы сабақ кестесін жасау құру керек болады.

Шағын жинақты мектеп параллель сыныптардың болмауы, сыныптар санының аз болуы және бір сыныптағы оқушылардың жас шамалары әртүрлі

болуына байланысты өз қызметін ұйымдастыру формалары мен әдістерін таңдауына құқылы.

Шағын жинақты мектептің қызметін ұйымдастыруда келесідей қағидалар ескеріледі:

- біріктірілген сыныптарда бірпәндік, біртақырыптық ұстанымдарға негізделген кіріктіре оқытуды ұйымдастыру;

- біріктірілген сыныптардағы сабақтың дидактикалық кезеңдерін тиімді үйлестіретін икемді сабақ кестесін құру;

- бастауыш және жоғары сынып оқушыларымен өздігінен жұмыстарды өткізуге мүмкіндік беретіндей сабақ жоспарларын ұйымдастыру;

- оқу үдерісін әрбір оқушы тұлғасына психодиагностикалық сараптау, оның даму динамикасына байқау жасау, соның негізінде тиісті түзетулер енгізу арқылы ұйымдастыру;

- әрбір білім алушы үшін оқытудың өзіндік траекториясын белгілеп, даралап және саралап оқытуға жағдай жасау;

- білім беру процесінің технологиясы мен мазмұнының икемділігін, вариативтілігін жүзеге асыру;

- әрбір оқушының өзін-өзі көрсете білу, өздігінен білім алу қабілетін дамыту;

- білім берудің дамытушылық, шығармашылық және инновациялық сипаты;

- шағын жинақты мектептің мәдени орталықтардан шалғай орналасқандығын ескере отырып, мектептегі тәрбиелеу және дамыту жұмыстарын басты назарға алу;

- шағын жинақты мектеп жағдайында оқытудың ерекшеліктеріне сәйкес тиімді педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану және т.б.

Сыныптарды біріктіру тәжірибесі екі нұсқада қарастырылады. Олар: аралас және әр жастағы білім алушыларды біріктіру. Әртүрлі жастағы оқушылары бар сыныптарды ұйымдастыру педагогикалық тұрғыдан неғұрлым тиімді, өйткені ол балалардың ауыспалы жұптарда жұмыс жүргізуіне, жоғарғы сынып оқушыларының өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруға, сөйтіп көбірек көңіл бөлуді керек ететін төменгі сынып оқушыларына сабақ түсіндіру үшін уақыт бөліп алуға мүмкіндік береді.

Мектептің бастауыш білім деңгейінде оқушыларды сыныптық-құрамдарға біріктірудің мынадай нұсқалары болуы мүмкін: сыныптарды біріктірудің аралас түрі: 2+3, 3+4; әртүрлі жастағы оқушыларды біріктіру: 2+4, 1+3. Сыныптарды біріктіру кезінде әр жастағыларды біріктіру оңтайлы болып табылады, себебі бұл сыныптарда оқушылардың жас ерекшеліктері мен оқу бағдарламаларының айырмашылықтары елеулі, сондықтан оларды бір сынып ішінде, бір-біріне кедергісіз бөліп оқыту мүмкіндігі жоғары.

1-сынып оқушылары жеке оқытылады. Себебі мектепке енді қадам басқан оқушылардың оқу әрекетіне бейімделуі, талаптануы, зейіні тұрақтануы мен ынтасының артуы үшін оларды сынып-кешеніне қоспай, жеке оқыту керек.

Екі немесе үш сыныпты біріктіру қажет болған жағдайда (мысалы, 2+3+4), сабақтың белгілі бір бөлігін әрбір сыныппен жеке өткізу үшін жағдай жасау мақсатында сабақтың жылжымалы кестесін қолданған дұрыс.

Мектептің негізгі орта және жалпы орта білім деңгейінде сыныптарды біріктіру әр сыныптағы оқушылар санына байланысты қаралады. Оқушылар санының аз болуы жағдайында сыныптарды мынадай тәртіпте біріктірген дұрыс: 5+6; 6+7; 7+8, 6+8. Мұндай біріктіруде бірпәндік ұстанымға негізделген пән ішіндегі мазмұны ұқсас тақырыптарды кіріктіре оқытуға болады. Мысалы: қазақ тілі, әдебиет, биология, тарих, география пәндері бойынша пәнішілік кіріктіре оқыту ұсынылады.

Біріктірілген сыныптарда пәнішілік кіріктіре оқыту мұғалімдер мен оқушылар үшін келесідей тиімділіктерді көрсетеді:

- оқушылар әртүрлі сыныпта оқығанымен, олардың назарын бір пәннің мазмұнындағы ұқсас тақырыптарға аударуға мүмкіндік жасалады;
- әр оқушы білім деңгейіне қарай өзіндік жұмыс түрлерін орындайды;
- өзіндік жұмыстарды оқушылардың жас ерекшелігіне қарай деңгейлеп беруге жағдай жасалады;
- оқушылардың бір-біріне көмектесіп, ұжымдық қарым-қатынасқа түсуіне мүмкіндік беріледі;
- оқушылардың бірін-бірі тексеруін, өзін-өзі тексеруін және бағалауын жүзеге асырылады;
- жоғары сынып оқушысы төменгі сыныптың жұмысын тексеріп бағалау арқылы өз білімін іс жүзінде қолдануына мүмкіндік туады.

Пәнішілік кіріктіре оқыту мүмкін болмаған жағдайда пәнаралық кіріктіре оқыту мүмкіндігі бар (мысалы: әдебиет пен тарих, тарих пен география, биология мен химия, математика мен информатика).

Бастауыш шағын жинақты мектеп жағдайында балалардың бағдарламалық материалдармен ұйымдастырылатын өзіндік жұмысына кететін уақыт мөлшері сақталуы керек:

- жазу сабағы бойынша 2-сыныпта 20 минуттан, 3-сыныпта 25 минуттан;
- математика сабағы бойынша 2-сыныпта 15 минуттан, 3-сыныпта 20 минуттан аспауы тиіс.

Шағын жинақты мектепте оқу үдерісін ұйымдастыруда тиімді педагогикалық технологиялар (деңгейлеп, саралап оқыту, ұжымдық оқыту, дидактикалық бірлікті ірілендіру, дамыта оқыту, модульдік оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технология және т.б.) қолданылады.

Деңгейлеп оқыту оқушылардың жас және білім деңгейі ерекшеліктерін ескере отырып, деңгейлік тапсырмалар беру арқылы олардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Ұжымдық оқыту әдісі динамикалық жұптар құра отырып, оқушылар арасында танымдық қарым-қатынасын, оқушылардың бірін-бірі оқытуын ұйымдастыру болып саналады. Ұжымдық оқыту әдісі балалардың қарым-қатынасы тапшылығын азайтуға, ауылдық жерлерде оқушылардың аздығы жағдайында оқушылардың монологтік және диалогтік сөйлеу қабілеттерін

дамытуға жағдай жасап, мұғалімнің жалпы сыныппен жұмысын азайтып, жекелей оқыту уақытын көбейтуге мүмкіндік береді.

Дидактикалық бірлікті ірілендіру (ДБІ) – ақпараттардың біртұтас игерілуін қамтамасыз ететін, мағыналық қисынды байланыстар негізінде білімдік ұғымдарды біріктіру жүйесі. Бұл технология оқу пәндері және салалас пәндер белоктерінің ішіндегі материалдардың дидактикалық құрылымын құру арқылы аралас сынып сабақтарын ұтымды өткізуге мүмкіндік жасайды.

Дамыта оқыту технологиясының әдіс-тәсілдерін кең қолдану – әр оқушының жан-жақты дамуына жағдай жасау арқылы белсенді тұлға тәрбиелеу.

Әртүрлі жастағы білім алушыларды оқыту әдістемелерін қолдану кезінде екінші және үшінші сыныптарды; үшінші және төртінші сыныптарды немесе екінші және төртінші сыныптарды; бесінші және алтыншы сыныптарды, алтыншы және жетінші сыныптарды; жетінші және сегізінші сыныптарды біріктіруге рұқсат етіледі.

Әртүрлі жастағы топтарда сабақты ұйымдастыру келесі қағидаттарға негізделеді:

– әртүрлі жастағы оқушыларды оқыту құралдарын, оқыту мазмұнын, тапсырмаларды кіріктіру және саралау;

– балалардың оқу әрекетін педагогикалау, біршама үлкен жастағы оқушыларды оқу сабағының ұйымдастырушысы ретінде дайындауды қамтамасыз ету;

– өзара оқыту;

– әртүрлі жастағы білім алушылардың өзара әрекеттерін басқару;

– балалардың психологиялық қорғалуын қамтамасыз ету;

– оқу сабағындағы оқушылар құрамының жас ерекшеліктік ауқымын оңтайландыру. Оқушылардың тиімді өзара әрекеттестігі үшін кеңес берілетін жас ерекшелік алшақтығы – 3-4 жастан артық емес болғаны дұрыс.

ШЖМ-ның негізгі ерекшелігі – біріктірілген сыныптарда әртүрлі жастағы білім алушылардың оқытылуында. Әртүрлі жастарды білім алушыларды қамтитын біріктірілген сыныптардың өз қиыншылықтары бар. Олар: педагог оқу үдерісін түрлі жастағы біріктірілген сынып оқушыларының бір сабақта екі, ал кей жағдайда – үш пәннен де толыққанды білім алатындай құруы тиіс. Ол үшін сабаққа екі есе (үш есе) дайындалып, сонымен қатар екі (үш) сабақ жоспарын біреуіне кіріктіріп, оқу үдерісінде балалардың түгел оқу қызметімен қамтылуын қамтамасыз етуі қажет.

Осылайша, оқу қызметін ұйымдастыруда ШЖМ мұғалімдерінің алдында уақытты дұрыс үйлестіру және пайдалану, сабақта жеке ерекшеліктерін, олардың өздігінен жұмысқа дайындығын және педагогтің тікелей қатысуымен жүретін жұмысты ескеру арқылы оқушылардың өздігінен жұмысын тиімді жоспарлау мәселесі тұрады. Дегенмен, республикамызда біріктірілген сыныптардағы оқу процесін ұйымдастыру барысында оқу жоспарын біріктіріп, бірақ сабақ барысында кезектестіріп өзіндік жұмыс ұйымдастыру әдісі дәстүрлі болып отыр.

ШЖМ әдістемелік қамтылуындағы кемшіліктерді жіті сезінуде: мұғалімдерге арналған ШЖМ жағдайында білім беру процесін ұйымдастыру құралдары мен әдістемелік нұсқаулардың жетіспеушілігі; толымдылығы аз және әртүрлі жастағы білім алушылары бар біріктірілген сыныптарда оқытудың арнайы әдістемелерінің тапшылығы; толымдылығы аз сыныптардағы оқыту нәтижелерін бағалау асыра бақылауға айна, оның салдары ретінде, білім алушылардың жоғары дәрежеде алаңдаушылығына жетелейді; білім алушылар контингентінің аз болуына байланысты бейінді білімді ұйымдастырудың күрделі болуы; интернетте ШЖМ-ның педагогтерінің біліктілігін арттыруға арналған әдебиеттің және қажетті материалдардың болмауы.

ШЖМ-дағы кадр тапшылығы ерекше назар аударуды талап етеді: ұқсас мамандықтар бойынша оқытуға арналған мамандардың жетіспеушілігі; мұғалімнің ШЖМ-ның жағдайында білім беру үдерісін ұйымдастыруға дайын болмауы; ШЖМ мұғалімдеріне еңбекақы төлем, ынталандыру және әлеуметтік қолдау көрсету жүйесінің сайма-сай келмеуінен педагогтер мотивациясының деңгейінің төмендеуі.

Сонымен қатар ШЖМ-ның негізгі проблемаларының бірі – материалдық-техникалық базасының әлсіздігін атап көрсеткен дұрыс.

Мәселен: бейімделмеген орын-жайлар, оның көбісі апатты күйінде, күрделі жөндеуді қажет етеді. Арнайы оқу зертханаларының және шығармашылық шеберханаларының, асханалардың, спорт-залдарының, медициналық кабинеттердің, заманауи жиһаздың спорттық жабдықтардың, оқу залы бар электрондық кітапхананың болмауы; телекоммуникациялардың ескірген инфрақұрылымы: кең жолақты Интернет желісіне қосылудың жетіспеушілігі, интерактивті құралдар жиынтығының толық болмауының барлығы білім сапасына өз әсерін тигізері анық.

Оған қоса ШЖМ-ның қызметін реттеп отыратын нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру мәселесін де шешу қажет. Атап айтқанда: материалдық-техникалық жабдықтауға және педагогикалық процесті ұйымдастыруға деген көзқарастағы аймақтық айырмашылықтар. Мұғалімдерге еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіруді қажет етеді, базалық жалақы оқу жүктемесіне байланысты (бірлік жүйесі), біріктірілген сыныптарды оқытудағы қосымша дайындықтары ескерілмейді.

Дүниежүзілік тәжірибеде шағын жинақты мектеп ұғымы көп деңгейлі мектеп ретінде белгілі – бұл параллельді сыныптары жоқ, оқушылар контингенті шағын мектеп, онда, әдеттегідей, екі, үш сыныптың оқушылары бір толымды сыныпқа біріктіріледі. Толымды сыныппен жұмысты бір мұғалім жүргізеді. Ондай мектептер көптеген елде, басым жағдайда, ауыл аймақтарында кеңінен таралған. Әрбір елде ондай мектептердің өзінің тағайындалуы болады, олар өзіндік білімділік тәжірибесі мен саясатын іске асырады.

Көпдеңгейлі білімнің дүниежүзіндегі масштабының мәселесі айтарлықтай қиын, оған алғы шарт ретінде салыстыруға жататын деректердің, ал кей елдерде қандай да бір статистиканың болмауын атауға болады. Бірқатар елдерде бір

мұғалімі бар мектептердің саны туралы ақпарат беріп отырғанында, басқалары көпдеңгейлі сыныптардың санына, үшіншілері – көпдеңгейлі мұғалімдердің санына көңіл аударады. Төртіншісі ешқандай ақпарат бермеуі мүмкін. Олардың атаулары елден елге түрін өзгертіп, оқытудың түп ойын жасыруы да мүмкін. Осындай терминологиясына, көпдеңгейлі сыныптарға қатысты түрлі елдерде алуан түрлі атаулары қабылданған: аралас сынып, құрама сынып, вертикалды-топтастырылған сынып, отбасылық-топтық сынып, жіктелген сынып, сыныпсыз сынып, аралас жыл, аралас жас, бірегей сынып. Олар бір-біріне әрдайым ұқсас бола бермейді.

Шағын жинақты мектептердің педагогтері алдарына келесідей мақсаттарды қойып жұмыс атқарған дұрыс:

- шағын жинақты мектеп оқушыларына жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес білім беру;
- мектеп түлегінің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру;
- қабілеттерін дамыту, өмір бойы үздіксіз білім алуын, өздігінен білімін жетілдірді қалыптастыру;
- ауылшаруашылығы мамандығына бағытталып, ауыл мәдениетін, экономикасын дамытуға үлес қосуы және т.б.

Шағын жинақты мектептің оқу-тәрбие қызметіндегі қиындықтар осы мектептерге, біріктірілген сыныптарға арналған арнайы оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың болмауынан туындап отырғаны белгілі.

Пән мұғалімдерінің жетіспеуі немесе жүктеменің аздығы салдарынан шағын мектептерде бір мұғалімнің бірнеше пән бойынша сабақ беруіне тура келеді. Біріктірілген сыныптарда мұғалім бір мезгілде екі сыныпқа қатар сабақ өткізеді. Осыған байланысты әр сыныпқа жаңа сабақты түсіндіру кезінде мұғалім сабақ уақытының белгілі бір бөлігін ғана жұмсай алады. Мұндай біріктірілген сыныптардағы сабақтарды ұйымдастыру кез келген мұғалімнен, әсіресе жас мамандардан шығармашылық ізденісті, кәсіби жоғары шеберлікті талап етеді. Мұның өзі шағын жинақты мектептің біріктірілген сыныптарында сабақ өткізуде мұғалімдерге әдістемелік көмекші болатын құралдардың қажеттілігін туындатады.

Шағын комплектілі ауыл мектептерінің оқу және оқудан тыс үрдістерінің ерекше жағдайындағы төмен нәтижелілігі мұғалімнің осы мектеп түрінің педагогикалық үрдісінің ерекшеліктерін осыған дейін (Н.Д. Хмель, Н.Н. Хан, С.Т. Каргин, Т.Н. Рябуха) зерттеліп, шағын комплектілі мектептердегі педагогикалық үрдісті басқарудағы мұғалімнің теориялық даярлық моделі құрастырып отыр. Теориялық модельді даярлағанда, оның компоненттері келесідей өлшемдермен көрсетілген:

– шағын комплектілі мектептердегі жұмысқа мұғалімнің кәсіби бағыттылығы;

– мұғалімнің әрекетінің объектісі ретінде педагогикалық үрдістің маңыздылығын білуі;

– білім беруді жеке тұлғалық бағытталуының гуманистік қажеттілігін біліп-сезінуі;

– шағын комплектілі мектептердегі педагогикалық үрдістің ерекшеліктерін білуі;

– пәнаралық шоғырландыруды іске асыру технологиясын игеру;

– шағын комплектілі мектептердегі педагогикалық үрдісті басқаруды жетілдіру тәсілдерін игеру және т.б.

Бастауыш шағын жинақты мектептердің біріктірілген сыныптарында пәндерді кіріктіріп оқыту мәселесін келесідей қарастыруға болады.

2-4-сыныптарға арналған Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы бұйрық және оларға енгізілген өзгерістерді бекіту бұйрығы (оқыту қазақ тілінде)

2-4-сыныптарда «Қазақ тілі» 2018 жылғы 10 мамырдағы №199 бұйрығына **Енгізілген өзгерістер:** 187-қосымша 1-тармағы МЖМБС ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына сәйкес өзгертілген. Өзгеріс 2019 жылғы 26 шілдедегі №334 бұйрығы болып бекітілді.

2,3,4-сыныптарында «Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқыту мәселесі

Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

«Қазақ тілі» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

2-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағат;

3-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағат;

4-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағатты құрайды.

«Қазақ тілі» пәні бойынша жазба жұмыстарының көлемі:

1) сөздік диктант – 2-сыныпта 5-7 сөз, 3-сыныпта 9-12 сөз, 4-сыныпта 12-15 сөз;

2) диктант – 2-сыныпта 25-30 сөз, 3-сыныпта 35-50 сөз, 4-сыныпта 55-70 сөз;

3) мазмұндама мәтінінің көлемі – 2-сыныпта 40-60 сөз, 3-сыныпта 60-80 сөз, 4-сыныпта 80-100 сөз;

4) шығарма мәтінінің көлемі – 2-сыныпта 25-35 сөз, 3-сыныпта 35-55 сөз, 4-сыныпта 55-70 сөз.

2,3,4-сыныптарында «Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқыту мәселесі 1-кестеде берілген. Біріктірілген сыныптарда пәндерді кіріктіріп оқыту мәселесінде 2, 3 және 4 сыныптардың оқыту мақсаттарын тоқсандар бойынша жеке алып шығудағы мақсат – мектеп педагогтеріне қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеген кезде 3 сыныптың оқу мақсаттарын басшылыққа ала отырып сабақтың сәтті өтуін жоспарлау.

Шағын жинақты мектептің біріктірілген сыныптарында пәндерді кіріктіріп оқытуда мұғалімге тоқсан ішіндегі мақсаттардың орнын ауыстыруға (қажеттілік бойынша) рұқсат беріледі. Берілген оқу мақсаттарын басшылыққа ала отырып, педагог өткізілетін сабағының мақсаттарын жоспарлайды. Сондықтан да берілген кесте ШЖМ педагогтері үшін нақты бағдарлы материал ретінде басылыққа алуға болады. Әзірленген кесте мектеп

педагогінің уақытын үнемдеп, сабағына сапалы дайындық жасауда және қойылған мақсаттарды жүзеге асыруда, санымен қатар интернеті жоқ елдімекендерде жұмыс жасайтын педагогтер үшін пайдасы бар. Сондықтан шағын жинақты мектепке енді келген педагогтер берілген кестені негізге ала отырып сабағын нақты жоспарлау ұсынылады.

2,3,4-сыныптарында «Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқыту мәселесі және 1-тоқсан бойынша «Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқытудағы оқу мақсаттарының комбинациясы келесі кестеде берілген.

2,3,4-сыныптарында «Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқыту мәселесі

1-кесте. 1-тоқсан бойынша «Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқытудағы оқу мақсаттарының комбинациясы

Қазақ тілі	2-сынып	3-сынып	4-сынып
	1.Өзім туралы 2. Менің отбасым және достарым	**1. Жанды табиғат 2. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен (жарық пен қараңғы)**	**1. Менің Отаным – Қазақстан 2. Құндылықтар**
Тыңдалым және айтылым	2.1.1.1 тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру	3.1.1.1 тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру	4.1.1.1 тыңдаған материал бойынша негізгі тұсын түртіп алу және солардың негізінде мәтіннің мазмұнын айту
	2.1.3.1 күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу	3.1.2.1* мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау	4.1.2.1* мәтіннің тақырыбы мен берілген диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжау және өз ойын дәлелдеу
	2.1.4.1 тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	3.1.3.1 түрлі жағдаяттағы (қоғамдық ортада) қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу	4.1.3.1 сұхбаттасының жасын, жай-күйін ескере отырып, белгілі бір тақырып аясында сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу
	2.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара) қолданып, тақырыпқа (Сіз қалай ойлайсыз? Сіз не ұсынар едіңіз?) назарын аударту	3.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	4.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, монолог құрау
	2.1.7.1 сөз ішінде дауысты дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айту (бүгін – бүгүн, түтін – түтүн, көсеу – көсөу)	3.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара), қаратпа сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманның назарын аударту	4.1.7.1 сөз ішіндегі және сөз бен сөздің арасындағы буын, дыбыс үндестігін сақтап айту
Оқылым	2.2.3.1 мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру	3.2.1.1* тірек сөздер, көмекші сөздер арқылы мәтін түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) және оның құрылымдық бөліктерін анықтау	4.2.1.1* мәтін түрлерін (әңгімелеу/ сипаттау/пайымдау) және олардың құрылымдық бөліктерін анықтау
	2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің	3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір	4.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша

	тақырыбы мен негізгі ойды анықтау	білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру	шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру
	2.2.5.1* дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу	3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау	4.2.4.1 мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау
	2.3.3.1* оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құру және тірек сөздерді пайдалана отырып, мазмұндама жазу	3.2.5.1* берілген тақырып, сұрақ бойынша түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта) алған ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашу, жүйелеу, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтау	4.2.5.1* дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта, диаграмма) қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын мәнмәтін бойынша анықтап, ақпаратты қорытындылау, бағалау
Жазылым	2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен тірек сөздерді, сөйлем, суреттерді пайдаланып, қарапайым постер, құттықтау, нұсқаулық (бұйым жасау нұсқаулығы, қауіпсіздік ережесі) құрастыру	3.3.1.1* жоспар, сызбаны қолдана отырып, тірек сөздер арқылы әңгімелеу мәтінін, салыстыра сипаттау мәтінін, көмекші сөздер арқылы пайымдау мәтінін құрап жазу	4.3.1.1 берілген тақырып бойынша әңгімелеу, сипаттау және пайымдау элементтері бар мәтін құрап жазу
	2.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып түзету және құрастырған сөйлемін толықтыру	3.3.3.1* оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құрып, мазмұндама жазу	4.3.3.1* оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құрып мазмұндама/тірек сөздерді пайдаланып эссе жазу
	2.3.6.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу	3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету	4.3.5.1 стилистикалық қателерді мұғалімінің көмегімен анықтап түзету, жазба жұмысын пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық нормаларға сәйкес өз бетінше редакциялау
		3.3.6.1 кең жолды дәптерде бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап көлбеу, үзбей және	4.3.6.1 каллиграфиялық нормаларды сақтау және жазу техникасын жетілдіру

		біркелкі жазу, жазу қарқынын жеделдету	
		3.3.7.1* қаратпа, қыстырма сөздерді ажырату және тыныс белгілерін дұрыс қою	4.3.7.1 құрмалас сөйлемнің тыныс белгісін қою
Тілдік нормалардың қолданысы	2.4.1.1* я, ю әріптерінің емлесін сақтап жазу	3.4.1.1* э, ф, в, ц әріптері бар сөздерді сауатты жазу	4.4.1.1 сөзге қосымшалар жалғауда дыбыс үндестігін ескеріп қолдану
	2.4.1.2* у, и, й әріптерінің емлесін сақтап жазу	3.4.1.3* ч, щ әріптері бар сөздердің емлесін білу	4.4.1.2 сөзге қосымшалар жалғауда буын үндестігін ескеріп қолдану
	2.4.1.3* дауыссыз дыбыс түрлерін (қатаң, ұяң, үнді) ажырату және дауыссыз п-б, қ-ғ, к-г дыбыстарының емлесін сақтап жазу	3.4.1.4* х, h әріптері бар сөздерді ажыратып жазу	4.4.1.3 айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді анықтап жазу
	2.4.1.4* дауыссыз л, р, ң дыбыстарының емлесін сақтап жазу		

Біріктірілген сыныптарда «Қазақ тілі» пәнін 1-тоқсанда кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар келесі бетте берілген. ШЖМ педагогтері берілген ұсыныстарды басшылыққа алу ұсынылады.

Біріктірілген сыныптарда «Қазақ тілі» пәнін 1-тоқсанда кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар:

Қазақ тілі пәні бойынша 2 – сыныптағы «Тыңдалым және айтылым» бөлімі бойынша «Өзім туралы» бөлімі берілген. Бөлімнің мақсаты: білім алушылар тыңдаған материалдар бойынша түсінбеген сөздерін белгілейді, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.

3-сыныптағы «Тыңдалым және айтылым» бөлімінде «Жанды табиғат» бөлімшесі қарастырылған. Бөлімнің мақсаты: білім алушылар тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеп, ашық және жабық сұрақтарға жауап береді.

4-сыныптағы «Тыңдалым және айтылым» бөлімінде «Менің Отаным Қазақстан» бөлімшесі қамтылған. Берілген бөлімнің мақсаты: білім алушылар тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілейді, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.

Бастауыш сыныптағы «Қазақ тілі» пәні бойынша «Тыңдалым және айтылым» бөлімі бойынша «Ассоциация» әдісін қолдануға болады. Берілген әдіс мәліметті ұзақ уақыт бойы есте сақтау дағдысын қалыптастырады және қажетті ақпаратты жылдам еске түсіреді.

«Қазақ тілі» пәні бойынша 2-сыныптың «Оқылым» бөлімінің мақсаты: білім алушы мәтін мазмұнын, негізгі ойды анықтайды, сұрақтар бойынша мәліметті іріктеуге машықтанады.

3-сыныптағы «Оқылым» бөлімінің мақсаты: білім алушы өздігінен мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау.

4-сыныптағы «Оқылым» бөлімінің мақсаты: материалдар бойынша білім алушы қажетті ақпараттың негізгі тұсын түртіп алады, солардың негізінде мәтіннің мазмұнын айтуға машықтанады.

«Оқылым» бөлімі бойынша «Белсенді оқыту», «Сұрақты дұрыс қою» әдістері арқылы білім алушылардың дағдылары қалыптасады. Білім алушылардың бір-біріне сұрақ қою арқылы тілдері жаттығады, білім алушылардың шығармашылығы, ізденушілік қасиеттері дамиды.

«Қазақ тілі» пәні бойынша 2-сыныптың «Жазылым» бөлімінің мақсаты: білім алушы бас әріппен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтайды, тірек сөздерді, сөйлемдерді пайдалана отырып постер құрастыруға үйрету.

3-сыныпта жіберілген пунктуациялық, орфографикалық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзеуге дағдыланады.

4-сыныпта сөздердің, дыбыстардың орфоэпиялық нормаларға сәйкес жазу мақсаты қарастырылады. Оқу мақсаттарын жүйелі орындау арқылы білім алушылар сауатты жазуға машықтанады.

Бөлімнің тақырыптарына сәйкес сабақтың жазылым мақсатына сай жазба жұмысы жүргізіледі. Мысалы: берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру (кейде күрделі жоспар құру деп беріледі) ұсынылады. Осы мақсатқа сай кейде мазмұндама жаздыруға да болады. Білім алушы жоспар құра отырып өз ойын жүйелі

жеткізе алу алдағы уақытта болашақ өмірінде білім алушыға дұрыс сөйлеу, ойын жүйелі жеткізу дағдыларын қалыптастыруға септігін тигізеді.

«Сөз сандық» әдісі арқылы «Жазылым» бөлімінде жаттығу жиынтығы мен мәтіндерден бөлек білім алушылар жазылым дағдысын дамытып, қалыптасқан әртүрлі жазба жұмыстарын жүргізуге алады.

Қазақ тілі пәні бойынша 2-сыныпта «Әдеби тілдік нормалар» бөлімінің мақсаты: білім алушылардың әріптердің емлесін сақтап жазуға дағдыландырады.

Білім алушылар 3-сыныпта тірек сөздерді қолданып көмекші сөздер арқылы мәтін түрлерін әңгімелейді, сипаттайды, пайымдайды. Бұл дегеніміз білім алушыларға өз ойын еркін жеткізуде пайдасын тигізеді.

4-сыныпта тірек сөздердің көмегімен жоспарды пайдаланып монолог құру мақсаты қарастырылады. Монолог әдісін қолдану – білім алушының ішкі ойын, өзіндік көзқарасын жеткізуде, ойды жеткізуде қажетті әдіс ретінде қарастыруға болады.

Қазақ тілі пәні бойынша 2 – сыныпта берілген «Тыңдалым және айтылым» бөлімі бойынша «Менің отбасым және достарым» бөлімшесі берілген. Бөлімнің мақсаты: білім алушылардың күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты шешім қабылдап сөйлеу мәдениетін сақтау, диалогке қатысуда тыңдарманымен дұрыс диалог құруда қажетті әдіс ретінде беріледі.

3-сыныптағы «Тыңдалым және айтылым» бөлімі бойынша «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен (жарық пен қараңғы)» бөлімшесі қарастырылған. Бөлімнің мақсаты: білім алушының мәтіннің тақырыбы берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау. Берілген мақсаттар білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда өзіндік орын алатын мақсаттар.

4-сыныптағы «Тыңдалым және айтылым» бөлімі бойынша «Құндылықтар» бөлімшесі берілген. Бөлімнің мақсаты: білім алушылардың тыңдаған материалы бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру.

«Қазақ тілі» пәні бойынша 2-сыныпта «Оқылым» бөлімінің мақсаты: білім алушының мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтарды құрастыру және жауап беру.

3-сыныптағы «Оқылым» бөлімі бойынша мақсаты: білім алушылар тірек сөздер, көмекші сөздер арқылы мәтін түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) және оның құрылымдық бөліктерін анықтайды.

4-сыныптағы «Оқылым» бөлімі бойынша мақсаты: білім алушы мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) және олардың құрылымдық бөліктерін анықтайды.

«Қазақ тілі» пәні бойынша 2-сыныпта «Жазылым» бөлімінің мақсаты: білім алушылар мұғалімнің көмегімен тірек сөздерді, сөйлем, суреттерді пайдаланып, қарапайым постер, құттықтау, нұсқаулық (бұйым жасау нұсқаулығы, қауіпсіздік ережесі) құрастыру.

3-сыныптағы «Жазылым» бөлімінің мақсаты: білім алушы жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзу.

4-сыныптағы «Жазылым» бөлімінің мақсаты: білім алушының оқыған, тыңдаған және аудио визуалды материалдар бойынша жоспар құрып мазмұндама/тірек сөздерді пайдаланып эссе жазу.

«Қазақ тілі» пәні бойынша 2-сыныпта «Әдеби тілдік нормалар» бөлімінің мақсаты: білім алушылар әріптердің емлесін сақтап жазу.

3-сыныпта білім алушылар тірек сөздер арқылы көмекші сөздермен мәтін түрлерін әңгімелеу, сипаттау және пайымдау.

4-сыныпта білім алушылар тірек сөздермен жоспарды пайдаланып монолог құру мақсаты қарастыру.

«Қазақ тілі» пәні бойынша біріктірілген сыныптар жағдайында 2 БЖБ алынады. Оны 1-тоқсанның 4 және 8-апталарында алу қарастырылады.

Шағын жинақты мектептердің біріктірілген сыныптарында ТЖБ-ны 9-аптада алу ұсынылады.

«Қазақ тілі» пәнінің «Әдеби тілдік нормалар» бөлімі бойынша «Кім тез де, дұрыс табады» әдісін тіл дамыту жұмыстарының бірі ретінде алуға болады. «Тіл дамыту» арқылы білім алушыларды әдеби сөйлеуге баулиды, мемлекеттік тілінің қыры мен сырын терең меңгертеді, ойын жатық та көркем жеткізе алады, мәдениетті де сауатты жаза білу іс-әрекеттері жүзеге асады.

ШЖМ-да БЖБ-ны орындау уақытына – 20 минут және ТЖБ-ны орындау уақыты – 45 минут ретінде қарастырылған.

1-4 сыныптар үшін:

Шағын жинақты ауыл мектептерінің педагогтері біріктірілген сыныптарды БЖБ мен ТЖБ-ны қабылдаған кезде:

- БЖБ және ТЖБ өткізу уақыты шектелмейді;
- 1-тоқсанда сыныптарда 2 тапсырмадан артық емес;
- Тапсырмалар жеңіл әрі ыңғайлы болып жасалу керек;
- Жас ерекшелігін ескере отырып, бақылау жұмыстарын тапсыру кезінде уақытқа шектеулер болмайды. Егер білім алушылар оқу тапсырмаларын денсаулығына байланысты немесе белгілі бір техникалық себептермен орындай алмаса, балл қою кезінде 4-тоқсанның қалыптастырушы бағалау нәтижелері ескеріледі;
- біріктіріп оқыту кезінде біріктірілген сыныптарда сабақты өткізудің тиімді әдіс тәсілдерін таңдап әрі қолдана білудің өзі шеберлікті, іздемпаздықты қажет етеді. Сондықтан білім берудің формалары мен сабақтың түрлерін өзгертіп отыру керек. Дыбысты есту, бейнені көру, оны іс-әрекет арқылы іске асыру барысында орындалған жұмыстар білім алушылар жадында ұзақ сақталады. Содан соң сабаққа байланысты жаттығулар мен тапсырмаларды жас ерекшеліктеріне қарай әрбір сыныпқа лайықтап, саралап әрқайсысына жеке орындатылады.

2-кестеде шағын жинақты мектептердегі біріктірілген сыныптарда кіріктіріп оқыту бойынша ҚМЖ берілген.

2-кесте. Шағын жинақты мектептердегі біріктірілген сыныптарда кіріктіріп оқыту бойынша ҚМЖ үлгісі

Бөлім:	**Өзім туралы**	**Жанды табиғат**	**Байлығым-байтақ елім**
Мұғалімнің аты-жөні			
Күні:			
Сынып: **2, 3, 4**	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	2-сынып Диолог. Монолог	3-сынып Мәтін	4-сынып Монолог құрай аламын
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	2.1.1.1 тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру 2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау	3.1.1.1 тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру 3.2.1.1* тірек сөздер, көмекші сөздер арқылы мәтін түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) және оның құрылымдық бөліктерін анықтау	4.1.1.1 тыңдаған материал бойынша негізгі тұсын түртіп алу және солардың негізінде мәтіннің мазмұнын айту
Сабақтың мақсаты	**Барлық оқушылар:** мәтін бойынша түсінбеген сөздерін белгілейді, қойылған сұраққа жауап береді, талапқа сай жаза алады. **Көптеген оқушылар:** мәтіннің тақырыбын және негізгі ойды анықтайды. **Кейбір оқушылар:** тақырыпқа сай жағдаят құрастырады.	**Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:** - Мәтін дегеніміз не екенін естеріне түсіреді. **Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:** -Мәтіннен тірек сөздер табады. -Мәтін кейіпкерлерін сипаттап жазады **Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады**: -Мәтінді оқып дұрыс бөліктерін қалпына келтіреді.	**Барлық оқушылар:** Тірек сөздерді пайдалана отырып монолог құрады. **Көптеген оқушылар:**Жоспарды пайдалана отырып монолог құрады **Кейбір оқушылар:**Мәтіннің тақырыбын және негізгі ойды анықтайды.

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті			Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	**«Шаттық шеңбер»** Қайырлы күн, күнім, далам, орманым, Қайырлы күн, гүлім, құсым, көлдерім, Қайырлы күн, өсімдіктер, жәндіктер, Қайырлы күн, барша тіршілік иесі. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау					Үнтаспа
Сабақтың ортасы 20	**(Ұ) 1- тапсырма** **«Еркін әңгіме»** әдісі арқылы жүзеге асады. 10-жаттығу. - Өлеңді тиісті дауыс ырғағымен оқыңдар. - Өлеңді рөлге бөліп оқыңдар. - Өлеңдегі кейіпкерлерді анықтаңдар.	*11-жаттығу.* Гүл шоқтарында жазылған мәтіннің белгілерін оқып, бос орындарды өздері білетін басқа да белгілермен толықтырады. Оқулықтағы тапсырманы оқу арқылы бұрын игерген білімдерін пысықтайды	**1 тапсырма** Сабақтың мақсаты: Тірек сөздерді пайдалана отырып монолог құрады. Белсенді әдіс: Жұптық жұмыс. «Ойлан, Жұптас, Пікірлес» әдісі Саралау. Қарқын Коммуникативтік дағды: Айтылым, жазылым Ойлау деңгейі: Білу, түсіну, қолдану Нұсқаулық : Оқушы тірек сөздерді пайдалана отырып монолог құрап жазады. А жұбы: Бұл мәтін диалог пе, әлде монолог пе? Монолог құрастыруға тірек сөздерді қолданып жаз. Мен – Қазақ тілімін. Мен – сөздік қорға бай, өте көркем тілмін. Мейлінше оралымды, таза тілдердің қатарындамын. Қазір мен мемлекеттік тіл	**Оқушылар өлеңді** түсініп, рөлге бөліп оқиды, кейіпкер санын анықтайды.	ҚБ 0-10	оқулық

			мәртебесіне ие болдым. Жыл өткен сайын қанатымды кеңге жайып, өрістеп келемін. Елбасының өзі маған ерекше ықылас танытып отыр. Қазақ елі менімен мақтанады және мені құрметтейді. Дескриптор: Монолог құрастыруға тірек сөздерді қолданады В жұбы: Тірек сөздерді пайдаланып, «Мен – тәуелсіз елдің ұланымын» тақырыбында монолог құрап жаз. Дескриптор: Монологды тақырыпқа сай құрастырады С жұбы: Сөйлемдерді дұрыс байланыстырып жаз. Тірек сөздер: мен, тәуелсіз ел, ұланы, Қазақстан, 1991 жыл, егемендік, тәуелсіздік, ата-баба арманы, Елбасы, бақытты балалық шақ, әлемге танылу. Дескриптор: Сөйлемдерді дұрыс байланыстырады ҚБ: Жұптық бағалау. «Жетістік баспалдағы»			
Сабақтың ортасы 15 мин	**2 тапсырма.** Сабақтың мақсаты: Жоспарды	*12-жаттығу.* Мәтінді тыңдайды. **Дескриптор:**	**Ұ) 2- тапсырма «Ыстық орындық»** әдісі арқылы жүзеге	Мәтінді тыңдайды, кейіпкер	**ҚБ:** 1-10 балдық жүйе.	Оқулық, дәптер қалам

3-естеде 3-тоқсан бойынша «Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқытудағы оқу мақсаттарының комбинациясы келесі кестеде берілген.

3-кесте. 2-тоқсан бойынша «Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқытудағы оқу мақсаттарының комбинациясы

	3. Менің мектебім **4. Менің туған өлкем**	**3.Уақыт** **4. Сәулет өнері**	**3.Мәдени мұра** **4. Мамандықтар әлемі**
Тыңдалым және айтылым	2.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау	3.1.2.1* мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау	4.1.2.1* мәтіннің тақырыбы мен берілген диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжау және өз ойын дәлелдеу
	2.1.3.1 күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу	3.1.3.1 түрлі жағдаяттағы (қоғамдық ортада) қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу	4.1.3.1 сұхбаттасының жасын, жай-күйін ескере отырып, белгілі бір тақырып аясында сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу
	2.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны бойынша өз ойын (ұнайды, ұнамайды, себебі ..., пайдалы болды, пайдасыз болды, себебі ...) білдіру	3.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны бойынша айтылған өзгенің пікіріне (келісу, келіспеу себебін) өз көзқарасын білдіру	4.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, монолог құрау
		3.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара), қаратпа сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманның назарын аударту	4.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұнына өзіндік баға беру
		3.1.7.1 сөз ішінде қатар тұрған дауыссыз дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айту (сенбі – сембі, Жангүл –Жаңгүл)	4.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара) және қыстырма, одағай сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманды қызықтыру
Оқылым	2.2.1.1* сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау	3.2.2.1 тура және ауыспалы мағыналы сөздердің мағынасын ажырата білу, сөйлеу барысында қолдану	4.2.2.1 тұрақты сөз тіркестері мен көп мағыналы сөздерді ажырата білу, мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану
	2.2.3.1 мәтін мазмұнынанықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру	3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру	4.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру

	2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау	3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау	4.2.4.1 мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау
	2.2.5.1* дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу	3.2.5.1* берілген тақырып, сұрақ бойынша түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта) алған ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашу, жүйелеу, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтау	4.2.5.1* дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, диаграмма) қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын мәнмәтін бойынша анықтап, ақпаратты қорытындылау, бағалау
	2.2.6.1 мұғалімнің көмегімен белгілі бір тақырыпта жазылған мәтіндердің ұқсастығы мен айырмашылығын (жанры, мәтін түрі) табу	3.2.6.1 мұғалімнің көмегімен ұқсас тақырыпта берілген мәтін түрлерін, стилін (көркем мәтін, ғылыми-танымдық мәтін/жанрын салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу	4.2.6.1 белгілі бір тақырыпта берілген мәтіннің түрлерін, жанрын, стилін (мақала, репортаж, жаңалық, өмірбаян, мінездеме, жарнама, хабарландыру) салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау
Жазылым	2.3.1.1 мұғалім көмегімен жеке сурет/сюжетті суреттер арқылы шағын сипаттау/әңгімелеу мәтіндерін құрап жазу	3.3.2.1 өзіндік іс-әрекеті баяндалған күнделік, өмірбаян, хабарландыру жазу	4.3.2.1 тірек сөздерді қолданып белгілі бір стильде мәтін (мақала, мінездеме, сұхбат) жазу
	2.3.3.1* оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құру және тірек сөздерді пайдалана отырып, шағын мәтін жазу	3.3.4.1* мұғалімнің көмегімен сызба, график, кесте, фотосуреттер пайдаланып, мәтін (хат, шақыру, нұсқаулық) құру/компьютерде теру	4.3.3.1* оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құрып мазмұндама/тірек сөздерді пайдаланып эссе жазу
	2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен тірек сөздерді, сөйлем, суреттерді пайдаланып, қарапайым постер, құттықтау, нұсқаулық (бұйым жасау нұсқаулығы, қауіпсіздік ережесі) құрастыру	3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету	4.3.5.1 стилистикалық қателерді мұғалімінің көмегімен анықтап түзету, жазба жұмысын пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық нормаларға сәйкес өз бетінше редакциялау

	2.3.6.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу	3.3.6.1 кең жолды дәптерде бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап көлбеу, үзбей және біркелкі жазу, жазу қарқынын жеделдету	4.3.6.1 каллиграфиялық нормаларды сақтау, жазу техникасын жетілдіру
	2.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып түзету және құраған сөйлемін толықтыру	3.3.7.2 мұғалім көмегімен бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшаның орнын білу және қою	4.3.7.2 сөйлемнің бірыңғай мүшелерін ажырату және тыныс белгісін (үтір, қос нүкте) қою; 4.3.7.3 диалогке тән тыныс белгілерді қою
Тілдік нормалардың қолданысы (3-сынып)	2.3.7.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қою	3.4.1.2 түбір сөздегі -ы, -і-нің дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанған кездегі өзгерісін сақтап жазу	4.4.2.1* күрделі сөздердің түрлерін ажырата алу (біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз)
Тілдік нормалардың қолданысы (2-сынып)	2.4.2.6 сөйлемдегі бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табу	3.4.2.1* негізгі түбірге жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөз жасау, түбірлес сөздердің мағынасын ажырату	4.4.2.6 сөз таптарының сөйлемдегі қызметін анықтау
		3.4.2.7* сөйлемнің тұрлаулы (бастауыш, баяндауыш) және тұрлаусыз мүшелерін ажырату	
		3.4.2.8 мұғалімнің көмегімен жалаң және жайылма сөйлемдерді ажырату	

Келесіде бастауыш мектептің біріктірілген сыныптарында «Қазақ тілі» пәнін 2-тоқсанда кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар берілген.

Бастауыш мектептің біріктірілген сыныптарында «Қазақ тілі» пәнін 2-тоқсанда кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар:

«Қазақ тілі» пәні бойынша 2-сыныпта берілген «Тыңдалым және айтылым» бөлімі бойынша «Менің мектебім» бөлімі берілген. Бөлімнің мақсаты: білім алушылардың мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мазмұнын болжау.

3-сыныптағы «Тыңдалым және айтылым» бөлімі бойынша «Уақыт» бөлімшесінде берілген. Бөлімнің мақсаты: білім алушылар мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау.

4-сыныптағы «Тыңдалым және айтылым» бөлімі бойынша «Мәдени мұра» бөлімі берілген. Бөлімнің мақсаты: білім алушылар мәтіннің тақырыбы мен берілген диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжау және өз ойын дәлелдеу.

«Қазақ тілі» пәні бойынша 2-сыныпта «Оқылым» бөлімінің мақсаты: білім алушылар мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру.

3-сыныптағы «Оқылым» бөлімінің мақсаты: білім алушылар мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру.

4-сыныптағы «Оқылым» бөлімінің мақсаты: тұрақты сөз тіркестері мен көп мағыналы сөздерді ажырата білу, мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану.

«Қазақ тілі» пәні бойынша 2-сыныптағы «Жазылым» бөлімінің мақсаты: білім алушы жіберілген пунктуациялық, орфографиялық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып түзету және құраған сөйлемін толықтыру.

3-сыныптағы «Жазылым» бөлімінің мақсаты:

4-сыныптағы «Жазылым» бөлімінің мақсаты: білім алушы тірек сөздерді қолданып белгілі бір стильде мәтін (мақала, мінездеме, сұхбат) жазу.

«Қазақ тілі» пәні бойынша 2-сыныптың «Әдеби тілдік нормалар» бөлімінің мақсаты: білім алушының сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қоюы.

3-сыныптағы «Әдеби тілдік нормалар» бөлімінің мақсаты: білім алушы түбір сөздегі -ы, -і-нің дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанған кездегі өзгерісін сақтап жазуға машықтану.

4-сыныптағы «Әдеби тілдік нормалар» бөлімінің мақсаты: білім алушы күрделі сөздердің түрлерін (біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз) ажырата ала алуы.

1 БЖБ 2-тоқсанның 3-аптасында алынады.

«Қазақ тілі» пәні бойынша 2-сыныпта «Тыңдалым және айтылым» бөлімінің «Менің туған өлкем» бөлімі берілген. Бөлімнің мақсаты: аудио-бейнежазба мазмұны бойынша өз ойын (ұнайды, ұнамайды, себебі ..., пайдалы болды, пайдасыз болды, себебі ...) білдіру.

3-сыныптағы «Тыңдалым және айтылым» бөлімі бойынша «Сәулет өнері» бөлімі берілген. Бөлімнің мақсаты: интонацияны, вербалды емес тілдік

құралдарды (қимыл, ым-ишара), қаратпа сөздерді қолданады, тақырыпқа тыңдарманның назарын аудару.

4-сыныптағы «Тыңдалым және айтылым» бөлімі бойынша «Мамандықтар әлемі» бөлімшесі берілген. Бөлімнің мақсаты: білім алушылар тұрақты сөз тіркестері мен көп мағыналы сөздерді ажырата білу, мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану.

«Қазақ тілі» пәні бойынша 2-сыныптағы «Оқылым» бөлімінің мақсаты: мұғалімнің көмегімен белгілі бір тақырыпта жазылған мәтіндердің ұқсастығы мен айырмашылығын (жанры, мәтін түрі) табу.

3-сыныптағы «Оқылым» бөлімінің мақсаты: берілген тақырып, сұрақтар бойынша түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта) алған ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашу, жүйелеу, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтау.

4-сыныптағы «Оқылым» бөлімінің мақсаты: мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдай білу.

«Қазақ тілі» пәні бойынша 2-сыныптағы «Жазылым» бөлімінің мақсаты: мұғалімнің көмегімен бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшаның орнын білу және қоя алу дағдыларын қалыптастыру.

3-сыныптағы «Жазылым» бөлімінің мақсаты: білім алушылардың өзіндік іс-әрекеті баяндалған күнделік, өмірбаян, хабарландыру жазу машығын қалыптастыру.

4-сыныптағы «Жазылым» бөлімінің мақсаты: білім алушы сөйлемнің бірыңғай мүшелерін ажырата алуы және тыныс белгілерін (үтір, қос нүкте) дұрыс қоя алуы; диалогке тән тыныс белгілерді қояды меңгеру.

«Қазақ тілі» пәні бойынша 2-сыныптағы «Әдеби тілдік нормалар» бөлімінің мақсаты: білім алушының сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қоя алуы.

3-сыныпта «Әдеби тілдік нормалар» бөлімінің мақсаты: білім алушының түбір сөздегі - ы, -і-нің дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанған кездегі өзгерісін сақтап жаза алуын қалыптастыру.

4-сыныпта «Әдеби тілдік нормалар» бөлімінің мақсаты: күрделі сөздердің түрлерін (біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз) ажырата ала алуы.

2-тоқсанда 1-БЖБ – 4-аптада 2 БЖБ 8-аптасында және ТЖБ 8-аптасында алынады.

«Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқыту бойынша ҚМЖ үлгісі 4-кестеде берілген.

4-кесте. «Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқыту бойынша ҚМЖ үлгісі

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: Дені саудың –жаны сау	**Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: Өнер**
Мұғалімнің аты-жөні:	
Пәні	Қазақ тілі
Сынып	**2-3**
Күні	**12.01.2021 ж**

Қатысқандар саны: **Қатыспағандар саны:**		**Қатысқандар саны:** **Қатыспағандар саны:**
Сабақтың тақырыбы	Спорт жарыстары туралы жазамын. Жұрнақ пен жалғау.	Табиғатты қорғаймын. Көмектес септік.
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)		4.4.2.3. - Зат есімді септеу, тәуелденген сөздердің септелуін білу.
Сабақ мақсаттары	**Барлық оқушылар:** Мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтай алады; **Көптеген оқушылар:** Түбір мен қосымшаны ажырата алады; **ейбір оқушылар:** рілген сөздерді сөз құрамына талдай ады.	**Барлық оқушылар:** Зат есім септіктерінің атын, сұрақтарын, жалғауларын атайды. **Көптеген оқушылар:** Көмектес септіктің жалғауын атай алады; **Кейбір оқушылар:** Көмектес септігінде тұрған сөздерді тауып, өз пікірін дәлелдей алады.
Бағалау критерийлері	-Мәтіннің негізгі ойын анықтайды. -Жұрнақ пен жалғауды ажыратады; - Сөз құрамына талдайды.	- Зат есім септіктерінің атын, сұрақтарын, жалғауларын атайды. -Сөздердің септелуін түсіндіре алады; - Көмектес септіктегі сөздерді ажырата алады.
Тілдік мақсаттар	**Пәндік лексика және терминология.** Палуан-күресуші. **Сұрақтар:** -Палуан қандай болу керек? -Жұрнақ дегеніміз не? -Жалғау дегеніміз не?	**Пәндік лексика және терминология.** Топарал, түбек **Сұрақтар:** Көмектес септігіндегі зат есімдер қандай сұрақтарға жауап береді? -Қандай жалғаулар жалғану арқылы жасалады?

Сабақтың барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	**Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет**	**Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет**

Сабақтың басы

2 сынып	**3 сынып**
Оқушылармен үш тілде амандасу **Мұғалім басшылығымен орындалатын жұмыс.** **Үй тапсырмасын тексеру.** **39-жаттығу.** Сипаттау мәтінін құрастыру. **Дескриптор:** -Сипаттау мәтінді құрастырады; -Сызбаны пайдаланады. **ҚБ: бір-бірін бағалау «Бағдаршам» арқылы.**	Оқушылармен үш тілде амандасу **Оқушының өздігінен орындайтын жұмысы** **Үй тапсырмасын тексеру.** Зат есім септіктері туралы айтады. **Дескриптор:** - Зат есім септіктерінің атын, сұрақтарын, жалғауларын атайды.

Сабақтың тақырыбымен мақсатымен, таныстыру -Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы не туралы болмақ? **2.2.4.1.мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау.** **2.4.2.1. мұғалімнің көмегімен түбір мен қосымшаны ажырату.** **-**Қалай ойлайсыз, сабақ мақсатына жету үшін неге қол жеткізу керекпіз? **(оқушылармен критерийгілерді анықтау)**	-Мысал келтіреді, пікірін дәлелдейді. **ҚБ: сурет арқылы** **Сабақтың тақырыбымен мақсатымен, таныстыру** -Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы не туралы болмақ? 4.4.2.3.-зат есімді септеу, Тәуелденген сөздердің септелуін білу. **-**Қалай ойлайсыз, сабақ мақсатына жету үшін неге қол жеткізу керекпіз? **(оқушылармен критерийгілерді анықтау)**
Сабақтың ортасы	
2 сынып	**3 сынып**
Мұғалім басшылығымен орындалатын жұмыс. **Оқулықпен жұмыс. Жеке жұмыс.** 1)мәтінді оқиды; 2)сұрақтарға жауап береді; 3) Қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына талдайды. **Дескриптор:** **-**Мәтіннің негізгі ойын анықтайды. -Сұрақтарға жауап береді. -Жұрнақ пен жалғауды ажыратады. **ҚБ: Үш шапалақ. (бір-бірін бағалайды)**	**Оқушының өздігінен орындайтын жұмысы.** **Жеке жұмыс.** Көмектес септігінде тұрған сөздерді тауып, өз пікіріңді сызбаны пайдаланып дәлелде. 1.Мұхиттар **теңіздермен** жалғасып жатыр.2. Ақбидай Күннің **нұрымен**, жаңбырдың **суымен** өседі. 3.Гүлсім табиғатты аялау туралы әңгімені зор **ықыласпен** тыңдады.4.Марат мұзайдынға **атасымен** келді. **Дескриптор:** **-**Көмектес септігінде тұрған сөзді табады. -Өз пікірін дәлелдейді. **ҚБ: Үш шапалақ (бір-бірін бағалайды)**
Оқушының өздігінен орындайтын жұмысы. Жұптық жұмыс. Сызба бойынша сөздер құрастырып жазу. 1. 2. 3. **Дескриптор:** -Түбірге жұрнақ, жалғау арқылы сөз құрастырады. -Түбірге жалғау арқылы сөз құрастырады. -Түбірге жұрнақ және жалғау жалғану арқылы сөз құрайды. **ҚБ: сурет арқылы бағалау.** 2-ші тапсырма. Артық сөзді тауып, сол сөздермен сөйлем құрастыру. **а) Өнер, өнерпаз, әнші, өнерлі.**	**Мұғалім басшылығымен орындалатын жұмыс.** **Жұптық жұмыс. Тапсырма.** **Сөздерді оқы. Тек көмектес септігіндегі доптарды торға түсір.** Қылқаламмен, тауда, кітаппен, тағада, еңбекті, құрлықтың,таудан,шымшық,далада,анам мен,табиғат-ты,сызғышпен,өсімдіктің,күрекпен. **Дескриптор:** **-**Көмектес септігіндегі сөздерді табады, ақ параққа жазады. - Пікірін дәлелдейді. -допты торға түсіреді. **ҚБ: сурет арқылы.** **Оқушының өздігінен орындайтын жұмысы.**

ә) Еңбекте, еңбекші, еңбекқор, орман. **б) Білім, оқушы, білімді, білгіш.** **Дескриптор:** -Бірінші қатардағы артық сөзді тауып, сөйлем құрастырады -Екінші қатардағы артық сөзді тауып, сөйлем құрастырады. -Үшінші қатардағы артық сөзді тауып, сөйлем құрастырады. **ҚБ: Үш шапалақ.** **Мұғалім басшылығымен орындалатын жұмыс.**	**Жеке жұмыс.** **Ұйқасына лайық сөзді қойып, өлеңді көшіріп жаз.** 1.Тұмсығымен шымшып, Құрт береді **шымшық.** **2.**Сылдыр қағып, таудан құлап, Жатыр ағып, мөлдір **бұлақ.** **Дескриптор:** -Көшіріп, көркем жазады. -Ұйқасын табады, жазады. **ҚБ: Үш шапалақ.**
Сабақтың соңы	
Кері байланыс Оқушылар өз ойларымен бөліседі.	**Кері байланыс** Оқушылар өз ойларымен бөліседі.
Рефлексия	
«Еркін микрофон» әдісі **-**Бүгін сабақта не туралы айттық? -Қай тапсырма қиын болды? Неге? - Сабақ мақсатына жеттік пе? -Сабақ мақсатына жету үшін қандай критерийлер қойдық? **Үйге тапсырма**: 69-жаттығу,30 бет	**«Еркін микрофон» әдісі** **-**Бүгін сабақта не туралы айттық? -Қай тапсырма қиын болды? Неге? - Сабақ мақсатына жеттік пе? -Сабақ мақсатына жету үшін қандай критерийлер қойдық? **Үйге тапсырма:** 71-жаттығу, 33 бет.

3-тоқсан бойынша «Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқытудағы оқу мақсаттарының комбинациясы 5-кестеде берілген.

5-кесте. 3-тоқсан бойынша «Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқытудағы оқу мақсаттарының комбинациясы

	3-тоқсан **5. Дені саудың жаны сау** **6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті**	**3-тоқсан.** **5. Өнер** **6. Атақты тұлғалар**	**3-тоқсан.** **5. Табиғат құбылыс тары** **6. Қоршаған ортаны қорғау**
Тыңдалым және айтылым	2.1.1.1 тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру	3.1.1.1 тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру	4.1.2.1* мәтіннің тақырыбы мен берілген диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжау және өз ойын дәлелдеу
	2.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау	3.1.2.1* мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау	4.1.3.1 сұхбаттасының жасын, жай-күйін ескере отырып, белгілі бір тақырып аясында сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу
	2.1.3.1 күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу	3.1.3.1 түрлі жағдаяттағы (қоғамдық ортада) қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу	4.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, монолог құрау
	2.1.4.1 тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	3.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	4.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұнына өзіндік баға беру
	2.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны туралы өз ойын (ұнайды, ұнамайды, себебі ..., пайдалы болды, пайдасыз болды, себебі ...) білдіру	3.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны бойынша айтылған өзгенің пікіріне (келісу, келіспеу себебін) өз көзқарасын білдіру	4.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара) және қыстырма, одағай сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманды қызықтыру
	2.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара) қолданып, тақырыпқа (Сіз қалай ойлайсыз? Сіз не ұсынар едіңіз?) назарын аударту	Оқылым	4.2.2.1 тұрақты сөз тіркестері мен көп мағыналы сөздерді ажырата білу, мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану
Оқылым	2.2.3.1 мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру	3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру	4.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру

	2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау	3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау	4.2.4.1 мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау
	2.2.2.1* синоним, антоним, омоним (сөздік қолдану) сөздерді ажырату және мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану	3.2.5.1* берілген тақырып, сұрақ бойынша түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта) алған ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашу, жүйелеу, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтау	4.2.5.1* дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, диаграмма) қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын мәнмәтін бойынша анықтап, ақпаратты қорытындылау, бағалау
	2.2.5.1* дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу	3.2.6.1 мұғалімнің көмегімен ұқсас тақырыпта берілген мәтін түрлерін, стилін (көркем мәтін, ғылыми-танымдық мәтін, жанрын салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу	4.2.6.1 белгілі бір тақырыпта берілген мәтіннің түрлерін, жанрын, стилін (мақала, репортаж, жаңалық, өмірбаян, мінездеме, жарнама, хабарландыру) салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау
	2.2.6.1 мұғалімнің көмегімен белгілі бір тақырыпта жазылған мәтіндердің ұқсастығы мен айырмашылығын (жанры, мәтін түрі) табу	**жазылым**	
Жазылым	2.3.2.1* үлгі бойынша қарапайым хабарландыру, хабарлама жазу	3.3.1.1* жоспар, сызбаны қолдана отырып, тірек сөздер арқылы әңгімелеу мәтінін, салыстыра сипаттау мәтінін, көмекші сөздер арқылы пайымдау мәтінін құрап жазу	4.3.1.1 берілген тақырып бойынша әңгімелеу, сипаттау және пайымдау элементтері бар мәтін құрастырып жазу
	2.3.3.1* оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құру және тірек сөздерді пайдалана отырып, мазмұндама жазу	3.3.2.1 өзіндік іс-әрекеті баяндалған күнделік, өмірбаян, хабарландыру жазу	4.3.4.1* мәтінді құруда (жаңалық, репортаж, жарнама) сызба, график, кесте, фото және диаграмманы қолмен сызу/компьютерде теру
	2.3.5.1 жіберілген пунктуациялық,	3.3.3.1* оқыған, тыңдаған және	4.3.5.1 стилистикалық қателерді

	орфографиялық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып түзету және құрастырған сөйлемін толықтыру	аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құрып, мазмұндама жазу	мұғалімінің көмегімен анықтап түзету, жазба жұмысын қазақ тілінің пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық нормаларға сәйкес өз бетінше редакциялау
Тілдік нормалардың қолданысы (4-сынып)	2.3.6.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу	3.3.4.1* мұғалімнің көмегімен сызба, график, кесте, фотосуреттермен мәтін (хат, шақыру, нұсқаулық) құрастыру/ компьютерде теру	4.4.2.3* зат есімді септеу, тәуелденген сөздердің септелуін білу
	2.4.2.1 мұғалімнің көмегімен түбір мен қосымшаны ажырату	3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету	4.4.2.2 жіктік жалғауларының қолданысын білу
	2.4.2.2 көптік жалғауларын дұрыс қолдану	3.3.6.1 кең жолды дәптерде бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап көлбеу, үзбей және біркелкі жазу, жазу қарқынын жеделдет	4.4.2.4 жіктеу есімдіктерін септей алу
Тілдік нормалардың қолданысы (2-3-сыныптар)	2.4.2.3* сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) ажырату	3.4.2.2 тәуелдік жалғауларының қолданысын білу	
	2.4.2.4 зат есімнің жалпы және жалқы түрлерін ажырату, жалқы есімнің жазылу емлесін сақтау	3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу	
	2.4.2.5* дара және күрделі зат есім/сын есім/сан есім/етістікті анықтау	3.4.2.4* негізгі, туынды зат есім/сын есім/етістікті анықтау	
		3.4.2.5 болымды және болымсыз етістіктердің айырмашылығын анықтау	
		3.4.2.6 есептік және реттік сан есімдердің айырмашылығын анықтау	

3-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар:

2-сыныпта «Қазақ тілі» пәнінің «Тыңдалым және айтылым» бөлімі бойынша «Дені саудың жаны сау» бөлімшесі берілген. Бөлімнің мақсаты: білім алушыларды тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру.

3-сыныптағы «Тыңдалым және айтылым» бөлімінде «Өнер» бөлімшесі берілген. Бөлімнің мақсаты: білім алушылар тыңдаған материалы бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру.

4-сыныптағы «Тыңдалым және айтылым» бөлімінде «Табиғат құбылыстары» бөлімшесі қарастырылады. Бөлімнің мақсаты: білім алушылар мәтіннің тақырыбы мен берілген диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжау және өз ойларын дәлелдеу.

«Қазақ тілі» пәні бойынша 2-сыныптағы «Оқылым» бөлімінің мақсаты: білім алушы мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтарды құрастыру және оларға жауап беру.

3-сыныптағы «Оқылым» бөлімінің мақсаты: білім алушы мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру.

4-сыныптағы «Оқылым» бөлімінің мақсаты: мәтін мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру.

«Қазақ тілі» пәні бойынша 2-сыныптағы «Жазылым» бөлімінің мақсаты: үлгі бойынша қарапайым хабарландыру құра алу және хабарлама жаза білу.

3-сыныптағы «Жазылым» бөлімінің мақсаты: білім алушыға жоспар, сызбаны қолдана отырып, тірек сөздер арқылы әңгімелеу мәтінін, салыстыра сипаттау мәтінін, көмекші сөздер арқылы пайымдау мәтінін құрып жазу.

4-сыныптағы «Жазылым» бөлімінің мақсаты: берілген тақырып бойынша әңгімелеу, сипаттау және пайымдау элементтері бар мәтін құрастырып жаза білу.

«Қазақ тілі» пәні бойынша 2-сыныптағы «Әдеби тілдік нормалар» бөлімінің мақсаты: сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) ажырата ала білу және т.б.

3-сыныптағы «Әдеби тілдік нормалар» бөлімінің мақсаты: зат есімнің жалпы және жалқы есім түрлерін ажырату, жалқы есімнің жазылу емлесін сақтауға үйрету.

4-сыныптағы «Әдеби тілдік нормалар» бөлімінің мақсаты: зат есімді септеу, тәуелденген сөздердің септелуін білуге машықтандыру.

3-тоқсанда 1 БЖБ 1-тоқсанның 6- аптасында алынады.

2 БЖБ 1-тоқсанның 9-аптасында алынады.

ТЖБ 9-аптада алынады.

6-кестеде 4-тоқсан бойынша «Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқытудағы оқу мақсаттарының комбинациясы берілген.

6-кесте. 4-тоқсан бойынша «Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқытудағы оқу мақсаттарының комбинациясы

	4-тоқсан **7. Қоршаған орта** **8. Саяхат**	**4-тоқсан.** **7. Су – тіршілік көзі** **8. Демалыс мәдениеті. Мерекелер**	**4-тоқсан.** **7. Ғарышқа саяхат** **8. Болашаққа саяхат**
Тыңдалым және айтылым	2.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау	3.1.1.1 тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру	4.1.1.1 тыңдаған материал бойынша негізгі тұстарын түртіп алу және солардың негізінде мәтіннің мазмұнын айту
	2.1.3.1 күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу	3.1.2.1* мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау	4.1.3.1 сұхбаттасының жасын, жай-күйін ескере отырып, белгілі бір тақырып аясында сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу
	2.1.4.1 тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	3.1.3.1 түрлі жағдаяттағы (қоғамдық ортада) қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу	4.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, монолог құрау
	2.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны бойынша өз ойын (ұнайды, ұнамайды, себебі ..., пайдалы болды, пайдасыз болды, себебі ...) білдіру	3.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	4.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұнына өзіндік баға беру
		3.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны бойынша айтылған өзгенің пікіріне (келісу/келіспеу себебін) өз көзқарасын білдіру	
		3.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара), қаратпа сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманның назарын аударту	
Оқылым	2.2.1.1* сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау	3.2.2.1 тура және ауыспалы мағыналы сөздердің мағынасын ажырата білу, сөйлеу барысында қолдану	4.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру

	2.2.3.1 мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру	3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру	4.2.4.1 мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау
	2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау	3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау	4.2.5.1* дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, диаграмма) қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын мәнмәтін бойынша анықтап, ақпаратты қорытындылау, бағалау
	2.2.5.1* дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу	3.2.5.1* берілген тақырып, сұрақ бойынша түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта) алған ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашу, жүйелеу, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтау	
Жазылым	2.3.1.1 мұғалім көмегімен жеке сурет, сюжетті суреттер арқылы шағын сипаттау/әңгімелеу мәтіндерін құрап жазу	3.3.3.1* оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құрып, мазмұндама жазу	4.3.2.1 тірек сөздерді қолданып белгілі бір стильде мәтін (мақала, мінездеме, сұхбат) жазу
	2.3.2.1* үлгі бойынша қарапайым хабарландыру, хабарлама жазу	3.3.4.1* мұғалімнің көмегімен сызба, график, кесте, фотосуреттер пайдаланып, мәтін (хат, шақыру, нұсқаулық) құру/компьютерде теру	4.3.3.1* оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құрып мазмұндама/тірек сөздерді пайдаланып эссе жазу
	2.3.3.1* мұғалімнің көмегімен оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құру және тірек сөздерді пайдалана отырып, мазмұндама жазу	3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету	4.3.4.1* мәтінді құруда (жаңалық, репортаж, жарнама) сызба, график, кесте, фото және диаграмманы қолмен сызу/компьютерде теру
	2.3.5.1 жіберілген пунктуациялық,	3.3.6.1 кең жолды дәптерде бас әріп	4.3.5.1 стилистикалық қателерді

	орфографиялық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып түзету және құраған сөйлемін толықтыру	пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап көлбеу, үзбей және біркелкі жазу, жазу қарқынын жеделдету	мұғалімінің көмегімен анықтап түзету, жазба жұмысын қазақ тілінің пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық нормаларға сәйкес өз бетінше редакциялау
	2.3.6.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу		4.3.6.1 каллиграфиялық нормаларды сақтау және жазу техникасын жетілдіру
Тілдік нормалардың қолданысы	2.4.1.4* дауыссыз л, р, ң дыбыстарының емлесін сақтап жазу	3.4.2.1* негізгі түбірге жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөз жасау, түбірлес сөздердің мағынасын ажырату	4.4.2.5 үстеуді мағынасына қарай ажырату, етістікпен байланыстырып, сөйлемде қолдану
	2.4.2.1 мұғалімнің көмегімен түбір мен қосымшаны ажырату	3.4.2.4 негізгі, туынды зат есім/сын есім/етістікті анықтау	4.4.2.7 сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын шылауларды (және, себебі, мен, пен) қолдану
	2.4.2.5* дара және күрделі зат есім/сын есім/сан есім/етістікті анықтау		4.4.2.8* сөйлемде одағай, еліктеуіш сөздерді ажырату және қолдану
			4.4.2.9 етістікті тиісті шақта (өткен шақ, келер шақ, осы шақ) қолдану

4-тоқсанда біріктірілген бастауыш сыныптарда «Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар келесі бетте берілген.

4-тоқсанда біріктірілген бастауыш сыныптарда «Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар:

«Қазақ тілі» пәні бойынша 2-сыныпта берілген «Тыңдалым және айтылым» бөлімінде «Қоршаған орта» бөлімшесі берілген. Бөлімнің мақсаты: білім алушы мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау.

3-сыныптағы «Тыңдалым және айтылым» бөлімшесінің «Су – тіршілік көзі» бөлімшесі қамтылған. Бөлімнің мақсаты: білім алушы тыңдаған материалы бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру.

4-сыныптағы «Тыңдалым және айтылым» бөлімі «Ғарышқа саяхат» бөлімшесінің мақсаты: білім алушы тыңдаған материалы бойынша негізгі тұстарын түртіп алу және солардың негізінде мәтіннің мазмұнын баяндай алуы.

«Қазақ тілі» пәні бойынша 2-сыныптағы «Оқылым» бөлімінің мақсаты: сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтай алу.

3-сыныптағы «Оқылым» бөлімінің мақсаты: тура және ауыспалы мағыналы сөздердің мағынасын ажырата білу, сөйлеу барысында қолдана алу.

4-сыныптағы «Оқылым» бөлімінің мақсаты: білім алушы мәтін мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған сұрақтарды құрастыру және жауап беру.

«Қазақ тілі» пәні бойынша 2-сыныптағы «Жазылым» бөлімінің мақсаты: мұғалімнің көмегімен жеке сурет, сюжетті суреттер арқылы шағын сипаттау/әңгімелеу мәтіндерін құрастырып жазу.

3-сыныпта оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құрып, мазмұндама жазады.

4-сыныпта тірек сөздерді қолданып белгілі бір стильде мәтін (мақала, мінездеме, сұхбат) жазу.

«Қазақ тілі» пәні бойынша 2-сыныптағы «Әдеби тілдік нормалар» бөлімінің мақсаты: білім алушыларды дауыссыз л, р, ң дыбыстарының емлесін сақтап жазуға үйрету.

3-сыныпта негізгі түбірге жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөз тудыру, түбірлес сөздердің мағынасын ажырата алуды меңгерту.

4-сыныпта үстеуді мағынасына қарай ажырата алу, етістікпен байланыстырып, сөйлемде қолдана алуға машықтандыру.

Біріктірілген бастауыш сыныптарда 1 БЖБ тоқсанның 4-аптасында және 2 БЖБ тоқсанның 8-аптасында алынады. ТЖБ-ны алу тоқсанның 9-аптасында алу қарастырылған.

Бөлімнің тақырыптарына сәйкес сабақтың «Жазылым» мақсатына сай жазба жұмысы жүргізіледі. Мысалы: Берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру (кейде күрделі жоспар құру деп беріледі). Берілген мақсаттарды басшылыққа алып мақсатқа сай мазмұндама жаздыру да ұсынылады. Жоспар құрылып, жоспар бойынша

оқушы мәтінді өз сөзімен баяндап жазу «Жазылым» бөлімшесінде қарастырылады.

Біріктірілген бастауыш сыныптарында «Сөз сандық» әдісі арқылы «Жазылым» бөлімінде жаттығу жиынтығы мен мәтіндерден бөлек жазылым дағдысын дамытатын әдіс-тәсілдерді де қолдануға болады.

Сондай-ақ «Тыңдалым және айтылым» бөлімі бойынша «Ассоциация», «Аквариум», «INSERT», «Биопоэма», «Аяқталмаған сөйлем» әдістерін жүйелі қолдану сабақтың тиімді өтуіне септігін тигізеді және берілген әдістерді пайдалану материалды меңгеруде өзіндік пайдасы бар әдістер ретінде қолдануға болады.

Шағын топта сабақ барысында диалогті жүргізуде білім алушылар өзіне жұп таңдайды. Диалог құру әдісін пайдалану арқылы білім алушылардың бойында мәліметті ұзақ уақыт бойы есте сақтау дағдысы қалыптасады, қажетінде материалды еске түсіре алады.

«Оқылым» бөлімі бойынша «Белсенді оқыту», «Сұраққа жетіп ал», «Сұрақты дұрыс қою» әдістері арқылы білім алушылардың дағдылары қалыптасады. Білім алушылар бір-біріне дұрыс сұрақ қою арқылы тілдері жаттығады, шығармашылықтары, ізденушіліктері дамиды.

«Әдеби тілдік нормалар» бөлімі бойынша «Кім тез де, дұрыс табады» әдісін пайдалану тіл дамыту жұмыстарының бірі ретінде алуға болады. Тіл дамыту арқылы білім алушыларды әдеби, таза сөйлеуге баулу, мемлекеттік тілдің қыры мен сырын терең меңгеру, ойын жатық та көркем жеткізе алу, мәдениетті де сауатты, жүйелі жаза білу іс-әрекеттері жүзеге асады.

4-тоқсанның БЖБ-сын орындау уақыты - 20 минутты қамтиды. ТЖБ орындау уақыты – 45 минут.

1-4 сыныптар үшін:

Шағын жинақты ауыл мектептерінің педагогтері біріктірілген сыныптарда БЖБ мен ТЖБ-ны қабылдаған кезде:

- 2 тапсырмадан 1-тоқсанда сыныптарды артық емес;
- тапсырмалар жеңіл әрі ыңғайлы болып жасалуы керек;
- Жас ерекшелігін ескере отырып, бақылау жұмыстарын тапсыру кезінде уақытқа шектеулер болмайды. Егер білім алушылар оқу тапсырмаларын денсаулығына байланысты немесе белгілі бір техникалық себептермен орындай алмаса, балл қою кезінде 4-тоқсанның қалыптастырушы бағалау нәтижелері ескеріледі;
- біріктіріп оқыту кезінде біріктірілген сыныптарда сабақты өткізудің тиімді әдіс-тәсілдерін таңдап әрі қолдана білудің өзі педагог үшін шеберлікті, іздемпаздықты қажет етеді. Сондықтан да шағын жинақты мектептегі біріктірілген сыныптарда педагог білім берудің формалары мен сабақтың түрлерін өзгертіп, түрлендіріп отыруы керек. Дыбысты есту, бейнені көру, оны іс-әрекет арқылы іске асыру барысында орындалған жұмыстар білім алушылар жадында ұзақ сақталады. Содан соң сабаққа байланысты жаттығулар мен тапсырмаларды жас ерекшеліктеріне қарай әрбір сыныпқа лайықтап, саралап әрқайсысы жеке орындатылады.

Шағын жинақты мектептер үшін «Қазақ тілі» пәні мен оқулықтары жоқ, өйткені толық кешенді мектептерге қарағанда шағын жинақты мектептердің оқу шарттары ерекше. Сондықтан да ондай мектептерде сабақ өткізу барысында құрамындағы «кіші» сабақтарды дұрыс ұйымдастыруда педагогтен үлкен жауапкершілік пен асқан іскерлікті талап етеді.

Шағын жинақты мектеп жұмысын қиындататын, оқушылардың білім дәрежесін төмендететін бірқатар объективтік ерекшеліктер бар. Олар:

– бір мезгілде бірнеше сынып жұмыс істейтін шағын жинақты мектепке арналған оқыту әдістемесінің аздығы;

– өздігінен жұмыс істеу әдісінің кең тарамағандығы;

– шағын жинақты мектеп мұғаліміне арнап жазылып, баспадан шыққан әдістемелік және көрнекілік құралдарының аздығы;

– шағын жинақты мектептердің кітапханалық қорының нашарлығы және т.б.

2-4-сыныптарға арналған Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы бұйрық және оларға енгізілген өзгерістерді бекіту бұйрығы (оқыту қазақ тілінде)

1. 2,3,4-сыныптарында «Әдебиеттік оқу» пәнін кіріктіріп оқыту

Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

«Әдебиеттік оқу» пәнін оқытуға оқу жүктемесінің көлемі келесідей қарастырылған:

2-сынып – аптасына 3 сағатты, оқу жылында – 102 сағатты;

3-сынып – аптасына 3 сағатты, оқу жылында – 102сағатты;

4-сынып – аптасына 3 сағатты, оқу жылында – 102 сағатты құрайды.

Оқу дағдысы негізгі оқу дағдысы, сондықтан оны қалыптастырғанда кезең-кезеңмен келесіде жұмыс істеу маңызды: дұрыс оқу (дыбыстар мен әріптерді сәйкестендіру, буындар құрау); түсініп оқу (оқылған сөздің мағынасын түсіну және олардың мағынасын түсіндіру); шапшаң (тұтас сөздерді дұрыс және түсініп оқу); мәнерлеп (дұрыс, түсініп және шапшаң оқуға және ақпараттың мазмұнына өзінің көз қарасын білдіреді) оқу.

Біріктірілген сыныптарда білім алушылардың оқу жылдамдығына назар аударған дұрыс. Осыған орай оқу дағдылары мен оқу жылдамдығын келесідей ұсынылады.

Оқу дағдыларының нормалары:

1-жартыжылдықта білім алушылар: 2-сыныпта 40-45 сөз; 3-сыныпта 60-65 сөз; 4-сыныпта 75-80 сөз оқу қарастырылады.

2 жартыжылдықта білім алушылар: 2-сыныпта 50-55 сөз; 3-сыныпта 65-70 сөз және 4-сыныпта 80-90 сөз оқи білуі керек.

Білім алушылардың оқу техникасы оқу дағдысын қалыптастыру бойынша одан әрі оқыту алгоритмін құру үшін критерий болып табылатынын ескеру маңызды.

Шағын жинақты мектепте мұғалімнің әр сыныпқа сабақ уақытының жартысын ғана жұмсауына мүмкіндік береді. Яғни, мұғалім бір сыныпқа жаңа материалдарды түсіндіріп жатқан кезде басқа сыныптың оқушылары өздігінен жұмыс жүргізеді. Бұл, көбінесе, «Қазақ әдебиеті» пәнінде (6-8 және 7-9-сыныптар) сыныптарды қосып оқытуда қиынға соғады. Өйткені берілген тақырыптар аумақты, сондықтан уақыт жетіңкіремейтінін де ескерген жөн.

Шағын жинақты мектептерде оқу сабақтарының кестесін жасауда негізінен екі тәсіл қолданылады.

Бірінші тәсіл арқылы бір пән бойынша сабақтар біріктіріледі. Мысалы, мұғалім 1,3-сыныптарда бірінші сабаққа математиканы, екінші сабаққа қазақ тілін қояды. Шағын жинақты мектептегі сабақтың табыстылығы мұғалімнің түсіндіруі мен өздік жұмысты ұштастыруына байланысты.

Түсіндіру нақтыландыратын мысал, қосымша ой-пікірлерсіз қысқа болуы керек. Мұғалім әдетте жаңа білімді меңгерту үшін бір не екі мысал келтіреді. Мұғалім тақырыпты түсіндіргеннен кейін өздік жұмысты қалай орындау керектігі туралы қысқаша нұсқау беріп, оқушылардың жұмысқа әзірлігін тексеріп, келесі сыныппен жұмыс істеуге көшеді, мұғалім тақырыпты түсіндіріп болған соң, сыныпқа өздік жұмыс береді. Оқу жұмысының түрлерін ауыстырып, өздік жұмысты орындау процесін бақылап, мұғалім сабақты жүргізеді.

7-кестеде біріктірілген 2,3,4-сыныптардағы 1-тоқсан бойынша «Әдебиеттік оқу» пәнін кіріктіріп оқытудағы оқу мақсаттарының комбинациясы берілген.

Мақсаттар комбинациясы шағын жинақты мектеп педагогтеріне сыныптарды біріктіріп оқыту кезінде пәнді меңгерту үшін басшылыққа алып, нақты сабақ жоспарын құруда басшылыққа алуға кеңес беріледі.

7-кесте. 1-тоқсан бойынша «Әдебиеттік оқу» пәнін кіріктіріп оқытудағы оқу мақсаттарының комбинациясы

Әдебиеттік оқу	**2-сынып**	**3-сынып**	**4-сынып**
Ортақ тақырыптар	**1-тоқсан** 1. Өзім туралы 2. Менің отбасым және достарым	**1-тоқсан.** 1. Жанды табиғат 2. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен (жарық пен қараңғы)	**1-тоқсан** 1. Менің Отаным – Қазақстан 2. Құндылықтар
	2.1.1.1 шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру	3.1.1.1 шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін ашық сұрақтар қою және жауап беру	4.1.1.1 шығарманың мазмұнын толық түсіну, кейбір тұстарын нақтылау, оқиғаның себеп-салдарын анықтау үшін сұрақтар қою және жауап беру
	2.1.2.1* шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау, үзіндісін мазмұндау, сахналау	3.1.2.1* шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық, таңдауына қарай мазмұндау, сахналау	4.1.3.1 шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі негізінде сюжеттің дамуын болжау, оның себебін түсіндіру
	2.1.3.1 шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне (бастапқы бөліміне) сүйеніп, оқиғаның соңын болжау	3.1.3.1 шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжау	4.1.4.2 сөйлеу барысында иллюстрациялар, көрнекіліктер, фотосуреттер қолдану, презентация, видеоролик жасау
	2.1.5.1 өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу	3.1.4.2 сөйлеу барысында иллюстрациялар, көрнекіліктер, фотосуреттер қолдану	4.1.5.1 өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірде болған, өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып білдіру
	2.2.1.1 мәтінді дауыстап дұрыс әрі түсініп оқу, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу; 2.2.1.2 шығарманы іштей оқып, ондағы қажетті ақпараттарды белгілеп оқу	3.1.5.1 өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу	4.2.1.1 шығарманы дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу, теріп оқу, шапшаң оқу
	2.2.2.1 мұғалім көмегімен	3.2.1.1 мәтінді дауыстап түсініп,	4.2.2.1 шығарманы қайта құруға,

	қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою және оның жауабын шығармадан таба білу	рөлге бөліп, мәнерлеп, теріп оқу	интерпретациялауға және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру
	2.2.3.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	3.2.2.1 шығарма мазмұны бойынша қолдануға (практикалық), бағалауға және шығармашылыққа негізделген сұрақтар қою және жауап беру	4.2.3.1 шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу
	2.2.4.1 мақал-мәтел, жұмбақ, ертегі, тұрмыс-салт жырлары, әңгіме, өленнің жанрлық ерекшеліктерін анықтау	3.2.3.1 шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді анықтау	4.2.4.1 аңыз, шешендік сөз, батырлар жыры, фантастикалық әңгімелердің жанрлық ерекшеліктерін анықтау
	2.2.6.1 кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау	3.2.4.1 өлең, мысал, нақыл сөз, аңыз, бата, әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтау	4.2.6.1 кейіпкердің, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау
	2.2.7.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу) табу	3.2.6.1 кейіпкердің портретін сипатта, оның іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалау	4.2.7.1 шығармадан әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу, эпитет, аллитерация, әсірелеу) табу және оларды қолдану
	2.2.8.2 мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация, мультфильм) нұсқасымен салыстыру	3.2.7.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, эпитет, кейіптеу) табу	4.2.8.2 көркем шығарманы басқа үлгідегі (иллюстрация, музыка (күй), мультфильм, кинофильм) нұсқасымен салыстыру
	2.2.9.1 сұраққа жауапты анықтамалық кітаптардан, жинақтардан, сөздіктерден табу және ақпаратты берілген үлгі кестеге салу	3.2.8.2 мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация, музыка (күй), мультфильм) нұсқасымен салыстыру	4.2.9.1 түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табу, өңдеу және тұжырым жасау және себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде көрсету
	2.3.1.1 мұғалім көмегімен оқылған шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құру	3.2.9.1 шығарманың мазмұнына сәйкес түрлі дереккөздерден: иллюстрация, әдеби кітаптар,	4.3.1.1 оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлу, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру

		мультфильмнен нақты ақпаратты табу және ақпаратты сызба түрінде беру	
	2.3.2.1* мұғалім көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер, жұмбақтар жазу немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар мен санамақтар құрастыру	3.3.1.1 мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру	4.3.2.1 таныс мәтінге жаңа кейіпкерлер қосу, жаңа сюжеттер енгізу, өлең (төрт жолды) жазу
	2.3.3.1 шығармашылық жұмысын мұғалімнің көмегімен сурет, каллиграмма, аппликация, фотосуреттер арқылы ұсыну	3.3.3.1 шығармашылық жұмысын сурет, сценарий түрінде ұсыну	4.3.3.1 шығармашылық жұмысын сызба, диафильм, презентация түрінде ұсыну
	2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық қателерді табу және түзету	3.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзету	4.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше сын тұрғысынан бағалау және лексикалық, орфографиялық, пунктуациялық қателерді тауып түзету

Біріктірілген сыныптарда «Әдебиеттік оқу» пәнін 1-тоқсанда кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар келесі бетте берілген.

Біріктірілген сыныптарда «Әдебиеттік оқу» пәнін 1-тоқсанда кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар:

«Әдебиеттік оқу» пәні бойынша 2-сыныпта «Өзім туралы» бөлімі берілген. Бөлімнің мақсаты: білім алушылар мәтінді дауыстап дұрыс әрі түсініп оқуы, рөлге бөліп, шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша өз сөзімен мазмұндауы, үзіндісін сахналай алуы.

3-сыныптағы «Жанды табиғат» бөлімі берілген. Бөлімнің мақсаты: білім алушылар шығарманың, өлең, мысал, нақыл сөз, аңыз, бата, әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтай алуы қажет.

4-сыныптағы «Менің Отаным – Қазақстан» бөлімінің мақсаты: шығарманы дауыстап, рөлге бөліп, мәнерлеп, теріп, шапшаң оқуы. Аңыз, шешендік сөз, батырлар жыры, фантастикалық әңгімелердің жанрлық ерекшеліктерін анықтай алуы қажет.

Біріктірілген сыныптарда «Әдебиеттік оқу» пәнін 1-тоқсанда кіріктіріп оқытуда 1-БЖБ 1-тоқсанның 6-аптасында алынады.

«Әдебиеттік оқу» пәні бойынша 2-сыныпта «Менің отбасым және достарым» бөлімі беріледі. Бөлімнің мақсаты: білім алушы мақал-мәтел, жұмбақ, ертегі, тұрмыс-салт жырларын, әңгіме, өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін анықтай алу қажет.

3-сыныптағы «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» бөлімі берілген. Бөлімнің мақсаты: білім алушылар шығарманың мазмұнын мазмұндай алуға үйрету, қолдануға, бағалауға, шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды және жауап беруге үйрету.

4-сыныптағы «Құндылықтар» бөлімі берілген. Бөлімнің мақсаты: білім алушылар аңыз, шешендік сөз, батырлар жыры, фантастикалық әңгімелердің жанрлық ерекшеліктерін анықтауға үйрету. Сонымен қатар білім алушылар кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалай алуы қажет.

Біріктірілген сыныптарда «Әдебиеттік оқу» пәнін 1-тоқсанда кіріктіріп оқыту бойынша 2 БЖБ-ны алу көзделген. Ол 1-тоқсанның 8-аптасында және ТЖБ тоқсанның 9-аптасында алынады.

8-кестеде 2-тоқсан бойынша «Әдебиеттік оқу» пәнін кіріктіріп оқытудағы оқу мақсаттарының комбинациясы берілген. ШЖМ педагогтеріне біріктіріп оқыту кезінде мақсаттар комбинациясын негізге ала отырып қысқа мерзімді сабақ жоспарын құру ұсынылады.

8-кесте. 2-тоқсан бойынша «Әдебиеттік оқу» пәнін кіріктіріп оқытудағы оқу мақсаттарының комбинациясы

	3. Менің мектебім 4. Менің туған өлкем	3. Уақыт 4. Сәулет өнері	3. Мәдени мұра 4. Мамандықтар әлемі
	2.1.2.1* шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау, үзіндісін мазмұндау, сахналау	3.1.1.1 шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін ашық сұрақтар қою және жауап беру	4.1.2.1* шығарма мазмұнын түрлі баяндау тәсілдерін (I немесе III жаққа өзгертіп, жағдаяттар қосып, оқиғаларды өрбітіп) қолданып, шығарманы қысқаша, толық, ішінара мазмұндау
	2.1.3.1 шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне (бастапқы бөліміне) сүйеніп, оқиғаның соңын болжау	3.1.3.1 шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжау	4.1.3.1 шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі негізінде сюжеттің дамуын болжау, оның себебін түсіндіру
	2.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану	3.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану	4.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, өлең жолдарын, нақыл сөздерді, шешендік сөздерді және вербалды емес тілдік құралдарды қолдану
	2.1.5.1 өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу	3.1.5.1 өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу	4.1.4.2 сөйлеу барысында иллюстрациялар, көрнекіліктер, фотосуреттер қолдану, презентация, видеоролик жасау
	2.2.1.2 шығарманы іштей оқып, ондағы қажетті ақпараттарды белгілеп оқу	3.2.1.1 шығарманы дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп, теріп оқу; 3.2.1.2 шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып, сын тұрғысынан бағалап оқу	4.1.5.1 өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірде болған, өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып білдіру
	2.2.2.1 мұғалім көмегімен	3.2.2.1қолдануға (практикалық),	4.2.1.2* шығарманы іштей көз жүгіртіп,

	қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою және оның жауабын шығармадан таба білу	бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру	шолып, түртіп алып, сұрақтар қоя отырып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып оқу, талдау жасап оқу, сын тұрғысынан бағалап оқу
	2.2.3.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	3.2.3.1 шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді табу	4.2.2.1 шығарманы қайта құруға, интерпретациялауға және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру
	2.2.4.1 мақал-мәтел, жұмбақ, ертегі, тұрмыс-салт жырлары, әңгіме, өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін анықтау	3.2.4.1 өлең, мысал, нақыл сөз, аңыз, бата, әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтау	4.2.3.1 шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу
	2.2.6.1 кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау	3.2.5.1 көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтау	4.2.5.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың композициялық құрылымын (сюжеттің басталуы, дамуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі) анықтау
	2.2.8.2 мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация, мультфильм) нұсқасымен салыстыру	3.2.6.1 кейіпкерлердің портретін сипаттау, оның іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалау	4.2.6.1 кейіпкердің, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау
			ажырату	балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпараттарды алу, авторына сілтеме жасау	қолдану, авторына сілтеме жасау	арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату
		Жазылым	5.3.4.1 эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу; 5.3.1.1 берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру; 5.3.2.1 жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хабарландыру құрастырып жазу	6.3.1.1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, қарапайым жоспар құру; 6.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, өмірбаян құрастырып жазу	7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала құрастырып жазу; 7.3.6.1 мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру, синонимдік қатармен ауыстыра отырып, лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау	8.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, аннотация, тезис құрастырып жазу; 8.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу
		Әдеби тіл нормалары	5.4.4.1 жұрнақ	6.4.3.1 көнерген	7.4.4.1 етістіктің	8.4.4.1 сөз

			арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану	сөз, эвфемизм, дисфемизм, табу сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу	шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану	тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді, етістікті сөз тіркестерін ажырату, қолдану

2-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар келесі бетте берілген**.**

2-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар:

«Қазақ тілі» пәні бойынша 5-сыныпта «Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі». «Лексика», «Бос уақыт және хобби». «Морфология» бөлімдері берілген.

6-сыныпта «Астана – мәдениет пен өнер ордасы». «Лексика», «Тарихи тұлғалар». «Лексика» бөлімдері берілген.

Шағын жинақты мектептердің біріктірілген сыныбындағы әрбір білім алушы төмендегідей мақсаттарға жетуі керек:

5-сыныпта *«Тыңдалым және айтылым»* бөлімінің мақсаты: тақырыпта көтерілген мәселені түсіндіру, мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау, сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру, тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (хабарландыру) көтерілген мәселені түсіндіру.

6-сыныпта *«Тыңдалым және айтылым»* бөлімінің мақсаты: тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (хабарландыру, жаңалық) көтерілген мәселені талдау, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізу, мәтіннің атауын талқылау, көтерілетін мәселені болжау, сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру

Аталған мақсаттарды меңгеру барысында *«Өрмекші торы»* әдісін қолдануға болады. Бұнда оқушылар шеңбер құрып тұрады. Жіптің ұшы 1 оқушыда болады. Оқушы өздері тыңдаған мәтін мазмұнын баяндап бастайды, мұғалімнің нұсқауымен тоқтап, жіптің басқа бөлігін келесі оқушыға береді, ол оқушы келесі оқушыға... Осылайша, өрмекшінің торы жасалады. Өрмекшінің торын жинау үшін әр оқушы кері қарай бір-біріне сұрақ қояды. Осылайша тор жиналады. Бұл әдіс-тәсілдің тиімділігі: оқушылар тыңдаған мәтіндерін өздері баяндап береді, бір-бірінің ойын жалғастыра алады және мәтін мазмұны бойынша ауызша сұрақ құрастырып, оған жауап ала алады.

5-сыныптағы *«Оқылым»* бөлімінің мақсаты: негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау, хабарландырудың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату, мәтіндер арқылы ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын тану;

6-сыныптағы *«Оқылым»* бөлімінің мақсаты: ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату, оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу, ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыру, энциклопедия, сөздік, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпараттарды алу, авторына сілтеме жасау.

Мәтінді оқығанда *«Оқы-қара-жап-айт-жаз-тексер»* техникасын қолдануға болады:

- Оқыңыз.
- Оны жауып тастаңыз.

- Оны ауызша айтып шығыңыз.
- Оны есте сақтауыңыз бойынша жазып шығыңыз.
- Жазғаныңызды тексеріңіз.
- Егер қате жіберсеңіз, жоғарыда жазылған тізім бойынша қайталаңыз.
- Жаңа сөздердің тізімін жасаңыз, бос уақытыңызда қайталап отырыңыз.
- Жаңа сөздермен сөйлем құрастырыңыз.

5-сыныптағы *«Жазылым»* бөлімінің мақсаты: жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап хабарландыру құрастырып жазу, мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзету және редакциялау, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп эссе жазу; мәтінге сәйкес қарапайым жоспар құру, ресімделуі мен құрылымын сақтап, хабарландыру құрастырып жазу.

6-сыныптағы *«Жазылым»* бөлімінің мақсаты: көтерілген мәселе бойынша келісу – келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу («келісу, келіспеу» эссесі), мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау, әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, қарапайым жоспар құру, жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, өмірбаян құрастырып жазу

Берілген мақсаттарды меңгеру үшін «Эссе», «Топтастыру», «Пирамида», «Құндылық сызығы», «Атаулар туралы үш сұрақ» әдісін қолдануға болады.

«Атаулар туралы үш сұрақ» әдісі

Шағын жинақты мектеп мұғалімі сабақ басында жаңа тақырып бойынша үш терминді тақтаға жазып, оқушыларға осы атауларға қатысты келесідей сұрақтарға жазбаша жауап беруді тапсырады:

1. *Қайда?* Бұл терминдерді сіз бұрынырақта қайда және қандай мағынада кездестіріп едіңіз?

2. Қалай? Өз тәжірибеңізбен осы атауларды қолданудың мысалдарын келтіре аласыз ба?

3. Қандай? Осы сабақта бұл атаулар қандай қолданыста болады деп ойлайсыз?

Әдеттегідей бұл жұмысты білім алушылардың жеке, жұппен (шағын топ ішінде) ауызша немесе жазбаша орындауға болады. Соңында мұғалім бірнеше оқушының пікірін тыңдайды.

Мұғалімнің сұрақтарды шығармашылық тұрғысынан әр сабақта тақырыпқа байланысты өзгертіп отыруы тиімді.

5-сыныптағы *«Әдеби тіл нормалары»* бөлімінің мақсаты: омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану, жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану.

6-сыныптағы *«Әдеби тіл нормалары»* бөлімінің мақсаты: неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата

білу, көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, табу сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу.

Шағын жинақты мектептің біріктірілген сыныптарындағы білім алушылардың сөйлеу мәдениетіне төселдіру, ең алдымен, әдеби тіл нормаларын меңгертуден басталады. Сондықтан мұғалім әдеби тіл нормасын меңгертуге бейжай қарамауы тиіс. Білім алушылардың әдеби тіл нормаларын меңгеруін тексеру үшін мұғалім оқушыларға конверт жасауды ұсынады. Оқушылар өздері меңгерген әдеби тіл нормаларын қағаз қиындыларға жазып, конвертке салады. Әр сабақта 3-4 оқушыдан конвертті ашып ондағы қиындылардың бірнешеуінде жазылған ақпаратты сұрайды. Оқушы жауап бере алса, қиынды конверттен алынып тасталады. Конверт ақпарат жазылған қиындылардан босаған оқушы жеңімпаз атанады. Бұл *«Конверт»* әдісі деп аталады.

2-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқытуда БЖБ 2-тоқсанның 3 және 7-аптасында ТЖБ 8-аптада алынады.

Шағын жинақты ауыл мектептерінің педагогтері біріктірілген сыныптарды БЖБ мен ТЖБ-ны қабылдаған кезде оқушылардың бір-біріне кедергі жасамауын, жалпы оқу процесі, сабақ барысы жиынтық бағалау барысында оқушыларға қиыншылық тудырмауын қадағалау керек. БЖБ мен ТЖБ-ны алар алдында мұғалім «Алфавит» әдісін қолдануға болады.

Оқушылар әрқайсысы алфавиттің бір-бір әрпін алып, бөлім немесе тоқсан көлемінде оқыған материалдарынан өздеріне түскен әріпке сәйкес тақырыптарды айтып шығады. Мысалы, «Қаратпа сөз, қыстырма сөз, қосарлы айқындауыш, қарсылықты салалас, қарсылықты сабақтас т.с.

24-кестеде 3-тоқсанда «Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқытудағы оқу мақсаттарының комбинациясы ұсынылады. Шағын жинақты мектеп білім алушыларының педагогтері берілген оқу мақсаттарын басшылыққа алып қысқа мерзімді сабақ жоспарын жазу ұсынылады.

24-кесте. 3-тоқсанда «Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқытудағы оқу мақсаттарының комбинациясы

Лексика-грамматикалық бөлімдер	**грамматикалық материал**	**Тақырыптар/жоспардың мазмұны**	**5-сынып**	**6-сынып**	**7-сынып**	**8-сынып**
5-сынып 6. Қиял әлемі. Морфология **6-сынып** 6. Су – тіршілік көзі. Қазақстандағы өзен-көлдер. Морфология **7-сынып** 6. Ғаламтор ғаламаты. Морфология **8-сынып** 5. Биоалуантүрлілік. Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер. Синтаксис	**5-сынып** Сөздің топтары. Зат есім. Зат есімнің мағыналық түрлері. Зат есімнің түрленуі **6-сынып** Есімдік, оның мағыналық түрлері **7-сынып** Шылау түрлері. Шылау емлесі **8-сынып** Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері	**Тыңдалым және айтылым**	5.1.1.1 тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау; 5.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру	6.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау; 6.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру	7.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу; 7.1.5.1 проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау	8.1.5.1 перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау; 8.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу

		Оқылым	5.2.2.1 лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы тану; 5.2.5.1 мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру; 5.2.7.1 энциклопедиялар, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпаратты ала білу	6.2.1.1 мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру; 6.2.4.1 ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыру	7.2.1.1 мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау; 7.2.5.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру	8.2.1.1 тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру; 8.2.4.1 тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау; 8.2.5.1 перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыру
		Жазылым	5.3.4.1 эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды	6.3.3.1 ұсынылған тақырып	7.3.3.1 мәтін құрылымын (кіріспе бөлім,	8.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне

			бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу; 5.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзету және редакциялау	бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру; 6.3.4.1 эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу («келісу, келіспеу» эссесі)	жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу; 7.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу	сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала құрастырып жазу; 8.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу
		Әдеби тіл нормалары	5.4.2.2 зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп	6.4.4.1 сөйлемдегі есімдіктің қызметін түсіну, есімдікті зат есім, сын	7.4.4.3 шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану	8.4.4.2 тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын,

			қолдану	есімнің орнына қолдану		қызметін түсініп қолдану
5-сынып 7. Көлік және жол белгілері. Морфология **6-сынып** 7. Спорт. Белгілі спорт жұлдыздары. Морфология **7-сынып** Қазақстандағы ұлттар достастығы. Морфология **8-сынып** 6. Қоршаған орта және энергия ресурстары. Синтаксис	**5-сынып** Сан есім. Сан есімнің мағыналық түрлері. Сан есімнің заттануы **6-сынып** Етістік, оның мағыналық түрлері. Етіс түрлері **7-сынып** Еліктеуіш сөз. Бейнелеуіш сөз **8-сынып** Сөйлемнің бірыңғай мүшелері. Сөйлемнің айқындауыш мүшелер	**Тыңдалым және айтылым**	5.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау; 5.1.4.1 тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау	6.1.2.1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (нұсқаулық, өмірбаян) көтерілген мәселені талдау; 6.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау	7.1.1.1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау; 7.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу	8.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау; 8.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу
		Оқылым	5.2.3.1 нұсқаулық құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық	6.2.1.1 мәтіннен негізгі және қосымша,	7.2.4.1 идеясы ұқсас публицистикалық және көркем	8.2.2.1 публицистикалық және ғылыми стиль

			ерекшеліктерін ажырату; 5.2.5.1 мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру	детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру; 6.2.4.1 ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыру	әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау; 7.2.3.1 хроника, хабар, очерктердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату	ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану; 8.2.4.1 тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау
		Жазылым	5.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу; 5.3.3.1 сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру	6.3.1.1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, қарапайым жоспар құру; 6.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктерін е сай	7.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу (дискуссивті	8.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу;

				құрылымын сақтай отырып, мінездеме, өмірбаян құрастырып жазу	эссе); 7.3.6.1 мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру, синонимдік қатармен ауыстыра отырып, лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау	8.3.6.1 БАҚ материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, редакциялау
		Әдеби тіл нормалары	5.4.4.4 сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу, сан есімді зат есім орнына қолдана білу	6.4.4.2 етістіктің етіс түрлері мен салт-сабақты етістіктердің тіркесімдік мүмкіндігін ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану	7.4.4.2 еліктеуіш сөздердің мәнмәтіндегі қолданысын түсіну	8.4.4.3 сөйлем ішінде бірыңғай мүшелер және айқындауыш мүшелерді қолдана білу
5-сынып 8. Адамның сырт келбеті мен мінезі. Морфология	**5-сынып** Сын есім. Сын есімнің мағыналық түрлері. Сын есімнің	**Тыңдалым және айтылым**	5.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы	6.1.1.1 мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау	7.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты	8.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты

6-сынып 8. Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері. Наурыз. Морфология **7-сынып** 8. Дұрыс тамақтану. Морфология **8-сынып** 7. Жасөспірім және заң. Синтаксис	шырайлары. Сын есімнің заттануы **6-сынып** Үстеу. Үстеудің мағыналық түрлері **7-сынып** Одағай. Одағай түрлері **8-сынып** Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері		қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіру; 5.1.4.1 тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау	арқылы көтерілетін мәселені болжау; 6.1.2.1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (жаңалық, құттықтау) көтерілген мәселені талдау	диалог, монолог, полилогтердегі (пікірталас, жаңалық) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау; 7.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу	диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау; 8.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау
		Оқылым	5.2.4.1 ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыру; 5.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу	6.2.3.1 ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 6.2.7.1 энциклопедия, сөздік, балаларға	7.2.5.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру; 7.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану, авторына сілтеме	8.2.3.1 мақала, презентация құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 8.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп

			үшін оқу	арналған газет-журналдардан қажетті ақпараттарды алу, авторына сілтеме жасау	жасау	оқу, талдап оқу; 8.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді дәлелретінде қолдану, авторына сілтеме жасау
		Жазылым	5.3.3.1 сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру; 5.3.1.1 берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру	6.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктерін е сай құрылымын сақтай отырып, құттықтау құрастырып жазу; 6.3.6.1 мәтіндегі орфографиялы қ және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету,	7.3.1.1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру; 7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын әңгіме құрастырып жазу	8.3.1.1 тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құру; 8.3. 4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе)

				редакциялау		
		Әдеби тіл нормалары	5.4.4.3 сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін тану, сын есімді зат есім орнына қолдана білу	6.4.4.3 үстеудің мағыналық түрлерін ажырату, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдану	7.4.4.4 одағай түрлерін ажырата білу, қолдану	8.4.4.4 жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану

Келесіде 3-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар берілген.

3-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар:

«Қазақ тілі» пәні бойынша 5-сыныпта «Қиял әлемі». «Морфология», «Көлік және жол белгілері». «Морфология», «Адамның сырт келбеті мен мінезі». Морфология» бөлімдері берілген.

6-сыныпта «Су – тіршілік көзі». «Қазақстандағы өзен-көлдер». «Морфология», «Спорт». «Белгілі спорт жұлдыздары». «Морфология», «Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері». «Наурыз». «Морфология» бөлімдері берілген.

Әр бөлімде оқушылар төмендегідей мақсаттарға жетуі керек:

5-сыныптағы *«Тыңдалым және айтылым»* бөлімінің мақсаты: тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау, тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау, мәтіндегі негізгі ойды анықтау, диалог құру, өз пікірін білдіру.

6-сыныптағы *«Тыңдалым және айтылым»* бөлімінің мақсаты: мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау, мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру, мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжау, әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (жаңалық, құттықтау) көтерілген мәселені талдау.

Аталған бөлім бойынша келесі әдісті қолдануға болады. **«Алдын ала берілген атаулар».** Мұғалім сабақ басында жаңа тақырып бойынша тақтаға бірнеше атау (терминдер) жазып (3-4 атау), оқушыларға олардың мағынасы, мазмұны және өзара қатынасы мен байланысы туралы ойлануын сұрайды. Бұл жұмысты оқушылардың жеке, жұппен немесе шағын топ ішінде ауызша яки жазбаша (соңғысы тиімдірек) орындауы ықтимал. Соңында мұғалім бірнеше оқушының ойы мен пікірін тыңдауына болады.

Берілген тапсырманы күрлендіруге де болады. Ол үшін алдын ала берілген атаулардың ішіне сабақ тақырыбына қатысы жоқ бейтарап сөзді қосуға болады. Бұл жерде соңғы сөз оқшаулау және сабақ тақырыбына тікелей қатысы жоқ, сонда да оқушылар олардың өзара қатысы мен байланысы туралы өз ойларын келтіруі керек.

5-сыныптағы *«Оқылым»* бөлімінің мақсаты: мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру; энциклопедиялар, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпаратты ала білу, нұсқаулық құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату, мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру, ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыру, оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу және т.б.

6-сыныптағы *«Оқылым»* бөлімінің мақсаты: мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру, ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыру, мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру, ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыру, ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату, энциклопедия, сөздік, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпараттарды алу, авторына сілтеме жасау

Берілген бөлімде оқушылармен *«Жасырынбақ»* ойынын өткізуге болады. Оқушылар ақпаратты оқып не жаттап алғаннан соң, ақпарат жасырылады немесе өзгертіледі, ал оқушылар еске түсіруге тырысады. Жасырынған ақпаратты қайта қарауға болмайды.

5-сыныптағы *«Жазылым»* бөлімінің мақсаты: эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу, мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене, түзету және редакциялау, оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу, сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру, ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыру, оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу.

6-сыныптағы *«Жазылым»* бөлімінің мақсаты: ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру, эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу («келісу», «келіспеу» эссесі), әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, қарапайым жоспар құру; жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме, өмірбаян құрастырып жазу, жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, құттықтау құрастырып жазу, мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау.

Жазылым дағдысын қалыптастырғанда «Т кестесі», «Sinkuein» немесе бес жолды өлең», «RAFT», «INSERT» – әдісі, «Түйін сөз», әдіс-тәсілдерін қолдануға болады.

INSERT – әдісі «Түртіп алу жүйесі» – мәтінмен жұмыс кезінде орындаған жөн. Бұл әдісті пайдалану үшін мәтіннің талдануға ыңғайлы, баланың түсінігіне лайық, жете меңгере алатындай бірнеше мәліметтері болуы керек. Оқушы мәтінді оқу кезінде бірнеше белгілер қойып отырады. Бұл әдіс оқығанын саналы түсінуге, өз ойын басшылыққа алуға, ойын білдіруге үйретететін ұтымды әдіс. Оқушылар білгендерін анықтап, білмейтіндерін сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білетіндерімен жаңа материалды байланыстыруға дағдыланады.

Кесте толтырылады.

«!» – білемін

«-» – келіспеймін

«+» – мен үшін жаңа

«?» – таң қалдым, сұрақ туындады

Оқып, белгілеп болғаннан кейін оқушы жеке отырып кестені мәліметтермен жоғарыдағы үлгі бойынша толтырады. Артынан жұппен, топпен талқылау өткізеді.

5-сыныптағы *«Әдеби тіл нормалары»* бөлімінің мақсаты: зат есімдердің мағыналық түрлерін мәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану, сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу, сан есімді зат есім орнына қолдана білу, сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін тану, сын есімді зат есімнің орнына қолдана білу.

6-сыныптағы *«Әдеби тіл нормалары»* бөлімінің мақсаты: сөйлемдегі есімдіктің қызметін түсіну, есімдікті зат есім, сын есімнің орнына қолдану, етістіктің етіс түрлері мен салт-сабақты етістіктердің тіркесімдік мүмкіндігін ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану, үстеудің мағыналық түрлерін ажырату, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдану.

«Қазақ тілі» пәні бойынша шағын жинақты ауыл мектептерінің біріктірілген сыныптарында пәндерді кіріктіріп оқытуда *«Әдеби тіл нормаларын»* келесі әдіс-тәсілдермен меңгертуге болады: «Сұрақты ұстап ал!», «Он сұрақ!», «Бірге ойлаймыз», «Ақпараттағы ақаулық».

«Он сұрақ!» әдісі. Мұғалім бір оқушыны таңдап алады және оның маңдайына негізгі сөз жазылған стикерді жапсырады – қатысушы сыныпқа 10 сұрақ қоя алады, оған жауап не «ИӘ», немесе «ЖОҚ» деп беріледі.

3-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқытуда БЖБ 3-тоқсанның 6, 8-аптасында және ТЖБ 9-аптада алынады.

Шағын жинақты ауыл мектептерінің педагогтері біріктірілген сыныптарды БЖБ мен ТЖБ-ны қабылдаған кезде екі сыныптағы әр оқушының темпераменті, оның тақырыпты қабылдауы, деңгейі ескерілуі керек. Жиынтық бағалауға дейін педагог осы ерекшеліктерді ескере отырып, жан-жақты жұмыстар атқаруы тиіс. Яғни БЖБ, ТЖБ барысында оқушылардың бір-біріне ұқсамайтын өзгешелігі, ерекшелігі болуы тиіс.

25-кестеде 4-тоқсанда «Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқытудағы оқу мақсаттарының комбинациясы ұсынылады.

25-кесте. 4-тоқсанда «Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқытудағы оқу мақсаттарының комбинациясы

Лексика-грамматикалық бөлімдер	**грамматикалық материал**	**Тақырыптар/жоспардың мазмұны**	**5-сынып**	**6-сынып**	**7-сынып**	**8-сынып**
5-сынып 9. Аспан әлемінің құпиялары. Синтаксис **6-сынып** 9. Әлемдегі ірі кітапханалар. Морфология **7-сынып** 9. Жеңіс күні. Ұлы ерлікке тағзым. Морфология **8-сынып** 8. Театр өнері мен мәдениеті. Синтаксис	**5-сынып** Төл сөз. Автор сөзі. Төлеу сөз. Төл сөзді төлеу сөзге айналдыру жолдары **6-сынып** Үстеу. Үстеудің мағыналық түрлері **7-сынып** Оқшау сөздің түрлері. Оқшау сөздердің қызметі **8-сынып** Жай сөйлемнің түрлері	**Тыңдалым және айтылым**	5.1.4.1 тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау; 5.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіру	6.1.2.1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (өмірбаян, хабарландыру) көтерілген мәселені талдау; 6.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сайресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізу	7.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, көркем әдеби шығармадан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау; 7.1.4.1 мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау	8.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау; 8.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау
		Оқылым	5.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: жалпы	6.2.4.1 ауызекі және ресми стильдегі	7.2.2.1 публицистикалық және ресми	8.2.4.1 тақырыбы ұқсас ғылыми және

			мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу; 5.2.7.1 энциклопедиялар, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпаратты ала білу	мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыру; 6.2.5.1 мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру	стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану; 7.2.3.1 хроника, хабар, очерктердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату	публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау; 8.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау
		Жазылым	5.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу; 5.3.4.1 эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін	6.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу; 6.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық және	7.3.1.1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру; 7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш	8.3.1.1 тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құру; 8.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап,

			сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу	пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау	құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала құрастырып жазу	әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу
		Әдеби тіл нормалары	5.4.5.5 төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын, қызметін білу, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру	6.4.4.3 үстеудің мағыналық түрлерін ажырату, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдану	7.4.4.5 оқшау сөздердің қызметін түсіну, ажырата білу	8.4.4.4 жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану
5-сынып 10. Саяхат және демалыс. Синтаксис **6-сынып** 10. Ғылым мен технология жетістіктері. Пунктуация **7-сынып** 10. Ғылыми фантастика. Пунктуация	**5-сынып** Төл сөз бен автор сөзінің тыныс белгілері **6-сынып** Тыныс белгілерінің түрлері мен қызметі **7-сынып** Сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілер. Сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілер	**Тыңдалым және айтылым**	5.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру; 5.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін	6.1.2.1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (нұсқаулық, интервью) көтерілген мәселені талдау; 6.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сайресми сөздер мен тіркестер,	7.1.1.1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау; 7.1.5.1 проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру,	8.1.1.1 мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау; 8.1.5.1 перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау

8-сынып 9. Қазақстандағы туризм және экотуризм. Пунктуация	**8-сынып** Сөйлем соңында қабаттасып қолданыла тын тыныс белгілері		қолданып, диалогке даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіру	дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізу	талқылау	
		Оқылым	5.2.7.1 энциклопедиялар, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпаратты ала білу; 5.2.4.1 ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыру; 5.2.3.1 хаттың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық	6.2.2.1 ауызекі сөйлеу және көркем сөйлеудің стильдік ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану; 6.2.5.1 мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру	7.2.4.1 идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау; 7.2.5.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру;	8.2.1.1 тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру; 8.2.5.1 перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыру; 8.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп

			ерекшеліктерін ажырату		7.2.7.1 энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану, авторына сілтеме жасау	оқу, талдап оқу
		Жазылым	5.3.3.1 сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру; 5.3.2.1 жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат құрастырып жазу	6.3.3.1 ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру; 6.3.4.1 эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп	7.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу (дискуссивті эссе)	8.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу; 8.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп

				жазу («келісу, келіспеу» эссесі)		жазу (аргументативті эссе)
		Әдеби тіл нормалары	5.4.4.5 төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын, қызметін білу, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру; 5.4.5.5 төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қолдану	6.4.5.1 қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің түрлері мен қызметін (даралаушы) түсіну, дұрыс қолдану	7.4.5.1 сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдану	8.4.5.1 сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолдану

4-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар келесіде берілген.

4-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар:

«Қазақ тілі» пәнін 5-сыныпта меңгертуде «Аспан әлемінің құпиялары». «Саяхат және демалыс». «Синтаксис» бөлімдері қамтылған.

6-сыныпта «Әлемдегі ірі кітапханалар». «Морфология», «Ғылым мен технология жетістіктері» және «Пунктуация» бөлімдері берілген.

Шағын жинақты мектептің біріктірілген сыныбындағы білім алушы әр бөлімді меңгергенде келесі мақсаттарға қолжеткізуі керек:

5-сыныптағы *«Тыңдалым және айтылым»* бөлімінің мақсаты: тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау, коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіру, тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру, коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіру.

6-сыныптағы *«Тыңдалым және айтылым»* бөлімінің мақсаты: әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі көтерілген мәселені талдау, ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізу.

Шағын жинақты мектептердің біріктірілген сыныптарында «Қазақ тілі» пәнін меңгерту барысында «Тыңдалым және айтылым» дағдысын қалыптастыруда *«Көшпелі микрофон»* әдісі арқылы интервью жүргізу ұсынылады.

Берілген сұрақтарға жауап алу арқылы тыңдалатын мәтінге болжау жасалғанда немесе тыңдалымнан кейін оқушыларға нақты мазмұнды тексеруге бағытталған сұрақтар қойылғанда өте тиімді келеді. Бұл әдісті тек сабақ үстінде ғана емес, үй тапсырмасын беру барысында да қолдануға болады. Аталған әдісті оқушылармен шығармашылық жоба құрастыруда қолдануға болады. Мысалы, белгілі бір тақырып бойынша білім алушылар (топқа бөлініп) бірнеше сұрақтар әзірлейді. Әзірленген сұрақтармен қала тұрғындарынан ұялы телефон арқылы интервью алады. Әр топ интервью алғаннан кейін келесі сабаққа бейнеролик пен слайдқа жасаған сараптамаларын әкеліп, жұмыстарын қорғайды.

5-сыныптағы *«Оқылым»* бөлімінің мақсаты: оқылым стратегияларын қолдану, жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу, энциклопедиялар, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпаратты ала білу, энциклопедиялар, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпаратты ала білу, ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыру, хаттың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату.

6-сыныптағы *«Оқылым»* бөлімінің мақсаты: ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыру, мәтіннен

негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру, ауызекі сөйлеу және көркем сөйлеудің стильдік ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану, мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру.

«Оқылым» дағдысын қалыптастыруда «ойын технологиясының элементтерін», «қарлы кесек», «қай сөз жоқ», «оқуға саяхат», «SWOT талдау», «диалог құрастыру», «төрт сөйлем», «ПОПС», «болжау жасау», аудиовидео құралдары арқылы миға шабуыл тәсілдерін өте тиімді пайдалануға болады.

«Баяндама» әдісі. Мұғалім оқушыларға мәтінді оқуға, соңынан оның мазмұнын сурет, сызба түрінде беруді ұсынады. Бұл «шпаргалканы» оқушы оң жағындағы көршісіне береді. Енді әрқайсысы өз көршісінің суреттерін не сызбаларын қолдана отырып, осы мәтін бойынша «баяндама» жасайды. «Баяндама» мазмұнын неғұрлым кең ашып, оны қорғап, ең жақсы өрнекті ұсынған оқушы жеңімпаз атанады.

5-сыныптағы *«Жазылым»* бөлімінің мақсаты: оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу, эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу, сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру, жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат құрастырып жазу.

6-сыныптағы *«Жазылым»* бөлімінің мақсаты*:* оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу, мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау, ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін түрінде құрастыру, эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу («келісу, келіспеу» эссесі).

«Жазылым» дағдысын қалыптастыруда эссе жұмыстарының маңызы зор. Ол білім алушының өз көзқарасын дәлелдеп айта білуге, сондай-ақ, өз көзқарасын нақтылауға көмектеседі. Ал, оқушыларды эссе жазуға қалай үйретеміз?

Эссе жазуға үйрету үшін мұғалім әрбір сабақта «Дербес пікір» әдісін қолдануға болады. Бұнда өтілген тақырып бойынша «Дербес пікір» әдісі арқылы ой түйіндей білген оқушы эссе жазуда еш қиналмайды. «Дербес пікір» әдісінің жалпы мазмұны келесідей:

1. Өзіндік пікір (ой, идея) – 1 сөйлем
2. Дәлел – 2 сөйлем
3. Өз пікіріне қарсы дәлел – 1 сөйлем
4. Өз пікірін айғақтайтын мысал – 2 сөйлем
5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – 1 сөйлем
6. Қорытынды – 2 сөйлем

«Дербес пікір» әдісі арқылы оқушылардың өзіндік ойын қорыту дағдыларын қалыптастырып алған соң оқушыларға эссе құрылымын үйретіп, соған орай жазуды тапсыруға болады. Эссе құрылымын сақтауды үйренген білім алушы эссені талапқа сай жазуға машықтанады. Эссенің барлық бөлімдерін сақтай отырып жазылған эссе жүйелі жазылады.

5-сыныптағы *«Әдеби тіл нормалары»* бөлімінің мақсаты: төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын, қызметін білу, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру, төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын, қызметін білу, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру, төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қолдану.

6-сыныптағы *«Әдеби тіл нормалары»* бөлімінің мақсаты: үстеудің мағыналық түрлерін ажырату, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдану, қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің түрлері мен қызметін (даралаушы) түсіну, дұрыс қолдану.

Оқыту үдерісіндегі ең маңызды бөлімінің бірі – оқытудың нәтижесін тексеру. *«Әдеби тіл нормаларын»* оқытқанда мұғалім әрдайым оқушылардың берілген ақпаратты қаншалықты меңгергенін тексеруі керек. Ол үшін әдетте тест жұмыстарын алу тиімді. *Тест түрлері:* жабық тест, балама тест, анықтау тест, тіке жауап тест, ашық тест, реттік тест, толықтыруды қажет ететін тест, фасет тест.

Жабық тест берілген тапсырмаға үш жауаптың ішінен бір дұрыс жауабымен шектелуі тиіс. Мысалы, Мына мысалдан болымсыз антонимді тап.

а) жақсы-жаман;

ә) жақсы-жақсы екен;

б) жақсы-жақсы емес;

*Балама тест б*ерілген тапсырмаға «иә» немесе «жоқ» деген екі жауаптың біреуімен шектелуі тиіс. Берілген тапсырманың жауабы сіз ойлағандай болса «иә» деген жауапты, ал егер дұрыс болмаса «жоқ» деген жауапты береді. Мысалы, *Қазақ әліпбиінде 32 әріп бар ма? «жоқ».*

Екі жай сөйлемнен жасалып, күрделі бір ойды білдіретін сөйлем құрмалас сөйлем бе? «иә». Анықтау тесті екі бағаннан тұрады. Бірінші бағанда берілген тапсырманың жауабын екінші бағанға жазасыз. Жауап өте қысқа және нақты болуы шарт. Мысалы, тапсырма: Мифтік ескі наным бойынша атын тура айтуға тыйым салынған сөзді не дейміз?

Жауап: табу

4-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Қазақ тілі» пәнін кіріктіріп оқыту бойынша БЖБ 4-тоқсанның 4, 8-аптасында және ТЖБ 9-аптада алынады.

Шағын жинақты мектептерде сабақ өткізу – педагог үшін түйіні шешілмейтін проблема болмауы керек. Керісінше, әр мұғалім әдістемелік тұрғыдан сауатты, білімді де білікті екенін таныта білуі керек. Әр сыныптағы барлық оқушымен өзіндік, жұптық, топтық жұмыстарды өткізіп, тіпті, кей сәтте екі сыныптың тақырыбын қосып, ортақ бір тақырып қылып, қойылған мақсаттарға жетуге де болады.

26-кестеде Шағын жинақты мектепте 7-8-сыныпты біріктіріп оқыту бойынша ҚМЖ үлгісі берілген.

26-кесте. Шағын жинақты мектепте 7-8-сыныпты біріктіріп оқыту бойынша ҚМЖ үлгісі

Бөлім:	Су – тіршілік көзі. Қазақстанның өзен-көлдері.	Ғаламтор және әлеуметтік желілер
Педагогтың аты-жөні:		
Күні:		
Сыныбы: 6-7	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Бұлақ көрсең, көзін аш	Әлеуметтік желі – ең үлкен ғаламтор
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	6.4.4.1 сөйлемдегі есімдіктің қызметін түсіну, есімдікті зат есім, сын есімнің орнына қолдану.	7.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу.
Сабақ мақсаттары	**Барлық оқушылар:** Есімдіктің не екенін біледі. **Кейбір оқушылар:** Есімдікті түрлеріне қарай ажырата алады. **Көпшілік оқушылар:** Есімдіктерді есім сөздердің орнына дұрыс қолдана алады.	**Барлық оқушылар:** Тірек сөздер мен сөз тіркестерін ажыратып, іріктей алады. **Кейбір оқушылар:** Синоним дегеніміз не екінін біледі, сөз тіркестері мен тірек сөздерді синонимдік қатармен ауыстырады. **Көпшілік оқушылар:** Сөз тіркестері мен тірек сөздерді тауып, синонимдік қатармен ауыстырып, өз бетінше жинақы мәтін жазады.

Сабақтың барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	**Мұғалімнің әрекеті**	**Оқушының іс әрекеті**	**Бағалау /ресурстар**
Сабақтың басы			
6-сынып		**7-сынып**	
– Оқушылармен амандасу, түгендеу. – Сабаққа дайындығын тексеру. – Сыныпта жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.			
Сабақтың басы			
Жеке жұмыс «Балық қаңқасы» **Шығу жолдар**  		**Жеке жұмыс «Сұрақ-жауап»** Берілген сұрақтарға дәлелді жауп беріп, мысалдар келтіріңіз -Әлеуметтік желінің пайдасы қандай? - Әлеуметтік желінің зияны? - Ғаламторға тәуелділік дегенді қалай түсінесіңіз? -Өзіңіздің өміріңізді ғаламторсыз елестете аласыз ба?	

Қазақстанның өзен көлдерінің тартылуы;
Себебі;
Шығу жолдар.

Мұғалім басшылығымен орындайтын жұмыс

Бағалау критерийі	**Дескриптор**
Проблемалық сұраққа дәлелді жауап беру	Проблеманы анықтайды;
	Проблеманың себебін түсіндіреді;
	Шығу жолдарын анықтайды.

ҚБ: «Қармақтағы балық» әдісі.

Бағалау критерииі	**Дескриптор**
Сұрақтарға дәлелдер арқылы жауап береді	Сұрақтарға ж береде; Дәлелдер мысалдар келтіре Өз ойын т жеткізеді.

ҚБ: «Лайк» (Лүпіл)

Сабақтың ортасы

Тыңдалым мәтіні бойынша, мәтіннен:
1 оқушы: Есімдіктерді табады
2 оқушы: Зат есімдерді табады
3 оқушы: Сын есімдерді табады

Бағалау критерииі	**Дескриптор**
Есімдіктердің зат есім, сын есімнің орнына қолданылуын түсіну.	Есімдіктерді табады;
	Зат есім, сын есімдердің орнына қолданысын түсінеді.

Дескриптор арқылы «Екі жұлдыз,бір ұсыныс» арқылы өзара бағалайды

Ой қозғау
Сабақ тақырыбы мен мақсаты криетерилерімен таныстырылады.
Әлеуметтік желі қолданушыларының диаграммасын шығару.
Мектеп оқушылары
Жасөспірімдер
Үлкендер



Бағалау критерииі	**Дескриптор**
Пайыздарды шығарып, диаграммаға түсіру.	Әлеуметтік жел қолданушылар анықтайды; Диаграмманы сызады;
	Пайызын сызба түсіреді.

Дескриптор арқылы «Екі жұлдыз,бір ұсыныс » арқылы өзара бағалайды

«Сәйкестендіру» әдісі Жұптық жұмыс
Мәтінді оқи отырып, есімдіктердің түрлерін , сәйкестендіру тестін құрастырады.

Мен ешқашан	Сілтеу
Бұл оңай болмады	Жіктеу
Ешбір адам	Өздік
Анау үйде	Белгісіздік
Өзім көрдім	Жалпылау

«Смс хабарландыру» әдісі

Барлығы бірдей	Жіктеу
Сен көрген	Сілтеу

Дескриптор:
Мәтінді зейін қойып оқиды:
Есімдіктерді табады;
Сәйкестендіру тестін құрады.

ҚБ: «Үш шапалақ»

тыңдалым материалы бойынша тірек сөздер мен сөздер мен сөз тіркестерін теріп,синонимдік қатармен ауыстырып, жинақы мәтін жазу.

Дескриптор:
Тыңдалым мәтінін тыңдайды;
Тірек сөздер мен сөз тіркестерін табады;
Синонимдермен айыстырырып, жинақы мәтін жазады.

ҚБ: «Лайк»

Сабақ соңы

Кері байланыс

Жұлдызша арқылы бүгінгі сабақ туралы өз пікірін оқушы ортаға шығып айтады. **«Менің жұлдызды сәтім» әдісі** -Бүгінгі сабақтағы белсенділігі, қай тапсырмада қызығушылығы оянғаны туралы кері байланыс береді. Бүгінгі сабақтың мақсаты мен бағалау критерийлеріне қайта оралып нақтылай түсу	**Жұлдызша арқылы бүгінгі сабақ туралы өз пікірін оқушы ортаға шығып айтады.** **«Менің жұлдызды сәтім» әдісі** -Бүгінгі сабақтағы белсенділігі, қай тапсырмада қызығушылығы оянғаны туралы кері байланыс береді. Бүгінгі сабақтың мақсаты мен бағалау критерийлеріне қайта оралып нақтылай түсу,

Педагог сыныптарды біріктірген кезде сабақ жоспарын әзірлеу барысында мақсаттарды біріктіріп, кіріктірілген мақсат қойып қысқа мерзімді сабақ жоспарын құрып оқытуға да жол беріледі. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптарын біріктіріп оқытқан кезде мақсаттарды 27-кестеде берілгендей кіріктіруге жол беріледі.

«Қазақ тілі» пәнін меңгертуде 5-6-сыныптарды біріктіру кезінде ортақ мақсат шығару бойынша ұсыныстар

27-кесте. 1-тоқсанда 5-6-сыныптарды біріктіріп оқытуда мақсаттарды кіріктіру бойынша ұсыныс

№	5-сынып	6-сынып	Кіріктіріп оқытуда ұсынылатын мақсаттар
	Тыңдалым және айтылым		
Педагогтың басшылығымен орындалатын жұмыс. Өткен тақырыптарды еске түсіру мақсатында сұрақтар беремін: «Тас дәуірі» кезеңінен қандай оқиғалар ерекше есте қалды? Тасты игеру адам өміріне қандай өзгерістер алып келді? Тас дәуірінің ерекшеліктері мен адам өміріндегі өзгерістерді айтады **Дескриптор:** 1.Тас дәуірінің негізгі оқиғаларын біледі; 2. Адамдардың тасты қалай игергендігін біледі	**алушының өздігінен орындайтын жұмыс.** **Ақпараттық мәтінмен жұмыс.** Қытай және араб деректері түркілер туралы қандай ақпарат береді? Түркі халықтарының өмір салтынан көшпелі қоғамның бейнелеуін көре аламыз ба? Көшпелі қоғамның негізгі белгілерін түркі халықтарының қолөнері, шаруашылығы және әскери өнері арқылы қалай анықтаймыз? – деген сұрақтарға жауап береді
2-тапсырма	
Білім алушының өздігінен орындалатын жұмыс **Шығармашылық жұмыс.** Оқулықтағы берілген мәтінмен танысып, білім алушылар «Тас дәуіріндегі Қазақстан» тақырыбына кластер құрайды. **Дескриптор** 1.Адамдардың кәсібі, тұрмысы және тас дәуірінің ерекшелігі, еңбектің рөлі, адам эволюциясы және т.б. туралы біледі; 2.Тас және қола дәуірінің еңбек құралдарын сала алады; 3.Тұрақтардан табылған қыш құмыраларды зерттеп, олардың қажеттілігі мен қолданылуын түсіндіре алады; 4.Тас және қола дәуіріне тән ғұрыптар мен наным-сенімдерін түсіндіре алады	**Педагогтың басшылығымен орындайтын жұмыс** 1.Көшпелілердің әскери өнерінің ерекшеліктері қандай? 2.Көшпелі халықтың өмір 3.Қолөнердегі жетістіктер негізінде қандай тұжырымға келуге болады? Бүгінгі күнде оның қандай ұлттық құндылығы бар? – **әскери өнерді көрсету критерийлері:** әскери өнердің артықшылықтарын көрсете алады; ғұн және түркі тайпаларының әскери өнеріндегі ерекшеліктері мен ұқсастықтарды анықтайды. – **шаруашылықты көрсету критерийлері:** суреттер мозайкасы арқылы, презентация, көрініс т.б. түрінде қарапайым көшпелінің бір – **қолөнерді көрсету критерийлері**: суреттер арқылы, қолөнер бұйымдарын атайды, жазады

<table>
<tr><td colspan="2">3-тапсырма</td></tr>
<tr><td>Педагогтың басшылығымен орындалатын жұмыс
Тас және қола дәуірінің еңбек құралдарының ішінен адамға ең үлкен пайдасын (қажетті) әкелген еңбек құралын таңдап, оның суретін салып, мысалдар келтіре отырып, өз таңдауларын негіздеу.
Дескриптор:
- ежелгі адамдардың жалпы тастардан жасалған еңбек құралын біледі;
-терімшілік пен егіншілікте пайдаланатын еңбек құралдарын атайды;
-аң аулау кезінде пайдаланатын құралдарды көрсетеді.</td><td>Білім алушының өздігінен орындайтын жұмысы.
Берілген суреттерді пайдаланып, кестені

Көшпелілердің әскери өнер жетістіктерін сипаттаңыз

Көшпелі халықтың өмір сүру салтының ерекше-ліктерін сипаттаңыз

Көшпелілердің қолөнер дегі жетістіктерін сипаттаңыз
Көшпелілердің әскери өнердегі жетістіктерін сипаттауда осы суреттер ағы байланысты табыңыз толтырыңыз.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Қорытынды</td></tr>
<tr><td colspan="2">Үйге тапсырма</td></tr>
<tr><td>Оқушылар дәптерлеріне «Ежелгі адамдар» атты тақырыпқа 50-60 сөзден тұратын эссе жазып келуді тапсырамын</td><td>«Көшпелі қоғам өмірінен бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктер» ой-толғау жазу</td></tr>
</table>

50-кестеде 2-тоқсанда «Қазақстан тарихы» пәнін кіріктіріп оқытудағы оқу мақсаттарының комбинациясы ұсынылады.

50-кесте. 2-тоқсанда «Қазақстан тарихы» пәнін кіріктіріп оқытудағы оқу мақсаттарының комбинациясы

5-сынып 5.2. Ежелгі көшпелілер өмірі **6-сынып** 6.2 X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы Қазақстан **7-сынып** 7.2 XVIII ғасырдағы Қазақстанның мәдениеті **8-сынып** 8.2 Қазақстанда кеңестік биліктің орнығуы	**5-сынып** Қазақстан аумағында темірдің игерілуі. Зерттеу сұрағы: Темір өндіру адамдар өмірін қалай өзгертті? **6-сынып** X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы Қазақстан аумағындағы саяси процестер. Зерттеу сұрағы: X ғасыр - XIII ғасырдың басында саяси карта қаншалықты өзгерді? **7-сынып** XVIII ғасырдағы халық ауыз әдебиеті. Зерттеу сұрағы: XVIII ғасырда	5.4.2.2 металл өндірісі жетілуінің шаруашылық салаларына тигізген ықпалын түсіндіру	6.3.1.3 X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.3.1.7 ортағасырлық мемлекеттердің ыдырауының негізгі және жанама себептерін анықтау	7.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау; 7.2.1.1 салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау	8.3.1.2 XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру

	ақын-жыраулар шығармаларында тарихи оқиғалар қалай көрініс тапты? **8-сынып** Қазақстан азаматтық қарсыластық жылдарында (1917-1920 жылдар). Зерттеу сұрағы: Қазан революциясының ұрандары халық арасында қандай үміт тудырды?				
7.2 Отарлау және ұлт-азаттық күрес	**5-сынып** Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуы. Зерттеу сұрағы: Көшпелі мал шаруашылығы неліктен Қазақстанның ежелгі тұрғындары шаруашылығының негізгі түріне айналды?	5.4.1.2 көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуын түсіндіру; 5.2.2.6 көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін білу	6.3.1.3 X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.2.1.2 ислам дінінің қоғамдық өмірге ықпалын анықтау; 6.3.1.4 тарихи ұғымдарды қолданып,	7.2.2.4 қолданбалы өнердің жетістіктерін бағалау	8.3.1.6 Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беру; 8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау

	6-сынып Қарахан мемлекеті. Зерттеу сұрағы: Неліктен Қарахан мемлекеті ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялады? **7-сынып** XVIII ғасырдағы қазақтардың материалдық мәдениеті. Зерттеу сұрағы: Қазақтың ұлттық қолданбалы өнерінің бірегейлігі неде? **8-сынып** Қазақстандағы ұлттық автономиялар. Зерттеу сұрағы: Алаш Орда үкіметі мен Түркістан (Қоқан) автономиясының идеялары неліктен		Қарахан мемлекетіндегі жер иелену ерекшеліктерін түсіндіру		

	жүзеге аспады?				
	5-сынып Ежелгі көшпелілердің материалдық мәдениеті. Зерттеу сұрағы: Көшпелілер баспанасының ерекшелігі неде? **6-сынып** Наймандар, керейіттер және жалайырлар. Зерттеу сұрағы: Наймандар, керейіттер мен жалайырлардың ортағасырларлық саяси сахнадағы рөлі қандай болды? **7-сынып** XVIII ғасырдағы Қазақстандағы казак-әскери отаршылдығы. Зерттеу сұрағы: Қазақстанды отарлауды Ресей империясы қалай	5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау; 5.2.2.6 көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсіну	6.3.1.3 X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау	7.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау	8.3.1.6 Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беру; 8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау

	жүзеге асырды? **8-сынып** Қырғыз (Қазақ) АКСР-нің құрылуы. Зерттеу сұрағы: Қазақ Автономиялық Кеңестік Республикасы құрылуының тарихи маңызы неде?				
	5-сынып Ежелгі көшпелілердің дүниетанымы. Зерттеу сұрағы: Көшпелілердің қандай салт-дәстүрлері бүгінгі күнге дейін сақталды? **7-сынып** Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс. Зерттеу сұрағы: Сырым Датұлы Кіші жүз қазақтарының	5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау		7.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау; 7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру	8.3.1.7 XX ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдау; 8.4.1.1 деректер мен дәйектерді салыстыру арқылы жаңа экономикалық саясаттың нәтижесінде орын алған өзгерістерді талдау

	қандай құқықтарын қорғауды көздеді? **8-сынып** Әскери коммунизм саясатынан Жаңа экономикалық саясатқа көшу. Зерттеу сұрағы: Қазақстан үшін жаңа экономикалық саясаттың артықшылықтары қандай болды?				
	7-сынып 1822-1824 жылдардағы патша реформалары. Зерттеу сұрағы: Неліктен XX ғасырдың 20-шы жылдарында Қазақстанда әкімшілік реформалар жүргізілді?			7.3.1.4 Патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру; 7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау	
	7-сынып 1836-1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы			7.3.1.5 қазақ халықының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің	

	қазақтардың көтерілісі. Зерттеу сұрағы: Исатай Таймануұлы мен Махамбет Өтемісұлын қандай ортақ идея біріктірді?			себеп-салдарын анықтау; 7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру	
	7-сынып. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс. Зерттеу сұрағы: Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық күрес неліктен жалпы ұлттық сипатқа ие болды?			7.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау; 7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру	
Өлкетану	**5-сынып** Өлкенің тарихи ескерткіштері **6-сынып** Қыпшақ хандығы. Зерттеу сұрағы: Не себепті Еуразия даласы «Дешті Қыпшақ» деп аталды?	5.2.2.8 өлкедегі тарихи ескерткіштердің құндылығын түсіну	6.3.1.3 X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.3.2.4 қыпшақтардың Еуразия тарихындағы	7.4.1.3 өлкені дамытуға қолдау көрсеткен тұлғалардың қызметіне баға беру	

	7-сынып Туған жердің «Атымтай жомарттары».		орнын анықтау; 6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау; 6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттауда «Ұлы Дала» ұғымын қолдану		
5.2. Сақтар	**5-сынып** Сақтар туралы тарихи мәліметтер. Зерттеу сұрағы: Қандай тарихи дереккөздер сақтар туралы мәлімет береді? **6-сынып** Халықаралық байланыстардың дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі. Зерттеу сұрағы: Ұлы Жібек жолы халықаралық байланыстардың дамуына ықпал етті ме?	5.3.1.1 картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсету; 5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру	6.4.2.2 Ұлы Жібек жолының халықаралық қатынастардың дамуындағы орнын анықтау		
	5-сынып «Алтын адам» археологиялық	5.2.3.1 қазақстандық ғалымдардың археологиялық	6.4.2.1 Ұлы Жібек жолының қала мәдениетінің дамуына		

	олжасы. Зерттеу сұрағы: Есік обасынан табылған «Алтын адам» кім болды? **6-сынып** Ортағасырлық Қазақстанның экономика лық және мәдени дамуына Ұлы Жібек жолының ықпалы. Зерттеу сұрағы: Ұлы Жібек жолы ортағасырлық Қазақстанның экономикалық және мәдени дамуына қалай әсер етті?	жаңалықтарын білу; 5.2.2.4 Есік обасынан табылған «Алтын адам» археологиялық олжасының ерекшеліктерін анықтау; 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау	әсерін анықтау; 6.4.1.1 көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара экономикалық байланыстарын анықтау; 6.2.2.2 ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіру		
	6-сынып Түріктердің материалдық және рухани мәдениеті. Зерттеу сұрағы: Әлем өркениетінің дамуына түрік мәдениеті қандай үлес қосты?		6.2.2.5 көшпелілердің қолданбалы өнер жетістіктерін сипаттау; 6.2.2.2 ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіру; 6.2.3.2 Әл-Фарабидің және басқа да ғалымдардың		

			ортағасырлық ғылымның дамуына қосқан үлесін анықтау; 6.2.2.4 түркі кезеңіндегі қоғамды бейнелеуде М. Қашғари, Ж. Баласағұн және А. Яссауи еңбектерінің тарихи құндылығын түсіндіру; 6.2.3.3 «Кодекс Куманикус» сөздігінің халықаралық байланыстардағы рөлін анықтау		
6-сынып Өлкетану	**6-сынып** Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық қолөнері		6.2.2.7 өлкенің дәстүрлі көркем мәдениетін жандандыруға үлесін қосқан шеберлерді айқындау		

Біріктірілген сыныптарда «Қазақстан тарихы» пәнін 2-тоқсанда кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар келесіде берілген.

Біріктірілген сыныптарда «Қазақстан тарихы» пәнін 2-тоқсанда кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар:

5-сыныптағы біріктірілген сыныптарда «Қазақстан тарихы» пәнін 2-тоқсанда кіріктіріп оқытуда 2 бөлімше қарастырылған. Олар: «Ежелгі көшпелілердің өмірі» бөлімше бойынша 5-сыныпта 8 мақсатты және «Сақтар» бөлімшесінде 5 мақсатты меңгеру көзделген.

6-сыныпта «X-XIII ғасырлардың басындағы Қазақстан» бөлімінде 19 мақсат, 7-сыныпта «XVIII ғасырдағы Қазақстанның мәдениеті» бөлімшесінде 3 мақсат қамту және «Отарлау және ұлт-азаттық күрес» бөлімшесінде 8 мақсатты, 8-сыныпта «Қазақстанда кеңестік биліктің орнығуы» бөлімінде 10 мақсатты меңгерту қарастырылған.

Тоқсан соңында «Өлкетануды» меңгертуге 1 сағаттан 5-7-сыныптар аралығында берілген. Бірнеше сыныппен жұмыс жүргізу барысында уақыттың жетіспеуі болғандықтан, тарих сабақтарында картамен жұмыс жасау, кескін картамен жұмыс жүргізуге уақыт жетпеуі мүмкін. Сондықтан ШЖМ-ның біріктірілген сыныптарына сабақ өткізетін педагог бөлім соңында немесе қайталауға арналған сабақтарда осы жұмысты назарға алғаны қажет. Сондай-ақ бөлімді меңгерту барысында шағын презентация әзірлеу, өткен бөлімдер бойынша қорытынды жасау барысында хронологиялық кесте құру тапсырмаларын пайдалануға да болады.

Біріктірілген сыныптарда «Қазақстан тарихы» пәнін 2-тоқсанда кіріктіріп оқытуда 5-сыныпта БЖБ 2-тоқсанның 4, 7-аптасында (2 бөлім болғандықтан) және ТЖБ 7-аптада алынады. 6-сыныпта БЖБ 1-тоқсанның 7-аптасында және ТЖБ 7-аптада алынады. 7-сыныпта БЖБ 1-тоқсанның 2-аптасында және 7-аптасында (2 бөлім болғандықтан) және ТЖБ тоқсанның 7-аптасында алынады. 8-сыныпта БЖБ 1-тоқсанның 7-аптасында және ТЖБ-ны алу тоқсанның 7-аптасында алынады.

Шағын жинақты ауыл мектептерінің педагогтері біріктірілген сыныптарда БЖБ мен ТЖБ-ны қабылдаған кезде тапсырмалар саны 3-ден аспауы және тапсырмалар күрделі болмауы керек.

Сыныптарды біріктіріп оқыту кезінде педагог білім алушылардың жас ерекшелігіне қарай және білім деңгейіне байланысты бөлімдегі мақсаттарды ескере отырып, құрастыруы керек.

Тоқсан соңында әр педагог өзінің алдындағы білім алушылардың деңгейіне мониторинг жүргізіп отыру ұсынылады. Бұл білім беру барысындағы білім алушылардың пәнді меңгеруде кеткен олқылықтарын анықтауда айтарлықтай септігін тигізеді.

51-кестеде 3-тоқсанда «Қазақстан тарихы» пәнін кіріктіріп оқытудағы оқу мақсаттарының комбинациясы берілген.

51-кесте. 3-тоқсанда «Қазақстан тарихы» пәнін кіріктіріп оқытудағы оқу мақсаттарының комбинациясы

5-сынып 5.3. Сақтар **6-сынып** 6.3 XIII - XV ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан **7-сынып** 7.3 Отарлау және ұлт-азаттық күрес **8-сынып** 8.3 Қазақстан тоталитарлық жүйе кезеңінде	**5-сынып** Шілікті және Бесшатыр патша қорғандары. Зерттеу сұрағы: Неліктен Шілікті мен Бесшатыр «патша қорғандары» деп аталады? **6-сынып** Моңғол империясының құрылуы. Зерттеу сұрағы: Моңғолдар мемлекеттілік деңгейге қалай жетті? **7-сынып** XIX ғасырдың 40-60 жылдарындағы қазақтардың ортаазиялық хандықтармен қарым-қатынастары. Зерттеу сұрағы: Неліктен Орта Азия хандықтарының Қазақстанның оңтүстік	5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшелік терін түсіндіру; 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау	6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау; 6.3.1.6 картаны қолдану арқылы XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси процестерді түсіндіру	7.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау; 7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру	8.4.2.1 Қазақстандағы индустриялан дырудың жетістіктері мен кемшіліктерін талдау

	аймақтарына экспансиясы күшейді? **8-сынып** Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы индустрияландыру. Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы индустрияландыру саясатыныңқарама-қайшылығы неде?				
7.3 Қазақстан Ресей империясының құрамында	**5-сынып** Берел қорғандары. Зерттеу сұрағы. Берел қорымынан табылған олжалар сақтардың мәдениетін қалай сипаттайды? **6-сынып** Қазақстандағы моңғол шапқыншылығы. Зерттеу сұрағы: Неліктен Шыңғыс хан әскерлері Отырарды алты ай бойы ала алмады? **7-сынып** Қазақстанның Ресей империясына	5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау; 5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау	6.3.1.6 картаны қолданып XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси процестерді түсіндіру; 6.3.1.5 Отырарды қорғаудағы қала халқының ерлігін сипаттау	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 7.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау	8.4.1.2 күштеп ұжымдастыру саясатының ауыл шаруашылығына тигізген зардап тарын талдау; 8.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтау; 8.3.1.7 XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдау

	қосылуының аяқталуы. Зерттеу сұрағы: Қазақстанның оңтүстік аймақтарының Ресей империясына қосылуының ерекшеліктері қандай? **8-сынып** Қазақстандағы ұжымдастыру. Зерттеу сұрағы: Неліктен ұжымдастыру саясаты «ұлы нәубетке» әкеліп соқтырды?				
8.3 Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылым	**5-сынып** Тасмола археологиялық мәдениеті. Зерттеу сұрағы: «Мұртты обалардың» ерекшелігі неде? **7-сынып** XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы әкімшілік-аумақтық реформалар. Зерттеу сұрағы: Патша өкіметі тарапынан	5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау		7.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау; 7.3.1.4 Патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру; 7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы	8.3.1.7 XX ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдау; 8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау

	«бөліп ал да, билей бер» ұстанымы қалай жүзеге асты? **8-сынып** 1920-1930 жылдардағы саяси репрессиялар. Зерттеу сұрағы: Сталиндік режим не себепті зиялыларға «халық жауы» деген айып тақты?			анықтау	
7.3 Қазақстан Ресей	**5-сынып** Сақ патшайымы Томирис. Зерттеу сұрағы: Тарихи деректерде Томиристің бейнесі қалай сипатталған? **6-сынып** Моңғол шапқыншылықтарының салдары. Зерттеу сұрағы: Орталық Азияға ең үлкен өзгерісті әкелген кімдер: қыпшақтар ма, әлде моңғолдар ма? **7-сынып**	5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау	6.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау; 6.3.1.8 Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің басқару жүйесінің ерекшеліктерін анықтау	7.3.1.5 қазақ халқының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау	8.2.2.2 Ахмет Байтұрсыновты қазақ тіл білімінің негізін салушы, қоғам қайраткері ретінде бағалау

империясының құрамында	Қазақтардың 1860-1870 жылдардағы азаттық күресі. Зерттеу сұрағы: XIX ғасырдың 60-70 жылдарындағы ұлт-азаттық көтерілістердегі халық талаптарының сабақтастығы неден көрінді? **8-сынып** Ахмет Байтұрсынов – «ұлт ұстазы». Зерттеу сұрағы: Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми мұрасы қандай?				
	5-сынып Шырақтың ерлігі. Зерттеу сұрағы: Сақтар тәуелсіздік үшін қалай күресті? **6-сынып** Қазақстан аумағында ұлыстардың құрылуы. Зерттеу сұрағы: Моңғол ұлыстарының құрылуы нәтижесінде саяси картада қандай өзгерістер болды?	5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау	6.3.1.6 картаны қолдану арқылы XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси процестерді түсіндіру; 6.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау; 6.3.1.7 ортағасырлық мемлекеттердің ыдырауының негізгі және жанама	7.4.1.2 отарлау саясатының қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына тигізген әсерін талдау; 7.1.1.2 Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептері мен салдарын талдау; 7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен	8.2.3.2 кеңес дәуіріндегі қазақ тілінің ахуалын анықтау; 8.2.3.3 XX ғасырдың бірінші жартысындағы білім мен ғылым саласындағы өзгерістерді талдау

	7-сынып Қазақстандағы жаппай отаршылдық қоныс аудару саясаты. Зерттеу сұрағы: Патша өкіметінің қоныстандыру саясаты қазақ қоғамының өмірін қалай өзгертті? **8-сынып** XX ғ. 20-30 жылдарындағы білім беру жүйесі мен ғылым. Зерттеу сұрағы: Білім мен ғылым саласының қандай жетістіктері мен кемшіліктері болды?		себептерін анықтау	тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау	
	5-сынып Сақтардың Александр Македонский әскеріне қарсы күресі. Зерттеу сұрағы: Неліктен Александр Македонский дің сақтарға жасаған жорығы сәтсіз аяқталды? **6-сынып** Ақ Орда.	5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау	6.3.1.6 картаны қолданып XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси үдерістерді түсіндіру; 6.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау; 6.3.2.5 тарихи оқиғалардың өзара	7.4.2.1 капиталистік қатынастар дамуының Қазақстанның экономикасына ықпалын анықтау	8.2.3.4 Қаныш Сәтбаевтың Қазақстан өнеркәсібі мен ғылымын дамытудағы рөліне баға беру

	Зерттеу сұрағы: Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы Ақ Орданың рөлі қандай болды? **7-сынып** Қазақстанда капиталистік қатынастардың дамуы. Зерттеу сұрағы: Қазақстанның өнеркәсіптік дамуы қалай басталды? **8-сынып** Қ.Сатбаев – жан-жақты ғалым. Зерттеу сұрағы: Қаныш Сәтбаевтың феномені неде?		байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру		
5.3. Үйсіндер мен қаңлылар	**5-сынып** Үйсіндер туралы жазба деректер. Зерттеу сұрағы: Қытай авторлары үйсіндердің өмірін қалай сипаттады? **6-сынып** Моғолстан. Әбілқайыр хандығы.	5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру; 5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру; 5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы	6.3.1.6 картаны қолданып XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси үдерістерді түсіндіру; 6.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік	7.4.2.2 сауда қатынастарына жәрмеңкелердің әкелген өзгерістерін анықтау	

	Зерттеу сұрағы: Моғолстан мен Әбілқайыр мемлекеттеріндегі оқиғалар қандай саяси өзгерістерге әкелді? **7-сынып** Жәрмеңке саудасының дамуы. Зерттеу сұрағы: Қазақстанда неліктен жәрмеңке саудасы дамыды?	алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау	құрылымын анықтау; 6.3.2.5 тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII - XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру		
	5-сынып Қаңлылардың қалалық мәдениетінің дамуы. Зерттеу сұрағы: Қаңлыларда қала мәдениетінің дамуы немен байланысты? **6-сынып** XIII - XV ғасырлардағы Қазақстанның мәдениеті. Зерттеу сұрағы: XIII - XV ғасырлардағы өнер мен әдебиет ортағасырлық қоғамды	5.4.2.3 Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру; 5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау	6.2.2.1 күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын айқындау	7.2.1.2 ұлттық құндылықтарға отаршылдық саясаттың кері әсерін талдау; 7.1.2.2 қазақ зиялыларының қалыптасуының маңыздылығын түсіндіру	

	қалай бейнелейді? **7-сынып** XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамы. Зерттеу сұрағы: «Зар заман» өкілдерінің қоғамдық-саяси көзқарастары қандай факторлардың әсерінен қалыптасты?				
	5-сынып Қаңлылардың қоғамдық құрылысы. Зерттеу сұрағы: Сыма Цянь қаңлы қоғамын қалай сипаттады? **6-сынып** Ортағасырлық саяхатшылардың Қазақстан туралы мәліметтері. Зерттеу сұрағы: Ортағасырлық саяхатшылар Қазақстанды қалай сипаттады?	5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру; 5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру	6.4.1.2 көшпелілердің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін анықтау; 6.2.2.5 көшпелілердің қолданбалы өнер жетістіктерін сипаттау		
	5-сынып	5.2.2.3 ежелгі			

	Үйсіндер мен қаңлылардың материалдық және рухани мәдениеті. Зерттеу сұрағы: Үйсіндер мен қаңлылар мәдениетінің ерекшеліктері қандай?	тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау; 5.2.2.6 көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсіну			
6.3 Қазақ халқының қалыптасуы	**6-сынып** Қазақ халқының қалыптасу процесінің аяқталуы. Зерттеу сұрағы: Ұлы Дала мұрагері – қазақ халқы қалай қалыптасты?		6.1.1.3 ежелгі және ортағасырлар тарихының оқиғалары арасында байланыс орнату арқылы қазақ халқы қалыптасуының негізгі кезеңдерді анықтау; 6.1.1.4 «қазақ» этнонимінің мағынасын түсіндіру		
6.3 Біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы	**6-сынып** Қазақ хандығының құрылуы. Зерттеу сұрағы: Неліктен Қазақ хандығы Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет деп саналады?		6.3.1.9 Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызын анықтау; 6.2.3.4 М.Х.Дулатидің «Тарихи-Рашиди» еңбегінің маңыздылығын түсіндіру; 6.3.1.10 қазақ хандарының		

			мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттауда «Ұлы Дала» ұғымын қолдану		
Өлкетану	**5-сынып** Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар және ақындар **6-сынып** Бір ел – бір тағдыр (менің өлкемнің халықтары) **7-сынып** Туған өлкенің шежіресі	5.3.1.3 тарихи тұлғалардың туған өлке тарихындағы ролін түсіндіру	6.1.2.2 өлкедегі әр түрлі ұлттардың тарихын, салт-дәстүрін сипаттау	7.4.1.4 өлке дамуының маңызды кезеңдерін анықтау; 7.2.2.5 өлкенің тарихи оқиғалар хроникасын құру	

Осы оқу бағдарламасы негізгі орта білім беру деңгейінің 5-8-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының Ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Тоқсандағы бөлімдер және бөлім ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Біріктірілген сыныптарда «Қазақстан тарихы» пәнін 3-тоқсанда кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар:

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша 5-сыныптың 3-тоқсанында 2 бөлімше қамтылған. Олар: «Сақтар» және «Үйсіндер мен қаңлылар». Екі бөлімнің біріншісінде 11 мақсат қарастырылған және екіншісінде 9 мақсатты меңгерту көзделген.

6-сыныптағы «XIII-XY ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан» атты бөлімінде білім алушылар 18 мақсатты меңгеруі қажет. Сол секілді осы сыныптағы «Қазақ халқының қалыптасуы» бөлімшесінде 2 мақсатты және «Біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы» бөлімшесінде 4 мақсатты қамту қарастырылған. ШЖМ-ның біріктірілген сыныбында сабақ өткізген кезде осы тоқсанның 2 және 3 бөлімінде бөлімдерді қамтығанда қазақ халқының ұлт болып қалыптасуына, біртұтас мемлекет болып құрылуына аса назар аударылуы керек. Себебі екі бөлімге де 2 сабақтан ғана қарастырылған. Жалпы ең көп мақсат 6-сыныпта берілген. «Отарлау және ұлт-азаттық күрес» бөлімінде 4 мақсатты меңгерту көзделген және «Қазақстан Ресей империясының құрамында» атты бөлімінде 14 мақсат қарастырылған.

8-сыныптағы «Қазақстан тоталитарлық жүйенің нығаюы кезеңінде» бөлімінде 15 мақсат, «Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылым» бөліміне 9 мақсат берілген. Бұл жерде «Ахмет Байтұрсынов – «Ұлт ұстазы»» тақырыбына 3 сағат және сол сағаттардың мақсаттары бірдей берілген. Бұл деген білім алушыларға пәнді меңгертуде өзіндік септігін тигізері анық Сондықтан ШЖМ педагогі 1-сабақта А. Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы ретінде қарастырып, 2-сабақта – А. Байтұрсынұлы – қоғам қайраткері ретінде, 3-сабақта ақын, жазушы ретінде, яғни білім алушыларды А. Байтұрсынұлының шығармаларымен танытуға болады.

Біріктірілген сыныптарда «Қазақстан тарихы» пәнін 3-тоқсанда кіріктіріп оқытуда 5-сыныпта БЖБ 2-тоқсанның 5 және 10-аптасында (2 бөлім болғандықтан) және ТЖБ 10-аптада алынады. Ал 6-сыныпта 1 БЖБ тоқсанның 10-аптасында, ТЖБ 7-аптада алынады.

7-сыныпта 1 БЖБ тоқсанның 3-аптасында және 2 БЖБ тоқсанның 10-аптасында (2 бөлім болғандықтан), ТЖБ 7 аптада алынады.

8-сыныпта 1 БЖБ тоқсанның 5-аптасында және ТЖБ 10-аптада алынады.

Сыныптарды біріктіріп оқыту кезінде педагог білім алушылардың жас ерекшелігіне қарай және білім деңгейіне байланысты бөлімдегі мақсаттарды ескере отырып, ҚМЖ-ны құрастыруы керек.

Тоқсан соңында әр педагог өзінің алдындағы білім алушылардың деңгейіне мониторинг жасап отыру ұсынылады. Бұл білім беру барысындағы олқылықтарды анықтауға және оны толықтыруға септігін тигізері анық.

52-кестеде 4-тоқсанда «Қазақстан тарихы» пәнін кіріктіріп оқытудағы оқу мақсаттарының комбинациясы ұсынылған.

52-кесте. 4-тоқсанда «Қазақстан тарихы» пәнін кіріктіріп оқытудағы оқу мақсаттарының комбинациясы

5-сынып 5.4. Ғұндар **6-сынып** 6.4 Қазақ хандығының XVI - XVII ғасырлардағы дамуы **7-сынып** 7.4 XIX ғасыр -XX ғасырдың басындағы Қазақстанның мәдениеті **8-сынып** 8.4 Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: әдебиет пен өнер	**5-сынып** Ғұн тайпаларының бірігуі. Зерттеу сұрағы: Неге Мөде шаньюй «Жер - мемлекеттің негізі» деді? **6-сынып** Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығының күшеюі. Зерттеу сұрағы: Не себепті Қадырғали Жалайыр: «Жәнібек ханның ұлдарының арасында аса белгілі болғаны Қасым хан еді...» деп жазды? **7-сынып.** XIX ғасырдағы мәдениеттің дамуы. Зерттеу сұрағы: Неге XIX ғасыр қазақ халқының дәстүрлі музыка өнерінің гүлденген дәуірі деп саналады?	5.3.1.1 картада тайпалық одақтардың орналасуын көрсету; 5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау	7.2.1.1 салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау; 7.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау; 7.2.2.3 ұлттық музыкалық аспаптардың қолдану ерекшеліктерін сипаттау	8.2.2.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру

	8-сынып XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ әдебиетінің дамуы. Зерттеу сұрағы: Қазақ әдебиетінде социалистік реализм қалай көрініс тапты?				
8.4 Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында	**5-сынып** Ғұндардың көрші мемлекеттермен қарым-қатынастары. Зерттеу сұрағы: Ғұндармен Ұлы Қытай қорғанының салынуы арасында қандай байланыс бар? **6-сынып** Хақназар хан кезіндегі Қазақ хандығының сыртқы саясаты. Зерттеу сұрағы: Неліктен Хақназар хан билеген кезеңді Қазақ хандығының «қайта жаңғыруы» деп атайды? **7-сынып** XIX ғасырдағы білім беру мен ағарту ісі.	5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау	7.2.3.2 XIX ғасырдың екінші жартысындағы білім беру мен ағарту ісінің даму ерекшеліктерін түсіндіру	8.2.2.4 Әміре Қашаубаев пен Қажымұқан Мұңайтпасұлының қазақ халқын әлемге танытудағы рөліне баға беру; 8.2.2.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру; 8.2.2.3 өнер мен әдебиеттегі өзгерістерді анықтау

	Зерттеу сұрағы: XIX ғасырда Қазақстанда оқу-ағартушылық мекемелер қандай түрде дамыды? **8-сынып** XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ өнерінің дамуы. Зерттеу сұрағы: Қазақ өнерінің жаңа белеске көтерілуі неден байқалды?				
	5-сынып Ғұндардың Батысқа қоныс аударуы. Зерттеу сұрағы: Ғұндардың Батысқа қоныстануы қандай өзгерістерге әкелді? **6-сынып** Тәуекел хан тұсындағы Қазақ хандығының оңтүстік шекараларының нығаюы. Зерттеу сұрағы: Тәуекел хан қазақ жерлерін біріктіру мақсатында	5.1.1.3 ғұндардың қоныс аудару бағыттарын тарихи картадан көрсету	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау	7.2.3.1 Шоқан Уәлихановтың ғылыми зерттеулерінің тарихи құндылығын анықтау	8.3.2.1 қазақстандықтардың Екінші дүниежүзілік соғысының жеңісіне қосқан үлесін бағалау; 8.3.2.2 Бауыржан Момышұлының батырлық, тұлғалық қасиетін айқындау

	қандай саясат ұстанды? **7-сынып** Шоқан Уәлиханов – алғашқы қазақ ғалымы. Зерттеу сұрағы: Неге С. Мұқанов Шоқан Уәлихановқа арналған шығармасын «Аққан жұлдыз» деп атады? **8-сынып** Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы шайқастарына қатысуы. Зерттеу сұрағы: Қандай қазақстандық Ұлы Отан соғысының батырлары халық есінде сақталды?				
	5-сынып Аттила және оның жаулаушылық жорықтары. Зерттеу сұрағы: Ежелгі авторлар Аттилаға қандай баға береді? **6-сынып** Есім хан билігі кезіндегі Қазақ хандығы бірлігінің нығаюы.	5.1.1.3 ғұндардың қоныс аудару бағыттарын тарихи картадан көрсету; 5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау	7.2.3.3 Ыбырай Алтынсариннің ағарту саласына қосқан үлесін бағалау	8.4.2.2 Қазақстан экономикасының соғыс жағдайларына бейімделгендігін дәлелдеу; 8.1.2.2 соғыс жылдарындағы халықтың әлеуметтік жағдайын анықтау

	Зерттеу сұрағы: Есім хан Қазақ хандығының біртұтастығын қалай сақтап қалды? **7-сынып** Ы. Алтынсарин – жаңашыл -педагог. Зерттеу сұрағы: ЫбырайАлтынсариннің халық ағарту саласындағы жаңашылдығы неден байқалады? **8-сынып** Қазақстан – майдан арсеналы. Зерттеу сұрағы: «Бәрі майдан үшін, бәрі Жеңіс үшін!» ұраны қалай жүзеге асты?	анықтау			
5.4 Сарматтар	**5-сынып** Сарматтардың қоғамдық құрылысы мен шаруашылық өмірі. Зерттеу сұрақтары: Сармат қоғамы несімен ерекшеленеді? **6-сынып** Жаңгір хан тұсындағы	5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау; 5.3.1.1 картада	6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнері жетістіктерін сипаттау; 6.3.2.7 Орбұлақ шайқасындағы қазақ жасағының әскери өнердегі шеберлігі мен	7.2.2.2 Абай Құнанбаевтың ақын, ойшыл, қоғам қайраткері ретіндегі қызметіне баға беру	8.2.2.5 соғыс жылдарындағы өнер мен әдебиеттің халық рухын көтерудегі маңызын бағалау

	қазақ-жоңғар қарсылығы. Зерттеу сұрағы: Орбұлақ шайқасының әлемдік әскери өнер тарихындағы алатын орны қандай? **7-сынып** Абай Құнанбаев – ұлы ойшыл. Зерттеу сұрағы: Неліктен Абай Құнанбайұлын «Хәкім Абай» деп атады? **8-сынып** Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақ КСР мәдениеті. Зерттеу сұрағы: Соғыс жылдарындағы Қазақстанның мәдени жетістіктері қандай болды?	тайпалық одақтардың орналасуын көрсету; 5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру	ерлігін бағалау		
	5-сынып Сарматтардың саяси тарихы. Зерттеу сұрағы: Сарматтар қандай	5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау;	7.2.3.4 Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Қ.Халид еңбектерін тарихи	8.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтау

	мемлекеттермен өзара қарым-қатынаста болды? **6-сынып** Тәуке хан тұсындағы қазақтардың қоғамдық-құқықтық жүйесі. Зерттеу сұрағы: Неліктен А. Левшин Тәуке ханды «Дала Ликургі» деп атады? **7-сынып** XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы Қазақтардың ауызша тарихи дәстүрлерінің дамуы. Зерттеу сұрағы: Ш. Құдайбердіұлы, М. Көпейұлы, Қ. Халид еңбектерінің тарихи құндылығы неде? **8-сынып** Қазақстанға КСРО халықтарының депортациясы. Зерттеу сұрағы: Қазақстан қалайша	сахнадағы орнын анықтау	6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау	дерек ретіндегі маңызын айқындау	

	депортацияланған халықтардың өлкесіне айналды?				
5-сынып 5.4 Ежелгі Қазақстан тарихына шолу **6-сынып** 6.4 XVI - XVII ғасырлардағы экономика мен мәдениет	**5-сынып** Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпаты. Зерттеу сұрағы: Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпаты қалай өзгерді? **6-сынып** Қазақ хандығының әлеуметтік құрылымы. Зерттеу сұрағы: Әлеуметтік топтар қазақ қоғамында қандай рөл атқарды?	5.1.1.2 Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпатын анықтау	6.1.2.1 Қазақ хандығындағы әлеуметтік топтардың орнын анықтау; 6.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдегі сұлтан, би, батыр, жыраулардың қызметтерін сипаттау		
	5-сынып Ежелгі Қазақстанға саяхат **6-сынып** XVI-XVII ғасырлардағы қазақтардың рухани мәдениеті. Зерттеу сұрағы: XVI -	5.4.1.1 ежелгі адамдардың алғашқы кәсібін сипаттау; 5.4.1.2 көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуын түсіндіру; 5.4.2.1 еңбек	6.2.2.1 күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын айқындау		

	XVII ғасырлардағы қазақтардың рухани мәдениетінде халық өмірі қалай көрініс табады?	құралдары мен қару түрлерін сипаттау; 5.4.2.3 Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру			
	6-сынып XVI - XVII ғасырлардағы қазақтардың материалдық мәдениеті. Зерттеу сұрағы: Неліктен киіз үй көшпелілердің материалдық мәдениетінің ең жоғарғы үлгісі деп саналады?		6.2.2.5 көшпелілердің қолданбалы өнердегі жетістіктерін сипаттау		
	6-сынып Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы. Зерттеу сұрағы: Көшпелілердің дәстүрлі шаруашылығының ерекшелігі неде?		6.4.1.2 көшпелілердің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін анықтау		
Өлкетану	**5-сынып** Туған өлкенің аңыз-ертегілері **6-сынып** Туған өлке тарихының	5.2.2.9 өлкенің аңыз-ертегілерінің мән-мағынасын түсіндіру	6.3.1.12 туған өлке тарихының қазіргі кездегі куәгерлерінің ерлік істері мен еңбегін	7.2.2.6 түрлі дереккөздер негізінде өз мектебінің тарихын анықтау	

	қазіргі кездегі куәгерлері 7-сынып Мектебімнің тарихы		сипаттау		
Қайталау					

Келесіде 6-7-сыныптарда «Қазақстан тарихы» пәндерін оқыту ерекшеліктері ұсынылады.

Осы оқу бағдарламасы негізгі орта білім беру деңгейінің 5-8-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының Ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Тоқсандағы бөлімдер және бөлім ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Біріктірілген сыныптарда «Қазақстан тарихы» пәнін 4-тоқсанда кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар:

«Ғұндар » бөлімі бойынша: 5-сыныпта 6 мақсат, «Сарматтар» бөлімінде 5-сыныпта 5 мақсат қарастырылған.

«Ежелгі Қазақстан тарихына шолу» бөлімінде 5-сыныпта 5 мақсат, «Қазақ хандығының XVI - XVII ғасырлардағы дамуы » бөлімінде 6-сыныпта 14 мақсат, «XYI-XYII ғасырлардағы экономика мен мәдениет» бөлімінде 6-сыныпта 3 мақсат, «XIX ғасыр -XX ғасырдың басындағы Қазақстанның мәдениеті» бөлімінде 7-сыныпта 13 мақсат қарастырылған.

«Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: әдебиет пен өнер» бөлімінде 8-сыныпта 5 мақсат көзделген және «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында» бөлімінде 8-сыныпта 11 мақсат қарастырылған.

Тоқсан соңында өлкетануға 5-7 сыныптар аралығында 1 сағат қарастырылған.

Сыныптар арасында сабақ санын теңестіру барысында қайталауға, яғни бөлімді қайталауға арналған сабақтар енгізу, тест сауалдарын дайындауға машықтандыру, бөлім бойынша шағын презентация дайындау тапсырмаларын пайдалануға болады.

5-сыныпта БЖБ 4-тоқсанның 3,5,8-апталарында, ТЖБ 8-аптада алынады.

6-сыныпта БЖБ 4-тоқсанның 5 және 8-аптасында, ТЖБ 8-аптада, 7-сыныпта БЖБ 4-тоқсанның 7-аптасында, ТЖБ 8-аптада алынады.

8-сыныпта БЖБ 4-тоқсанның 3 және 8- аптасында, ТЖБ 8-аптада алынады.

Келесіде 6-7-сыныптарда «Қазақстан тарихы» пәндерін біріктіріп оқыту бойынша ҚМЖ үлгісі беріледі.

53-кесте. 6-7-сыныптарда «Қазақстан тарихы» пәндерін оқыту ерекшеліктері бойынша ҚЖМ үлгісі

Бөлім:	**XIII - XV ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан**	**Отарлау және ұлт-азаттық күрес**
Педагогтің аты-жөні:		
Күні:		
Сыныбы:	Қатысқандар саны: 5 Қатыспағандар саны:	Қатысқандар саны: 2 Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Моңғол империясының құрылуы.	XIX ғасырдың 40-60 жылдарындағы қазақтардың ортаазиялық

	Зерттеу сұрағы: Моңғолдар мемлекеттілік деңгейге қалай жетті?	хандықтармен қарым-қатынастары. Зерттеу сұрағы: Неліктен Орта Азия хандықтарының Қазақстанның оңтүстік аймақтарына экспансиясы күшейді?
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау; 6.3.1.6 картаны қолдану арқылы XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси процестерді түсіндіру	7.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау 7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру
Сабақтың мақсаты:	*Барлық оқушылар үшін:* Оқушылар көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктері мен мемлекеттердегі саяси процестерді біледі. *Көпшілік оқушылар үшін:* Оқушылар көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктері мен мемлекеттердегі саяси процестерге баға бере алады. *Кейбір оқушылар үшін:* Оқушылар көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктері мен деректерді талдау арқылы көшпелілердің тарихында қандай саяси үрдіс орын алғанын сипаттап, талдайды.	*Барлық оқушылар үшін:* Оқушылар халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдары мен ұлт-азаттық көтеріліс басшыларын біледі. *Көпшілік оқушылар үшін:* Оқушылар халықтың отаршылдыққа қарсы азаттық күресінің себеп-салдарымен батырлардың ұлт-азаттық күрестегі рөліне баға бере алады. *Кейбір оқушылар үшін:* Оқушылар халықтың отаршылдыққа қарсы азаттық күресінің себеп-салдарын анықтап, маңызына баға беріп, батырлардың ұлт-азаттық күрестегі рөліне баға беріп талдайды.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту. 10 мин.	Ой қозғау Оқушылардың тақырыпқа қызығушылығын ояту үшін бастапқы ынталандырушы материал ретінде «Моңғол мемлекеті» жайлы бейнефильм көрсетіп, төмендегі сұрақтар бойынша талдау жасату. Нені көрдіңдер? Нені түсіндіңдер? Қандай сезімде болдыңдар? Қандай қорытындылар шығаруға болады? Сыныптық талқылаудан кейін оқушыларды сабақ тақырыбына алып келіңіз. Жаңа сабақтың тақырыбын, зерттеу сұрағы, мақсаты мен бағалау критерийлерін таныстырыңыз.	Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу	Ой қозғау Оқушылардың тақырыпқа қызығушылығын ояту үшін бастапқы ынталандырушы материал ретінде «Сандар сөйлейді» стратегиясы арқылы» ой толғаймыз, сұрақтар бойынша талдау жасату. Сыныптық талқылаудан кейін оқушыларды сабақ тақырыбына алып келіңіз. Жаңа сабақтың тақырыбын, зерттеу сұрағы, мақсаты мен бағалау	Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу
Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. 23 мин.	Зерттеу және талдау 1-тапсырма. Дерекпен жұмыс 1.«Моңғол империясының құрылуын» дерекпен танысып, Time Line» уақыт сызығын құру <u>Деректі талдауға нұсқаулық:</u> 1.Моңғол империясының құрылуындағы маңызды тарихи оқиғалар мен мерзімдерді таңдап алып, сызық бойына орналастыру 2.Ең маңызды бір тарихи оқиғаны таңдап алып, моңғол империясы үшін неліктен	Дескриптор: -Моңғол империясының құрылуындағы маңызды тарихи оқиғалар мен мерзімдерді таңдап алып, уақыт сызығы бойына орналастырады; -Ең маңызды бір тарихи оқиғаны	Мәтінмен жұмыс Оқушыларға XVIII ғасырдағы Орта Азия мен Қазақстанның саяси картасын көрсетіп, Орта Азия елдерімен Қазақстан арасында қандай байланыс болуы мүмкін? деген сұрақ төңірегінде пікірлері айтылады. «Мықты ел екі әлсіз елдерді жаулап алу үшін оларды бір-біріне айдап салып әлсіреген кезде жаулап алады» деген Ф.Энгельстің пікірін талдап, берілген цитатаның	Мәтінмен жұмыс Мәтіннен негізгі идеяны анықтайды Оқушылар мәтінмен танысып, өзара талқылау жүргізеді. Мәтін мазмұны бойынша бір-біріне сұрақтар қоюын ұйымдастырылады.

	аса маңызды екендігін дәлелдеу. 3.Маңызды оқиғаларды картаға түсіру. 2.«Жасақ заңын» талдау. <u>Деректі талдауға нұсқаулық:</u> 1. Деректің қандай түріне жатады? 2. Қай уақытта жазылған? 3. Авторы кім? 4. Қазір қолдануға болады ма? 3-дерек. «Шыңғыс хан» туралы пікірлер <u>Деректі талдауға нұсқаулықтар:</u> Берілген мәтіндегі бос сөздердің орнына көмекші сөздерді қойыңыздар. Мәтінді мұқият оқып шығып, негізгі идеясын табыңыз. 2-тапсырма «Тарихи тұлғаға мінездеме». Өмір жолынан мәлімет (шығу тегі, өмірінің ең маңызды кезеңінен мәлімет). Тұлға іс әрекет еткен тарихи орта мен тарихи жағдайды сипатта. Қандай ортадан шықты, оның қалыптасуына әсер еткендер адамдар. Жеке тұлға мен оның көзқарасы мен сенімінің қалыптасуына әсер еткен жағдай Тұлғаның жеке қасиеттері оның алдына қойған міндеттерін шешуге сәйкес келу дәрежесі. Оның айналысындағы адамдармен қарым қатынасын анықта	таңдап алып, моңғол империясы үшін неліктен аса маңызды екендігін дәлелдейді. -Маңызды оқиғаларды картаға түсіреді. Дескриптор: -Қандай деректің түріне жататынын анықтайды; -Жазылған мерзімін сипаттайды; -Авторын анықтайды; -Бүгінгі күні қолдануға болады/болмайды пікір келтіреді; Дескриптор: -Берілген мәтіндегі бос сөздердің орнына көмекші сөздерді орналастырады. -Мәтіннің негізгі идеясын табады.	мағынасы ашылады. Бұл мысалды Қазақстанмен байланыстырып, қандай елдерге қатысты айтуға болады? т.б. жетелеуші сұрақтар қойып, сыныптық талқылау ұйымдастырылады. Зерттеу сұрақтары: Хиуа, Бұхара және Қоқан хандықтары оңтүстік Қазақстан аумағын жаулап алуда қандай мақсатты көздеді? Экспансияның қандай зардаптары болуы мүмкін? Зерттеу және талдау Тақырып мазмұнын ашатын мәтін таратылады. 1- Жанқожа Нұрмұхамедұлы мен Есет Көтібарұлы бастаған көтеріліске қатысты сұрақтарға жауап беру. Берілген 10 сұрақ арқылы Жанқожа Нұрмұхамедұлы мен Есет Көтібарұлы бастаған көтерілісіне сипаттама бере алады 2 тапсырма. Кескін картада Жанқожа Нұрмұхамедұлы мен Есет Көтібарұлы бастаған көтеріліс аймағын көрсету. Оқушылардың міндеті берілген карточкалардың бір-бірімен байланысын табу. 3 тапсырма. Жанқожа және Есет	Дескрипторы: -Кескін картада Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған көтерілісі қамтыған аумақты дұрыс айқындай алады. -Кескін картада Есет Көтібарұлы бастаған көтеріліс қамтыған аумақты дұрыс айқындай алады. Дескрипторы. -Жанқожа мен Есет батыр бастаған көтеріліс хронологиясын дұрыс айқындай алады. -Көтерілістердің қамтыған аумағын дұрыс айқындай алады. -Екі көтерілістің барысы, басты оқиғасы және нәтижесін ажырата алады, өзіндік баға бере алады

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Мақсатқа жетудегі әрекеті, құралы, әдісі.
Сенің ойынша оның ұлы ісі қандай?
Кімнің мүддесін көздегенін ойланып жауап бер.
Оған берген ұлы адамдардың бағасы жөнінде пікірлерін келтір.
Өзіңнің көзқарасың қандай?
Көзқарасында қарама қайшылық жоқ па?
Қорытынды жаса.</td>
<td>Дескрипторы:
- Әр оқушы тарихи тұлғаға мінездеме бере алады.</td>
<td>батыр бастаған көтерілісті кесте арқылы талдау.
<table>
<tr><td>Тапсырма</td><td>Жанқожа батыр бастаған көтеріліс</td><td>Есет батыр бастаған көтерілісс</td></tr>
<tr><td>Көтерілістің уақыты</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Қамтыған аймағы</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Барысы</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Басты оқиға</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Көтерілістің нәтижесі</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Менің көзқарасым</td><td></td><td></td></tr>
</table></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы
Ой толғаныс.
7 мин.</td>
<td>Сабақты қорытындылау: Интерпретация М. Сабақтың қорытынды бөлімінде тапсырманы барлық оқушыларға беріңіз. Оқушыларға «ШЫҢҒЫС ХАН – ұлы қолбасшы және реформатор» келісесіз бе? сауалына пікір талас ұйымдастырыңыз.
<table>
<tr><td>Дәлелдер ЖАҚТАУ</td><td>Дәлелдер ТЕРІСКЕ ШЫҒАРУ</td></tr>
<tr><td>1.
2.
3.</td><td>1.
2.
3.</td></tr>
</table>
Үйге тапсырма</td>
<td>Дескриптор:
- Шыңғысхан – ұлы қолбасшы және реформатор бойынша жақтау аргументтерін жазады;
- Шыңғысхан – ұлы қолбасшы және реформатор бойынша теріске шығару аргументтерін жазады.</td>
<td>Сабақты қорытындылау: «Фишбоун - балық қаңқасы»
Хиуа, Бұхара және Қоқан хандықтарының XIX ғасырдың соңғы ширегінде Ресей протекторатына өтіп кеткендігін айта отырып, Жанқожа батыр мен Есет батырдың Жеке қабілетіне қатысты екі факт арқылы дәлелді оқушылардың сұрау арқылы қорытындылайды.

Үйге тапсырма
Есет пен Жанқожа батырлар бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне SWOT</td>
<td>Дескриптор:
-көтерілістің шығу себептерін анықтайды;
-көтеріліске қатысты фактілерді анықтайды;
-көтерілістің нәтижесін жазып, қорытынды шығарады.</td>
</tr>
</table>

	«XIII ғасырдың басындағы әлем» және «XIII ғасырдың аяғындағы әлем» карталарының мәліметтерін қолданып, ыдыраған және құрылған мемлекеттерді анықтаңыз		талдау жасау	
Кері байланыс 5 мин	Менің бәрінен де бұрын … жасау қолымнан келді Мен өзімді … үшін мақтай аламын Мен сыныптастарымды ... үшін мақтай аламын Мені таң қалдырды… Мен үшін ... жаңалық болды Менің пікірім бойынша … іске аспады, себебі …. Болашақта мен … ескеремін	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін не білгенін жазады	Менің бәрінен де бұрын … жасау қолымнан келді Мен өзімді … үшін мақтай аламын Мен сыныптастарымды ... үшін мақтай аламын Мені таң қалдырды… Мен үшін ... жаңалық болды Менің пікірім бойынша … іске аспады, себебі …. Болашақта мен … ескеремін	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін не білгенін жазады

54-кестеде 5-6-сыныптарда «Математика» пәнін оқыту бойынша кесте берілген.

54-кесте. 5-6-сыныптарда «Математика» пәнін біріктіріп оқытуда оқу мақсаттарын кіріктіру бойынша ұсыныстар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	**бағдарламаның бөлімшесі**	**5-сынып**	**6-сынып**
5-сынып 1.1 Натурал сандар және нөл саны	Натурал сандар және нөл	5.1.1.1 натурал сандар жиыны ұғымын меңгеру; 5.1.1.2 тақ және жұп сандар ұғымдарын меңгеру	6.1.1.1 екі санның қатынасы нені көрсететінін түсіну;
6-сынып Қатынастар және пропорциялар	Екі санның қатынасы.		
5-сынып	Координаталық сәуле. Натурал сандарды салыстыру. Қос теңсіздік	5.3.1.1 өлшеудің түрлі ұзындық бірліктерін білу және координаталық сәуледегі бірлік кесінді дегенді түсіну; 5.5.2.2 натурал сандарды координаталық сәуледе кескіндеу; 5.1.2.1 натурал сандарды салыстыру, сонымен қатар координаталық сәуленің көмегімен салыстыру; 5.5.2.6 натурал сандарды салыстырудың нәтижесін $>, <, =$ белгілері арқылы жазу; 5.5.2.7 натурал сандарды салыстыру мен реттеуді талап ететін жағдайды зерттеу	6.1.2.3 пропорция анықтамасын білу; 6.1.2.4 пропорцияларды ажырату және құрастыру; 6.1.2.5 пропорцияның негізгі қасиетін білу және қолдану; 6.5.2.2 пропорцияны оқу және жазу
6-сынып	Пропорция. Пропорцияның негізгі қасиеті		
5-сынып	Арифметикалық амалдардың қасиеттері. Натурал сандарға арифметикалық амалдар қолдану	5.1.2.2 амалдар саны төрттен артық болатын жақшамен және жақшасыз берілген санды	6.1.1.2 қандай шамалар тура пропорционалды болатынын түсіну және оларға мысалдар келтіру, есептер шығару; 6.1.1.3 қандай шамалар кері

6-сынып	Тура пропорционалдық тәуелділік. Кері пропорционалдық тәуелділік	өрнектердегі амалдардың орындалу ретін анықтау және мәндерін табу; 5.1.2.3 санды өрнектердің мәндерін табу үшін көбейту мен қосу амалдарының қасиеттерін қолдану	пропорционалды болатынын түсіну және оларға мысалдар келтіру, есептер шығару; 6.5.1.1 шамалары тура және кері пропорционалдықпен байланысты есептерді ажырату және шығару
5-сынып	Санды және әріпті өрнектер, олардың мәндері. Өрнектерді ықшамдау	5.2.1.1 қосу және көбейту амалдарының қасиеттерін қолданып, әріпті өрнектерді түрлендіру; 5.2.1.2 әріптердің берілген мәндері бойынша әріпті өрнектердің мәндерін табу	6.5.1.2 пайызға берілген есептерді пропорция арқылы шешу; 6.1.2.6 шамаларды берілген қатынаста бөлу; 6.1.2.7 шамаларды берілген сандарға кері болатын пропорционал бөліктерге бөлу
6-сынып	Мәтінді есептерді пропорцияның көмегімен шығару		
5-сынып	Санды және әріпті өрнектер, олардың мәндері. Өрнектерді ықшамдау	5.2.1.1 қосу және көбейту амалдарының қасиеттерін қолданып, әріпті өрнектерді түрлендіру; 5.2.1.2 әріптердің берілген мәндері бойынша әріпті өрнектердің мәндерін табу	6.1.1.5 масштаб ұғымын меңгеру; 6.5.1.3 картамен, сызбамен, жоспармен жұмыс барысында масштабты қолдану
6-сынып	Масштаб		
5-сынып	Теңдеу. Теңдеудің түбірі. Теңдеуді шешу.	5.2.2.1 арифметикалық амалдардың белгісіз компоненттерін табу ережесі негізінде теңдеулерді шешу; 5.2.2.2 теңдеудің шығарылуының дұрыстығын тексеру тәсілдерін қолдану	6.3.3.2 шеңбер ұзындығының оның диаметріне қатынасы тұрақты сан екенін білу; 6.3.3.3 шеңбер ұзындығының формуласын білу және қолдану; 6.3.3.4 дөңгелек ауданының формуласын білу және қолдану; 6.3.1.7 шар мен сфера туралы түсінігінің болуы
6-сынып	Шеңбердің ұзындығы. Дөңгелектің ауданы. Шар. Сфера		

5-сынып	Формула. Формула арқылы есептеу. Мәтінді есептерді шығару. Натурал сандардан тұратын сандар тізбегі	5.5.1.1 натурал сандарға арифметикалық амалдар қолдана отырып, мәтінді есептерді шығару; 5.5.1.8 әріпті өрнектерді құру және оларды есептер шығаруда қолдану; 5.5.1.9 мәтінді есептерді шығару үшін формулаларды қолдану; 5.2.3.1 натурал сандар тізбегінің заңдылықтарын анықтау; 5.2.3.2 натурал сандар тізбегінің жеткіліксіз элементтерін табу; 5.2.3.3 натурал сандар тізбегінің заңдылықтарын құрастыру және тізбектерді жазу	
5-сынып Натурал сандардың бөлінгіштігі	Натурал сандардың бөлгіштері мен еселіктері	5.1.1.5 натурал санның бөлгіші мен еселігі анықтамаларын білу; 5.1.2.8 натурал сандардың бөлгіштерін табу; 5.1.2.9 натурал сандардың еселіктерін табу	6.1.1.4 координаталық түзудің анықтамасын білу және координаталық түзуді салу; 6.1.1.7 қарама-қарсы сандар ұғымын меңгеру, оларды координаталық түзуде белгілеу
6-сынып Рационал сандар және оларға амалдар қолдану	Оң сандар. Теріс сандар. Координаталық түзу. Қарама-қарсы сандар		
5-сынып	Жай және құрама сандар	5.1.1.6 жай және құрама сандардың анықтамаларын білу	6.1.1.6 бүтін сан ұғымын меңгеру; 6.5.2.3 шамаларды сипаттау үшін бүтін сандарды қолдану; 6.1.1.8 рационал сан ұғымын меңгеру; 6.1.2.9 координаталық түзуде рационал сандарды кескіндеу;
6-сынып	Бүтін сандар. Рационал сандар		

			6.1.2.11 рационал сандардың ішкі жиындарын Эйлер-Венн дөңгелектері арқылы кескіндеу
5-сынып	Бөлінгіштіктің негізгі қасиеттері	5.1.2.10 көбейтіндінің берілген натурал санға бөлінгіштігін талдау; 5.1.2.11 қосындының және айырымның берілген натурал санға бөлінгіштігін талдау	6.1.1.9 санның модулі анықтамасын білу және оның мәнін табу; 6.2.1.11 $\|a-b\|$ өрнегінің геометриялық мағынасын түсіну; 6.3.3.1 координаталық түзуде нүктелердің арақашықтығын табу
6-сынып	Санның модулі		
5-сынып	2, 3, 5, 9, 10 сандарына бөлінгіштік белгілері	5.1.2.5 натурал сандардың 2-ге, 5-ке, 10-ға бөлінгіштік белгілерін қолдану; 5.1.2.6 натурал сандардың 3-ке және 9-ға бөлінгіштік белгілерін қолдану	6.1.2.8 бүтін сандарды салыстыру; 6.1.2.12 рационал сандарды салыстыру
6-сынып	Рационал сандарды салыстыру		
5-сынып	Дәреже	5.1.1.3 натурал сан дәрежесінің анықтамасын білу; 5.1.1.4 натурал санды ондық жазылу түрінде көрсету; 5.1.2.4 бірдей сандардың көбейтіндісін дәреже түрінде жазу	6.1.2.10 бүтін сандарды координаталық түзу көмегімен қосу және азайтуды орындау
6-сынып	Рационал сандарды координаталық түзудің көмегімен қосу		
5-сынып	Натурал сандарды жай көбейткіштерге жіктеу	5.1.2.7 құрама сандарды жай көбейткіштерге жіктеу	6.1.2.13 таңбалары бірдей, таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосуды орындау
6-сынып	Теріс рационал сандарды қосу. Таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосу		
5-сынып	Ең үлкен ортақ бөлгіш. Өзара жай	5.1.1.7 ортақ бөлгіш, ортақ	6.1.2.14 рационал сандарды азайтуды орындау;

	сандар. Ең кіші ортақ еселік	еселік, ең үлкен ортақ бөлгіш, ең кіші ортақ еселік ұғымдарының анықтамаларын білу; 5.1.2.12 екі және одан артық сандардың ең үлкен ортақ бөлгіші мен ең кіші ортақ еселігін табу; 5.1.1.8 өзара жай сандардың анықтамасын білу; 5.5.1.2 мәтінді есептерді шығаруда ең үлкен ортақ бөлгіш пен ең кіші ортақ еселік қолдану	6.1.2.24 координаталық түзуде нүктелердің арақашықтығын табу
6-сынып	Рационал сандарды азайту. Координаталық түзуде нүктелердің арақашықтығы		
5-сынып Жай бөлшектер	Жай бөлшек. Жай бөлшектерді оқу және жазу	5.1.1.9 жай бөлшек ұғымын меңгеру; 5.5.2.1 жай бөлшектерді оқу және жазу	
	Жай бөлшектің негізгі қасиеті	5.1.2.14 жай бөлшектерді қысқартуда бөлшектің негізгі қасиетін қолдану; 5.1.2.15 жай бөлшекті жаңа бөлімге келтіру	
	Дұрыс және бұрыс жай бөлшектер	5.1.1.10 дұрыс және бұрыс бөлшектерді ажырату	
	Аралас сандар	5.1.1.11 аралас сан анықтамасын білу; 5.1.2.13 бұрыс бөлшекті аралас санға және аралас санды бұрыс бөлшекке айналдыру	
	Жай бөлшектер мен	5.5.2.3 жай	

	аралас сандарды координаталық сәуледе кескіндеу	бөлшектерді, аралас сандарды координаталық сәуледе кескіндеу	
2-тоқсан			
5-сынып Жай бөлшектерге амалдар қолдану	Жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру. Жай бөлшектерді және аралас сандарды салыстыру	5.1.2.16 жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру; жай бөлшектерді, аралас сандарды салыстыру	6.1.2.15 рационал сандарды көбейтуді орындау
6 сынып Рационал сандарға амалдар қолдану	Рационал сандарды көбейту		
	Жай бөлшектерді қосу және азайту	5.1.2.17 бөлімдері бірдей бөлшектерді қосу және азайтуды орындау; 5.1.2.18 бөлімдері әртүрлі бөлшектерді қосу және азайтуды орындау	6.1.2.17 рационал сандарды қосу мен көбейтудің қасиеттерін қолдану
	Рационал сандарды қосу мен көбейтудің ауыстырымдылық және терімділік қасиеттері		
	Аралас сандарды қосу. Аралас сандарды азайту	5.1.2.19 натурал саннан жай бөлшекті азайтуды орындау; 5.1.2.20 аралас сандарды қосу және азайтуды орындау	6.1.2.16 рационал сандарды бөлуді орындау
	Рационал сандарды бөлу		
	Жай бөлшектерді және аралас сандарды көбейту. Өзара кері сандар	5.1.2.21 жай бөлшектерді, аралас сандарды көбейтуді орындау; 5.1.1.12 өзара кері сандар анықтамасын білу; 5.1.2.22 берілген санға кері санды табу	6.1.2.18 шектеулі ондық бөлшектер түрінде жазуға болатын жай бөлшектерді танып білу; 6.1.2.19 рационал санды шектеусіз периодты ондық бөлшек түрінде көрсету; 6.1.2.20 шектеусіз периодты ондық бөлшектің периодын табу; 6.1.2.21 шектеусіз периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру
	Рационал санды шексіз периодты ондық бөлшек түрінде беру. Шексіз периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру		
	Жай бөлшектерді және аралас сандарды бөлу	5.1.2.23 жай бөлшектерді және аралас сандарды бөлуді орындау	6.1.2.22 рационал сандармен арифметикалық амалдарды орындау
	Рационал сандарға арифметикалық		

	амалдар қолдану		
	Мәтінді есептерді шығару		6.5.1.4 рационал сандарды қолданып мәтінді есептерді шығару
6-сынып Алгебралық өрнектер	Айнымалы. Айнымалысы бар өрнек		6.2.1.1 алгебралық өрнек ұғымын меңгеру; 6.2.1.2 айнымалылардың берілген рационал мәндері үшін алгебралық өрнектердің мәндерін есептеу; 6.2.1.3 алгебралық өрнектегі айнымалының мүмкін мәндерін табу; 6.2.1.4 айнымалылардың қандай мәндерінде алгебралық өрнектің практикалық есептер мәнмәтіндіде мағынасы бар болатынын түсіну
	Жақшаларды ашу. Коэффициент. Ұқсас қосылғыштар. Ұқсас қосылғыштарды біріктіру		6.2.1.5 жақшаны ашу ережелерін білу; 6.2.1.6 коэффициент, ұқсас мүшелер ұғымдарының анықтамаларын білу; 6.2.1.7 алгебралық өрнектерде ұқсас мүшелерді біріктіруді орындау
	Өрнектерді тепе-тең түрлендіру. Тепе-теңдік		6.2.1.8 тепе-теңдік және тепе-тең түрлендіру анықтамаларын білу
	Алгебралық өрнектерді түрлендіру		6.2.1.9 алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындау
	Мәтінді есептерді шығару		6.5.2.4 мәтінді есептер шығаруда айнымалысы бар өрнектер мен формулалар құрастыру; 6.2.1.10 теңдіктерден бір айнымалыны екінші айнымалы арқылы өрнектеу
3-тоқсан			
5-сынып Мәтінді есептер	Санның бөлігін және бөлігі бойынша санды табуға берілген есептер	5.1.2.24 санның бөлігін табу және бөлігі бойынша санды табу; 5.5.1.4 санның немесе шаманың бөлігін табу және бөлігі бойынша санды немесе	6.2.2.1 тура санды теңдіктердің қасиеттерін білу және қолдану
6-сынып Бір айнымалысы бар сызықтық	Санды теңдіктер және олардың қасиеттері		

теңдеу		шаманы табуға арналған есептерді құрастыру және шығару	
	Бірлесіп орындалатын жұмыстарға қатысты есептер	5.5.1.3 жай бөлшектерге арифметикалық амалдар қолданып мәтінді есептер шығару (мысалы, бірлесіп жұмыс жасауға қатысты есептер және тағы басқа)	6.2.2.2 бір айнымалысы бар сызықтық теңдеудің, мәндес теңдеулердің анықтамаларын білу; 6.2.2.3 бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу
	Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу. Мәндес теңдеулер. Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу		
5-сынып Ондық бөлшектер және оларға амалдар қолдану	Ондық бөлшек. Ондық бөлшектерді оқу және жазу. Ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру	5.1.1.13 ондық бөлшек ұғымын меңгеру; 5.5.2.5 ондық бөлшектерді оқу және жазу; 5.1.1.14 ондық бөлшек түрінде жазылған сандардың теңдігін түсіну, мысалы, 1,3 және 1, 30; 5.1.2.25 бөлшектерді бір жазылу түрінен басқа жазылу түріне ауыстыру	6.2.2.4 $\lvert x \pm a \rvert = b$ түріндегі теңдеулерді шешу, мұндағы a және b – рационал сандар
	Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу		
	Ондық бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндеу. Ондық бөлшектерді салыстыру	5.5.2.4 ондық бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндеу; 5.1.2.26 ондық бөлшектерді салыстыру	6.5.1.6 мәтінді есептерді сызықтық теңдеулерді құру арқылы шығару
	Теңдеулер көмегімен мәтінді есептерді шығару		
	Ондық бөлшектерді қосу және азайту	5.1.2.27 ондық бөлшектерді қосу және азайтуды орындау	
	Ондық бөлшекті натурал санға көбейту. Ондық бөлшектерді көбейту	5.1.2.28 ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке көбейтуді орындау	
	Ондық бөлшекті	5.1.2.30 ондық	

	натурал санға бөлу. Ондық бөлшекті ондық бөлшекке бөлу	бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке бөлуді орындау	
	Ондық бөлшектерді 10; 100; 1000;. және 0,1; 0,01; 0, 001;... сандарына көбейту және бөлу	5.1.2.29 ондық бөлшектерді 10, 100, 1000, ... және 0,1; 0,01; 0,001; ... сандарына көбейту ережелерін қолдану; 5.1.2.31 ондық бөлшектерді 10, 100, 1000, ... және 0,1; 0,01; 0,001; ... сандарына бөлу ережелерін қолдану	
	Ондық бөлшектерді дөңгелектеу	5.1.1.15 санның жуық мәні ұғымын меңгеру; 5.1.2.32 ондық бөлшектерді берілген разрядқа дейін дөңгелектеу	
	Мәтінді есептерді шығару. Бөлшектерден тұратын сандар тізбектері	5.5.1.5 бөлшектерге арифметикалық амалдар қолданып мәтінді есептер шығару; 5.2.3.4 бөлшектерден тұратын тізбектердің заңдылықтарын анықтау; 5.2.3.5 бөлшектерден тұратын тізбектердің заңдылықтарын құрастыру және тізбектерді жазу	
5-сынып Жиын	Жиын. Жиынның элементтері. Жиындарды кескіндеу	5.4.1.1 жиын, оның элементтері, бос жиын ұғымдарын меңгеру; 5.5.2.8	6.2.2.5 тура санды теңсіздіктердің қасиеттерін білу және қолдану; 6.2.2.6 теңсіздіктерді қосу, азайту, көбейту және бөлуді түсіну және қолдану
6-сынып Бір айнымалысы	Санды теңсіздіктер және олардың		

бар сызықтық теңсіздіктер	қасиеттері	жиындармен жұмыс істеуде $\subset, \cup, \cap, \emptyset, \in, \notin$ имволдарын қолдану	
	Жиындар арасындағы қатынастар. Ішкі жиын	5.4.1.4 ішкі жиын ұғымын меңгеру; 5.4.1.5 жиындар арасындағы қатынастардың сипаттамасын анықтау (қиылысатын және қиылыспайтын жиындар)	
	Сан аралықтар. Сан аралықтардың бірігуі мен қиылысуы		6.2.2.7 сан аралықтарын жазу үшін белгілеулерді пайдалану; 6.2.2.8 сан аралықтарды кескіндеу; 6.2.2.9 сан аралықтардың бірігуін және қиылысуын табу
	Жиындардың бірігуі мен қиылысуы	5.4.1.2 жиындардың қиылысуы және бірігуі анықтамаларын білу; 5.4.1.3 берілген жиындардың қиылысуы мен бірігуін табу, нәтижесін $\cup$, $\cap$ символдарын қолданып жазу	
	Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздік. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешу		6.2.2.10 $kx > b$, $kx \geq b, kx < b$, $kx \leq b$ түріндегі сызықтық теңсіздіктерді шешу 6.2.2.11 алгебралық түрлендірулердің көмегімен теңсіздіктерді $kx > b$, $kx \geq b$, $kx < b$, $kx \leq b$ түріндегі теңсіздіктерге келтіру; 6.2.2.12 теңсіздіктердің шешімдерін координаталық түзуде кескіндеу; 6.2.2.13 теңсіздіктердің шешімдерін сан аралығы арқылы және берілген сан

			аралығын теңсіздік түрінде жазу
	Мәтінді есептерді шығару	5.5.1.7 Эйлер-Венн диаграммасын қолданып, есептер шығару	
	Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесі. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу		6.2.2.14 бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу
	Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздік. Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешу		6.2.2.15 $\|x\| > a, \|x\| \geq a, \|x\| < a, \|x\| \leq a$ теңсіздіктер түрінде берілген нүктелер жиынын координаталық түзуде кескіндеу
Координаталық жазықтық	Перпендикуляр түзулер және кесінділер. Параллель түзулер және кесінділер		6.3.2.1 параллель, қиылысатын, перпендикуляр түзулердің анықтамаларын білу; 6.3.2.2 параллель, перпендикуляр түзулер мен кесінділерді ажырату
	Координаталық жазықтық. Тікбұрышты координаталар жүйесі		6.3.1.1 координаталық жазықтық ұғымын меңгеру; 6.3.1.2 тік бұрышты координаталар жүйесін салу; 6.3.1.3 $(x; y)$ реттелген сандар жұбы тікбұрышты координаталар жүйесінде нүктені беретінін және әрбір нүктеге нүктенің координаталары деп аталатын бір ғана реттелген сандар жұбының сәйкес болатынын түсіну; 6.3.1.4 координаталар жүйесінде нүктені оның координаталары бойынша салу және координаталық жазықтықта берілген

			нүктенің координаталарын табу; 6.3.2.3 кесінділердің, сәулелер немесе түзулердің бір-бірімен, координаталық осьтермен қиылысу нүктелерінің координаталарын графиктік тәсілмен табу
	Центрлік симметрия. Осьтік симметрия		6.3.1.5 осьтік және центрлік симметрия ұғымдарын меңгеру; 6.3.1.6 осьтік немесе центрлік симметриясы болатын фигуралар туралы түсінігі болуы; симметриялық және центрлік-симметриялы фигураларды ажырату; 6.3.2.5 тік бұрышты координаталар жүйесінде координаталар басы және координаталық осьтерге қатысты симметриялы нүктелер мен фигураларды салу
Кеңістіктегі фигуралар	Фигуралардың кеңістікте орналасуы. Кеңістік фигураларын кескіндеу, «көрінбейтін» сызықтар. Вектор ұғымы		6.3.2.4 кескіні бойынша фигураны ажырату, жазық және кеңістік фигураларын кескіндеу; 6.3.4.1 вектор анықтамасын білу және оны кескіндеу
4-тоқсан			
Пайыз	Пайыз	5.1.1.16 пайыз ұғымын меңгеру; 5.1.2.33 бөлшекті пайызға және пайызды бөлшекке айналдыру	
Статистика. Комбинаторика	Статистикалық деректер және олардың сипаттамалары: арифметикалық орта, мода, медиана, құлаш		6.4.3.1 бірнеше сандардың арифметикалық ортасы, санды деректердің құлашы, медианасы, модасының анықтамаларын білу; 6.4.3.2 статистикалық санды сипаттамаларды есептеу
	Санның пайызын және пайызы бойынша санды табу	5.1.2.34 берілген санның пайызын табу;	

		5.1.2.35 бір санның екінші санға пайыздық қатынасын және керісінше табу; 5.1.2.36 берілген пайызы бойынша санды табу	
	Қозғалыстың орташа жылдамдығын табуға есептер шығару. Іріктеу тәсілі арқылы комбинаторикалық есептер шығару		6.5.1.5 қозғалыстың орташа жылдамдығын табуға есептер шығару; 6.4.2.1 іріктеу тәсілмен комбинаторикалық есептерді шығару
	Мәтінді есептерді шығару	5.5.1.6 пайызға байланысты мәтінді есептерді шығару	
Шамалар арасындағы тәуелділіктер	Шамалар арасындағы тәуелділіктердің берілу тәсілдері: аналитикалық (формула арқылы), кестелік, графиктік тәсіл		6.5.2.5 шамалар арасындағы тәуелділікке есептер шығару; 6.5.2.6 шамалар арасындағы тәуелділіктердің берілу тәсілдерін білу; 6.5.2.7 сипаттамасы бойынша тәуелділіктің формуласын жазу; 6.5.2.8 формуламен немесе графикпен берілген тәуелділіктердің кестесін құру; 6.5.2.9 формуламен және кестемен берілген тәуелділіктердің графиктерін салу
	Нақты процестердің графиктерін қолданып шамалар арасындағы тәуелділіктерді зерттеу		6.5.2.10 шынайы процестердің графиктерін қолданып, шамалар арасындағы тәуелділіктерді табу және зерттеу
	Тура пропорционалдық және оның графигі		6.1.2.23 тура пропорционал тәуелділіктерді танып білу және мысалдар келтіру; 6.2.1.12 тура пропорционалдықтың формуласын білу және графигін салу; 6.5.2.11 тура пропорционал шамалардың арасындағы

			шынайы тәуелділіктердің графиктеріне талдау беру; 6.5.2.12 сипаттамасы бойынша тура пропорционалдықтың формуласын жазу; 6.5.2.13 тура пропорционалдықтың графигін салу
Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер және олардың жүйелері	Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеу		6.2.2.16 екі айнымалысы бар теңдеудің анықтамасын және қасиеттерін білу
Бұрыш. Көпбұрыш	Бұрыш	5.3.1.4 бұрыш және оның градустық өлшемі ұғымдарын меңгеру, бұрыштарды белгілеу және салыстыру, 5.3.1.5 бұрыштардың түрлерін ажырату (сүйір, тік, доғал, жазыңқы, толық); 5.3.3.1 бұрышты транспортир көмегімен өлшеу; 5.3.3.2 градустық өлшемі берілген бұрышты транспортир көмегімен салу; 5.3.3.3 бұрыштың градустық өлшемін табуға, бұрыштарды салыстыруға берілген есептерді шығару	
	Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйелері		6.2.2.17 екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесі туралы түсінігінің болуы; 6.2.2.18 екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесінің шешімі реттелген сандар жұбы болатынын түсіну

	Көпбұрыш	5.3.1.7 көпбұрыш ұғымын меңгеру	
	Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін қосу тәсілімен және алмастыру тәсілімен шешу		6.2.2.19 теңдеулер жүйелерін алмастыру тәсілі және қосу тәсілі арқылы шешу
	Мәтінді есептерді екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйелері арқылы шығару		6.2.1.13 сандармен байланысты есептер шығаруда $\overline{ab} = 10a + b$, $\overline{abc} = 100a + 10b + c$ жазуларын қолдану; 6.5.1.7 мәтінді птерді сызықтық теңдеулер жүйелерін құру арқылы шешу
Диаграмма	Шеңбер. Дөңгелек. Дөңгелек сектор	5.3.1.2 шеңбер, дөңгелек және олардың элементтері (центр, радиус, диаметр) ұғымдарын меңгеру; 5.3.1.3 циркульдің көмегімен шеңберді салу; 5.3.1.6 дөңгелек сектор ұғымын меңгеру	
	Диаграмма	5.4.3.1 дөңгелек, сызықтық және бағанды диаграммалар туралы түсініктері болу; 5.4.3.2 дөңгелек, сызықтық және бағанды диаграммалар салу	
	Статистикалық деректерді көрсету тәсілдері	5.4.3.3 кесте немесе диаграмма түрінде берілген статистикалық ақпаратты алу	
Кеңістік фигураларының жазбалары	Тік бұрышты параллелепипед (текше) және оның жазбасы	5.3.1.8 тік бұрышты параллелепипед (текше) және	

		оның жазбасы туралы түсінігі болу; 5.5.2.9 жазық фигуралардың және кеңістіктегі геометриялық фигуралардың жазбаларын салу (текше және тік бұрышты параллелепипед)	
	Фигураларды қиюға берілген есептер. Фигураларды құрастыруға берілген есептер	5.3.2.1 фигураларды қию және құрастыру арқылы есептер шығару	
5-6-сыныптардағы математика курсын қайталау			

«Математика» оқу пәні бойынша ұсыныс келесіде берілген.

5-6-сыныптарда «Математика» пәнін оқыту

«Математика» пәнінің оқу жүктемесінің көлемі келесідей қарастырылған:

5-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;

6-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағат;

Шағын жинақты ауыл мектептерінде 5,6-сыныптарды біріктіріп оқытқан жағдайда «Математика» пәнін оқытуда ең алдымен «Сандар», «Алгебра», «Геометрия», «Статистика және ықтималдықтар теориясы», «Математикалық модельдеу және анализ» меңгеруден тұрады.

1-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Математика» пәнін кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар:

5-сыныптағы «Сандар» бөлімінде 25 мақсат, 6-сыныпта 22 мақсат және «Алгебра» бөлімінде 5-сыныпта 9 мақсат қарастырылған.

Берілген мақсаттарды меңгерту барысында тест тапсырмаларын әр тақырып сайын беру ұсынылады. Білім алушы тест тапсырмаларын шығару барысында жылдам ойлауға және тиімді тәсілдермен шығаруға машықтанады.

5-сыныптағы «Геометрия» бөлімінде 1 мақсат, 6-сыныпта 4 мақсат берілген. Берілген мақсаттарды меңгерту барысында білім алушыға геометриялық фигураларды қолмен жасауға, жасаған фигураларының қасиеттерін баяндау, көрсету және т.с.с. тәсілдерді пайдалануға болады.

1-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Математика» пәнін кіріктіріп оқытуда 1-ші БЖБ 1-тоқсанның 3-аптасында және 2-ші БЖБ 1-тоқсанның 7-8-аптасында алынады. ТЖБ 8-9-аптада алынады.

Шағын жинақты ауыл мектептерінің педагогтері біріктірілген сыныптарды БЖБ мен ТЖБ-ны қабылдаған кезде математика пәнінің маманы БЖБ-ны 12-15 балдан жоғары болмайтын есептерді құрастыру, әр бөлімдегі мақсаттарды ескере отырып, мысалдарды деңгейіне қарай алу немесе құрастыруы ұсынылады. ТЖБ-ның есептері 20 балдан кем болмауы тиіс.

1-тоқсанда сыныптарды біріктіріп оқыту кезінде педагог білім алушылардың жас ерекшелігіне және білім деңгейіне қарай жеке жұмыстар жүргізу немесе қосымша тапсырмалар беріп отыруы қажет.

Тоқсан соңында әр педагог өзінің алдындағы білім алушылардың деңгейін мониторинг жасап отыруға қалыптасуы керек. 55-кестеде 5-6-сыныптапда «Математика» пәнін біріктіріп оқыту бойынша ҚМЖ үлгісі ұсынылады.

55-кесте. 5-6-сыныптапда «Математика» пәнін біріктіріп оқыту бойынша ҚМЖ үлгісі

Сабақтың жоспары

Мектеп:		
Қысқа мерзімді жоспар бөлімі:		
5.1А Натурал сан және нөль	***6.1А Қатынастар және пропорциялар***	
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып: 5-6	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны

Сабақтың тақырыбы:	
Натурал сан және нөль	**Екі санның қатынасы.**
Сабақтың түрі	Жаңа тақырыпты меңгерту
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	
5.1.1.1 Натурал сандар жиыны ұғымын меңгеру 5.1.1.2 Тақ және жұп сандар ұғымын меңгеру	6.1.1.1 екі санның қатынасы нені көрсететінін түсіну;
Сабақ мақсаттары	
Оқушылар: натурал сандардың жазылуын, ретін, қатарын орындай алады:	Оқушылар: екі санның қатынасы нені көрсететінін түсінеді
Бағалау критерийлері	***Бағалау критерийлері*** ***Оқушы төмендегі критерийлерді орындаса, оқу м*** ***жетеді:*** Натурал сандардың қасиеттерін біледі; Тақ және жұп сандарды ажырата алады Екі санның қатынасын түсінеді;
Тілдік мақсаттар	**Пәнге қатысты лексика мен терминология** : Натурал сан, тақ сан, жұп сан. Берілген бөлімнің терминдерін қолдана алады;
Құндылықтарды дарыту	Қазіргі таңда елімізде, әлемде болып жатқан теңсіздіктерді талдап, оқушылардың адамгершілік қасиеттерін дамыту.
Пәнаралық байланыстар	Өмірмен байланысты есептер
АКТ қолдану дағдылары	Презентация, Plickers,kahoot, Padlet
Бастапқы білім	5 сынып - 4 сынып материалдарын қайталау; 6 сынып - оқушылар жай бөлшек, бүтін сан, рационал сан ұғымдарын біледі; рационал сандарды қосу мен азайту амалдарын орындай алады.

Сабақтың барысы

Сабақ тың кезеңдері	**Сабақта орындалатын іс-әрекеттер**	**Сабақ ресурстары**	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру бөлімі.				
	Оқушылармен амандасу. Сабаққа дайындықтарын тексеру. Сабақтың мақсатын қойып тақырыппен таныстыру. Оқушылармен амандасу, танысу, оқушы қатысымына		Тақтада «Менің есімім» слайд қойылады.	Әр оқушы өз есімін және есімі қай әріптен басталып тұр сол әріптен келетін өз

	және сынып тазалығына назар аудару. «Мен есімім?...» психологиялық ойынын өткізу.			бойында бар бір жағымды қасиетін айту. Мысалы, Сарсен – сүйкімді, Мейіржан – мейірімді, Аяжан – ақылды, Дана – данышпан, т.с.с.
Өткенді пысықтау				
	Бастауыш сыныптарда натурал сандарға амалдар («+», «-», «*», «/») қолдануды үйренгенсіңдер. Натурал сандарға амалдар қолдануды еске түсіріп, қайталайық. Есептеңдер. 37 * 42 – 1461 = 1554 – 1461 = 93; 728 : (617 – 526) = 728 : 91 = 8; 1541 : 23 – 21 * 3 = 67 – 63 = 4; 900 : 15 + 640 : 16 = 60 + 40 = 100; 202 * 39 – 2952 : 41 = 7878 – 72 = 7806; (871 + 433) * 7 – 9120 = 1304 * 7 – 9120 = 9128 – 9120 = 8.	5 сыныпта өткен жай бөлшектерге («+», «-», «*», «/» амалдарын еске түсіріп, берілген мысалдарды ауызша шығарайық. $\frac{1}{2}+\frac{3}{5}=$ $\frac{7}{15}-\frac{1}{6}=$ $\frac{4}{9}-\frac{1}{9}=$ $\frac{2}{5}\bullet\frac{15}{12}=$ $\frac{4}{9}\div\frac{8}{9}=$ $\frac{4}{36}=$	5 сыныпқа үлестірмелі қағаздарды таратып, дәптерде жұмыс жасайды. 6 сынып оқушылары үлестірмелі қағаздарды таңдап алып, тақтада жұмыс жасайды.	5 сынып оқушылары «+», «-», «*», «/» Еске түсіріп берілген тапсырмаларды тез, әрі қатесіз шығарады 6 сынып оқушылары жай бөлшектерге «+», «-», «*», «/» амалдарды қолдануды еске түсіріп тақтада қатесіз шығарады

Ой қозғау				
	Есіңе түсір! Дәптеріңе мысалдар келтір: а) натурал сандарға; ә) натурал сандарды қолдануға; б) өлшем бірліктеріне	**Есіңе түсір!** С-1: Жай бөлшек дегеніміз не? С-2: Бөлімдері бірдей бөлшектерді қалай қосып, азайтамыз? С-3: Бөлімдері әр түрлі бөлшектерді қалай қосып азайтамыз? С-4: Жай бөлшектерді қалай көбейтеміз?	Мұғалім интерактивті тақтада бірінші 5 сыныпқа сұрақтарын береді де , дәптерге орындайтынын айтады. Ал кейін 6	5 сынып берілген сұрақтарға дәптерде жұмыс істейді. 6 сынып Интерактивті тақтада

		С-5: Жай бөлшектерді қалай бөлеміз? С-6: Бөлшектің негізгі қасиеті қандай?	сынып оқушылары на тақтада көрсетіліп тұрған сұрақтарға ауызша жауап сұрайды	көрсетіліп тұрған сұрақтарға жауап береді.
Сабақ ортасы				
	Жаңа сабақты меңгерту Қандай да бір нәрсені есептеу үшін 1,2,3,4 және т.б. сандар қолданылатыны белгілі. Санау үшін пайдаланылатын сандар *натурал сандар* деп аталады. 1 саны – ең кіші натурал сан. Өсу ретімен жазылған 1,2,3,4,5,... натурал сандар *натурал қатарды* немесе *натурал сандар қатарын* құрайды. Өсу ретімен жазылған ***1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15***,... натурал сандар *натурал қатарды* немесе *натурал сандар қатарын* құрайды. ***1 –*** саны натурал қатардың ең кіші саны, ал ең үлкен сан болмайды. ***0*** натурал санына жатпайды. Сандар 0, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 белгілері арқылы жазылады. Натурал сандарды жазу үшін қолданылатын белгілер цифрлар деп аталады. Жұп, тақ цифрлар болып бөлінеді Жұп сандар деп қандай сандарды айтамыз? Жұп сандар дегеніміз 2-ге қалдықсыз бөлінетін сандар. Жұп сандарға: 2, 4,6,8,10,12,14,16,18,20..... деген сандар жатады.	**Жаңа сабақ. Екі санның қатынасы.** Бөлінді мен «қатынас» терминінің арасындағы байланыс: шамаларды олардың бөліндісі бойынша салыстырған жағдайда «бөлінді» сөзінің орнына «қатынас» термині қолданылады. Екі шаманың өлшемдерін бөлінді түрінде салыстыру үшін қатынас ұғымын қолданады. ***Екі санның бөліндісі сол сандардың қатынас деп аталады.*** $\left(a \div в; \frac{a}{в}\right)$ Мұнда а және в ***қатынастың мүшелері*** деп аталады. а - қатынастың алдыңғы мүшесі, в - қатынастың соңғы мүшесі. Оқылуы: ***«а санының в санына қатынасы немесе а - ның в - ға қатынасы»*** Бөлінді = Қатынас **Оқушыларға проблемалық жағдай ұсыныңыз.** Тақтада *AB* және *CD* кесінділері салынған. *AB* = 15 см және *CD* = 5 см болсын. *AB* және *CD* кесінділерінің ұзындықтарын салыстырыңыз. Бір кесінді екінші кесіндіден қанша есе артық/кем екендігін анықтаңыз. Оқушыларға сұрақтың жауабын сипаттайтын амалды жазуды ұсыныңыз. «Екі шаманың қатынасы деп	Мұғалім 5 сыныптың жаңа сабағын 5-6 сыныпқа бірдей түсіндіреді. Жаңа сабақты түсіндіру барысында оқушыларға қосымша сұрақтар қойылады. Сол сұрақтарға оқушылар қысқа түрде жауап беріп отырады. Жаңа сабақ меңгеріліп болған сон 5 сыныпқа жеке тапсырмала р беріледі. Содан соң 6 сыныптың жаңа сабағына түсіндіреді. 6 сынып 5 сыныптың тақырыбын еске түсіріп жаңа сабақтың мәз –	Оқушылар мұғалімні ң жаңа сабағын мұқият тыңдап, арасында қойылған сұрақтарға жауап беріп отырады.

	Тақ сандар деп қандай сандарды айтамыз? Тақ сандар дегеніміз 2-ге қалдықпен бөлінетін сандар. Тақ сандарға: 1,3,5,7,9,11,13,15,17,19,21... Әрбір натурал сан разрядтарға бөлінеді. Разрядтар оңнан солға қарай бірлік, ондық, жүздік және т.с.с. оқылады Санның жазылуындағы алғашқы үш разряд бір топқа біріктіріліп, *бірліктер класы* деп аталады. Бұл класс бірліктер, ондықтар, жүздіктерден тұрады. Төртінші, бесінші, алтыншы разрядтар *мыңдықтар класын* құрайды. Оған мың, он мың, жүз мыңдардың бірліктері кіреді. Кестеде көрсетілгендей, мыңдықтар класынан кейін *миллиондар класы,* одан кейін миллиардтар класы және т.б. жалғаса береді. **Есіңе сақта!** **Цифр – бұл таңба. Олар: 0, 1, 2, 3, 5, 6, 7, 8, 9.** Цифрлар тек таңба болғандықтан, оларды «жұп» және «тақ» деген ұғымдарға бөлуге болмайды. Бірақ, цифрлардың көмегімен **сандар** жазылады. Заттарды немесе ұғымдарды санау үшін қолданылатын сандарды **натурал сандар** деп атайды. Егер натурал сандарды бірінен соң бірін жазса, онда натурал сандар қатары шығады. **Оның шексіз екенін көрсету үшін, соңына көп нүкте қойылады:**	... атайды» анықтамасын тұжырымдаңыз. Қатынас екі санның бөліндісі түрінде болғандықтан, бөліндінің негізгі қасиеті қатынаста да орындалады. ***Қатынастың екі мүшесін де нөлден өзге бірдей санға көбейтсек немесе бөлсек, берілген қатынасқа тең қатынас шығады.*** ***Мысалы:*** $8 \div 15 = 32 \div 60$, яғни $8 \div 15$ бірдей 4 санына көбейіп, нәтижесінде $32 \div 60$ алдық. Қатынастың осы қасиетін пайдаланып, берілген қатынасты қысқартуға болады. Мысалы: 10:12=5:6. Демек, 5:6 қатынасы- 10:12 қатынасының қысқартылған түрі. $\frac{a}{b}$ қатынасы $-\frac{a}{b}$ қатынасына кері қатынас. Кері қатынасқа осындай мысал келтіріңдер. Берілген қатынасқа кері қатынасты қалай жазуға болады? Анықтамасын оқушылардың өздеріне тұжырым жасату. • *Егер берілген қатынастың алдыңғы мүшесін соңғы мүше етіп, ал соңғы мүшесін алдыңғы мүше етіп, орындарын ауыстырып жазсақ, онда берілген қатынасқа* ***кері қатынас*** *алынады.* $\frac{a}{b}$ қатынасы $\frac{a}{b}$ қатынасына кері қатынас. •*Мысалы:* $\frac{3}{5}$ қатынасы $\frac{5}{3}$ қатынасына кері қатынас. Кері қатынасқа осындай мысал келтіріңдер. *Екіден артық мүшесі бар қатынас 2:3:5- үш мүшелі қатынас. Бұл үш шаманың*	мазмұнын түсінеді. Мұғалім 6 сынып оқушылары на тақырыпты ң ішінде туындаған сұрақтарды оқушыларға қойып отырып, тез жауап алып отырады.	

	1, 2, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, ...100, 101... 1000, 1001, Егер натурал сандар қатарынан кез келген бірнеше сандарды ретімен жазсақ, онда ол натурал сандар қатарының **кесіндісі** болады. 8, 9, 10, 11, 12, 13 – бұл натурал сандар қатарының кесіндісі. 8, 9, 10, 12, 11, 13 – бұл натурал сандар қатарының **кесіндісі емес,** себебі сандар ретімен тұрған жоқ. 8, 9, 10, 12,13 – бұл натурал сандар қатарының **кесіндісі емес**, себебі 11 саны жоқ. **Натурал сандардың қасиеттері:** -натурал сандар қатары 1-ден басталады; -натурал сандар қатарының әрбір келесі мүшесі алдыңғысынан 1-ге артық; -натурал сандар қатары шексіз, себебі оның «ең соңғы мүшесі» деп саналған кез келген үлкен натурал санның өзіне бірлікті қосу арқылы келесі мүшесін алуға болады	*сәйкес мәндерінің ара қатынасын білдіреді.* $a \div b \div c = 2 \div 3 \div 5$ *теңдігі a, в, с шамаларының сәйкес мәндері* $a = 2k; в = 3k; c = 5k$ *түрінде өрнектелетінін білдіреді.* $a \div в \div c = 2 \div 3 \div 5 \Leftrightarrow \begin{cases} a \div в = 2 \\ в \div c = 3 \end{cases}$		
	Сыныппен жұмыс			
	Сыни тұрғыдан талдау ***тапсырма.*** ***Берілген қатардағы натурал сандар қатарын көрсетіңіз:*** 1, 3, 5, 7… 0, 1, 2, 3…	**Жеке жұмыс** **№1.** Әдетте жидек тосабын дайындау үшін жидек пен құмшекердің мынадай қатынаста 1:1 алады. Егер 5 литр жидек тосабын сапалы дайындау үшін неше литр жидекке неше килограмм құмшекер қосу керек? **1:1 қатынасты қалай түсінесіз?** **№2.** Оқушы тор көзбен жол көз дәптерлерін 2:1 қатынасындай сатып алды.	5-сыныптың істеген жұмыстарын тексеріп жатқан кезде, 6 сыныпқа жеке жұмыстарды береді.	

	1, 2, 3, 4… ***Кему ретімен орналасқан сандарды көрсетіңіз:*** 155; 99; 74; 50; 33 15; 28; 61; 88; 129 297; 102; 5; 75; 20 **2-тапсырма** ***а) сегіз жүз тоғыз;*** ***б) бес мың екі жүз он бір;*** ***в) жиырма екі миллион үш мың сегіз;*** ***г) жиырма сегіз миллион он бес мың үш жүз екі;*** ***д) бес жүз жеті миллион сексен мың;*** ***е) бір миллиард тоғыз миллион тоғыз мың;*** ***ж) төрт жүз жиырма үш миллиард үш жүз қырық миллион алты жүз мың тоғыз жүз сексен;*** ***з) елу екі миллиард сегіз мың он екі;*** ***и) жеті жүз жетпіс жеті миллиард алты жүз сегіз мың;*** ***к) тоғыз миллиард елу бес мың.*** **3-тапсырма** Екі таңбалы 5 тақ сан жаз Үш таңбалы 5 жұп сан жаз	Егер оқушы 24 тор көз дәптерін сатып алған болса, онда оқушы қанша жол көз дәптерін сатып алған? **2:1 қатынасты қалай түсінесіз?** **№3.** Бөлінді $6 \div 3 = 2$ қатынас па?		
	Сергіту сәті (Kahoot)			
	Мен қазір тақ сан айтқанда бәріміз отырамыз, ал жұп сан айтқанда секіреміз *Логикалық сұрақтар:* Егер тырна бір аяғымен тұрса 3 кг болады, ал егер екі аяғымен тұрса, оның салмағы қанша? (3кг) Үстел беті төртбұрышты, оның бір бұрышын арамен кесіп алсақ неше бұрыш қалады? 5 бұрыш Жұмбақ: Нәрселерді санағанда, Керек ол бізге ауадай. Айтыңдаршы бұл қандай сан Жан-жағына қарамай. *Натурал сан* ***Қосындысын табыңыз:*** ***60 000 + 7 000 + 300 + 50 +9;*** ***б) 4 000 000 + 70 000 + 8000 +600 +5;*** ***в) 900 000 + 3 000 + 700 + 20;*** ***г) 8000 + 600 + 1.***	Мұғалім логикалық сұрақтар қоюдан алдын, оқушылардың бір сергітіп алады. Kahoot программасы арқылы интерактивті тақтада «Иә» және «Жоқ» ойынын ойнайды.	Оқушылар логикалық сұрақтарға тез ойланып, қол көтеріп жауап береді. Оқушылар өздерінің ұялы телефондары арқылы интерактивті тақтада көрсетіліп отырған

			сұрақтар «Иә» немесе «Жоқ» деп жауап беріп отырады. Әрбір дұрыс жауаптарға кеткен уақытқа қарай ұпай алып отырады. Ал әрбір сұрақтан сон өздерінің нешінші орында және қанша ұпай алып отырғанын көріп отырады.
	Қорытынды (Pluckers)		
		Әрбір сыныпқа жаңа тақырыпқа байланысты жеке 10 тест тапсырмаларын береді	Оқушылардың қолындағы А4 парақшадағы QR кодін пайдаланып әрбір туст сұрақтарына жауап беріп өздерінің жаңа сабақты қаншалықта меңгергенін көреді.

Сабақтың соңы 2 минут	**Үйге тапсырма.** № 1; № 2 (4; 5; 6) есеп шығару.	Үйге тапсырма: Екі санның қатынасы. №4-5		Слайд
Рефлексия			Padlet программасы. https://ru.padlet.com/ мұғалім оқушылардың ұялы телефондарын падлеттің электронды адресін жібереді. Падлет тақтасына шыққан оқушылардың әсерлеріинтерактивті тақта бүкіл сыныпқа көрініп отырады.	Оқушылар келген электронды адресті ашып падлет программасына кіреді де, сол жер жерде өздерінің бүгінгі сабақтан алған әсерлері, сабақтың қай жерін түсініксіз немесе қай жері қызықты болғанын жазады.

Қосымша ақпарат

Саралау – қосымша қолдауды қалай көрсетесіз?Үлгерімі жақсы оқушыларға қиын есептерді қалай қоюды жоспарлап отырсыз?	**Бағалау – оқуда оқушылар жетістіктерін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?**	**Сілтемелер Денсаулық жағдайын тексеру АТ құндылықтар**

Өткен материалды қайталау мен тапсырмаларды орындау барысында саралау жүзеге асырылады. Тапсырмалар оқушылардың қабылдау ерекшеліктеріне, тапсырма қиындығына байланысты, оқушының іс-әрекетін ұйымдастыру формалары: топпен, жұппен және жекеше жұмыс түрлеріне сай ұсынылды.	Қосымша №1 парағындағы бағалау критерийлері және дескрипторларына сай өздері бағалайды. Бақылау және комментарий жасау, ауызша немесе жазбаша сұрақтар арқылы бағалау жүреді. Жұппен, топпен жұмыста әрбір оқушының қатысымы жіті қадағаланады.	Сабақта барлық оқушыларға жағымды әсер ету үшін жағдай жасалды. Оқушылардың зерттеушілік қасиеттерінің дамуына, өзара бірлесіп жұмыс атқаруына, бірін-бірі тыңдап, көмекке келу немесе сөз саптау, түсініктеме беру, сурет арқылы беруге баса назар аударылады.
Бейнелеу Сабақ міндеттері/ Оқыту мақсаттары шынайы болды ма? Оқушылар бүгін нені білді? Бүгін сыныпта қандай атмосфера болды? Менің дифференциалдау бойынша жұмысым жақсы өтті ме? Барлығы жоспарланған уақытқа сәйкес өтті ме? Мен жоспарға қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?	Төмендегі бос орынды Сіздің сабағыңызды бағалау үшін пайдаланыңыз. Сол жақтағы кестедегі Сіздің сабағыңыз туралы сұрақтарға жауап беріңіз.	
Қорытынды бағалау **Қандай екі мезет бәрінен де ұнады (сабақ беру мен оқытуды ескергенде)** 1: 2: **Қандай екі мезет сабақты жақсартар еді (сабақ беру мен оқытуды ескергенде)** 1: 2: **Мен сабақтан топпен келесі сабақта менімен болатын жекелеген оқушылар туралы не білдім**		

7-8-сыныптарда «Алгебра» оқу пәнін кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-8-сыныпарында «Алгебра» пәнінің оқу жүктемесінің көлемі келесідей қарастырылған:

7-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;

8-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат.

Оқу жылында: 1-тоқсанда 8-9 апта; 2-тоқсанда 7-8 апта; 3-тоқсанда 9-10 апта және 4-тоқсанда 7-8 апта қамтылады.

Шағын жинақты ауыл мектептерінде 7-8-сыныптарды біріктіріп оқытқанда «Алгебра» пәнінің білім мазмұнын бөлімдерге бөлінгенде ескеру керек. Бұл бөлімдер күтілетін нәтижелер (біліктер немесе дағдылар, білім немесе түсініктер) түрінде берілген сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады. Әр бөлімше ішінде тізбектеліп жазылған оқыту мақсаттары мұғалімге өз жұмысын жоспарлап, оқушылардың жетістіктерін бағалауға, сонымен қатар оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді. 56-кестеде 7-8-сыныптарда «Алгебра» пәнін біріктіріп оқыту бойынша ҚМЖ үлгісі ұсынылған.

56-кестеде 7-8-сыныптарда «Алгебра» пәнін біріктіріп оқыту бойынша ҚМЖ үлгісі

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	**Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны**	**7-сынып Оқыту мақсаттары**	**8-сынып Оқыту мақсаттары**
1-тоқсан			
7-сынып Бүтін көрсеткішті дәреже	Натурал көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері	7.1.2.1 натурал көрсеткішті дәреже анықтамасын және оның қасиеттерін білу; 7.1.2.2 санның дәрежесі қандай цифрға аяқталатынын анықтау; 7.1.2.15 натурал көрсеткішті дәреженің қасиеттерін қолдану; 7.4.2.3 шаршы мен текшенің сызықтық өлшемдерінің өзгеруіне байланысты олардың ауданы мен көлемі қалай өзгеретінін бағалау	8.1.1.1 иррационал және нақты сандар ұғымдарын меңгеру
8-сынып Квадрат түбір және иррационал өрнек	Нақты сандар		
7-сынып	Бүтін көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері	7.1.2.3 нөл және бүтін теріс көрсеткішті дәреженің анықтамасын және оның қасиеттерін білу; 7.1.2.4 бүтін көрсеткішті дәреженің санды мәнін анықтау және берілген сандарды дәреже түрінде көрсету; 7.1.2.6 көрсеткіші нөлге тең дәреженің негізіндегі айнымалының мүмкін	8.1.1.2 санның квадрат түбірі және арифметикалық квадрат түбірі анықтамаларын білу және ұғымдарын ажырату; 8.1.2.1 арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттерін қолдану; 8.1.2.2 квадрат түбірдің мәнін бағалау
8-сынып	Квадрат түбір		

		мәндерін табу; 7.2.1.1 санды өрнектердің мәндерін табуда бүтін көрсеткішті дәреже қасиеттерін қолдану	
7-сынып	Құрамында дәрежесі бар өрнектерді түрлендіру	7.1.2.5 алгебралық өрнектерді ықшамдауда дәрежелердің қасиеттерін қолдану; 7.2.3.1 құрамында дәрежесі бар сандар тізбегінің заңдылығын және жетіспейтін мүшелерін анықтау	8.1.2.3 көбейткішті квадрат түбір белгісінің алдына шығару және көбейткішті квадрат түбір белгісінің астына алу ; 8.1.2.4 бөлшек бөлімін иррационалдықтан арылту; 8.1.2.5 құрамында түбір таңбасы бар өрнектерді түрлендіруді орындау; 8.1.2.6 нақты сандарды салыстыру
8-сынып	Құрамында квадрат түбірлері бар өрнектерді түрлендіру		
7-сынып	Санның стандарт түрі	7.1.1.1 сандарды стандарт түрде жазу; 7.1.2.7 стандарт түрде жазылған сандарға арифметикалық амалдар қолдану; 7.1.2.8 стандарт түрде жазылған санның мәнді бөлігін және ретін табу; 7.1.2.9 стандарт түрде жазылған сандарды салыстыру; 7.1.2.10 шамаларды бір өлшем бірліктен екінші өлшем бірлікке айналдыру және оны стандарт түрде жазу; 7.1.2.11 шамалардың жуық мәндерін табу және оларды стандарт түрде жазу; 7.1.2.12 жуық шамалардың абсолюттік және салыстырмалы қателіктерін есептеу; 7.1.2.13 калькулятордың көмегімен жуықтап есептеулерді орындау	8.4.1.1 $y=\sqrt{x}$ функциясының қасиеттерін білу және оның графигін салу; 8.4.1.4 аргументтің берілген мәндері бойынша функцияның мәндерін табу және функцияның мәні бойынша аргументтің мәнін табу
8-сынып	$y=\sqrt{x}$ функциясы, оның графигі және қасиеттері		
7-сынып	Мәтінді есептерді шығару	7.4.2.1 өте кіші немесе өте үлкен сандармен берілген шамаларға	

		байланысты есептер шығару	
7-сынып Көпмүшелер	Бірмүшелер және оларға амалдар қолдану. Бірмүшенің дәрежесі және стандарт түрі	7.2.1.2 бірмүше анықтамасын білу, оның коэффициенті мен дәрежесін табу; 7.2.1.3 бірмүшені стандарт түрде жазу; 7.2.1.4 бірмүшелерді көбейтуді орындау және бірмүшені көбейткіштердің көбейтіндісі түрінде көрсету	
7-сынып	Көпмүшелер. Көпмүшенің дәрежесі және стандарт түрі	7.2.1.5 көпмүше анықтамасын білу және оның дәрежесін табу; 7.2.1.6 көпмүшені стандарт түрге келтіру	
7-сынып	Көпмүшелерге амалдар қолдану	7.2.1.7 көпмүшелерді қосу және азайтуды орындау; 7.2.1.8 көпмүшені бірмүшеге көбейтуді орындау; 7.2.1.9 көпмүшені көпмүшеге көбейтуді орындау	
7-сынып	Көпмүшені көбейткіштерге жіктеу	7.2.1.12 алгебралық өрнектерді ортақ көбейткішті жақша сыртына шығару және топтау тәсілдері арқылы көбейткіштерге жіктеу	
7-сынып	Өрнектерді тепе-тең түрлендіру	7.2.1.13 көпмүшелерге амалдар қолдану, көпмүшелерді көбейткіштерге жіктеу арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендірулерді орындау	

1-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Алгебра» пәнін кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар:

Біріктірілген сыныптарда «Алгебра» пәнін кіріктіріп оқытуда «Сандар» бөлімі бойынша: 7-сыныпта 15 мақсат, 8-сыныпта 8 мақсат қарастырылған.

«Алгебра» бөлімі бойынша: 7-сыныпта 13 мақсат, «Математикалық модельдеу және анализ» бөлімі бойынша: 8-сыныпта 2 мақсат қарастырылған.

Берілген мақсаттарды меңгерту барысында, тест тапсырмаларды әр тақырып сайын мүмкіндігінше бері қажет. Себебі білім алушы тест

тапсырмаларын орындау барысында жылдам ойлауға және тиімді тәсілдермен шығаруға машықтанады. (Егер сыныпта интерактивтік тақта болса, онда педагогке электронды оқулықтарды пайдалануға ұсынылады).

1-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Алгебра» пәнін кіріктіріп оқытуда 1-БЖБ 1-тоқсанның 4-аптасында, 2-БЖБ 1-тоқсанның 7-аптасында алынады. ТЖБ 8-9 аптада алынады.

Шағын жинақты ауыл мектептерінің педагогтері біріктірілген сыныптарды БЖБ мен ТЖБ-ны қабылдаған кезде «Алгебра» пәнінің мұғаліміне БЖБ-ны 12-15 балдан жоғары болмайтын есептерді құрастыруға, әр бөлімдегі мақсаттарды ескере отырып, мысалдарды деңгейіне қарай алу немесе құрастыру ұсынылады. ТЖБ-ның есептері 20 балдан кем болмауы тиіс.

1-тоқсанда сыныптарды біріктіріп оқыту кезінде педагог білім алушылардың жас ерекшелігіне және білім деңгейіне қарай жеке жұмыстар жүргізу немесе қосымша тапсырмалар беріп отыруы тиіс.

Тоқсан соңында әр педагог өзінің алдындағы білім алушылардың деңгейіне мониторинг жүргізіп отыруды қалыптастыру ұсынылады. 57-кестеде 7-8-сыныптарда «Алгебра» пәнін біріктіріп оқыту бойынша ҚМЖ үлгісі ұсынылады.

57-кестеде 7-8-сыныптарда «Алгебра» пәнін біріктіріп оқыту бойынша ҚМЖ үлгісі

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	**Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны**	**7 сынып Оқыту мақсаттары**	**8 сынып Оқыту мақсаттары**
2-тоқсан			
Функция. Функцияның графигі	Функция және функцияның графигі	7.4.1.1 функция және функцияның графигі ұғымдарын меңгеру; 7.4.1.2 функцияның берілу тәсілдерін білу; 7.4.1.3 функцияның анықталу облысы мен мәндер жиынын табу	8.2.2.1 квадрат теңдеудің анықтамасын білу; 8.2.2.2 квадрат теңдеулердің түрлерін ажырату
Квадрат теңдеулер	Квадрат теңдеу		
7 сынып	Сызықтық функция және оның графигі	7.4.1.4 $y = kx$ функциясының анықтамасын білу, графигін салу, k коэффициентіне қатысты орналасуын анықтау; 7.4.1.5 $y = kx + b$ түріндегі сызықтық функцияның анықтамасын білу, оның графигін салу және графиктің k және b коэффициенттеріне қатысты орналасуын анықтау; 7.4.1.6 сызықтық функция графигінің координата	8.2.2.3 квадрат теңдеулерді шешу; 8.2.2.4 Виет теоремасын қолдану
8 сынып	Квадрат теңдеулерді шешу		

		осьтерімен қиылысу нүктелерін графикті салмай табу; 7.4.1.7 y = kx + b сызықтық функциясының графигінен k және b таңбаларын анықтау	
7 сынып	Сызықтық функциялардың графиктерінің өзара орналасуы	7.4.1.8 сызықтық функция графиктерінің өзара орналасуы олардың коэффициенттеріне тәуелді болатынын негіздеу; 7.4.1.9 графигі берілген функцияның графигіне параллель немесе қиятын сызықтық функцияның формуласын табу	8.2.1.1 квадрат үшмүшенің түбірі ұғымын меңгеру; 8.2.1.2 үшмүшеден екімүшенің толық квадратын бөлу; 8.2.1.3 квадрат үшмүшені көбейткіштерге жіктеу
8 сынып	Квадрат үшмүше		
7 сынып	Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін графиктік тәсілмен шешу	7.4.2.4 екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін графиктік тәсілмен шешу	8.2.2.5 $\|ax^2 + bx\| + c = 0$; $ax^2 + b\|x\| + c = 0$ түріндегі теңдеулерді шешу; 8.2.2.6 бөлшек-рационал теңдеулерді шешу; 8.2.2.7 квадрат теңдеулерге келтірілетін теңдеулерді шешу
8 сынып	Теңдеулерді шешу		
7 сынып	$y=ax^2$, $y=ax^3$ және $y = \frac{k}{x}$ ($k\neq0$) түріндегі функциялар, олардың графиктері және қасиеттері	7.4.1.10 $y= ax^2$ $(a \neq 0)$ функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу; 7.4.1.11 $y = ax^3$ $(a \neq 0)$ функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу; 7.4.1.12 $y = \frac{k}{x}$ $(k \neq 0)$ функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу	

2-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Алгебра» пәнін кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар:

2-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Алгебра» пәнін кіріктіріп оқытуда «Алгебра» пәнінің бөлімдерінің мақсаттарына тоқталып өткен жөн. «Алгебра» пәні бойынша: 8-сыныпта 10 мақсат қарастырылған. «Математикалық модельдеу және анализ» бөлімі бойынша: 7-сыныпта 13 мақсат қарастырылған.

Берілген мақсаттарды меңгерту барысында, білім алушылардың осы мақсаттарды түсінуіне көптеген есептер шығаруына ықпал ету.

2-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Алгебра» пәнін кіріктіріп оқытуда

1-БЖБ 2-тоқсанның 3-аптасында алынады. 2-ші БЖБ 2-тоқсанның 6-аптасында алынады. ТЖБ 8-аптада алынады.

Шағын жинақты ауыл мектептерінің педагогтері біріктірілген сыныптарды БЖБ мен ТЖБ-ны қабылдаған кезде «Алгебра» пәнінің мұғаліміне БЖБ-ны 12-15 балдан жоғары болмайтын есептерді құрастыру, әр бөлімдегі мақсаттарды ескере отырып, мысалдарды деңгейіне қарай алу немесе құрастыру ұсынылады. ТЖБ-ның есептері 20 балдан кем болмауы тиіс. Келісі кестеде 7-8-сыныпта «Алгебра» пәнін біріктіріп оқыту бойынша ҚМЖ үлгісі

58-кесте. 7-8-сыныпта «Алгебра» пәнін біріктіріп оқыту бойынша ҚМЖ үлгісі

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	**Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны**	**7-сынып Оқыту мақсаттары**	**8-сынып Оқыту мақсаттары**
3-тоқсан			
7-сынып Қысқаша көбейту формулалары	Қысқаша көбейту формулалары	7.2.1.10 $a^2 - b^2 = (a - b)(a + b)$, $(a \pm b)^2 = a^2 \pm 2ab + b^2$ қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану; 7.2.1.11 $a^3 - b^3 = (a - b)(a^2 \mp ab + b^2)$, $(a \pm b)^3 = a^3 \pm 3a^2b + 3ab^2 \pm b^3$ қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану	8.4.2.1 мәтінді есептерді квадрат теңдеулердің көмегімен шешу; 8.4.2.2 мәтінді есептерді бөлшек-рационал теңдеулердің көмегімен шешу
8-сынып Квадрат теңдеулер	Мәтінді есептерді шығару		
7-сынып	Қысқаша көбейту формулаларының көмегімен өрнектерді түрлендіру	7.1.2.14 тиімді есептеу үшін қысқаша көбейту формулаларын қолдану; 7.2.1.14 алгебралық өрнектерді қысқаша көбейту формулалары арқылы көбейткіштерге жіктеу; 7.2.1.15 қысқаша көбейту формулалары арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендірулерді орындау	8.4.1.2 $y = a(x - m)^2$, $y = ax^2 + n$ және $y = a(x - m)^2 + n, a \neq 0$, түрдегі квадраттық функциялардың қасиеттерін білу және графиктерін салу; 8.4.1.3 $y = ax^2 + bx + c, a \neq 0$, түріндегі квадраттық функцияның қасиеттерін білу және графигін салу; 8.4.1.4 аргументтің берілген мәндері бойынша функцияның мәндерін табу және функцияның мәні бойынша
8-сынып Квадраттық функция	Квадраттық функция және оның графигі		

			аргументтің мәнін табу
7-сынып	Мәтінді есептерді шығару	7.4.3.1 есеп шарты бойынша математикалық модель құру; 7.4.2.2 мәтінді есептерді теңдеулер және теңсіздіктер құру арқылы шығару	8.4.2.3 қолданбалы есептерді шығару үшін квадраттық функцияны қолдану; 8.4.3.1 есеп шарты бойынша математикалық модель құру
8-сынып	Мәтінді есептерді шығару		
7-сынып Статистика элементтері	Вариациялық қатар	7.3.3.1 басты жиынтық, кездейсоқ таңдама, вариациялық қатар, нұсқалық ұғымдарын меңгеру	8.3.3.1 таңдама нәтижелерін жиіліктердің интервалдық кестесі арқылы беру; 8.3.3.2 жиіліктердің интервалдық кестесінің деректерін жиіліктер гистограммасы арқылы беру
8-сынып Статистика элементтері	Жиілік алқабы, жиілік гистограммасы		
7-сынып	Абсолютті жиілік және салыстырмалы жиілік. Жиілік кестесі	7.3.3.2 нұсқалықтың абсолютті және салыстырмалы жиіліктерін есептеу; 7.3.3.3 статистикалық деректерді жинау және оны кесте түрінде көрсету; 7.3.3.4 таңдаманы жиілік кестесі түрінде көрсету; 7.3.3.5 кестедегі деректердің дұрыстығын тексеру	8.3.3.3 жинақталған жиілік анықтамасын білу; 8.3.3.4 статистикалық кестемен, алқаппен, гистограммамен берілген ақпаратты талдау; 8.3.3.5 дисперсия, стандартты ауытқу анықтамаларын және оларды есептеу формулаларын білу
8-сынып	Орта мән. Дисперсия. Стандартты ауытқу		
7-сынып	Жиілік алқабы	7.3.3.6 таңдама нәтижесін жиілік алқабы түрінде көрсету; 7.3.3.7 кесте немесе жиіліктер алқабы түрінде берілген статистикалық ақпаратты талдау	8.3.3.1 таңдама нәтижелерін жиіліктердің интервалдық кестесі арқылы беру; 8.3.3.2 жиіліктердің интервалдық кестесінің деректерін жиіліктер гистограммасы арқылы беру
8-сынып	Жиілік алқабы, жиілік гистограммасы		

3-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Алгебра» пәнін кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар:

3-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Алгебра» пәнін кіріктіріп оқытуда «Алгебра» пәнінің бөлімдерін қарастырсақ: пән бойынша 7-сыныпта 5 мақсат қарастырылған.

«Статистика және ықтималдықтар теориясы» бөлімі бойынша: 7-сыныпта 7 мақсат, 8-сыныпта 7 мақсат қарастырылған. «Математикалық модельдеу және анализ» бөлімі бойынша: 8-сыныпта 7 мақсат қарастырылған.

Берілген мақсаттарды меңгерту барысында білім алушыға күнделікті өмірде кездесетін мысалдарды бейнетаспалар немесе суреттерді пайдаланып берілген мақсаттарға қолжеткізуге болады.

3-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Алгебра» пәнін кіріктіріп оқытуда 1-БЖБ 3-тоқсанның 3-аптасында, 2-БЖБ 3-тоқсанның 6-аптасында алынады. 3-БЖБ 3-тоқсанның 8-аптасында алынады. ТЖБ тоқсанның 9-10-аптада алынады.

Шағын жинақты ауыл мектептерінің педагогтері біріктірілген сыныптарда БЖБ мен ТЖБ-ны қабылдаған кезде «Алгебра» пәнінің мұғаліміне БЖБ-ны 12-15 балдан жоғары болмайтын есептерді құрастыру, әр бөлімдегі мақсаттарды ескере отырып, мысалдарды деңгейіне қарай алу немесе құрастыру ұсынылады. ТЖБ-ның есептері 20 балдан кем болмағаны дұрыс.

Тоқсан соңында әр педагог өзінің алдындағы білім алушылардың деңгейіне мониторинг жасауды қалыптастыру ұсынылады. 59-кестеде 7-8-сыныптарда «Алгебра» пәнін біріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар беріледі.

59-кесте. 7-8-сыныптарда «Алгебра» пәнін біріктіріп оқыту бойынша ҚМЖ үлгісі

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	**Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны**	**7-сынып Оқыту мақсаттары**	**8-сынып Оқыту мақсаттары**
4-тоқсан			
7-сынып Алгебралық бөлшектер	Алгебралық бөлшек және оның негізгі қасиеті	7.2.1.16 алгебралық бөлшектерді танып білу; 7.2.1.17 алгебралық бөлшектегі айнымалылардың мүмкін мәндер жиынын табу; 7.2.1.18 алгебралық бөлшектің негізгі қасиетін қолдану: $\frac{ac}{bc}=\frac{a}{b}, b\neq 0, c\neq 0$	8.2.2.8 квадрат теңсіздіктерді шешу
8-сынып Теңсіздіктер	Квадрат теңсіздік		
7-сынып	Алгебралық бөлшектерге амалдар қолдану	7.2.1.19 алгебралық бөлшектерді қосу және азайтуды орындау; 7.2.1.20 алгебралық бөлшектерді көбейту	8.2.2.9 рационал теңсіздіктерді шешу
8-сынып	Рационал теңсіздік		

		және бөлуді, дәрежеге шығаруды орындау	
7-сынып	Алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіру	7.2.1.21 құрамында алгебралық бөлшектері бар өрнектерді түрлендіруді орындау	8.2.2.10 біреуі сызықтық, екіншісі квадрат теңсіздік болатын екі теңсіздіктен құралған жүйелерді шешу; 8.2.2.11 құрамында екі квадрат теңсіздігі бар жүйелер мен жиынтықтарды шешу
8-сынып	Теңсіздіктер жүйелерін шешу		
7- 8-сыныптағы алгебра курсын қайталау			

4-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Алгебра» пәнін кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар:

4-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Алгебра» пәнін кіріктіріп оқытуда «Алгебра» пәнінің бөлімдерін қарастырған жөн. Пән бойынша: 7-сыныпта 6 мақсат, 8-сыныпта 4 мақсатты орындау көзделген. БЖБ 4-тоқсанның 3-аптасында алынады. ТЖБ 7 аптада алынады.

Шағын жинақты ауыл мектептерінің педагогтері біріктірілген сыныптарда БЖБ мен ТЖБ-ны қабылдаған кезде «Алгебра» пәнінің мұғаліміне БЖБ-ны 12-15 балдан жоғары болмайтын есептерді құрастыру, әр бөлімдегі мақсаттарды ескере отырып, мысалдарды деңгейіне қарай алу немесе құрастыру ұсынылады. ТЖБ-ның есептері 20 балдан кем болмауы тиіс.

Ұсыныс: *берілген мақсаттарға педагогке қорытынды жасап отыру, тест тапсырмаларын (әр тақырыпқа 5-10 тест тапсырмаларын) алып отыру, әр тоқсан сайын қорытынды мониторинг жасау ұсынылады. Себебі білім алушыға алдағы уақытта қойылған мақсаттарды игеру жеңіл беріледі.*

Берілген БЖБ-ны 3 немесе 4 есептен 12-15 балдық болатын есептерді құрастыруы қажет. Негізі БЖБ 20-25 минут уақытты алуына байланысты ең алдымен білім алушылардың жас ерекшелігі мен білім деңгейіне қарап құрастырған ұсынылады.

«Математика – Алгебра» пәндерін 6-7-сыныптрда пәндерді кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар

60-кестеде «Математика – Алгебра» пәндерін 6-7-сыныптрда пәндерді кіріктіріп оқыту бойынша ҚМЖ үлгісі ұсынылған.

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу		Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: Қысқаша көбейту формулалары
Күні		
Мұғалімнің аты-жөні:		
Пәні	Математика\Алгебра	
Сынып	6-7	
Қатысқандар саны:		

Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы	Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу	Қысқаша көбейту формулалары
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	6.2.2.4 $\|x \pm a\| = b$ түріндегі теңдеулерді шешу, мұндағы a және b – рационал сандар;	7.2.1.10 $a^2-b^2=(a-b)(a+b)$ $(a-b)^2=a^2-2ab+b^2$ $(a+b)^2= a^2+2ab+b^2$ қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану.
Сабақ мақсаттары	**Барлық оқушылар:** $\|x \pm a\| = b$ түріндегі теңдеулерді шешу, мұндағы a және b – рационал сандармен танысады. ***Көпшілік оқушылар үшін:*** $\|x \pm a\| = b$ түріндегі теңдеулерді шешу, мұндағы a және b – рационал сандарды біледі. ***Кейбір оқушылар үшін:*** $\|x \pm a\| = b$ түріндегі теңдеулерді шешу, мұндағы a және b – рационал сандарды шығарады.	***Барлық оқушылар:*** Қысқаша көбейту формулаларын ($a^2-b^2=(a-b)(a+b)$ $(a-b)^2=a^2-2ab+b^2$) біледі, оқи алады, түсінеді. ***Көпшілік оқушылар үшін:*** Алгебралық өрнектерді есептер шығаруда қысқаша көбейту формулаларын ($a^2-b^2=(a-b)(a+b)$ $(a-b)^2=a^2-2ab+b^2$)қолданады. ***Кейбір оқушылар үшін:*** Көпмүшені көбейткіштерге жіктеуде қысқаша көбейту формулаларын ($a^2-b^2=(a-b)(a+b)$ $(a-b)^2=a^2-2ab+b^2$) таңдай алады, түрлендіреді, талдайды.

Сабақтың барысы			
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	**Мұғалімнің әрекеті**	**Оқушының іс әрекеті**	**Бағалау /ресурстар**
Сабақтың басы			
6 сынып		**7 сынып**	
– Оқушылармен амандасу, түгендеу. – Сабаққа дайындығын тексеру. – Сыныпта жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.			
Сабақтың басы			
6 сынып		7 сынып	
Ұйымдастыру. Амандасу. Оқушылардың көңіл күйлерін біліп, психологиялық ахуал тудыру. **Жаңа тақырыпты ашу. Өткен тақырыптардан сөзжұмбақ шешу арқылы** 1. Картадағы кескін ұзындығының оған сәйкес жер бетіндегі қашықтыққа қатынасы... 2. Бүтін сандар, бөлшек сандар (оң және теріс) сандар... 3. Периодты ондық бөлшектегі үтірден кейінгі шектеусіз көп қайталанатын бір цифр немесе цифрлар тобы... 4. Шар бетінің кез келген нүктесін оның центрімен қосатын кесінді... 5. Оң санға да, теріс санға да жатпайтын сан... 6. Латынша modulus-қазақша «мөлшер» деген мағынаны		Ұйымдастыру. Амандасу. Оқушылардың көңіл күйлерін біліп, психологиялық ахуал тудыру. Жаңа тақырып (постер қорғау **$a^2-b^2=(a-b)(a+b)$ $(a-b)^2=a^2-2ab+b^2$ қысқаша көбейту формулалары** (музыка ойнап тұрады) I топ. ***Екі өрнектің квадраттарының айырымы $a^2-b^2=(a-b)(a+b)$.*** Көпмүшелерді көбейтудің ықшамдырақ орындау жағдайларын өрнектейтін формулаларды **қысқаша көбейту формулалары** деп атайды.	

білдіретін шама немесе абсолюттік шама... $\lvert x \rvert = 3$, $\lvert x-4 \rvert = 5$, $\lvert 2x+3 \rvert = 7$, $3 \lvert x \rvert - 2 = 7$ теңдеулері айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулер. Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді **модуль таңбасы бар теңдеулер** деп атайды. Мысалы, $\lvert x-2 \rvert = 3$, $\lvert 3x+2 \rvert = 2x+1$, т.с.с. – модуль таңбасы бар теңдеулер. Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңдеуді шешудің екі тәсілін қарастырамыз. 1 – тәсіл: $\lvert a - b \rvert$ координаталық түзудегі екі нүктенің арақашықтығын пайдаланып шешу. 2 – тәсіл: санның модулінің анықтамасын пайдаланып шешу. $\lvert a \rvert = \begin{cases} a, \text{егер } a \geq 0 \text{ болса,} \\ -a, \text{егер } a < 0 \text{ болса.} \end{cases}$ **Мысал:** $\lvert x \rvert = 5$ **;** **1 – тәсілмен: Шешуі:** $\lvert x-0 \rvert = 5$. Координаталық түзу бойындағы О(о) нүктесінен қашықтығы 5 бірлікке тең нүктелерді табу керек. Координаталық түзу бойында О(0) нүктесінен 5 бірлікке тең қашықтықта екі нүкте кескінделеді. Олар координаталыр – 5 және 5 нүктелері. Демек, x = - 5 немесе x = 5. **2 – тәсілмен: Шешуі:** Егер $x > 0$ болса, онда x = 5. Егер $x < 0$ болса, онда - x = 5; x = - 5. **Мысал** | x-3 |= 4; **1 – тәсілмен: Шешуі:** $\lvert x-3 \rvert = 4$ Координаталық түзу бойындағы координатасы 3- ке тең нүктеден қашықтығы 4 бірлікке тең нүктелерді координаталары. Координаталық түзу бойындағы координатасы 3 нүктесінен координаталары -1 және 7 нүктелерінің арақашықтығы 4 бірлікке тең. Онда -1 және 7 сандары берілген теңдеудің түбірлері болып табылады. Демек, x = - 1 немесе x = 7. **2 – тәсілмен: Шешуі:** Егер $x-3 > 0$ болса, x-3 = 4. X=7 Егер $x-3 < 0$ болса, – (x-3) = 4; X -3= - 4 X=-1 Жауабы: -1, 7	II топ. ***Екі өрнектің айырымының (қосындысының) квадраты*** ***$(a-b)^2=a^2-2ab+b^2$ $(a+b)^2=a^2+2ab+b^2$*** Екі топ тақтаға шығып, жаңа тақырыпты мысалымен таныстырып өтеді.
Сабақтың ортасы	
Ой талдау \Оқулықпен жұмыс **«Кітап - білім бұлағы»** **№ 824** $\lvert x \rvert + 3 = 5$; $\lvert 2x \rvert + 3 = 9$; **№ 825 № 827** **Дескриптор:** *Білім алушы* - түрлендірулерді орындайды; - сызықты теңдеулерге көшеді; - сызықтық теңдеулерді шешеді;	**Оқулықпен жұмыс.** Оқулықтықтағы есептерді **«Бинго»**әдісін қолданып, шешу. **Жеке жұмыс.** *№ 332 Көбейтуді орында* A$(m-3)^2= m^2-6m+9$;B$(x+5)^2=x^2+10x+25$ C$(a+1)^2=a^2+2a+1$; D $x^2-y^2=(x-y)(x+y)$ № 334 Көбейткіштерге жікте A $x^2 -y^2=$ B $a^2-1=$

- теңдеу түбірлерінің санын табады; - есептің жауабын негіздейді; **Бағалау:** үш шапалақ әдісі арқылы.	C 100-p²= D 1.21-x² = **Дескриптор:** *Білім алушы* - қысқаша көбейту формулаларын біледі. - есептер шығаруда қысқаша көбейту формулаларына қарап шығара алады. Бингоны жеңіп алған оқушыларды қолпаштау, мадақ айту. **Бағалау:** үш шапалақ әдісі арқылы.
№914. 1) |2x+14|=6 2) |9x-18|=27 **№918.** 9|x|-2|x|-8=5|x| **№920.** ||2x+3|-2|=5 **2 топ** **№914.** 3) |8x+12|=20 4) |15x-10|=5 **№918.** 7|x|-2|x|=3|x|+12 **№920.** ||3x-2|+3|=7 **Дескриптор:** *Білім алушы* - түрлендірулерді орындайды; - сызықты теңдеулерге көшеді; - сызықтық теңдеулерді шешеді; - теңдеу түбірлерінің санын табады; - есептің жауабын негіздейді. **Дескриптор арқылы «Екі жұлдыз,бір ұсыныс » арқылы өзара бағалайды**.	**Жұппен жұмыс.** № 337 Көпмүше түрінде жаз (x-1)(x+1)= ; (1+3a)(1-3a)= (4m-6)(4m+6)= ;(4-x²)(4+x²)= № 341 4a ² -49=; p² -1 ²= (x+12)(x-12)= 25x ² - 9y²= **Дескриптор:** *Білім алушы* - қысқаша көбейту формулаларын біледі. - есептер шығаруда қысқаша көбейту формулаларына қарап шығара алады. **Сағат тілі бойымен жұптар өзара бірін-бірі бағалайды**
Сабақ соңы	
Кері байланыс	
Үйге тапсырма: №925 – есеп. **Рефлексия: «Жетістік» баспалдағы**.	Үйге тапсырма: №345– есеп.

«Геометрия» оқу пәні. «Геометрия» пәнінің оқу жүктемесінің көлемі келесідей қарастырылған: 7-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат; 8-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат.

Оқу жылында: 1-тоқсанда 8-9 апта; 2-тоқсанда 7-8 апта; 3-тоқсанда 9-10 апта; 4-тоқсанда 7-8 апта қарастырылған.

Шағын жинақты ауыл мектептерінде 7-8-сыныптарды біріктіріп оқытылатын «Геометрия» оқу пәнінің білім мазмұны бөлімдерге бөлінген. Бұл бөлімдер күтілетін нәтижелер (біліктер немесе дағдылар, білім немесе

түсініктер) түрінде берілген сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады. Әр бөлімше ішінде тізбектеліп жазылған оқыту мақсаттары мұғалімге өз жұмысын жоспарлап, оқушылардың жетістіктерін бағалауға, сонымен қатар оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік жасайды.

Оқу пәнінің мазмұны бір бөлімді қамтиды: «Геометрия».

«Геометрия» бөлімі келесі:

1) геометриялық фигуралар туралы түсінік;
2) геометриялық фигуралардың өзара орналасуы;
3) метрикалық қатыстар бөлімшелерінен тұрады.

«Геометрия» пәнін 7-8-сыныптарда біріктіріп оқытуда көзделген мақсаттар комбинациясы берілген.

61-кесте. «Геометрия» пәнін 7-8-сыныптарда біріктіріп оқытуда мақсаттар комбинациясы

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	**Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны**	**7-сынып Оқыту мақсаттары**	**8-сынып Оқыту мақсаттары**
1-тоқсан			
7-сынып Геометрияның алғашқы мәліметтері	Геометрияның негізгі ұғымдары. Аксиома. Теорема	7.1.1.1 планиметрияның негізгі фигураларын білу: нүкте, түзу; 7.1.1.5 кесінді, сәуле, бұрыш, үшбұрыш, жарты жазықтық анықтамаларын білу; 7.1.1.2 нүктелер мен түзулердің тиістілік аксиомаларын білу және қолдану; 7.1.1.3 аксиоманың теоремадан айырмашылығын түсіну: теореманың шарты мен қорытындысын ажырату; 7.1.2.1 нүктелердің түзу мен жазықтықта орналасу аксиомаларын білу және қолдану (реттік аксиомасы); 7.1.1.6 кесінділер мен бұрыштарды өлшеу аксиомаларын білу және қолдану; 7.1.1.8 кесінділер мен бұрыштарды салу	8.1.1.1 көпбұрыш, дөңес көпбұрыш, көпбұрыш элементтері анықтамаларын білу; 8.1.1.2 көпбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындыларының және сыртқы бұрыштарының қосындыларының формулаларын қорытып шығару
8-сынып Көпбұрыштар. Төртбұрыштарды зерттеу	Көпбұрыш. Дөңес көпбұрыш		

		аксиомаларын білу және қолдану; 7.1.1.11 берілген үшбұрышқа тең үшбұрыштың бар болуы аксиомасын білу; 7.1.2.2 түзулердің параллельдік аксиомасын білу	
7-сынып	Фигуралар теңдігі	7.1.1.7 тең фигуралардың анықтамасы мен қасиеттерін білу және қолдану	8.1.1.3 параллелограмм анықтамасын білу; 8.1.1.4 параллелограмм қасиеттерін қорытып шығару және қолдану; 8.1.1.5 параллелограмм белгілерін қорытып шығару және қолдану; 8.1.1.6 тіктөртбұрыш, ромб, шаршы анықтамаларын білу және олардың қасиеттері мен белгілерін қорытып шығару
8-сынып	Параллелограмм, ромб, тіктөртбұрыш, шаршы және олардың қасиеттері мен белгілері		
7-сынып	Теореманы дәлелдеу әдістері: тура дәлелдеу және «кері жору» әдісі	7.1.1.4 теоремаларды дәлелдеу әдістерін білу: тура дәлелдеу және «кері жору» әдістері	8.1.1.7 Фалес теоремасын білу және қолдану; 8.1.1.8 пропорционал кесінділер туралы теоремаларды білу және қолдану; 8.1.1.9 циркуль мен сызғыштың көмегімен кесіндіні бірдей n бөлікке бөлу; 8.1.1.10 пропорционал кесінділерді салу
8-сынып	Фалес теоремасы. Пропорционал кесінділер		
7-сынып	Сыбайлас және вертикаль бұрыштар, олардың қасиеттері	7.1.1.9 сыбайлас және вертикаль бұрыштардың анықтамаларын білу; 7.1.1.10 сыбайлас және вертикаль бұрыштардың қасиеттерін дәлелдеу және қолдану; 7.1.1.32 перпендикуляр ұғымын біледі	8.1.1.11 трапецияның анықтамасын, түрлерін және қасиеттерін білу; 8.1.1.12 үшбұрыштың орта сызығының қасиетін дәлелдеу және қолдану; 8.1.1.13 трапецияның орта сызығының қасиетін дәлелдеу және қолдану
8-сынып	Трапеция, оның түрлері мен қасиеттері. Трапеция мен үшбұрыштың орта сызықтары		
7-сынып	Үшбұрыштың тамаша нүктелері		8.1.3.1 үшбұрыштың қабырғаларына жүргізілген медианалар, биссектрисалар,

			биіктіктер және орта перпендикулярлар қасиеттерін білу және қолдану

1-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Геометрия» пәнін кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар:

«Геометриялық фигуралар туралы түсінік» бөлімі бойынша: 7-сыныпта 12 мақсат, 8-сыныпта 13 мақсат қарастырылған. «Геометриялық фигуралардың өзара орналасуы» бөлімінде 7-сыныпта 2 мақсат берілген.

Берілген мақсаттарды меңгерту барысында, тест тапсырмаларын әр тақырып сайын беру ұсынылады. Білім алушы тест тапсырмаларын шешу барысында жылдам ойлауға және тиімді тәсілдермен шығаруға машықтанады. (Егер сыныпта интерактивтік тақта болса, онда педагогке электронды геометриялық құралдарды пайдалану ұсынылады).

Берілген мақсаттарды меңгерту барысында білім алушыға геометриялық фигураларды қолмен жасауға, жасаған фигураларының қасиеттерін айтқызу, көрсету және т.с.с. тәсілдерді пайдалану ұсынылады.

1-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Геометрия» пәнін кіріктіріп оқытуда 1 БЖБ 1-тоқсанның 4-аптасында, 2 БЖБ 1-тоқсанның 7-аптасында алынады. ТЖБ 8-9-аптада алынады.

Шағын жинақты ауыл мектептерінің педагогтері біріктірілген сыныптарда БЖБ мен ТЖБ-ны қабылдаған кезде «Геометрия» пәнінің мұғаліміне БЖБ-ны 12-15 балдан жоғары болмайтын есептерді құрастыру, әр бөлімдегі мақсаттарды ескере отырып, мысалдарды деңгейіне қарай алу немесе құрастыру ұсынылады. ТЖБ-ның есептері 20 балдан кем болмауы тиіс.

1-тоқсанда сыныптарды біріктіріп оқыту кезінде педагог білім алушылардың жас ерекшелігіне қарай және білім деңгейіне қарай жеке жұмыстар жүргізу немесе қосымша тапсырмалар беріп отыруы тиіс.

Тоқсан соңында әр педагог өзінің алдындағы білім алушылардың деңгейін мониторинг жасап отыруға қалыптасуы керек. 62-кесте. «Геометрия» пәнін 7-8-сыныптарда біріктіріп оқыту бойынша ҚМЖ-ның үлгісі ұсынылады.

62-кесте. «Геометрия» пәнін 7-8-сыныптарда біріктіріп оқыту бойынша ҚМЖ-ның үлгісі

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	**Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны**	**7 сынып Оқыту мақсаттары**	**8 сынып Оқыту мақсаттары**
2-тоқсан			
7 сынып Үшбұрыштар	Үшбұрыш және оның түрлері	7.1.1.13 үшбұрыштардың түрлерін ажырату	8.1.3.2 бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің тікбұрышты үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштарының қатыстары арқылы берілген анықтамаларын білу;
8 сынып Тікбұрышты үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштары	Тікбұрышты үшбұрыштың сүйір бұрыштарының тригонометриялық функциялары.		

арасындағы қатыстар	Пифагор теоремасы		8.1.3.3 Пифагор теоремасын дәлелдеу және қолдану; 8.1.3.4 тікбұрышты үшбұрыштың тік бұрышының төбесінен гипотенузасына түсірілген биіктігінің қасиеттерін дәлелдеу және қолдану
7 сынып	Үшбұрыштың биссектрисы, медианасы, биіктігі және орта сызығы	7.1.1.14 теңқабырғалы, теңбүйірлі, тікбұрышты үшбұрыштардың элементтерін білу; 7.1.1.12 үшбұрыштың медианасы, биссектрисасы, биіктігі, орта перпендикуляры, орта сызығы анықтамаларын білу және оларды салу; 7.1.1.15 сүйір бұрышты, доғал бұрышты және тікбұрышты үшбұрыштардың биіктіктерінің орналасуын салыстыру	8.1.3.21 Пифагор теоремасын пайдаланып, $\sin^2\alpha + \cos^2\alpha = 1$ формуласын қорытып шығару және есептер шешуде қолдану; 8.1.3.22 негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктерді қорытып шығару және қолдану; 8.1.3.23 α және $(90 - \alpha)$ бұрыштарының синусы, косинусы, тангенсі және котангенсі арасындағы байланыстарды білу және қолдану 8.1.3.24 $\sin\alpha, \cos\alpha, tg\,\alpha$ және $ctg\,\alpha$ мәндерін олардың біреуінің 8.1.3.5 бұрышты оның синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің белгілі мәні бойынша салу
8 сынып	Негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктер		
7 сынып	Үшбұрыштар теңдігінің белгілері	7.1.1.21 үшбұрыштар теңдігінің белгілерін білу және дәлелдеу; 7.1.1.22 үшбұрыштар теңдігінің белгілерін есептер шығару мен дәлелдеулерде қолдану	8.1.3.6 тікбұрышты үшбұрышты $30^0, 45^0, 60^0$ -қа тең бұрыштардың синус, косинус, тангенс және котангенсінің мәндерін табу үшін қолдану; 8.1.3.7 тікбұрышты үшбұрыштың элементтерін табу үшін $30^0, 45^0, 60^0$ - қа тең бұрыштардың синус, косинус, тангенс және котангенсінің мәндерін қолдану; 8.1.3.8 берілген екі элементі бойынша тікбұрышты үшбұрыштың бұрыштары мен қабырғаларын табу
8 сынып	Тікбұрышты үшбұрыштарды шешу		
7 сынып	Теңбүйірлі үшбұрыш, оның қасиеттері және белгілері	7.1.1.23 теңбүйірлі үшбұрыштың белгілері мен қасиеттерін	

		қолдану; 7.1.1.24 теңқабырғалы үшбұрыштың қасиеттерін есептер шығаруда қолдану	

2-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Геометрия» пәнін кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар:

«Геометриялық фигуралар туралы түсінік» бөлімі бойынша: 7-сыныпта 8 мақсат қарастырылған. «Геометриялық фигуралардың өзара орналасуы», «Метрикалық қатыстар» бөлімі бойынша 8-сыныпта 11 мақсат қарастырылған.

«Берілген мақсаттарды меңгерту барысында, тест тапсырмаларын әр тақырып сайын беру ұсынылады. Білім алушы тест тапсырмаларын шығару барысында жылдам ойлауға және тиімді тәсілдермен шығаруға машықтанады.

Білім алушыларға берілген мақсаттарды меңгерту барысында ШЖМ-ның біріктірілген сыныптарында сабақ өткізетін педагогіне үшбұрыштардың немесе төртбұрыштар түрлерін ажырата алуды, олардың қасиеттерін жатқа білуді қалыптастыру керек.

2-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Геометрия» пәнін кіріктіріп оқыту бойынша 1-БЖБ 2-тоқсанның 3 аптасында, 2-БЖБ 2-тоқсанның 6-аптасында алынады. ТЖБ 8-аптада алынады.

Шағын жинақты ауыл мектептерінің педагогтері біріктірілген сыныптарды БЖБ мен ТЖБ-ны қабылдаған кезде «Геометрия» пәнінің мұғаліміне БЖБ-ны 12-15 балдан жоғары болмайтын есептерді құрастыру, әр бөлімдегі мақсаттарды ескере отырып, мысалдарды деңгейіне қарай алу немесе құрастыру ұсынылады. ТЖБ-ның есептері 20 балдан кем болмауы тиіс. 63-кестеде 7-8-сыныптарда «Геометрия» пәнінің мақсаттарын кіріктіре оқыту бойынша комбинация ұсынылады.

63-кесте. 7-8-сыныптарда «Геометрия» пәнінің мақсаттарының комбинациясы

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	**Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны**	**7-сынып Оқыту мақсаттары**	**8-сынып Оқыту мақсаттары**
3-тоқсан			
7-сынып Түзулердің өзара орналасуы	Параллель түзулер, олардың белгілері және қасиеттері	7.1.2.3 екі түзуді қиюшымен қиғанда пайда болған бұрыштарды танып білу; 7.1.2.4 түзулердің параллельдік белгілерін дәлелдеу; 7.1.2.5 түзулердің параллельдік белгілерін есептер шығаруда қолдану; 7.1.2.6 параллель түзулердің қасиеттерін дәлелдеу;	8.1.3.9 көпбұрыш ауданының анықтамасы мен қасиеттерін білу; 8.1.3.10 тең шамалас және тең құрамдас фигуралардың анықтамаларын білу
8-сынып Аудан	Фигураның ауданы және оның қасиеттері		

		7.1.2.7 параллель түзулердің қасиеттерін есептер шығаруда қолдану	
7-сынып	Үшбұрыш бұрыштарының қосындысы. Үшбұрыштың сыртқы бұрышы	7.1.1.16 үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы туралы теорема мен оның салдарларын дәлелдеу; 7.1.1.17 үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы туралы теорема мен оның салдарларын есептер шығаруда қолдану; 7.1.1.18 үшбұрыштың сыртқы бұрышының анықтамасын білу және үшбұрыштың сыртқы бұрышы туралы теореманы дәлелдеу; 7.1.1.19 үшбұрыштың сыртқы бұрышы туралы теореманы қолдану	8.1.3.11 параллелограммның, ромбтың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану; 8.1.3.12 үшбұрыштың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану; 8.1.3.13 трапецияның ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану
8-сынып	Төртбұрыштар мен үшбұрыштардың аудандары		
7-сынып	Үшбұрыш теңсіздігі	7.1.1.20 үшбұрыштың бұрыштары мен қабырғалары арасындағы қатысты білу және есептер шығаруда қолдану; 7.1.3.1 үшбұрыш теңсіздігін білу және қолдану	
8-сынып	Тікбұрышты үшбұрыштардың теңдігінің белгілері. Тікбұрышты үшбұрыштың қасиеттері	7.1.1.25 тікбұрышты үшбұрыштар теңдігінің белгілерін дәлелдеу; 7.1.1.26 тікбұрышты үшбұрыштар теңдігінің белгілерін есептер шығаруда қолдану; 7.1.1.27 тікбұрышты үшбұрыштың қасиеттерін қолдану	
7-сынып	Перпендикуляр түзулер. Перпендикуляр, көлбеу және оның проекциясы	7.1.2.8 перпендикуляр, көлбеу және көлбеудің проекциясы ұғымдарын меңгеру; 7.1.2.9 нүктеден түзуге түсірілген перпендикулярдың біреу ғана болуы туралы теореманы дәлелдеу және қолдану; 7.1.2.10 перпендикуляр түзулердің қасиеттерін білу және қолдану	

3-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Геометрия» пәнін кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар:

3-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Геометрия» пәнін кіріктіріп оқытуда «Геометриялық фигуралар туралы түсінік» бөлімі бойынша: 7-сыныпта 8 мақсат, «Геометриялық фигуралардың өзара орналасуы» 7-сыныпта 8 мақсат және «Метрикалық қатыстар» бөлімі бойынша 8-сыныпта 5 мақсат қарастырылған.

Берілген мақсаттарды меңгерту барысында білім алушыға геометриялық фигуралардың теңдігін, олардың аудандарын табуды бірнеше түрлерін қасиеттеріне немесе формулаларды тиімді қолдануды, теоремаларды кең көлемде дәлелдеуге қалыптастыру керек.

3-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Геометрия» пәнін кіріктіріп оқытуда 1-БЖБ 3-тоқсанның 3-аптасында, 2-БЖБ 3-тоқсанның 6-аптасында және 3-БЖБ 3-тоқсанның 8-аптасында алынады. ТЖБ 9-10-аптада алынады.

Шағын жинақты ауыл мектептерінің педагогтері біріктірілген сыныптарда БЖБ мен ТЖБ-ны қабылдаған кезде «Геометрия» пәнінің мұғаліміне БЖБ-ны 12-15 балдан жоғары болмайтын есептерді құрастыру, әр бөлімдегі мақсаттарды ескере отырып, мысалдарды деңгейіне қарай алу немесе құрастыру ұсынылады. ТЖБ-ның есептері 20 балдан кем болмауы тиіс.

Тоқсан соңында әр педагог өзінің алдындағы білім алушылардың деңгейіне мониторинг жасап отыруды қалыптастыру ұсынылады.

64-кестеде «Геометрия» пәні бойынша 7-8-сыныптарды біріктіріп оқытуда ҚМЖ-ны әзірлеу үлгісі берілген.

64-кесте. «Геометрия» пәні бойынша 7-8-сыныптарды біріктіріп оқытуда ҚМЖ-ны әзірлеу үлгісі

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	**Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны**	**7-сынып Оқыту мақсаттары**	**8-сынып Оқыту мақсаттары**
4-тоқсан			
7-сынып Шеңбер. Геометриялық салулар	Шеңбер, дөңгелек, олардың элементтері мен бөліктері. Центрлік бұрыш	7.1.1.31 нүктелердің геометриялық орнының анықтамасын білу; 7.1.1.28 шеңбер мен дөңгелектің және олардың элементтерінің (центр, радиус, диаметр, хорда) анықтамаларын білу; 7.1.1.29 центрлік бұрыштың анықтамасы мен қасиеттерін білу және қолдану; 7.1.1.30 шеңбер диаметрі мен хордасының перпендикулярлығы туралы теоремаларды дәлелдеу және қолдану	8.1.3.14 жазықтықта координаталарымен берілген екі нүктенің арақашықтықтығын есептеу; 8.1.3.15 кесінді ортасының координаталарын табу; 8.1.3.16 кесіндіні берілген қатынаста бөлетін нүктенің координаталарын табу; 8.1.3.17 центрі (a, b), радиусы r болатын шеңбердің теңдеуін
8-сынып Жазықтықтағы тікбұрышты координаталар жүйесі	Жазықтықтағы координаталар әдісі		

			$(x-a)^2+(y-b)^2=r^2$ білу; 8.1.3.18 берілген теңдеуі бойынша шеңбер салу; 8.1.3.19 түзудің жалпы теңдеуін және берілген екі нүкте арқылы өтетін түзудің теңдеуін жазу: $ax+by+c=0$, $\frac{x-x_1}{x_2-x_1}=\frac{y-y_1}{y_2-y_1}$
7-сынып	Түзу мен шеңбердің өзара орналасуы. Екі шеңбердің өзара орналасуы	7.1.2.11 шеңберге жүргізілген жанама мен қиюшының анықтамаларын білу; 7.1.2.13 есептер шығаруда шеңбер жанамасының қасиеттерін білу және қолдану	8.1.3.20 координаталармен берілген қарапайым есептерді шығару
8-сынып	Мәтін есептерді шығару		
7-сынып	Шеңберге жүргізілген жанама. Шеңберге жүргізілген жанамалардың қасиеттері	7.1.2.14 үшбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлердің анықтамаларын білу; 7.1.2.15 үшбұрышқа сырттай және іштей сызылған шеңберлердің центрлерінің орналасуын түсіндіру	
8-сынып	Үшбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлер	7.1.2.16 берілген бұрышқа тең бұрыш салу, бұрыштың биссектрисасын салу, кесіндіні қақ бөлу; 7.1.2.17 кесіндінің орта перпендикулярын және берілген түзуге перпендикуляр түзу салу; 7.1.2.18 берілген элементтері бойынша үшбұрыш салу	

4-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Геометрия» пәнін кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар:

4-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Геометрия» пәнін кіріктіріп оқыту «Геометриялық фигуралар туралы түсінік» бөлімі бойынша: 7-сыныпта 4 мақсат, «Геометриялық фигуралардың өзара орналасуы» 7-сыныпта 7 мақсат, «Метрикалық қатыстар» бөлімі бойынша 8-сыныпта 7 мақсат қарастырылған.

Білім алушы берілген мақсаттарды меңгеруіне үшін оларға өмірлік мысалдар немесе күнделікті өмірде қолданылатын жерден бейне таспалар мен

немесе суреттермен көрсету арқылы берілген мақсаттарды игеруіне ықпалын тигізу қажет.

4-тоқсанда біріктірілген сыныптарда «Геометрия» пәнін кіріктіріп оқытуда БЖБ 4-тоқсанның 3-аптасында, ТЖБ тоқсанның 7-аптасында алынады.

Шағын жинақты ауыл мектептерінің педагогтері біріктірілген сыныптарды БЖБ мен ТЖБ-ны қабылдаған кезде «Геометрия» пәнінің мұғаліміне БЖБ-ны 12-15 балдан жоғары болмайтын есептерді құрастыру, әр бөлімдегі мақсаттарды ескере отырып, мысалдарды деңгейіне қарай алу немесе құрастыру ұсынылады. ТЖБ-ның есептері 20 балдан кем болмауы тиіс.

Шағын жинақты мектептердің проблемасы мен қиыншылықтары көп екені белгілі. Әсіресе осы мектептерде білім алып жатқан бастауыш және негізгі мектептердегі білім беру процесі мен білім алушылардың білім алу жағдайы алаңдататыны шындық.

Мектептердің материалдық-техникалық базасының нашарлығы да білім сапасына өз әсерін тигізетінін білеміз. Көптеген мектептерде арнайы жабдықталған пәндік кабинеттердің болмауы, зертханалардың жоқтығы, зертханалық тәжірибелер жасалынбай жатқандығы тағы бар. Біраз мектептерде көрнекі құралдар ескірген. Шалғайдағы елдімекенде орналасқан ауылдарда интернет желісі қосылмағаны мен кітап қорының аздығы да – өзекті мәселелердің бірі. Кадр тапшы және шағын жинақты мектеп үшін арнайы мамандарды даярламайтыны да белгілі. Бүгінде шағын жинақты мектептердің мұғалімдері бір пәннің мұғалімі бірнеше пәннен сабақ өткізеді. Мұның үстіне, бала саны аз болғандықтан сыныптар топтастырылып сабақ өтетіндігін ескерсек, оқушының бағдарламаны толық игеріп, жан-жақты білім алуы қиындық туғызып отырғаны да шындық.

ШЖМ мұғалімдерінің біліктілік сипаттамасы

ШЖМ-ға келіп жұмыс жасап жатқан педагогтер 83 (0,2%). Ауылдық мектептерде 33,8%-ы магистр. Бұл еліміздегі барлық ауыл педагогтерінің жинақтап алғандағы 1,2%-ын құрайды.

ШЖМ педагогтерінің біліктілік сипаттамасы салыстырмалы түрде төмен. Еліміз бойынша жоғары санатты (ҚР – 23,7%) педагогтердің орташа көрсеткіші – 14,8% болса, мұндағы ШЖМ педагогтерінің үлес салмағы 1,6 есе аз. ШЖМ-нің барлық педагогтері есебімен алғанда, бірінші санатты педагогтердің үлесі 34%-ы, екінші – 25,8%-ын құрайды. ШЖМ педагогтерінің 25,4%-ы бейсанатты. Педагогтердің біліктіліктерінің неғұрлым төмендігі Шығыс Қазақстан (12,1%), Солтүстік Қазақстан (12,1%), Ақмола (11,7%), Қостанай (10%) облыстарында.

ҚР ШЖМ педагогтерінің кәсіби өсуінің жаңа кезеңі электрондық оқыту жүйесінің көмегімен, білім беруді ақпараттандыруды дамытумен басталады деп жоспарланды.

Қазақстандағы білім беру жүйесін цифрландыруға қарай, мемлекеттік қызмет көрсетуді автоматтандыруға бағытталған түрлі жобалар жүзеге асырыла бастады. Ауыл мектептері үшін ашық білім берудің ұлттық платформасы – телеконференциялар мен вебинарларды, білім беру курстарын, онлайн сабақтар

және тағы басқаларды қамтитын аппараттық бағдарламалық кешен іске қосылды.

2018 жылдың сәуірінен қазақстандық педагогтер аттестациялаудың жаңа жүйесіне көшті. Педагогикалық біліктілікті арттыруға бағытталған түрлі семинарлар, конференциялар мен курстар «Өрлеу» БАҰО, ПШО, олардың өңірлік бөлімшелері тарапынан ұсынылды және өткізілді, алайда әлсіз материалдық база және ШЖМ-да кең жолақты интернетке қолжетімділіктің болмауы салдарынан аталған ұсыныстарды онлайн режимде тұтыну мүмкін болмай келеді. Дәл осы себептерден де мұғалімдер тәжірибе алмасу үшін басқа электрондық платформаларды, ашық білім берудің ұлттық платформаларын қолдана алмауда.

ШЖМ педагогтерінің біліктілігін арттыру бойынша ұсыныс:

ШЖМ педагогтерінің біліктілік сипаттамасының төмен болуы педагогтердің кәсіби деңгейін арттыру бағытындағы қызметті күшейтуді қажет етеді.

Ауыл мектептерінің мұғалімдерінің педагогикалық шеберліктерін арттыру курстарының кең спектірін Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, «Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы (бұдан ары – ҰБАО «Өрлеу»), «НЗМ» ААҚ Педагогикалық шеберлік орталығы (бұдан әрі – ПШО) және олардың аймақтық бөлімшелері ұсына алады.

Бөлімді қорытындылай келе, көріп отырғанымыздай, екі немесе үш сыныпты бала санының аздығына қарай туындаған қажеттілікке байланысты қосқанда мұғалімнің мойнына үлкен жауапкершілік артылады. Тек мұғалімнің өз мамандығына деген адалдығы мен ұрпақ тәрбиесіне деген үлкен жауапкершілігі сапалы білім беруге жетелейді. Шағын жинақты ауыл мектептерінің білім алушыларына сапалы білім беру, білімдегі алшақтықты қысқарту, саналы, тәрбиелі, ұрпақ тәрбиелеу мақсатында педагог біріктірілген сыныптарда кіріктірілген оқу мақсаттарын жүйелі, дұрыс қолдану арқылы білім беруде үлкен жетістікке қол жеткізе алатындығына сенімдіміз.

3 ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТІҢ БІРІКТІРІЛГЕН СЫНЫПТАРЫНДАҒЫ ПӘНДЕРДІ КІРІКТІРІП ОҚЫТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

Шағын жинақты мектептің ауыл жағдайына прогрессивті рөлі бар. Олар:

- мектеп – ауылдағы мәдени орталық;
- жастардың ауылда тұрақтануына әсер етеді;
- ауылдың рухани мәдениетін көтереді (кеш, кездесу, т.б.)
- мұғалім ата-аналармен етене жақын жұмыс жүргізеді, себебі, ауыл адамдары бірін-бірі жақсы таниды.

Шағын жинақты мектептің бірнеше өзіне тән тиімді жақтары да бар:

- балалардың саны аз, сондықтан мұғалім әрбір оқушыны, оның қызығушылығын арттыруына, отбасын тез, жақсы тануына көп мүмкіндік бар;
- дәптер тексеруге, жеке-дара өздік жұмысқа арналған жаттығулар іріктеуге аз уақыт жұмсалады;
- оқушылардың тәртіп бұзушылығы аз болады;
- оқушылар бірінші сыныптан бастап, өздігінен жұмысқа бейімделеді;
- бір оқу бөлмесінде күнделікті бірге болғандықтан, жоғары сынып (3-4) оқушылары кіші сынып оқушыларына көмек береді;
- әрбір баланың білім деңгейлерін анықтап, олардың білім, білік, дағдыларының деңгейлерін көтеруге мүмкіндік мол;
- аталмыш мектеп мұғалімі пәнаралық байланысты жүзеге асыруға, кеңінен қолдануға тырысады;
- оқушылар әртүрлі сыныпта оқығанымен, олардың назарын бір пәннің мазмұнындағы ұқсас тақырыптарға аударуға мүмкіндік жасалады;
- оқушылардың бірін-бірі тексеруін, өзін-өзі тексеруін және бағалауын жүзеге асырылады;
- жоғары сынып оқушысы төменгі сыныптың жұмысын тексеріп бағалау арқылы өз білімін іс жүзінде қолдануына мүмкіндік туады.

Біріктірілген сыныбы бар шағын жинақты мектеп мұғалімінің мақсаты:

– әр сыныппен жасалатын жұмысына уақытты дұрыс бөлу;
– таным процесінің жүйесін бұзбау;
– оқушылардың жаңа тақырыпты қабылдауын, түсінуін, меңгеруін, есте сақтауларын ынталандыру;
– барлық сыныппен бір мезгілде тәрбие жұмысын жүргізу;
– білімнің негізгі мазмұнын меңгерту және т.б.

Сыныпты топтастыруда жұмыс жасау оқушыға да қиын, себебі ол тапсырманы орындауға зейінді шоғырландырып, басқа сыныпқа мұғалім түсіндірген сабаққа мән бермеуі, өзіне арналмаған сурет және басқа материалдарға назар аудармауы, басқа сынып оқушыларының жауаптарын

тыңдамауы тиіс. Бұл күрделі іскерліктер өмірде де керек. Бірақ оларды игеру қиын болғандықтан көп күш жұмсауды қажет етеді. Сондықтан білім алушыларға аталған іскерліктерді үйренуге мәжбүр болады, себебі оқу тиімділігі зейінді шоғырландыруға тікелей байланысты. Сондықтан мұғалім сыныптың топтастыруда әдеттегі сыныптарға қарағанда оқушылардың өздік жұмыстарды жасау іскерлігіне назар аударуы керек.

Бастауыш шағын жинақты мектептегі сабаққа қойылатын жалпы талаптар, сабаққа қойылатын талаптармен бірдей. Сабақ негізінен аралас сабақ түрінде өтеді.

Шағын жинақты мектеп мұғалімінің басшылығымен атқарылатын жұмыс, оқушылардың өздік жұмыстары. Бұл жұмыстар сабақ уақытының 80-90 %-ын алады.

ШЖМ мұғалімінің басшылығымен және оның тікелей қатысуымен атқарылатын жұмыстар:

– кейбір дайындық жұмыстары;
– бұрынғы өздік жұмысқа сүйенетін жаңа материалды түсіндіру;
– жаңа материалды әңгімелеу, баяндау;
– түсіндіру, әңгіме, нұсқау;
– эвристикалық әңгіме;
– дидактикалық ойындар;
– жаңа материалды бірінші қабылдау, түсіну, бекіту;
– білім деңгейін диагностикалау;
– меңгерілген білім, іскерліктерді бақылау және түзету;
– білімді қолданудың тиімді тәсілдерін көрсету;
– материалдарды тақырып бойынша жинақтау және т.б.

Мұғалімнің материалды терең және жан-жақты түсіндіруге уақыты жоқ, сондықтан кейбір оқу материалдарын мұғалім оқушыға өздігінен оқуды ұсынады.

Меңгерту процесін ұйымдастырудың келесі кең тараған түрлері:

1) мұғалім оқу материалын түсіндіріп, көрнекілікпен бекітеді;

2) оқушылар жаңа білім, іскерліктерді ізденіс іс-әрекеті, эвристикалық әңгіме, бақылау, фактілерді талдау, салыстыру арқылы мұғалім басшылығымен алады;

3) балалар білім, іскерліктердің жаңа түрлерін бағдарламалық оқулық, алгоритм бойынша өздігінен меңгереді.

Бастауыш шағын жинақты мектептегі оқыту әдістеріне жоғары талаптар қояды. Мысалы, қабылдау кезеңіндегі оқыту әдістерінің қызметі:

– жаңа материалды меңгеруге психологиялық жағдай жасау;

– танымдық қызметтің барлық кезеңдерінде білім алушыларды ынталандыру;

– сабақта білім алушылар зейінін, қызығушылығын ұйымдастыру;

– оқу материалының мазмұнын ашу;

– оқылған материалдағы себеп-салдар және басқа байланыстарды түсіну;

– білімді жалпы жүйеге қосу;
– оқушылардың танымдық еңбегінің тиімділігі туралы хабардар ету;
– оқыту қарқынын және нәтижелерін диагностикалау;
– нәтижелерді бақылау және түзету;
– оқу процесінде тәрбиелеу.

Шағын жинақты мектепте оқытудың барлық әдістері қолданылады. Бірақ кең тараған әдістер: сөздік, көрнекілік, тәжірибелік. Бағдарламалық, тәжірибелік, компьютерлік оқыту элементтерін енгізген жақсы. Сөздік әдістерін мұғалім өз басшылығымен жасалатын жұмыста көп қолданады. Әңгіме, әңгімелесу әдістері мұғалімнен өте мұқият әзірлікті талап етеді. Мұғалімнің таза, әсерлі, жүйелі сөзімен сабақтың тақырыбын талдауға оқушылардың өздері қатысады. Жаңа материалды түсіндіруде ауызша баяндау әдісінің көрнекілікпен ұштасуы оқушыларға жақсы әсер етеді. Көрнекіліктер қарапайым, әдемі, нақты жасалуы керек.

Әңгімелесу барысында мұғалім білім алушылардың білім деңгейін анықтайды. Білім алушылардың тақырып бойынша білімдерін анықтап болған соң, жаңа материалды қабылдату басталады. Мұғалім тақырыпты түсіндіріп, білімді тәжірибеде қалай қолдануға болатындығын көрсетеді.

Шағын жинақты мектептерде мұғалім уақытты үнемдеу үшін сыныптарды дұрыс біріктіріп, сабақ кестесін дұрыс құруы қажет. Егер бір сынып өздік тапсырманы орындауды бастап, екіншісі мұғалім басшылығымен өздік жұмыс орындаса, уақытты үнемдеуге болады. Тапсырманы мұғалім алдын ала әзірлеп, әр оқушыға тарату ұсынылады. Сабақтың басында кезекші тапсырма жазылған конвертті оқушыларға таратады. Көбіне тапсырмалар белсенді, орта және төмен оқитын оқушылар үшін жасалуы керек. Әр конвертке оқушының аты-жөні жазылады. Орындалған жұмыс конвертке салынып мұғалімге қайтарылып беріледі. Егер өздік жұмыстың жаппай сипаты болса, тапсырма нұсқау тақтаның бір жағына жазылады. Бірнеше сабақтарға арналған тапсырмалар: таңдап көшіру, фонетикалық, грамматикалық талдау, шығармашылықпен баяндау, «кері» тапсырмалар құру. Сонымен, сабақ – шағын жинақты мектептегі оқу-тәрбие процесінің негізгі нысаны. Ол сабаққа қойылатын жалпы тақырыпқа бағынады, бірақ өзгешеліктері болады.

Сабақ құрылымы: *мұғалім басшылығымен жұмыс; өздік жұмыс болып бөлінеді.*

ШЖМ-да өздік жұмысты ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

Өздік жұмыс – білім алушылардың білім, іскерліктерін тәжірибеде қолдану тәсілдерін меңгеруге бағытталған оқытушы көмегінсіз өткізілетін іс-әрекеті.

ШЖМ-дағы өздік жұмыс балалардың белсенділігін дамытып, зейінді шоғырландыра жұмыс істеуге, өзгені байқамауға үйретеді. Өздік жұмыстар сынып-жинақты сабақтың барлық кезеңдерінде ұйымдастырылып, бекіту және қайталауға 60%, 20% жаңа материалды меңгеруге, 20% бақылауға беріледі.

Бір сабақтағы өздік жұмыс санының регламенті болмағандықтан, оқушылардың мүмкіндігін ескеру ұсынылады. ШЖМ мұғаліміне өткізетін

сабақтағы оқу материалдың өздік жұмысына оқушылардың оқу мүмкіндігіне сәйкес келетін материалдарды іріктеп алу ұсынылады. Себебі іс-әрекет түрін жиі ауыстыру нәтижені нашарлатып, білім алушылардың көп уақытын алады.

ШЖМ-дағы 1–4-сынып оқушыларының өздік жұмыстарының түрлері

– жаңа материалды оқығанда орындалатын дайындық жаттығулары: оқулық бойынша (қайталау, карточка, кестемен жұмыс);

– бұрын меңгерілген білімге ұқсас жаңа материалды өздігінен оқуға мұқият нұсқау беру.

Алгоритмдік кесте, нұсқауларға сүйеніп іс-әрекет тәсілдерін меңгерту мақсатымен жаттығулар орындату, осы арқылы бекітуде:

– жаттығулар;

– оқу материалының барлық бөлімдерін меңгерген соң, тексеретін, бақылайтын тапсырмалар *беру ұсынылады.*

Бірте-бірте өздік жұмыс ұзақтығын көбейтіп, күрделі тапсырманы өте көп берген дұрыс. Себебі жаттыққан соң, оқушылар өздігінен жұмыс істеуге машықтанады, бірақ ұзақ уақыттық жұмыс оқушыларды шаршатады.

Білім алушыларға күрделі тапсырмалар беру арқылы жаттықтырудағы мақсат – білім алушы бойында төзімділікті тәрбиелеу, оқушыларға жанашырлық білдіре отырып, оқыту. Өздік жұмыс тиімділігі оны ұйымдастыруға байланысты болады.

ШЖМ мұғалімдеріне өздік жұмыстарды жоспарлағанда ескерілетін жағдайлар:

– жұмыстың мақсатын жақсы түсіну;

– оның оқу процесі, сабақ құрылымындағы орны мен рөлін анықтау;

– оқушылардың дайындық деңгейлерін, мүмкіндіктерін ескеру;

– белсенді, жеке, деңгейлік тапсырмалар беру;

– өздік жұмыстарды орындау кезіндегі қиындық «кедергілерді» алдын ала жобалау;

– көлемін негіздеу;

– өздік жұмыс мазмұнын түрлендіру;

– викторина, кроссворд, ойын, санамақ, т.б. түріндегі қызықты тапсырмалар беру;

– өздік жұмыс ұзақтығын анықтап, уақыт шығынын бақылау;

– керекті дидактикалық материалдар, атап айтсақ, нұсқау, «тірек» әзірлеу;

– жұмысты тексерудің тиімді тәсілдерін белгілеу;

– өздік жұмыстың қорытындыларын шығару;

– оқушының деңгейіне сүйеніп, оны дамытатын өздік жұмыстарды жобалау;

– өздік жұмысты мұғалім басшылығымен істелетін жұмыстармен ұштастыру.

Шағын жинақты мектепте ең негізгі назарды оқушылар мен мұғалімдердің әлеуметтік жағдайын қорғауға арнау керек. Балалар мен педагогтердің денсаулығы, олардың әлеуметтік жағдайы сапалы білімнің негізгі фактор болып саналады.

Шағын жинақты мектептердің мұғалімдеріне қойылатын талаптар:

- өздігінен білім көтерудің тиімді әдістерін таңдай білу;
- шағын жинақты мектеп жағдайына қарай бейімделу.

Әртүрлі жастағы оқушылар ұжымын құрып, басқара білу. Оқушылар арасындағы бір-біріне сенімдігін және өзара сыйласымды арттыра білу. Оқушылардың ата-аналарын қоғамдық-педагогикалық жұмысқа тарту.

Шағын жинақты мектептің оқушыларына қойылатын басты талаптар: оларды өзін-өзі ұйымдастыра білуге бағыттау, оларда коммуникативтік қасиеттерді қалыптастыру, жауапкершіліктерін арттыру және өз-өздерін танып-білуге бейімдеу.

Шағын жинақты мектептің оқу үдерісін ұйымдастыруда бірқатар қиындықтар кездесетіні жасырын емес. Өйткені бұл үлгідегі мектепте мұғалім бір мезгілде екі сыныппен қатар жұмыс істейтіндіктен, сабақтың өзіндік ерекшелігі болады. Осы ерекшелікке байланысты оқу үдерісі бір мезгілде екі сыныпта бірдей ұйымдастырылады. Сондықтан екі, үш сыныптың бір мезгілде қатар оқытылуы оқушыларға да, мұғалімге де психологиялық және әдістемелік тұрғыдан қолайсыздық туғызады.

Шағын жинақты мектептердегі оқу үдерісін ұйымдастырудың тиімділігі төмендегі жағдайларға байланысты:

- ✓ сыныптарды біріктірудің педагогикалық ұтымдылығы мен дұрыстығы;
- ✓ сабақ кестелерінің оңтайлы жасалуы;
- ✓ тәрбие мен оқытудың тиімді әдістері мен түрлерін таңдау, оларды оқытуүдерісінде дұрыс үйлестіру және ұтымды пайдалану;
- ✓ сабақтың белгіленген мақсатқа сай неғұрлым тиімді құрылуының анықтау;
- ✓ оқу-тәрбие жұмысының сабақ үстіндегі және сабақтан тыс түрлерін дұрыс үйлестіру;
- ✓ оқушылардың өзіндік жұмысы мен мұғалім басшылығымен атқаратынжұмысының ұтымды алмастырылуы;
- ✓ оқушылардың бойында білім алу және өздігінен оқып білу дағдыларынқалыптастыруға баса назар аудару;
- ✓ оқушылардың білімі мен тәрбиелілік деңгейлері дамуының ғылыми диагностикасы;
- ✓ оқушылардың білім, біліктерін ізгілікті педагогикалық ұстанымдарға негізделген жүйелі бақылау.

Екі, үш сыныппен жүргізілетін сабақ сапалы болуы үшін сабақ кестесінде пәндерді қалай болса солай қоса салуға болмайды. Екі сыныпта екі түрлі пәнді жүргізгеннен гөрі сабақты бір пән бойынша өткізген жеңіл болатынын тәжірибе

көрсетіп отыр. Өйткені пәндерді біріктіріп жүргізгенде, мұғалім білімнің бір саласынан екінші бір саласына көшпей, оның назары бір пәнге бағытталады. Бірпәндік оқыту жүйесі іс жүзінде біртақырыптық сабақтар жүргізуге мүмкіндік беретінін атап өткен жөн. Қазіргі шағын жинақты мектеп тәжірибесінде мұндай сабақтарды ұйымдастырудың тиімділігі арта түсуде.

Осыған орай, шағын жинақты мектеп мұғалімдері оқыту үдерісін мүмкіндігінше біртақырыптық жүйеде құрастырғаны дұрыс. Өйткені белгілі бір ортақ тақырып бойынша барлық сыныпқа бірдей бір мезгілде түсіндірген мұғалімге де, оқушыларға да тиімді. Біртақырыптық сабақтар дегеніміз – бір пән ішіндегі мазмұны ұқсас тақырыптарды екі сыныпта қатарынан оқыту. Біртақырыптық сабақтарды ұйымдастырудың бірқатар артықшылығы қарастырылды.

Біріншіден, шағын жинақты мектеп төменгі сынып оқушыларының оқуға деген ықыласын табысты дамытуға жағдай жасайды.

Екіншіден, біртақырыптық сабақтарды өткізгенде, оқушылардың оқу әрекетін табысты жоспарлау білігі, бір-бірін тексеру немесе өзін-өзі бақылау кезінде жұмыстың барысын бақылау, яғни оқушыны өзіндік жұмыстарға даярлығын анықтайтын біліктер қалыптасады.

Үшіншіден, біртақырыптық сабақтар оқушының сөйлеу мәдениетін қалыптастырады, жолдастарының жауаптарын тыңдау, диалог жүргізу мәдениетіне үйретеді, сөйлеу қабілеттерін дамытады. Осыған байланысты сөйлеу қарым-қатынасының аясы кеңейеді, бұл, әсіресе, шағын жинақты мектептер жағдайында өте маңызды.

Төртіншіден, біртақырыптық сабақтар практикалық және оқу әрекеттерінде ұжымда жұмыс істей білуге, басқа оқушылардың пікіріне құрметпен қарауға, өз пікірін дәлелдеуге мүмкіндік береді. Әрбір сыныппен тақырып бойынша жүргізілетін сабақтар оқу материалы мазмұнының күрделілігімен анықталады.

Әрине, біртақырыптық сабақтарды әзірлеу және өткізу мұғалімнен педагогикалық шеберлікті талап етеді. Бұл жерде, бір жағынан, оқу материалын жоспарлау жұмысы тұрса, екінші жағынан, сабақ құрылымын жетілдіру және оны ұйымдастыру жұмысы тұрады. Оқушылардың белсенділігі, ең бірінші кезекте, сабақ кезеңдерінің реттілігін қатаң сақтауынан емес, сабақты тақырып бойынша жоспарлап, оны әрбір сабаққа сәйкес мақсаты нақты анықталған жағдайда көрінеді.

Біртақырыптық сабақтарды жоспарлау оқу бағдарламасының белгілі бір тақырыбы немесе тарауы бойынша өтілетін сабақтар мен сабақтан тыс оқу жүйесіндегі оқу-тәрбие үрдісі білім беру, дамыту және тәрбие беру қызметтерін іске асыруының қолайлы жолдарын анықтау үшін қажет. Бұл жүйеге негізгі дидактикалық мақсатына байланысты сабақтың әр алуан тұрпаты және түрлерімен қоса, оқушылардың сыныптан тыс және оқудан тыс жұмыстарының басқа түрлері де кіреді. Шағын жинақты мектепте біртақырыптық жоспарлаудың ойдағыдай іске асырылуы, көбінесе, мұғалімнің оқушылар нені білуі керек, қалай оқыту керек, т.б. мәселелерді қаншалықты терең

ойластырғанына байланысты. Сондықтан мұғалім біртақырыптық жоспарлауды пәннің оқу бағдарламасымен, білім беру стандартымен мұқият танысудан, пәнді оқыту кезіндегі және берілген тақырып бойынша дидактикалық міндеттерді шешудегі негізгі тәрбиелік мақсаттарды және оқушыларды дамыту мақсаттарын анықтаудан бастауы қажет.

Осы мақсатқа сай 5-9-сыныптарға арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламаларында білім мазмұнындағы тақырыптар әрбір сыныпта қайталанып келеді, бірақ әртүрлі деңгейде. Осы тұрғыдан алғанда, әдебиетті оқытуда мазмұны ұқсас тақырыптарды кіріктіріп оқытудың мүмкіндігі мол. 5-сыныптан 9-сыныпқа дейінгі «Қазақ әдебиеті» фольклордан басталып, 18-19 ғасырларды қамти келе, қазіргі әдебиетпен жалғасады. Әдебиеттің тақырыптық сипаты біріктірілген сыныптарда құрылымды ортақ етуге ықпал жасайды, төменгі сынып оқушысы мен жоғары сынып оқушысы талдайтын шығарманы ортақ ету, деңгейлік тапсырмалармен жоғары сыныпқа толықтырылады. Бұлтөменгі сынып үшін үйренуге көмек болса, жоғары сынып үшін тереңдете іздену тәсілдерін қолданудың мәні зор. Шағын жинақты мектептің 6, 8-сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, 1-тоқсанда өткізілетін

«Қазақ әдебиеті» пәнінен мазмұны ұқсас тақырыптарды кіріктіре оқытуға арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспардың үлгісін ұсынамыз.

Біртақырыптық сабақты жоспарлау – бұл мұғалімнің сабаққа тиянақты дайындығының көрінісі, яғни сабақты жоспарлау, тақырыптық жоспарлауды әрбір жеке сабаққа сәйкес нақтыландыру, сабақтың негізгі мазмұны мен бағыты анықталғаннан кейін сабақтың жоспары мен қысқаша мазмұнын терең ойластыру мен құрастыру. Сабақ жоспары мұғалімнің жұмыс тәжірибесіне, кәсіби біліктілігіне, педагогикалық шеберлігінің деңгейіне қарамастан, әрбір мұғалім үшін қажет. Сабақтың жоспары тақырыптық жоспар, бағдарлама мазмұны негізінде мұғалімнің оқушыларды және олардың дайындық деңгейіне қарай құрастырылады. Сабақты жоспарлауда және оны өткізу технологияларын дайындауда екі өзара байланысты бөліктер бар: сабақ мақсатын, оның әрбір қадамын терең ойластыру қажет. Әдістемелік құралдың соңында пән ішіндегі мазмұны ұқсас тақырыптарды оқытуға арналған сабақ үлгілері ұсынылған.

Біріктірілген сыныптардағы біртақырыптық сабақты жоспарлауға қажетті ұстанымдар:

1. Әртүрлі жастағы оқушыларды оқыту міндеттері, мазмұны мен оқыту құралдарының кірігуі мен сарапануы. Әр сынып оқушыларында түрлі деңгейде меңгерілетін сұрақтар, құбылыстар мен түсініктер туралы ортақ ұғым болуы.

2. Оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру – бірқатар педагогикалық қызметтерді жоғары сынып оқушысының атқаруы (бақылау, жаңа материалды түсіндіру, қиындықтарды жеңуде төменгі сынып оқушыларына көмектесу). Дайындық жұмыстары: ақыл-кеңесшілерді іріктеу, ақыл-кеңес беру, олардың әрекетінің маңыздылығын көрсету, атқаратын қызметтерді бөлу, сабаққа және сабақ үстіндегі дайындық кезеңінде тапсырмалар беру.

3. Өзара оқыту. Өзара бір-бірін оқыту процесінде оқу әрекеттері және

қарым-қатынасы арқылы білім, білік, дағдыларын меңгеру негізі. Оқыту кезінде мұғалім рөлін атқара отырып, оқушы ақпаратты беріп қана қоймайды, қарым-қатынас жасауда өз білімін өзектендіреді.

4. Өзара әрекет ету еркіндігі. Оқушылардың ортақ әрекеті мен қарым-қатынасын ұйымдастыру сыныптағы барлық оқушыларға жағымды қарым-қатынас жасау қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

5. Әртүрлі жастағы оқушылардың өзара әрекетін реттеу. Әртүрлі жастағы оқушылардың ортақ әрекетінің мазмұны мен формалары, сондай-ақ олардың бірге жұмыс істеуіне ынталандыратын тәсілдер мен құралдардың таңдалуы. Әрқайсысына ортақ мақсатты меңгеруге және одан жеке өзіне мән іздеуге көмектесуі; ортақ нәтижеге жету және тұлғаның жеке жетістіктерін дамыту үшін әрекеттердің маңыздылығын қарастыруы; оқу үстіндегі және оқудан тыс әрекеттеріндегі оқушылардың өзара әрекетінің тәжірибесін ескере отырып, жоғары және төменгі сынып оқушыларының өзара әрекетінің түрлі әдістері мен формаларын қолдануы. Әрекеттің мазмұнын, сабақтың әр кезеңіндегі жоғары және төменгі сынып оқушыларының рөлін, қызметін нақты анықтауы.

Біріктірілген сыныптарда сабақты жоспарлауда төмендегі жайттарды ескеру қажет:

✓ артық жүктемеден қашу (оқу еңбегіне уақытты қысқарту есебінен, ең алдымен, оқу материалының мазмұны мен көлемін қатаң іріктеуден);

✓ бастауыш мектеп сабақтарында кемінде 2-3 рет үзілістер (жаттығулар) жасау;

✓ оқушылардың өзіндік жұмысын міндетті түрде қосу;

✓ оқушылардың өзіндік жұмысының көлемі мұғалімнің басқа сынып оқушыларымен орындалатын жұмысына тәуелділігін;

✓ шағын жинақты мектептегі сабақ екі бөліктің алма-кезек ауысып отыруынан құрылатынын: мұғалімнің басқаруымен және оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстары;

✓ оқушылардың жұмысын кезектесіп орындалуы мұғалімнің басқаруымен жүргізу қажеттілігі,

✓ оқушылардың өзіндік жұмысына арналған үлестіру материалдарының кез келген түрін қолдану.

Әртүрлі жастағы оқушылардың ортақ әрекетін ұйымдастыру және ынталандыру тәсілдері:

✓ ортақ мәселелер мен міндеттерді барлығына бірдей түсінікті және қызықты етіп қою;

✓ ізденімдік тапсырмалар қолдану, іздендіру жағдаятын құру;

✓ шығармашылық тапсырмалар орындату;

✓ орындалған тапсырмалардың нәтижелерін бірге талқылау, ойын элементтерін қолдану, сайыстар өткізу.

Біріктірілген сыныптарда біртақырыптық сабақтарды ұйымдастыру мазмұны ұқсас тақырыптарды пәнішілік және пәнаралық кіріктіре оқыту арқылы жүзеге асырылады. Мазмұны ұқсас тақырыптарды пәнішілік кіріктіре оқытуда жаңа тақырыптар екі сыныпқа ортақ түсіндіріледі де, жаңа оқу

материалын бекіту барысында жаттығулары дараланып, өзіндік жұмыстар мен деңгейлік тапсырмалар беріледі.

Ал пәнаралық кіріктіре оқытуда білім мазмұнының жүйелілігін сақтай отырып, бір сыныпта бірнеше пән бойынша мазмұны ұқсас тақырыптарды кіріктіре оқыту жүзеге асырылады. Мұнда екі пәндегі жаңа тақырып (мысалы, биология және химия, т.б. пәндерді кіріктіре оқытуда) мазмұны ұқсас болғандықтан сыныпқа ортақ түсіндіріліп, оқушылардың әр пән ерекшклігіне сәйкес өзіндік жұмыстармен ұштастырылады.

Кіріктіру – тығыз байланысқан бір бүтінді жасаудың нәтижесі. Оқытуда бұл түрлі пәндердің элементтерін (тақырып, бөлім), ғылыми түсініктерін және таным әдістерін біріктіру пәнаралық байланысты шешу арқылы жүзеге асады. Әдебиеттерде, мысалы, бастауыш сыныптағы табиғаттану, жоғары сыныптағы жаратылыстану пәндерімен келтірілген. Соңғысы биология, химия, физикамен біріктірілген. Олар осы пәндердің үйлестірілген мазмұнына сәйкес бір пәнде логикалық құрылымымен беріледі.

Үйлестіру – өтілетін ұғымдар мен құбылыстар және олардың оқу танымдылығы мен уақыттары ортақ туыстас пәндердің оқу бағдарламаларын ыңғайластыру (пәнаралық байланыстың тар мағынасы).

Оқытудағы осы бірлікті жүзеге асыру – оқушының дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған кешенді бағыттың педагогикалық шарттарының бірі. Кешендік бағыт және оқытудың тәрбиелік міндеті жайлы ұстаным пәнаралық байланыстың тәрбиелік рөлін күшейтеді. Бұл, әсіресе, гуманитарлық пәндер төңірегінде айқын көрінеді.

Қорыта келгенде, мұғалім жұмысының табысты болуы оқушылардың жалпы дайындығына, олардың жас ерекшелігіне, сабаққа керекті құрал-жабдықтардың, оқу материалының ерекшелігіне, оқушылардың оқу-танымдық, әрекетін ұйымдастыра алуына, оқу жұмысында проблемалық сұрақтарды қоя білуіне, сондай-ақ мұғалімнің басшылығымен орындалатын және оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстарының арақатынасына тікелей байланысты.

Біріктірілген сыныптарда сабақ ұйымдастыруда деңгейлеп-саралап оқыту, оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру, дамыта оқыту, ынтымақтастықта оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде, оқыту технологиялары қолданылады. Біртақырыптық сабақтар, негізінен, дамыта оқыту технологиясы арқылы жүзеге асырылады.

Дамыта оқытудың тиімділігі – мұғалім мен оқушы арасында тең қарым-қатынас орнайды. Өйткені, дамыта оқытуда мұғалім дайын білімді түсіндіріп беруші, бақылаушы, бағалаушы ғана емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастырушы ретінде көрінеді. Бұлай оқыту бала интеллектісінің көзін ашып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Дамыта оқытудың басты ұстанымдары төмендегідей:

- сабақтың құрылымын проблемалық сабақ ретінде құру ұстанымы;
- оқушылардың ойлау қызметін белсендіруде көрнекі-нақты, практикалық, көрнекі-бейнелі, дерексіз, абстрактілік, теориялық сияқты түрлі ой операциялары мен амалдарын қолдана отырып, сапалы түрде теориялық

ойлау қабілеттерін дамыту ұстанымы;

- пәнді оқытуда жеке және саралай оқыту талаптарын ескеру ұстанымы;
- оқушылардың тілдік құбылысты оқып-меңгеруіндегі ой қызметінің қадамдық, сатылық, алгоритмдік, эвристикалық, проблемалық, шығармашылық қызмет түрлерін қалыптастыру ұстанымы;
- оқытудың тарихилылығы ұстанымы;
- оқытудың ғылымилылығы мен жүйелілігі ұстанымы.

Осы ұстанымдар негізінде пәнді дамыта оқыту әдіс-тәсілдері және оқытудың негізгі формалары, сабақ пен сабақтан тыс жұмыстардың құрылымы, оқушылардың ізденімдік қабілетін дамытуға арналған басқа да жұмыс түрлері анықталады.

Шағын жинақты мектептерді дамыту тұжырымдамасының жүзеге асыру шарттарын іске асыру бойынша ұсыныстар:

– Шағын жинақты мектептің нормативтік құқықтық базасының сәйкестігін қалыптастыру;

– Шағын жинақты мектеп қызметінің қаржылық – экономикалық базасын жетілдіру;

– Шағын жинақты мектепті ақпараттандыру және оның материалдық техникалық базасын нығайту;

– оқу-тәрбие процесін ғылыми-педагогикалық және оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілу, шағын жинақты мектептің ерекшеліктерін ескере отырып, жаңаша әдістемелік кешенін жасау;

– шағын жинақты мектептер ерекшеліктеріне сай мұғалім мамандар даярлау;

– мұғалімдер біліктілігін үздіксіз дамыту мен оларды қайта даярлау;

– оқытудың жаңа технологияларын енгізу және т.б.

Елде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдай шағын жинақты мектептің қызмет ету мүмкіндігіне қауіп туғызып отыр. Әлемдік тәжірибе, мәдени жағдай шағын жинақты мектептерде қазіргі қоғамдық талаптарға сай жаңа парадигманың, білім берудің өзіндік практикасының пайда болуына әкеліп отыр. Бүгінде ол көп қырлы, жылжымалы және көп сатылы жүйе ретінде қарастырылады. Сол себепті республиканың әртүрлі аймақтарында тәжірибелі ең жақсы шағын жинақты мектептер базасында лабораториялар, педагогикалық курстар, шығармашылық шеберханалар құру қажеттілігі туындап отыр.

Жақын орналасқан шағын жинақты мектептерді біріктіретін, білім беру ұйымы болып табылатын тірек мектептер (ресурстық орталықтар) оқушылардың сапалы білімге қол жеткізуіне жағдай туғызады. Тірек мектептер (ресурстық орталықтар) базасында шағын жинақты мектеп оқушылары үш рет (оқу жылының басында, ортасында, соңында) он күннен (сессия) білім алады әрі онда аралық және қорытынды аттестаттау тапсырады.

Сессияаралық кезеңде шағын жинақты мектептерде оқыту тірек мектеп мұғалімдерінің қатысуымен және қашықта оқыту технологияларының көмегімен жүргізіледі. Тірек мектептердің қорларын қолдану негізінде білім

сапасы, мектептердің педагогикалық өзара қарым-қатынасы, тәжірибе алмасу жүйесі дамытылады.

Шағын жинақты мектептердің жалпы білім беретін орта мектептерден айырмашылығы – оқушы санының аздығына байланысты бірнеше сыныптардың біріктіріліп оқытылуы.

Шағын жинақты мектептерде бірнеше сынып біріктірілгендіктен мұғалімнің апталық жүктемесіне өзгерістер енгізіледі, яғни мұғалім бір 45 минутта екі немесе үш сыныппен қатар сабақты өткізуге мәжбүр болады. Осыған байланысты мұғалім әр сыныпқа сабақтың белгілі бір бөлігін ғана жұмсай алады. Сондықтан да мұндай біріктірілген сыныптардағы сабақтарды ұйымдастыру сол мектептердің мұғалімдеріне де, жас мамандарға да қиындық туғызары сөзсіз.

Екі комплектілі мектепте – екі сынып, ал бір комплектілі мектепте – үш немесе төрт сынып біріктіріліп, бір сыныпты құрайды. Сыныптарды комплектіге біріктіру, оның негізінде сабақ кестесін құру, соған байланысты сабақтың күнтізбелік жоспарын, сабақтың жоспарын жасау, сабақтың уақытын дұрыс пайдалану мәселелері бұндай мектептердің басты мәселесі болып саналады.

Егер мектепте барлық балалар саны 15-тен аспайтын болса, 1-сынып жинақ, 15-тен жоғары болса 2 немесе 3-сынып жинақ болуы тиіс. Егер де бала санының аздығына байланысты, яғни 5-тен 15-ке дейін ғана бала болса онда 1 сынып-жинақ - 1, 2, 3, 4-сынып оқушылары бірге оқитын жағдайда тиімді жылжымалы сабақ кестесін жасау керек болады.

ШЖМ бағдарламасына қойылатын талаптардың негізгі мектептермен бірдей болғандығынан оны өз деңгейінде орындап шығу қазіргі кездегі көкейкесті мәселелердің бірі болып есептеледі.

Шағын жинақты мектептің педагогикалық ерекшеліктерін ескерген мұғалім ғана өзінің шығармашылық жұмысын ұйымдастыра алады. Кез келген әрекет талдаудан басталады. Шағын жинақты бастауыш мектепте оқушыларды талдауға үйретуде әр педагог әдіс-тәсілдер жүйесін мақсатты түрде пайдалана білген жөн.

Әрбір сабақ – оқу үдерісіндегі шешуші буын, сондықтан ол – оқытуды жетілдіру, қажетті түрлендірулер мен мақсатты нәтижеге жетуді ойластыру. Сонымен бірге жоғары шеберлікті үнемі қажет ететін, дамуды керек ететін, даму үстінде сапалы оқуды іздестіретін үдеріс. Сол үшін бүгін сапалы білім беріп, ал ертең бүгіннен де артық, сапалы білім беруіміз тиіс. Ең бастысы білім алушының психологиясына айрықша көңіл бөліп, терең зерттеу жүргізіп, оның барлық тәрбиесін назардан тыс қалдырмаған жөн.

Мектепте де білім алушы саны аздығына байланысты, қазіргі таңда бастауыш сынып оқушылары тек қосарланған сыныптарда оқытылады. Шағын жинақты мектептердегі қосарланған сыныптарда оқушылардың білім сапасын және шығармашылық қабілеттерін арттыру әр ауыл мұғалімінің көкейтесті мәселесі. Шағын жинақты мектептердің алдында тұрған өзекті мәселелерінің бірі: «Оқытудың жаңа технологияларын пайдалана отырып, білім сапасын

арттыру». Осы мәселе негізінде әдістеме бірлестігі, оның ішінде әр пән мұғалімі өз алдына шешуді қажет ететін өзекті мәселелер қоюы керек.

Шағын жинақты мектептердің әрбір педагогі біріктірілген сыныпта шығармашылық әдіс-тәсілдері пайдалана отырып, ойын арқылы оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыру, қабілеттерін дамыту, білім деңгейін көтеруі қажет. Берілген мәселені шешу үшін педагогтер білім алушылардың деңгейін ескере келе әр педагог өз алдына нақты мақсат пен міндеттер қоя білуі қажет.

Мәселен, шағын жинақты мектеп педагогінің мақсаты келесідей болуы мүмкін: біріктірілген сыныптардағы әр оқушының алған білім деңгейі мемлекеттік білім стандартына негізделген және бағдарламаға сәйкес болуын көздеу. Оқушылардың шығармашылық деңгейін арттырып, өздігінен жұмыс істей білуге дағдыландыру және т.б.

Педагогтің міндеті:

- алған білімін заман талабына сай ұдайы жетілдіріп отыру;
- жаңа оқу технологияларының элементтерін өз жұмысында тиімді пайдалану;
- сабақты түрлендіре өткізе отырып, оқушы білімінің сапасын арттыруға негіздеу;
- сабақта пайдаланатын құрал жабдықтардың талапқа сай болуын ескеру, оқушының өздігінен тапсырманы орындауына ұдайы жағдай жасап отыру және т.б.

Сыныппен жұмыс жасай отырып, педагогтерге келесідей оқыту мен оқу тәсілдерін қолдану ұсынылады:

- сыныппен толықтай бірлесе орындайтын жұмыс;
- шағын топтардағы жұмыс;
- жеке жұмыс;
- ширату жаттығулары.

Сынып толықтай жұп болып немесе шағын топта жұмыс істеу арқылы басқа оқушылардың проблемалары мен көзқарастарын тыңдауға, түсінуге және жауап беруге мүмкіндік беріледі. Сондай-ақ ШЖМ-ның оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда келесідей:

- біріншіден, бірнеше сыныппен бір уақытта жұмыс істеу сабақтың құрылысын анықтауды қажет етеді, өзіндік жұмысты мұғалім әр сынып сайын міндетті түрде ұйымдастырып отыруы тиіс;
- екіншіден, тікелей мұғалімнің басшылығымен атқарылатын жұмыстың оқушының өздік жұмысымен алмастырыла жүргізілуі ерекшелігі бар.

Осы екі ерекшелік – ШЖМ-нің негізгі мектептен төмендегі ерекшелігін туғызады:

- бір сыныппен жұмыс істегенде сабақтың мақсаты, логикалық құрылымы оқушы мен мұғалімге бірдей болады, ал бірнеше сыныппен жұмыс істеуде бір сабақ әрқайсысы бір сабақ ретінде бірнеше кіші сабақтардан тұрады да, мұғалім әр кезеңнің мақсаты мен міндетіне қарай тиянақты дайындалуы қажет;

- бір сабақтың үстінде мұғалім әртүрлі жастағы, ой-өрісі мен білім дәрежесі әртүрлі оқушылармен жұмыс жүргізеді, сондықтан сабақ өткізетін педагог әр баланың психологиясын жақсы білуі тиіс.

Біріктірілген сыныптарда кіріктіре оқытудың тиімді жақтары келесідей:

- оқушылар әртүрлі сыныпта оқығанымен, олардың назарын бір пәннің мазмұнындағы ұқсас тақырыптарға аударуға мүмкіндік жасалады;
- әр оқушы білім деңгейіне қарай өзіндік жұмыс түрлерін орындайды;
- өзіндік жұмыстарды оқушының жас ерекшелігіне қарай деңгейлеп беруге болады;
- оқушылардың бір-біріне көмектесіп, ұжымдық қарым-қатынасқа түсуіне мүмкіндік беріледі;
- балалардың саны аз болғандықтан мұғалім әрбір оқушыны, оның қызығушылығын арттыруына, жақсы тануына көп мүмкіндігі бар;
- дәптер тексеруге аз уақыт жұмсалады;
- оқушылардың тәртіп бұзушылығы аз болады;
- оқушылар бірінші сыныптан бастап, өздігінен жұмысқа бейімделеді;
- бір оқу бөлмесінде күнделікті бірге болғандықтан, жоғары сынып (3-4-сынып) оқушылары кіші сынып оқушыларына көмек береді;
- әрбір баланың білім деңгейлерін анықтап, олардың білім, білік, дағдыларының деңгейлерін көтеруге мүмкіндігі мол;

ШЖМ-ның жоғарыда келтірілген артықшылықтармен қоса қиыншылықтары да бар. Олар:

- шағын жинақты мектептер орта мектептерден алшақ орналасқандықтан, мұғалімнің басқа педагогтердің сабақтарына қатысып, араласу, тәжірибе алмасу, үлгі алу мүмкіндіктері аз болады және шыңдалудан гөрі жауапкершіліктері төмендейді;
- мұғалімдер ұжымының аздығына қарай, әрбір мұғалімнің шығармашылық белсенділігінің артуына мүмкіндігі болмайды, себебі біріктірілген сынып мұғалімдерінің саны аз болуына байланысты.
- сабаққа дайындалуда мұғалім шектен тыс жүктеме орындайды;
- мұғалім әрбір сыныппен сабақтың белгілі бір бөлігінде ғана жұмыс жасауға мүмкіндігі болады, ал қалған уақытта тек оқушылардың өздік жұмысын ұйымдастыруға, оны басқаруға ғана жұмсалады;
- мұғалімнің зейіні екі немесе одан да артық сынып оқушыларына бөлініп отырады;
- оқушылардың өздік жұмысы басқа сынып оқушыларының шуылы, кедергі жасауы барысында жүргізіледі, мұның өзі оқушының тапсырманы түсіне отырып орындауына кері әсер етеді;
- өзіндік жұмысты орындау барысында оқушылар мұғалім тарапынан жеткілікті мөлшерде көмек ала алмайды;

- ШЖМ оқушылары көпке дейін өз ойын ашық айтуға, қандай да бір мәселені ауызша талдауға, өзгенің талдауын, талқылауын, ойын тыңдаудан кейін қалады;

Шағын жинақты мектептегі тәрбие жұмысының өз ерекшеліктері бар, атап айтсақ: ата-аналармен тығыз байланыс, әр оқушының тәрбиесіне ықпал ету, халықтың дәстүрге сүйену, табиғатқа жақындық, ақыл-ой, дене, еңбек, моральдық, сезімдік тәрбие жүзеге асырылады.

Жоспарда оқушылармен бірлесіп істейтін жұмыстар әр жас кезеңдеріне сай көрсетіледі. Оқу-тәрбие жұмысы баланың жеке тұлғалық сапаларын қалыптастыруға бағытталғаны дұрыс болады.

Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілетті дамыған елдердің қатарына енуі үшін біріншіден, білімді ұрпақ қажет екенін атап айтуға болады. Қазіргі таңда педагогикалық мамандар білім жетілдіруді қайта даярлау, деңгейлік оқыту курсынан өтіп, өзгеріс енгізуге қатысты өз көзқарастары мен пікірлерін ұсынуда. Әлем елдерінің тәжірибесіне сүйене отырып жоғары жетістіктерге қол жеткізу үшін білім беру желілерін дамыту қажет. Білім беру жүйесінде бірлесіп жұмыс істеу арқылы ғана мектеп мұғалімдерінің деңгейін көтеріп, оқушылардың білімін дамытуға жағдай жасай аламыз.

Белгілі педагог К. Ушинскийдің «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім. Оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады», – деген сөзі осының айқын дәлелі іспетті. Әр шәкіртке білім мен тәрбие бере отырып, қателігін түсіне білетін, үлкенді сыйлап, кішіні сүйетін, Отанының мақтанышы болатын, дәстүрін жетік білетін, білімді жинап, әлем елдерінде білім алуға талпынатын, сымбатты да салауатты өмір сүретін азаматтар мен азаматшаларды тәрбиелеу педагогің міндеті.

ШЖМ-дағы оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері бойынша ұсыныстар:

- бір сыныппен жұмыс істегенде сабақтың мақсаты, логикалық құрылымы оқушы мен мұғалімдерге бірдей, ал бірнеше сыныппен жұмыс істеуде бір сабақ әрқайсысы бір сабақ ретінде бірнеше кішкентай сабақтардан тұрады да, мұғалім бір күнде 8-16 сабаққа, оның әр бөлігін санағанда, 32-40 біріктірілген сабақтарға дайындалып, олардың логикалық байланысы әр кезеңнің мақсаты мен міндетіне қарай уақытында тиянақты әзірлеуі қажет.

- бір сабақтың үстінде мұғалім әртүрлі жастағы, ой-өрісі мен білім дәрежесі әртүрлі білім алушылармен жұмыс жүргізеді, сондықтан мұғалім балалардың психологиясын жақсы білуі тиіс;

- шағын жинақты мектептер орта мектептерден алшақ орналасқандықтан мұғалімнің басқа педагогтердің сабақтарына қатысып, араласу, тәжірибе алмасу, үлгі алу мүмкіндіктері аз болады, шыңдалудан гөрі жауапкершіліктері төмендеп, сабақ тиімділігін төмендету қаупі туындайды.

- мұғалім сабақ барысында ұйымдастырылатын өздік жұмыстардың мазмұнын, көлемін, оларды орындау әдіс-тәсілдерін түрлендіріп, оқушылардың білім деңгейіне, жас ерекшеліктеріне, орындау жылдамдықтарына қарай

лайықтап, орындау уақытын белгілеп, оны тиянақты болмауды ойластыруы қажет. Білім алушының өздігінен жұмысты орындау әрбір оқушыға түсінікті болуы керек және де көрнекі құралдар, карточка, дидактикалық материалдар саны барлық балаларға жететіндей болуын қадағалау керек.

Шағын жинақты мектепте жалпы жаңа жүйе бойынша оқыту жұмысын ұйымдастыру шарттары бойынша ұсыныстар:

- ✓ сабақтың оқу бағдарламасына сәйкес жоспарлануы;
- ✓ бірнеше сыныптың оқу материалының бір тақырыптың жүйеге ыңғайластырылуы;
- ✓ көрнекі дидактикалық құралдардың алдын ала дайындалуы;
- ✓ сабақ тақырыбының өзара байланысы;
- ✓ сыныптарды комплектіге дұрыс біріктіру;
- ✓ сабақтардың кестесін дұрыс құру;
- ✓ тиімді оқыту әдістерін таңдау;
- ✓ сабақтың максатқа сай келетін құрылымын анықтау;
- ✓ оқушылардың өздік жұмыстарын мұғалім басшылығымен істелетін жұмыстармен ауыстырып отыру;
- ✓ мұғалімнің 4-5 рет жұмыс түрін ауыстыруы;
- ✓ барлық сыныптарда тәрбие процесін жүргізу және т.б.

ШЖМ-да оқу – процесінің тиімділігін анықтау бойынша ұсыныстар

ШЖМ-ның оқу – тәрбие үрдісінің бірнеше өзіндік ерекшелігі бар. Олар:

- біріншіден, сабақтың ерекшіліктері. Бірнеше сыныппен бір уақытта жұмыс істеу сабақтың құрылысын анықтауды, оқушы мен мұғалімнің дұрыс ұйымдастыруды қажет етеді, өзіндік жұмысты мұғалім әр сынып сайын міндетті түрде ұйымдастырып отыруы тиіс;

- сабақтың екінші ерекшелігі, тікелей мұғалімнің басшылығымен атқарылатын жұмыстың оқушының өздік жұмысымен алмастырыла жүргізілуі.

Осы екі ерекшелік ШЖМ-нің негізгі мектептен айырмашылығын көрсетеді:

- бір сыныптың өздік жұмысына бөлінген уақыты мұғалімнің басшылығымен жұмыс істеп отырған келесі сыныпқа бөлінген уақытқа байланысын;

- екіншіден, 3-4-сынып қатар оқытылғандықтан, сабақ кестесін, сабақ жоспарын дұрыс құру, оқушылардың өздері орындайтын жұмыстарын шебер ұйымдастыру, сабақ уақытын дұрыс, тиімді пайдалану қажет.

Бастауыш сынып білім беру деңгейінде ШЖМ-да біріктірілген сыныптарда кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар

Шағын жинақты мектептегі сабақтың табыстылығы

Шағын жинақты мектептегі сабақтың табыстылығы мұғалімнің түсіндіруі мен өздік жұмысты ұштастыруына байланысты болады. Түсіндіру нақтыландыратын мысал, қосымша ой-пікірлерсіз қысқа болуы керек. Мұғалім әдетте жаңа білімді меңгерту үшін бір не екі мысал келтіру қажет. Мұғалім

тақырыпты түсіндіргеннен кейін өздік жұмысты қалай орындау керектігі туралы қысқаша нұсқау беріп, оқушылардың жұмысқа әзірлігін тексеріп, келесі сыныппен жұмыс істеуге көшеді, тақырыпты түсіндіріп болған соң сыныпқа өздік жұмыс береді. Оқу жұмысының түрлерін ауыстырып, өздік жұмысты орындау процесін бақылап, мұғалім сабақты жүргізіп отырады.

Мұғалім екі сынып оқушыларының да іс-әрекетін толықтай бақылап, өздік жұмыстың нәтижелерін міндетті түрде тексеріп, жауап беріп көмектеседі.

Әр сыныптағы өздік жұмысқа 15 минут уақыт беріледі. Осы уақыт ішінде мұғалім басқа сыныптың оқушыларына жаңа сабақты түсіндіреді, оны қайталаттырады, жүйелетеді.

Шағын жинақты мектепте жұмыс істейтін мұғалім кіші мектеп жасындағы оқушыларға берілетін өздік жұмыстың барлық түрлерін білуі керек. Шағын жинақты мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеу негізінен сабақ арқылы жүреді. Мұғалім сабақты, бекітілген сабақтың кестесі бойынша өткізеді. Сыныпта әр жастағы оқушылар оқып, бір сабақта бірнеше пәннен алынған ұқсас тақырыптар түсіндіріледі. Сабақтар бір кабинетте өтеді.

Мұғалімнің мақсаты:

- әр сыныппен істейтін жұмысына уақытты дұрыс бөлу;
- таным процесінің жүйесін бұзбау;
- оқушылардың жаңа тақырыпты қабылдауын, түсінуін, меңгеруін, есте сақтауларын ынталандыру;
- барлық сыныппен бір мезгілде тәрбие жұмысын жүргізу;
- білімнің негізгі мазмұнын меңгерту және т.б.

Шағын жинақты мектепте сынып – жинақ құрастыру ерекшеліктері

Сыныптарды жинақтарға біріктіру, оның негізінде сабақ кестесін, соған байланысты сабақтың күнтізбелік жоспарын құру, сабақтың жоспарын жазу, сабақтың уақытын дұрыс, тиімді пайдалану мәселелері бұндай мектептердің белгісі.

Егер мектепте барлық білім алушылар саны 15-тен аспайтын болса, 1-сынып жинақ, 15-тен жоғары 2 немесе 3-сынып жинақ болуы тиіс. Мұнда 1 сынып-жинақ 20 оқушыдан аспауы керек.

Егер де бала санының аздығына байланысты, яғни 5-тен 15-ке дейін ғана бала болса, онда 1 сынып-жинақ – 1, 2, 3, 4-сынып оқушылары бірге оқитын жағдайда тиімді жылжымалы сабақ кестесі құрылу қажеттілігі бар.

ШЖМ мұғалімінің алдындағы негізгі педагогикалық мақсаты – бағдарлама мен мектеп белгілеген жоспарды орындап шығу.

Шағын жинақты мектепте екі немесе үш сыныппен өткізілетін сабақты ұйымдастыру

Екі немесе үш сыныппен өткізілетін сабақты ұйымдастырғанда оқушының білімін бағалау, жеке жұмыс жүргізу, тапсырманы өздігінен қалай орындағандықтарын бақылап, жұмыстарын тексеріп отыру да педагогикалық шеберлікті, жете мән беруді талап етеді. Яғни, 45 минуттық бір сабақтың

ішінде шағын жинақты мектеп мұғалімі 3, тіпті кейде 4 сабақты өткізіп, 3 не 4-сынып оқушыларын қатар оқытуға әрі әрбір «кіші сабақтың» білімділік, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттарының орындалуын қадағалауға мәжбүр болады. Осыған орай сабақтың құрылымы да өзгереді.

Бүгінгі күнге дейін сабақтың екі кезеңі анықталған. Олар: мұғалім басшылығымен жұмыс және өздігінен орындалатын жұмыс. Бұл екі кезең «тұтас сабақтың» өн бойында бірнеше рет қайталанып отырады. Енді осы сабақтардың ұйымдастыру барысына: ортақ тақырыптық қағиданы ұстанғандықтан белгілі бір тақырыпты барлық сыныпқа бір мезгілде өткізуге болатындығына тоқталу қажет. Ал, жаңа сабаққа байланысты жаттығулар мен тапсырмаларды жас ерекшеліктеріне қарай әрбір сыныпқа лайықтап, саралап, әрқайсысына жеке орындатуға болатындығын ескерген жөн.

Үш сыныпты біріктірген кезде сұрақтар мен тапсырмаларды келесідей әзірлеуге болады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

65-кестеде сабақтың екі кезеңі берілген: біріктірілген (ортақ) бөлімнен және сараланған (дифференцияланған) бөлімнен тұрады.

2-сынып	3-сынып	4-сынып
М	Ө	Ө
Ө	М	Ө
Ө	Ө	М

(М − мұғалім басшылығымен орындалатын жұмыс, Ө − өздігінен орындалатын жұмыс).

66-кесте. Біріктірілген (ортақ) бөлім (жаңа тақырыпты түсіндіру кезеңі)

2-сынып	3-сынып	4-сынып
Біріктірілген (ортақ) бөлім (жаңа тақырыпты түсіндіру кезеңі)		

ШЖМ-да сабақ кестесін құрастыру жолдары бойынша ұсынымдар

ШЖМ-да сабақ кестесін құрғанда оқу ісі бойынша директордың орынбасары: ШЖМ-да тиімді сабақ кестесін, сабақ кестесін жасаудың әдіс-тәсілдерін, сабақ кестесінің түрлері және оларды құру технологиясын және сабақ кестесінің үлгілерін жақсы меңгеруі керек.

Оқу жылындағы оқушы мен мұғалімнің күнбе-күнгі оқу еңбегі сабақ кестесімен анықталады.

Шағын жинақты мектептерде оқыту, тәрбиелеу жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін дұрыс жан-жақты ой елегінен өткізілген сабақ кестесін құру, сабақ кестесі мектептегі білім алушылар мен сынып санына байланысты бейімдеу және т.б. Егер мектепте барлық білім алушылар саны 10-нан аспайтын болса, онда бір мұғалім немесе бір жинақты мектеп, ал 12 оқушы болса, екі жинақты, 15-тен артық болса, ол үш жинақты болып есептеледі. Егер мектепте барлық сыныпқа бір мұғалім болса, яғни бір жинақты мектеп болса, тиімді сабақ кестесін құру қажеттілігі туындайды.

Мектепте екі мұғалім болса, әр сыныптың мұғалімі саны мен білім деңгейі, дайындықтарына байланысты біріктіріледі.

Дұрыс сабақ кестесін құру үшін мұғалімдер қандай пәндерді біріктіргенде, өзіндік жұмысты ұйымдастыруға барынша мүмкіндік беретін принципті ескеруі керек.

Екі сыныппен жүргізілетін сабақтың сапалы болуы үшін сабақ кестесіндегі пәндерді қалай болса солай біріктіруге жол берілмейді. Екі сыныпта екі түрлі пәнді жүргізгеннен гөрі, екі сыныпта да бір пән бойынша, мәселен, қазақ тілін қазақ тілімен, математикамен математиканы біріктіріп өткізген жеңіл болатынын тәжірибе көрсетіп отыр. Бұл өзінен-өзі түсінікті, өйткені пәндерді біріктіріп жүргізгенде мұғалімнің зейіні бір пәнге бағытталады, сол себептен де жұмыс сапалы жүргізіледі.

Өздігінен жұмыс жүргізуді ұйымдастыруға барлық пәндердің бірдей дәрежеде мүмкіндік бере бермейтінін есте ұстау керек. Мысалы: «Музыка» мен «Денешынықтыру» сабақтарын біріктіруге болмайды, тек сабақты топқа бөліп өткізуге болады.

Тиімді сабақ кестесін құрастыру үшін сынып-жинағын құруда, пәндерді біріктіру проблемасы негізгі мәселе ретінде қаралады. Аптаның сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі күндері – білім алушылардың ең жоғарғы деңгейде жұмыс істей алатын күндері. Бірдей жағдайда екінші, үшінші сабақ оқушылардың іскерлігіне әсер ететін, нәтижелі сабақтар болып саналады. Барлық жағдайда екі, үш, төрт сыныппен барлық сабақтарды біріктіріп, сабақ кестесінің түрлерін әр нұсқада ұсынуға болады. Сабақ кестесінің түрлері қатар оқытылатын сыныптардағы оқытылатын пәндердің ретіне байланысты құрылады. Қатар оқытылатын сыныптарда бір пәнді бір мезгілде оқытуға, әр пәндік, бір тақырыптық негізде өткізуге болады. Сонымен бірге, бір сыныпты жеке оқытып, 2-3-сыныпты қатар оқытуға болады.

ШЖМ-да ұсынылатын сабақ кестесінің үлгілері. ШЖМ-да сабақ кестесін құрғанда 1-топпен 2-топты біріктіріп құруға болады. «Қазақ тілі» сабақтарында барлық сыныпқа ортақ сұрақтар беру, диктант, қызықты тапсырмалар, дидактикалық ойындар жүргізуге болады.

Көп жағдайларда 2-3-сыныпты біріктіріп сабақ өткізуге тура келгенде келесі сыныптарда 3-сабаққа ауыстыруы керек. Мысалы: қатар оқитын 1-4, 1-3 үшін күніне 1 пән немесе 2 пән қатар оқытылады. Ал қалған пәндер 2-сыныпта 30 мин. бөлек жүргізеді. Мұндағы негізгі мақсат 1-сынып білім алушыларының жас ерекшелігін ескеріп, 1-сыныпқа 30 минут бөлек уақыт беру керек. Қатарынан 1-2-3-сынып үшін, 1-3-4-сыныптар үшін, 2-3-4-сынып үшін бұл жағдай сабақ өткізудің қиындығын тудырады. Сондықтан, күніне 1 рет 1 пәнді қатар өткізеді.

Қалғанына өзіндік жұмыстар беріледі. Білім алушылардың санына байланысты, сынып жинақты құру, сабақ кестелерінің үлгілерін оқушыларға түсіндіріп оқыту керек. Мысалы: бақылау жұмысы мен диктант сабақтарын біріктіру, математика сабақтары үшін тиімді болады. Ал, кей жағдайларда тиімді бола бермейді. Мұндай кезде еңбек, бейнелеу пәндерін бірге өткізіп, аталған пәндерді бөлек оқыту керек. Сабақ кестесі жартыжылдық уақытқа арналып құрылады.

Шағын жинақты мектеп мұғалімдері күнделікті 8 не 14 сабақтың жоспарын құрып, оған көрнекілік дайындайды. Сондықтан да оқу-тәрбие жұмысының нәтижелі болуына сабақ кестесінің әдістемелік тұрғыда дұрыс құрылуының маңызы зор.

ШЖМ-дағы сабақтарды өткізу ерекшеліктері және оқыту түрлері бойынша ұсыныс

Шағын жинақты мектепте сабақ өткізудің ерекшеліктері – біріктірілген сыныптардағы біртақырыптық сабақтардың ерекшеліктері туралы мағлұмат беру, бірпәндік, біртақырыптық сабақтарды ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін меңгерту.

Біріктірілген сыныптардағы бір тақырыптық сабақтардың ерекшеліктері.

Шағын жинақты мектептің оқу үдерісін ұйымдастыруда бірқатар қиындықтар кездесетіні жасырын емес. Өйткені бұл үлгідегі мектепте мұғалім бір мезгілде екі сыныппен қатар жұмыс істейтіндіктен, сабақтың өзіндік ерекшелігі болады. Осы ерекшелікке байланысты оқу үдерісі бір мезгілде екі сыныпта бірдей ұйымдастырылады. Сондықтан екі, үш сыныптың бір мезгілде қатар оқытылуы білім алушыға да, мұғалімге де психологиялық және әдістемелік тұрғыдан қолайсыздық туғызады.

Шағын жинақты мектептердегі оқу үдерісін ұйымдастырудың тиімділігі төмендегі жағдайларға байланысты:

- сыныптарды біріктірудің педагогикалық ұтымдылығы мен дұрыстығы;
- сабақ кестелерінің оңтайлы жасалуы;
- тәрбие мен оқытудың тиімді әдістері мен түрлерін таңдау, оларды оқыту үдерісінде дұрыс үйлестіру және ұтымды пайдалану;
- сабақтың белгіленген мақсатқа сай неғұрлым тиімді құрылуының анықтау;
- оқу-тәрбие жұмысының сабақ үстіндегі және сабақтан тыс түрлерін дұрыс үйлестіру;
- білім алушылардың өзіндік жұмысы мен мұғалім басшылығымен атқаратын жұмысының ұтымды алмастырылуы;
- оқушылардың бойында білім алу және өздігінен оқып білу дағдыларын қалыптастыруға баса назар аудару;
- білім алушылардың білімі мен тәрбиелілік деңгейлері дамуының ғылыми диагностикасы;
- білім алушылардың білім, біліктерін ізгілікті педагогикалық ұстанымдарға негізделген жүйелі бақылау.

Екі, үш сыныппен жүргізілетін сабақ сапалы болуы үшін сабақ кестесінде пәндерді жүйелі ретте орналастыру керек. Екі сыныпта екі түрлі пәнді жүргізгеннен гөрі сабақты бір пән бойынша өткізген жеңіл болатынын тәжірибе көрсетіп отыр. Өйткені пәндерді біріктіріп жүргізгенде, мұғалім білімнің бір саласынан екінші бір саласына көшпей, оның назары бір пәнге бағытталады. Бірпәндік оқыту жүйесі іс жүзінде біртақырыптық сабақтар жүргізуге

мүмкіндік беретінін атап өткен жөн. Қазіргі шағын жинақты мектеп тәжірибесінде мұндай сабақтарды ұйымдастырудың тиімділігі арта түсуде.

Осыған орай, шағын жинақты мектеп мұғалімдері оқыту үдерісін мүмкіндігінше біртақырыптық жүйеде құрастырғаны дұрыс. Өйткені белгілі бір ортақ тақырып бойынша барлық сыныпқа бірдей бір мезгілде түсіндірген мұғалімге де, оқушыларға да тиімді.

Біртақырыптық сабақтар дегеніміз – бір пән ішіндегі мазмұны ұқсас тақырыптарды екі сыныпта қатарынан оқыту. Біртақырыптық сабақтарды ұйымдастырудың бірқатар артықшылығы қарастырылды.

Біріншіден, шағын жинақты мектеп төменгі сынып білім алушылардың оқуға деген ықыласын табысты дамытуға жағдай жасайды.

Екіншіден, біртақырыптық сабақтарды өткізгенде, білім алушылардың оқу әрекетін табысты жоспарлау білігі, бір-бірін тексеру немесе өзін-өзі бақылау кезінде жұмыстың барысын бақылау, яғни оқушыны өзіндік жұмыстарға даярлығын анықтайтын біліктер қалыптасады.

Үшіншіден, біртақырыптық сабақтар білім алушының сөйлеу мәдениетін қалыптастырады, қатарластарының жауаптарын тыңдау, диалог жүргізу мәдениетіне үйретеді, сөйлеу қабілеттерін дамытады. Осыған байланысты сөйлеу қарым-қатынасының аясы кеңейеді, бұл, әсіресе, шағын жинақты мектептер жағдайында өте маңызды.

Төртіншіден, біртақырыптық сабақтар практикалық және оқу әрекеттерінде ұжымда жұмыс істей білуге, басқа оқушылардың пікіріне құрметпен қарауға, өз пікірін дәлелдеуге мүмкіндік береді. Әрбір сыныппен тақырып бойынша жүргізілетін сабақтар оқу материалы мазмұнының күрделілігімен анықталады.

Әрине, біртақырыптық сабақтарды әзірлеу және өткізу мұғалімнен педагогикалық шеберлікті талап етеді. Бұл жерде, бір жағынан, оқу материалын жоспарлау жұмысы тұрса, екінші жағынан, сабақ құрылымын жетілдіру және оны ұйымдастыру жұмысы тұрады. Білім алушылардың белсенділігі, ең бірінші кезекте, сабақ кезеңдерінің реттілігін қатаң сақтауынан емес, сабақты тақырып бойынша жоспарлап, оны әрбір сабаққа сәйкес мақсаты нақты анықталған жағдайда көрінеді.

Біртақырыптық сабақтарды жоспарлау оқу бағдарламасының белгілі бір тақырыбы немесе тарауы бойынша өтілетін сабақтар мен сабақтан тыс оқу жүйесіндегі оқу-тәрбие үрдісі білім беру, дамыту және тәрбие беру қызметтерін іске асыруының қолайлы жолдарын анықтау үшін қажет. Бұл жүйеге негізгі дидактикалық мақсатына байланысты сабақтың әр алуан тұрпаты және түрлерімен қоса, білім алушылардың сыныптан тыс және оқудан тыс жұмыстарының басқа түрлері де кіреді.

Шағын жинақты мектепте біртақырыптық жоспарлаудың ойдағыдай іске асырылуы, көбінесе, мұғалімнің оқушылар нені білуі керек, қалай оқыту керек, т.б. мәселелерді қаншалықты терең ойластырғанына байланысты. Сондықтан мұғалім біртақырыптық жоспарлауды пәннің оқу бағдарламасымен, білім беру стандартымен мұқият танысудан, пәнді оқыту кезіндегі және берілген тақырып

бойынша дидактикалық міндеттерді шешудегі негізгі тәрбиелік мақсаттарды және оқушыларды дамыту мақсаттарын анықтаудан бастауы қажет.

Біртақырыптық сабақты жоспарлау – бұл мұғалімнің сабаққа тиянақты дайындығының көрінісі, яғни сабақты жоспарлау, тақырыптық жоспарлауды әрбір жеке сабаққа сәйкес нақтыландыру, сабақтың негізгі мазмұны мен бағыты анықталғаннан кейін сабақтың жоспары мен қысқаша мазмұнын терең ойластыру мен құрастыру. Сабақ жоспары мұғалімнің жұмыс тәжірибесіне, кәсіби біліктілігіне, педагогикалық шеберлігінің деңгейіне қарамастан, әрбір мұғалім үшін қажет. Сабақтың жоспары тақырыптық жоспар, бағдарлама мазмұны негізінде мұғалімнің оқушыларды және олардың дайындық деңгейіне қарай құрастырылады. Сабақты жоспарлауда және оны өткізу технологияларын дайындауда екі өзара байланысты бөліктер бар. Олар: сабақ мақсатын, оның әрбір қадамын терең ойластыру қажет.

Біріктірілген сыныптардағы біртақырыптық сабақты жоспарлауға қажетті ұстанымдар:

1. Әртүрлі жастағы білім алушыларды оқыту міндеттері, мазмұны мен оқыту құралдарының кірігуі мен сарапануы. Әр сынып білім алушыларында түрлі деңгейде меңгерілетін сұрақтар, құбылыстар мен түсініктер туралы ортақ ұғымның болуы.

2. Білім алушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру – бірқатар педагогикалық қызметтерді жоғары сынып оқушысының атқаруы (бақылау, жаңа материалды түсіндіру, қиындықтарды жеңуде төменгі сынып оқушыларына көмектесу). Дайындық жұмыстары: ақыл-кеңесшілерді іріктеу, ақыл-кеңес беру, олардың әрекетінің маңыздылығын көрсету, атқаратын қызметтерді бөлу, сабаққа және сабақ үстіндегі дайындық кезеңінде тапсырмалар беру.

Біріктірілген сыныптарда біртақырыптық сабақтарды ұйымдастырудың қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сәйкес білім беру мақсаты мен міндеттері білім алушыларды әлемдік даму деңгейіне сәйкес келетін белгілі бір біліммен қаруландыруды көздейді. Осы орайда шағын жинақты мектеп мұғалімдері білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерінің бар мүмкіндіктерін қарастыру қажет. Ол үшін бір сабақтың үстінде мұғалім әртүрлі жастағы, ой-өрісі мен білім дәрежесі әртүрлі оқушылармен жұмыс жүргізеді, сондықтан ол балалардың психологиясын жақсы білуі тиіс.

Оқытудың әдіс-тәсілдері көп болғандықтан, шағын жинақты мектепте қолдануға болатын бірқатар әдістерге сипаттама берілді.

Қазіргі қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту және ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Осы орайда логикалық-құрылымдық әдіс оқытудың тұтас жүйесін жобалай отырып, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық процесс құруды, мұғалімге нәтижені талдап, түсіндіріп бере алатындай жүйе таңдап, құруды және білім алушылармен жұмыс істеуде кездесетін

қиындықтардың алдын алып, түзеу жұмыстарының жүйесін жасауды көздейді Бұл әдістің негізін академик В.М. Монаховтың технологиясы құрайды. Әдістегі негізгі объект – тақырыптық-дидактикалық модуль. Мұнда әр пакеттің өзінше қамтитын нақты мәселелері болады.

Логикалық-құрылымдық әдіс ШЖМ мұғалімінің бір оқу жылында пайдаланатын әдістемелерді жоспарлауына көмектесіп, төмендегідей кезеңдерді жүзеге асырылады:

1-кезең – нақты технологияға көзқарас жүйесін (тұжырымдаманы), оның мағлұмат түрлері мен нақты дидактикалық модуль шеңберіндегі технологиялық процестің соңғы қорытындысын өз құрамында сақтайтын «оқытудың жаңа әдісін теориялық тұрғыдан негіздеу» деп аталатын құжаттар жинағын (пакетті) зерттеп, дайындау;

2-кезең – «берілген дидактикалық модуль шеңберіндегі технологиялық атқару тәртібі» деп аталатын құжаттар жинағын дайындау;

3-кезең – берілген дидактикалық модульге сай «мұғалімнің әдістемелік жабдықтары» атты құжаттар жинағын дайындау;

4-кезең – берілген дидактикалық модульге сай «технологиялық жұмыс мақсатын іске асырудың қорытындыларын өлшеу әдістемесі мен белгілері» деген құжаттар жинағын дайындау;

5-кезең – «оқытудың жаңа әдіс-тәсілін меңгеру мәдениеті» атты құжаттар жинағын дайындау.

Шағын жинақты мектептерде өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру мақсаты: педагогтерге өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру жолдарымен таныстыру, білім алушылардың өздігінен орындайтын жұмыстың мазмұны ұғындыру.

Өзіндік жұмыс – оқушының күрделі іс-әрекеттерінің бір түрі немесе оқу жұмыстарының арнайы бір формасы болып есептеледі. Шағын жинақты бастауыш мектепте оқу-тәрбие жұмыстарының ерекше көңіл аударатын бір саласы – оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстары. Бірнеше сыныппен жұмыс істейтін мұғалімнің негізгі педагогикалық міндеті – жеке сыныппен жұмыс істейтін мұғалімнің алдына қойған міндетімен бірдей. ШЖМ педагогі де оқу жоспарын, бағдарлама талаптарын орындауға тиіс.

Өзіндік жұмыстардың нәтижелі болуы үшін алдымен «өзіндік жұмыс» деген ұғым нені білдіріп тұрғанын анықтап алу қажеттігі туады. Біріншіден, өздігінен жасалатын жұмыс балалардың түрлі тапсырмаларды, жаттығуларды ешкімнің көмегінсіз орындаулары, екіншіден, мұндай жұмыстар балаларды ұқыптылыққа, тәртіптілікке, жинақылыққа, бақылай білуге тәрбиелейді.

Өзіндік жұмыс түрлерін ұйымдастыруда келесідей талаптарды орындау бойынша ұсыныстар:

1. Өздігінен орындайтын жұмыстың мазмұны бағдарлама талаптарына сай болуы;
2. Өзіндік жұмыс оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға тиіс;
3. Өзіндік жұмыстың түрі, мазмұны әртүрлі болуы;
4. Әрбір орындалған өзіндік жұмыс тексеріліп, бағалануы *керек.*

Өздік жұмысты ұйымдастырудың шарттары келесідей болу ұсынылады:

1. Мұғалімнің нақты тапсырмалар (нұсқаулар) беруі;

2. Жұмысты орындаудың және аяқтаудың уақытын белгілеуі;

3. Мұғалімнің басқаруымен оқушылардың дербестігінің мөлшері, олардың жұмысты өз еркімен және қалауымен істеуі;

4. Оған әсер ететін мотивтер.

Өзіндік жұмыстың түрлері сан алуан. Оларды топтастыру – күрделі мәселе. Оның жиі кездесетін бір тобы – сабақ мақсатына қарай қолданылатын жұмыс түрлері:

а) жаңа білімді меңгеру (материалды жан-жақты талдау, мұғалімнің ауызша баяндауының жоспарын, конспектісін жасау т.б. тәсілдерге үйрену).

ә) жаңа білімді бекіту (түрлі жаттығулар, есеп шығару, түрлі жазбаша, графикалық, практикалық т.б. жұмыстар).

Өздік жұмысқа қойылатын талаптар бойынша ұсыныстар:

1) Тапсырма әрбір оқушының білім деңгейіне байланысты таңдалуы;

2) Өздік жұмысты орындауға (8-15 мин. ұзақ болмайды) жеткілікті уақыт берілуі;

3) Міндетті түрде тексерілуі;

4) Жұмыс сабақтың мақсатына байланысты (жаңа материалды қабылдауға, өткен материалды бекітуге, қайталауға, білімді тиянақтауға) таңдалуы;

5) Өздік жұмыстың мақсаты, орындау әдісі оқушыларға түсінікті болуы;

6) Өздігімен жұмысқа білім алушылар білім деңгейіне байланысты әртүрлі уақыт жұмсайтынын ескеріп, тақтаға не карточкаға қосымша материалдар дайындап әкелу және т.б.

ШЖМ-да тәрбие процесінің мақсаты мен міндеттері, оқу процесін ұйымдастырудың мақсаты: тәрбиенің жалпы мақсатын орындауға бағытталған салаларымен таныстыру, білім алушылардың таным қызығушылығын дамыту.

ШЖМ-дағы тәрбие процесінің мақсаты мен міндеттері.

Шағын жинақты мектептегі сыныптан тыс тәрбие жұмысы мектептегі тәрбие жұмысының құрамдас бөлігі болғандықтан, ол тәрбиенің жалпы мақсатын орындауға бағытталған – балаға қоғамда өмір сүруге қажетті әлеуметтік тәжірибені меңгерту және қоғамдық тұрғыдан қабылданған құндылықтар жүйесін қалыптастыру. Соған орай оның негізгі мақсаты – сабақ үстінде жүзеге асыратын тәрбие міндеттерін толықтыру және тереңдету, олардың қабілеттерін неғұрлым толық ашу, белгілі бір нәрсеге қызығушылығы мен ынтасын ояту, қоғамдық белсенділіктерін шыңдау, бос уақытын дұрыс ұйымдастыруды көздейді. Олар:

1. Балада өзіне қатысты жағымды қатынасты қалыптастыру және ондағы өзін-өзі бағалаудың әділдігін қамтамасыз ету. Бұл баланың одан әрі дара дамуының негізі болады. Себебі, тәжірибе көрсеткендей «қиын балада» өзі туралы жағымсыз көзқарас қалыптасқан. Соған орай дұрыс ұйымдастырылған

сабақтан тыс тәрбие жұмысы оқу процесіндегі шектеуді жоюға мүмкіндік береді және баланың өзі туралы жағымды көзқарастың қалыптасуына, өзінің күш-қайратына сенімнің орнауына жағдай туғызады.

2. Балада ынтымақтастық, ұжымдық өзара әрекет ету дағдысын қалыптастыру. Егер де балада өзіне қатысты жағымды көзқарасы бар жағдайда жолдастарымен тіл табысу, олардың пікірін тыңдау, өзара міндеттерін бөлісу, басқа адамдардың мүддесін ескеру, көмектесу біліктілігі қалыптасқан жағдайда, онда толығымен ұжымдық өзара жағымды әрекеттесу дағдысы қалыптасқан.

3. Балада әртүрлі көркемөнер әрекеттері түрімен тікелей танысу арқылы ондағы қажеттілікті қалыптастыру. Оған қызығушылықты баланың дара ерекшеліктерін және қажетті біліктілік пен дағды дәрежесін ескеру негізінде қалыптастыру. Басқа сөзбен айтқанда, сабақтан тыс жұмыста бала өзіне пайдалы әрекетпен шұғылдануы тиіс және оны өздік тұрғыдан ұйымдастыра алуы қажет.

4.Баланың дүниетанымының компоненттері: адамгершілік, эмоционалдық, ерік-жігерін қалыптастыру. Сабақтан тыс жұмыста бала адамгершілік түсінік арқылы қоғамдық мораль және мінез-құлық нормаларын меңгереді. Эмоциялық сала шығармашылық әрекетте эстетикалық көзқарас арқылы қалыптасады.

5. Баланың таным қызығушылығын дамыту. Мұндай міндетте сабақтан тыс жұмыс сабақта және сабақтан тыс әрекеттің сабақтастығын қамтамасыз етеді. Өйткені сабақтан тыс жұмыс сабақтағы тәрбиемен байланысты, мұндай көзқараста ол оқу процесінің нәтижесін арттыруға бағытталған. Баланың таным қызығушылығын дамыту, бір жағдайда, ол оқыту процесіне жұмыс істесе, екінші жағдайда, балаға тәрбиелік ықпалын күшейтеді.

Жоғарыда аталған міндеттер сабақтан тыс жұмыстардың негізгі бағыттарын анықтайды. Нақтылы іске, сыныпқа, мұғалім жағдайының ерекшелігіне байланысты олар нақтыланып, өзгертілуі мүмкін.

Шағын жинақты мектеп сынып жетекшісінің сыныптан және мектептен тыс тәрбие жұмысы бойынша ұсыныстары

Жеке тұлғаның қалыптасып дамуы үздіксіз сипатта болатыны бізге мәлім. Оның жүзеге асуы тек сабақ жүйесінде ғана емес, сабақтан тыс жүргізілетін әртүрлі тәрбиелік әрекеттермен ұштасады. Ол әдетте сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыс болып бөлінеді.

Сыныптан тыс тәрбие жұмысы – тұлғаның әлеуметтік қалыптасуын қамтамасыз етуде оған жағдай туғызатын мұғалімдердің басшылығымен ұйымдастырылған және сабақтың мақсатымен өзара байланысты болып келетін тәрбие жұмысының дербес түрі. Ол әртүрлі тәрбие әрекеттерінің жиынтығы ретінде балаға кең көлемде тәрбиелік ықпал ете алады.

Біріншіден, оқудан тыс әртарапты әрекет баланың сабақта мүмкін болмайтын жан-жақты дара қабілетін ашуға ықпал етеді.

Екіншіден, сыныптан тыс әртүрлі тәрбие жұмысының түрімен айналысу баланың жеке әлеуметтік тәжірибесін жандандырып, жетілдіреді, оның адамзат

құндылықтарына негізделген білімдерін байытып, қажетті практикалық іскерлігі мен дағдысын қалыптастырады.

Үшіншіден, сыныптан тыс түрлі тәрбие жұмысы оқушыларда әрекеттің әртүріне қатысты қызығушылығының дамуына, оған белсенді қатысуға деген құлшынысын тәрбиелеуге нәтижелі ықпал етеді. Егер де балада еңбекке деген тұрақты қызығушылық және белгілі бір практикалық дағды қалыптасқан болса, онда ол өздігінен тапсырманы нәтижелі орындауды қамтамасыз ете алады. Бүгінде бала өзінің бос уақытын қандай іске арнауды білмей жатса, соның негізінде жастар арасында қылмыстың көбеюіне әкеледі.

Төртіншіден, сыныптан тыс әртүрлі тәрбие жұмысының формасы тек қана баланың өзіндік дара қабілетін ашуға ықпал етпейді, сонымен бірге білім алушылар ұжымында өмір сүруге үйретеді. Яғни, оқу, еңбек әрекеттерінде және қоғамдық пайдалы істерді атқаруда өзара ынтымақтастыққа, бір-біріне қамқор болуға, өзін басқа жолдастарының орнына қоя білуге тәрбиелейді. Тіпті оқудан тыс әрекеттің қандай да бір түрі болмасын, танымдық, спорттық, еңбек, қоғамдық пайдалы, оқушылардың өзара ынтымақтастық тәжірибесін белгілі бір салада байытады, қорытындысында үлкен тәрбиелік нәтижеге қол жеткізуге ықпал етеді. Мысалы, балалар бірігіп көрініс қойса, онда олар өзара қарым-қатынас тәжірибесін меңгереді. Сыныптың тазалығын ұжым болып атқарса, онда өзара міндеттерін бөлісу тәжірибесін меңгереді.

Спорттық әрекетте балалар «бірі бәрі үшін, бәрі бірі үшін» деген қағиданың маңызын жете түсінеді.

Бесіншіден, сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыру мен өткізуде уақытқа қатысты қатаң шектеу болмайды. Сынып жетекшісі оның формалары мен әдістерін, құралдары мен мазмұнын және бағытын таңдауда ерікті болады. Бұл, бір жағдайда оған өзінің көзқарасы және сенімі болады.

Алтыншыдан, сыныптан тыс тәрбие жұмысының нәтижесіне күнделікті бақылау мүмкіндігінің болмауы. Себебі, онда тек жалпы жетістік пен білім алушылардың жеке дара даму деңгейін бақылауға ғана мүмкіндік береді. Соған сәйкес қандай да бір форма немесе әдістің нәтижесін бірден анықтау өте көп қиындықты туғызады. Мұндай ерекшелік сынып жетекшісінен табиғи жағдайда жұмыс жасауды, балалармен қарым-қатынаста немқұрайлылыққа жол бермеуді және оның нәтижесін бағалауда оларда шиеленіскен жағдайдың болмауын қажет етеді.

Жетіншіден, сыныптан тыс тәрбие жұмысы білім алушылардың мүмкіндіктеріне сай қолдары бос уақытта (үзілісте, сабақтан кейін, мейрам немесе сенбі және жексенбі күндері, демалыстарында) ұйымдастырылады. Сонымен қатар оған кең көлемде ата-аналар мен жұртшылық өкілдері қатыстырылады.

ШЖМ мұғалімінің кәсіптік мәдениеті және сынып жетекшісінің мақсаты: ШЖМ мұғалімінің кәсіптік мәдениетін көтеруде өткізілетін шаралар түрлерімен таныстыру. Сынып жетекшісінің қызметі түрлерін меңгерту.

ШЖМ мұғалімінің кәсіптік мәдениеті

Шағын жинақты бастауыш мектеп мұғалімдеріне қойылатын талап өте жоғары, олай болса мұғалімнің келбетін сипаттап көрейік:

67-кесте. ШЖМ мұғалімінің сипаттайтын кесте.

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған келелі мәселе – білім беру, ғылымды дамыту, өркениет біткеннің өзегі, білім, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. А. Байтұрсынұлының «Мектеп керектері» еңбегінде былай делінген: «...Мұғалім қандай болса, мектеп һәм осындай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика әдістемеден хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім».

«Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім мектептің жүрегі», – деп Ыбырай Алтынсарин айтқандай, қазіргі мектеп алдындағы міндеттерді шешуде мұғалімнің кәсіптік мәдениеті басты шарт екені аян. Бүгінгі таңда мұғалімнің ұстаздық тұлғасын қалыптастыру күшеймесе, кемігені жоқ. Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, жаттандылықтан аулақ, практикалық қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген психолог – педагогтік диагностика қоя білетін іскер мұғалім керек.

XXI ғасыр мұғаліміне қойылатын талаптар зор. Мұғалім жеке көзқарасы бар, соны қорғай білетін жігерлі тұлға, зерттеушілік, ойшылдық қасиеті бар маман, білімді де білікті, көп оқитын, білімін күнделікті ісіне шебер қолдана білетін, өзінің шәкіртін өздігінен білім алуға үйрете алатын болу керек. Бұл – заман және өмір талабы. Мұғалімде ұйымдастырушылық, құрылымдық, бейімділік, сараптамалық қабілеті болу шарт. Ол сонымен қоса ұлттық құндылықтарды яғни этнопедагогика, этнопсихология негіздерін меңгеру қажет. Ғаламдасуға байланысты «Ғаламтор» жүйесін жетік меңгерген, әлемдік білімге сай, мәдениеті жоғары жеке тұлға тәрбиелей алатын ұстаз болуы қажет.

Шағын жинақты мектептегі сынып жетекшісінің қызметі бойынша ұсыныстар

Шағын жинақты мектептің сынып жетекшісі жұмысының негізгі мақсаты – мектеп оқушыларын қоғамның белсенді және саналы азаматтары етіп тәрбиелеуге барынша ықпал ету. Сыныптағы әрбір жеке тұлғаның ғылыми дүниетанымының қалыптасуын, адамгершілік қасиеттерінің, еңбекке деген

сүйіспеншілігінің, жан-жақты жарасымды дамуына жағдай туғызу. Сондықтан педагог жұмысының мазмұны мен тәрбиелік шараларының бәрі осы мақсатқа бағытталуы тиіс. Атап айтқанда тәрбиенің негізгі салалары: ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесіне, елжандылық т.б. тәрбие міндеттерін мектеп пен сыныптың нақтылы өмір жағдайларына байланысты қарастыру. Сынып жетекшісінің міндеті – саналуан. Сол себепті ол жүргізетін тәрбие жұмысы өзінің психологиялық мазмұны жағынан өте күрделі әрі көп ізденісті талап етеді.

Біріктірілген сыныптағы сынып жетекшісі жұмысының негізгі міндеттері бойынша ұсынымдар

1. Сыныптағы білім алушылардың талап тілектері мен мүдделерін олардың жеке басының ерекшеліктерін жан-жақты зерттеп білу.
2. Сыныптағы білім алушылардың не нәрсеге бейімділігін анықтап, оларды ынтымағы жарасқан, белсенді, саналы ұжымда жұмыс жасауды ұйымдастыру.
3. Сыныптағы пән мұғалімдері мен мектеп әкімшілігін және оқушылардың ата-аналарының тәрбиелік ықпалын үйлестіру, оқушыларға қоятын педагогикалық талаптарының бірлігін қамтамасыз ету.
4. Тәрбие үрдісінде мектептің, жанұя мен жұртшылықтың тығыз қарым-қатынасын қамтамасыз ету.
5. Оқушылардың ата-аналарымен үнемі байланыс жасап, жанұядағы бала тәрбиесіне байланысты педагогикалық насихат жұмыстарын жүргізу.
6. Оқушыларды тәрбиелеуде сыныптан және мектептен тыс әр алуан тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру.
7. Тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеудің бірлігін қамтамасыз ету.
8. Тәрбие қызметінің тұтастығын, жүйелігін, тәрбиелік шаралардың бірлігін қамтамасыз ету.
9. Тәрбиенің негізгі бастауы – ұлттық тәлім-тәрбиені сынып жетекшісі қызметінің маңызды компоненттерінің бірі ретінде қарастыру т.б.

ШЖМ-да сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және тәрбие шараларын жоспарлаудың мақсаты: тәрбие процесінің ерекшеліктерімен, салаларымен таныстыру. Мерекелік іс-шараларға сценарий құру тәсілдерін меңгерту.

ШЖМ сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру

Тәрбие оқу процесі секілді нақтылы қалыптасқан, мақсатты, жүйелі процесс. Егер де тәрбие жүйесінің формасы жайында әңгіме қозғасақ, қазіргі педагогика практикасында бірнеше ұғым қалыптасқан. Олар: «тәрбие жұмысының формасы», «тәрбие шаралары», «тәрбие ісі» және т.б. Соған орай «Педагогикалық энциклопедия» сөздігінде «форма» ұғымына қатысты бірнеше түсініктеме берілген. Олар:

1. Заттың нұсқасы, сыртқы көрінісі, сыртқы кескіні;
2. Белгілі бір мазмұнның сыртқы көрінісі;

3. Бір нәрсенің белгіленген үлгісі;

4. Бір нәрсеге белгілі бір көрініс беруге бейімделу.

Сірә, солардың әрқайсысының мағынасы «тәрбие жұмысының формасы» және «тәрбие процесін ұйымдастыру формасы» деген ұғымдарды бейнелейтін секілді. Осыған орай оны педагогикалық тұрғыдан қарастырсақ, ондағы тәрбие жұмысының формасы деп – бұл тәрбие процессінің мазмұнында өмір сүретін және көрініс беретін ұйымдастыру тәсілі. Онда белгілі бір құндылық ретінде (құқықтық, азаматтық, саяси, эстетикалық, адамгершілік) пәнге, құбылысқа, оқиғаға, адамдарға және олардағы әрекеттестіктің қарым-қатынастары ашық жарияланады.

ШЖМ-дағы тәрбие шарасын өткізу кезеңдері:

1. Шараның басталуы, психологиялық көңіл күйді орнықтыру: әдеби – музыкалық, поэзиялық, драмалық безендіру, музыка әуені және т.б.

2. Ұйымдастыру кезеңі: ұйымдастырушының сөзі, шараны ашу, мақсатын, барысын баяндау;

3. Негізгі бөлім: шараның міндеттері, жоспарына сай мазмұнының баяндалуы, оқушылардың шығармашылық әрекеттері;

4. Қорытынды бөлім: шараны қорытындылау, оқушылардың алған әсерін талқылау, шешім қабылдау, марапаттау, тапсырма беру;

5. Педагогикалық талдау жұмысы: шараның өту нәтижесін және оқушылардың белсенділігін бағалау, алдағы уақытқа бағдар құру, қолданылған тәрбие құралдары, амал тәсілдерінің нәтижелілігіне талдау жүргізу.

Шағын жинақты мектептерде тәрбие шараларын жоспарлау ерекшелігі

1. *Пікірталас.* Білім алушылардың адамгершілік түсініктері және сенімдерін қалыптастыруда тәрбие сағатын пікірталас түрінде өткізудің маңызы ерекше. Пікірсайыс – бұл жағдайда, оқушыларда талқыланып отырған сұраққа қатысты кейбір білім көлемі болса, сонда ғана ол нәтижелі болады. Пікірсайыс – бұрын өткізілген тәрбие сағаттарының жалпы алғанда белгілі бір көлемде нәтижесін, өміршеңдігін көруге мүмкіндік туғызады.

2. Әңгіме. Тәрбие сағатында ең көп қолданылатын тақырып – адамгершілік тәрбиесі. Соған орай этикалық әңгімені ұйымдастыру: жолдастық және достық, әділеттік және әділетсіздік, қарапайымдылық және озбырлық, жомарттық және қатыгезділек, біреуге шын жүректен жақсылық жасау қасиеттеріне қатысты мәселелер қарастырылады. Осы мәселелерге қатысты өткізілген әңгімеде оқушыларға жалпы адамдық мораль ұстанымдарын жақсы ұғынуға, өмір тәжірибесін дұрыс та, нәтижелі қорытуға көмектеседі. Мұғалімнің әңгімесі білім алушылардың жауаптары, пікірлермен ұштасып отырады. Мұндай әңгімені ұйымдастыруда, ең алдымен адамгершілік ұстанымдардың мазмұнын анықтап, түсіндіруден бастаған жөн. Әңгімені негізінен бастауыш сыныпта жүргізген дұрыс.

Әңгіменің негізгі бағыттарына:

✓ Отанына адалдығы;

✓ Өзі өмір сүріп отырған қоғамның идеологиясына шынайы сенімділігі;

✓ Шыншылдығы;
✓ Қайырымдылығы, қарапайымдылығы, адалдығы;
✓ Саналы тәртіп пен мінез-құлық, мәдениетіне жауапкершілігі;
✓ Жолдастық, достық қарым-қатынастыққа адалдығы;
✓ Немқұрайлылыққа және жамандыққа төзбеушілігі;
✓ Еңбекке, еңбек адамдарына және халық мүлкіне ізгілікті қарым-қатынасы және т.б. жатады.

3. Конкурстар. Мектепте өткізілетін конкурстар (бәйгелер) оқушылардың ой-өрісін, тапқырлығын, шеберлігін, қабілетін жетілдіру, шыңдай түсу мақсатын көздейді. Сондай-ақ білім алушылардың конкурсқа қатысуы олардың жақсы мінез-құлықтарының қалыптасуына, басталған істі тыңғылықты аяқтап шығуына, ұжымдық іске жауапкершілікпен қарауға септігін тигізеді. Конкурсты шығармашылық сипатта ұйымдастырып өткізуге, әсіресе оны қызықты, әсерлі, тартымды, әзіл-оспақ араластыра жүргізуге көңіл бөлген жөн.

Конкурстың түрлері әралуан. Олар: конкурс-викторина, конкурс-инсценировка, мәнерлеп оқу, фото-сурет т.б. Конкурсты өткізбес бұрын, конкурстың түрі анықталып, оған қатынасушыларға қойылатын шарттар белгіленеді және соған сай кімдердің қатынасуы тиіс екендігі жайында алдын ала дайындық жұмыстары жүргізіледі. Соған сәйкес хабарландыру ілініп, әділ-қазылар тағайындалады. Конкурсқа қатысамыз деген командалар, ұйымдастыру тобына алдын ала тапсырыс береді.

Шағын жинақты мектептерде тілдік сабақтар бойынша бір пәнділік, әр пәнділік жүйе негізінде құрылған сабақтардың мақсаты: тіл сабақтары бойынша бір пәнділік, әр пәнділік жүйе бойынша құрылған сабақтардың ерекшеліктерін түсіндіру.

Сынып және сынып жинақ жағдайында тіл сабақтарын бірпәнділік жүйе бойынша сабақтарды жоспарлау. ШЖМ ерекшелігіне байланысты қалыпты мектептерде қолданылып жүрген сабақ түрлерінен басқа қамтитын келесідей сабақ түрлері бар. Олар: ***бір пәндік, әр пәндік және бір тақырыптық сабақтар***.

Бір пәндік сабақ дегеніміз әр біріктірілген сыныптарда бір ғана математика пәнін өткізу сабағы. Бұл сабақты өту кезінде мұғалім бір салада жұмыс істегендіктен, ол назарын бір сыныптан екінші сыныпқа оңай көшіруге септігін тигізеді. ***Әр пәндік сабақтар*** дегеніміз математика сабағын басқа бастауыш сынып пәндерімен біріктіріп өткізуге болатын сабақтар. Кейбір мұғалімдер пәндерді екі топқа бөледі де, бірінші топқа «Математика», «Қазақ тілі», «Орыс тілі», «Еңбек», «Бейнелеу өнері», яғни педагог өздігінен жұмысты ұйымдастыруға үлкен мүмкіндіктері бар пәндерді, ал екінші топқа «Дүниетану», «Ана тілі», «Музыка», «Денешынықтыру» сабақтарын жатқызады. Сабақ кестесін құрғанда бірінші топты екінші топ пәндерімен біріктіруге және «Қазақ тілі» мен «Математиканы» оқытуда өздігінен жұмыс істеуді кеңінен қолдануға болады, өйткені оқу, дұрыс жазу, санай білу және дұрыс есептей білу дағдысын дамыту көп жаттығу жұмыстарын жүргізуді талап

етеді, бұлардың нәтижелі болуы көбінесе оқушылардың өздігінен жұмыс істей алу қабілетіне байланысты. Ал екінші топқа жататын «Ана тілі», «Табиғаттану» пәндерін оқыту балалардың сабақта өздігінен жұмыс істеуін, қайта бұл пәндер бойынша оқушылардың білімін оқулық бойынша пысықтауды өте-мөте керек етеді.

Бастауыш мектеп жасындағы балалармен аталмыш пәндерді оқытқан кезде мұғалімнің ауызекі әңгімесін, көрнекті құралдарды көрсетуін, т.б. басқаша айтқанда, балалармен тікелей жұмыс істеуді талап етеді. ШЖМ-да сабақ кестесін құрғанда 1-топпен 2-топты біріктіріп жасауға да болады. «Қазақ тілі» сабақтарында барлық сыныпқа ортақ сұрақтар беру, диктант, қызықты тапсырмалар, дидактикалық ойындар жүргізу ұсынылады. Бір тақырыптық сабақтар дегеніміз қатар өткізілетін сыныптарда мүмкіндігінше бірдей тақырыптарды таңдау қажет болатын сабақтар. Бір тақырыптық сабақтарда оқушылардың өзіндік жұмыстарын да тиімді басқаруға болады. Жалпы мұғалімнің ортақ әңгімесін оқушылар ықыласпен тыңдап, өз ойларын айтып, сабаққа белсенді қатысуға тырысады, сонымен бірге бір пәндік, бір тақырыптық сабақтар ретінде біріктіріп өткізуге де болады. Мұндай ортақ сабақтардан білім алушылардың ой-өрісі кеңейіп, сабақтың сапасы артады. Оқушылармен бірге отырып, көрнекі құралдар, кестелер, суреттер т.б. қарауға болады.

Бастауыш білім мазмұнын жеті білім саласы құрайды. Олар:

«Тіл және әдебиет», «Математика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Өнер», «Технология», «Дене шынықтыру».

ШЖМ-дағы тіл дамыту, шығармашылық жұмыстар

Шағын жинақты мектеп оқушыларының ауызша және жазбаша сөйлеу тілін қалыптастыру және дамыту мәселелері басқа оқу пәндерінің сабақтарында да шешілуі мүмкін. Барлық пәнді бір мұғалім жүргізетіндіктен, оның шешімі оңай.

Сөйлеу тілін қалыптастыруға және дамытуға көмектесетін негізгі талаптар – тілді дұрыс қолдану (екпін қою, ырғағы, т.б.), ауызша сөйлеуге дайындау тәсілдері (сұрақтар құру, тірек сөздерін іріктеу, жоспар құру және т.б.), монологтік сөйлеу тілінің құрылымдық формалары (түсінгенін айту, хабарлау, әңгімелеу).

Сыныпта білім алушылардың саны аз болуы мұғалімге әрбір оқушының танымдық, білімдік өсуін жете зерделеуге, қабілет-қарымын ашуға бағытталған жұмыс жүргізудің ыңғайлылығы, ұжымдық жұмыс істеуге дағдылану үшін орта қалыптастырудың қолайлығы. Мұғалім осы мүмкіндіктерді қолдану керек. Осы орайда оқушыларды саралап оқыту оқу жұмысының жеке формасы ретінде біріктірілген сыныпты оқытудың барлық процесінде қолдануға болады.

Сабақтағы біртақырыптық кезеңдерде жағдаяттық тіл жаттығулары, сөздік жұмыстары, диалог және жоспар құру, түрлі дидактикалық ойындарды ұйымдастыру ұсынылады. Бұл әдіс оқушылардың ауызша сөйлеу қабілетін дамытуға, сенімсіз жағдайда психологиялық кедергіні жеңуге көмектеседі.

Осылардың барлығы оқушылардың ауызша сөйлеу тілін дамытудың тиімді құралдарының бірі болып есептеледі.

Жағдаяттық жаттығуларға нақты ортада айтылатын жағдаяттарға жақын оқушылардың нақты сөйлеу тілін тудыратын оқу – тіл жағдаяттары жатады. Жағдаятты іске асыру оқушының нақты жағдайда әрекет ететін тұлғаға айналуын талап етеді. Арнайы жағдаяттық тапсырмалар бойынша қажетті жағдайлар құру шығармашылық өзіндік жұмыстарда шешіледі. Оқытылатын тілдің практикалық жағын меңгеру міндеттерін шеше отырып, сөйлеу тілін өмірлік қажетті жағдаяттарда құру керек.

Уақыт аз кететіндіктен, ойындар сабақта тілдік орта құруға қолайлы. Әдетте аталған жұмыс сабақтың тақырыбына байланысты және сабақтың біртақырыптық кезеңінде өткізіледі. Ойынға арналған лексика бағдарлама тақырыптарына сәйкес таңдалады. Ойын элементтері сабақты қызықты етеді, өйткені оқытудың бастапқы кезеңінде оқушылар үшін ойын сабаққа қарағанда күнделікті іс-әрекет. Ойынды бір сыныпта сөздерді меңгерту, ал екінші сыныпта бекіту және қайталау мақсатында қатар және сынып арасында өткізуге болады. Мұндай ойындарды оқушылардың сөйлеу қажеттіліктері туындағанда ұйымдастыру ұсынылады.

ШЖМ-да тілдік сабақтарда өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру, бақылау және өзін-өзі бақылау жұмыстарының мақсаты: тіл сабақтарында өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру ерекшеліктерін ұғындыру. Сөздік қорын дамыту үшін өзіндік жұмыстардың ерекшелігімен таныстыру.

Тілдік сабақтарда өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

Тіл – мәдениеттің негізгі тұғыры, ұлт болып жасауының шарты. Тіл арқылы әрбір адам өз ойын, пікірін жеткізеді, қоршаған ортамен байланысқа түседі. Тілді дұрыс пайдалану адамның сөздік қорына және оны орынды қолдануына байланысты. Сөз байлығы мол балалардың ойы ұшқыр болып, шешен, әсерлі сөйлейді. Бүгінгі білім беру жүйесінің негізгі бағыттарының бірі – оқушыларда осындай қасиеттерді қалыптастыру және дамыту. Шәкірттердің тілі бай болса, онда ол ұлт тарихын, мәдениетін халықтың ғасырлар бойы жинаған асыл маржандарын оңай игереді. Бұл – балаларды ұлтжанды етіп тәрбиелеудің алғышарты.

ШЖМ-дағы бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын жетілдіру жұмыстары бірнеше маңызды мәселелерді шешеді. Оларға:

- оқушылар тілдік қатынасқа түсіп, өз ойын емін-еркін жеткізе алуы;
- оқулықта берілген тілдік материалдарды жете ұғынуына мүмкіндік беруі;
- сөздерді мағынасына қарай орынды қолданып, тіл мәдениетін жетілдіру;
- шығармашылық қабілеттері дамыту;
- сөздік қоры молайту жатады.

Бастауыш сыныпта сөз мағынасымен жұмыс 4 бағытта жүргізіледі:

- сөз құрамын оқыту барысында;
- сөз таптарын оқыту барысында;

- сөз тіркесін оқыту барысында;
- сөйлемді оқыту барысында.

Сөз таптарын оқыту барысындағы сөз мағынасымен жұмыс

Өленді мәнерлеп оқып, сын есімдерді табу. Сын есімдердің мағынасын түсіндіру бойынша:

«Асау өзен арқырап,
Асқар таудан дүркіреп.
Айдын жатыр жарқырап,
Алды дала бір түлеп» (Қ. Аманжолов) өлең жолдарын бере отырып жұмыс жүргізу ұсынылады.

Сондай-ақ, *«Жаман әдеттен жирен»* мақалындағы жирен сөзін «Менің жирен атым бар» сөйлеміндегі «жирен» сөзімен салыстырыңыз.

Сабақ соңында берілген түсіндірме сөздіктен «*бұрыш», «хикая», «шіл», «түбіт», «суат», «қой», «құрақ»* зат есімдерінің мағынасын ашуға байланысты тапсырмалар ұсынылады. Мысалы: *суат* – өзеннің, бұлақтың мал суаратын жері.

Берілген сөздердің ішінен бірнеше мағынасы барларын іріктеп көшіріп жазыңыз.

Өзіндік жұмыстардың түрлеріне:

Сөз тіркесін оқыту барысындағы сөз мағынасымен жұмыс:

1. Зат есім мен етістіктен тұратын сөз тіркестерін жасаңыз, ондағы сөздердің мағынасын түсіндіріңіз.
2. Сын есім мен зат есімнен тұратын сөз тіркестерін жаса, ондағы сөздердің мағынасын түсіндіріңіз.
3. Мәтінді оқып, сөз тіркестерін табыңыз.

«Құндыз – ғажап аң. Ол жуан ағаштарды жығады. Өздеріне үйшіктер жасайды. Құндыздың терісі аса бағалы».

68-кесте. Сөйлемді оқыту барысындағы сөз мағынасымен жұмыс

Бірнеше мағынасы бар сөздер		
Бірінші мағына	Екінші мағына	Үшінші мағына
Мен түс көрдім.	*Бұл қоңыр түс.*	*Мен түс көрдім.*

ШЖМ-дағы бастауыш сыныптарда «Математика» пәнінің мазмұны мен мақсаты: ШЖМ-дағы «Математика» сабағы, оның түрлері және олардың ерекшеліктері туралы білімін толықтыру. «Математика» пәнінен өзіндік жұмыстар түрлерімен таныстыру.

ШЖМ-дағы «Математика» сабағы, оның түрлері және олардың ерекшеліктері бойынша ұсынымдар. Ең дұрысы сабақ кестесін барлық сыныптарда «Математика» сабақтарын бір мезгілде өткізілетіндей етіп жасау. Ең нәтижелісі – барлық сыныптарда математика сабағын бір мезгілде өткізу. Бұл жағдайда мұғалімге бір сыныптан екінші сыныпқа ауысқан кезде өзінің

назарын басты мәселеге аудару оңайырақ болады, өйткені біртекті материал балалардың өзіндік жұмысын орындау барысында басқаға алаңдамауына себепші болады. Сонымен бірге, барлық сынып балаларының ортақ жұмысын ұйымдастыру үшін жағдай туғызады. Мысалы, ауызша жаттығулар жүргізгенде тақтаға жазылған сандарды арттыру ұсынылады, яғни тапсырма барлық оқушыларға ортақ, сонда бірнеше бірлікке арттыруды (2-сынып), бірнеше есе арттыруды (3-сынып), ал 10-ға, 100-ге, 1000-ға көбейтуді (4 сынып) ұсынуға болады.

«Математика» пәнінен бір пәндік сабақтар

ШЖМ ерекшелігіне байланысты қалыпты мектептерде қолданылып жүрген жоғарыда аталған сабақ түрлерінен басқа оларды қамтитын келесідей сабақ түрлері бар. Олар: бір пәндік, әр пәндік және бір тақырыптық сабақтар.

Бір пәндік сабақ дегеніміз – әр біріктірілген сыныптарда бір ғана «Математика» пәнін өткізу сабағы. Бұл сабақты өту кезінде мұғалім бір салада жұмыс істегендіктен, ол назарын бір сыныптан екінші сыныпқа оңай көшіруге септігін тигізеді.

Әр пәндік сабақтар дегеніміз – математика сабағын басқа бастауыш сынып пәндерімен біріктіріп өткізуге болатын сабақтар. Кейбір мұғалімдер пәндерді екі топқа бөледі де, бірінші топқа математика, қазақ тілі, орыс тілі, еңбек, бейнелеу өнері, яғни өздігінен жұмысты ұйымдастыруға үлкен мүмкіндіктері бар пәндерді, ал екінші топқа дүниетану, ана тілі, музыка, дене шынықтыру сабақтарын жатқызады. Сабақ кестесін құрастырған кезде бірінші топты екінші топ пәндерімен біріктіруге болады.

Қазақ тілі мен математиканы оқытуда өздігінен жұмыс істеуді кеңінен қолдануға болады, өйткені оқу, дұрыс жазу, санай білу және дұрыс есептей білу дағдысын дамыту көп жаттығу жұмыстарын жүргізуді талап етеді, бұлардың нәтижелі болуы көбінесе оқушылардың өздігінен жұмыс істей алу қабілетіне байланысты.

Шағын жинақты мектептерде біріктіріп оқыту жағдайында:

Біріктірілген сыныптарда «Математика» мен «Қазақ тілі» пәндерін кіріктіріп оқытудағы пәнаралық байланыстар:

- грамматикалық және математикалық ережелердің пайдаланылуы;
- математикалық терминдер енгізу арқылы тіл байлығының арттырылуы;
- сөйлем құрастыру барысында модельдеудің пайдаланылуы;
- сөйлемдегі сөздер байланысының сызбасының көмегімен өрнектелуі;
- сөйлем құрау, ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің дамытылуы;
- математикалық тілдің қалыптастырылуы («Математика» бағдарламасы, 1-4-сыныптар).

Біріктірілген сыныптарда «Математика» мен «Әдебиеттік оқу» пәндерін кіріктіріп оқытудағы пәнаралық байланыстар:

- ортақ немесе дербес белгілерін салыстыру арқылы анықтау немесе ажырату;

- халық ауыз әдебиеті үлгілерінің жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ, мақал-мәтелдер, ойын өлеңдердің және т.б. математика сабақтарында қолданылуы;

- көркем шығармаларда сипатталатын ата-дәстүр, салт-сана, әдет-ғұрып, үлгі-өнеге, тәлім тәрбиелік материалдарды математика мазмұнына сіңіру;

- ауызша шығарылатын халықтық логикалық ежелгі есептердің мазмұнын сапалы түсіну;

Біріктірілген сыныптарда «Математика» мен «Дүниетану» пәндерін кіріктіріп оқытудағы пәнаралық байланыстар:

- өзіндік пікір айту және оны дәлелдеу, өз көзқарасын білдіру;

- математикалық есептердің мазмұны арқылы өзін қоршаған ортамен, табиғатпен және қоғаммен баланы қарым-қатынасқа келтіру;

- айналадағы дүниеден танып-білген, жинақтаған деректер мен мағлұматтарды математика сабағында қолдану;

- еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын, байлығын, шаруашылығының түрлерін, ғылым мен мәдениетін, табиғатын сипаттайтын фактілерді, деректерді, мәліметтерді және анықтағыш материалдарды пайдалану.

*Біріктірілген сыныптарда «Математика» мен «Бейнелеу өнері» пәндерін кіріктіріп оқытудағы пәнаралық байланыстар***:**

- заттарды түсіне, пішініне, өлшеміне қарай салыстыру, теңестіру, кеңістік жайында түсінікті қалыптастыру;

- кескіндеу, бейнелеу, безендіру, құрастыру жұмыстары барысында математикалық дәлдіктің және симметрияның пайдаланылуы;

- ұлттық ою-өрнектер мен таңбаларда геометриялық фигуралардың қолданылуы.

*Біріктірілген сыныптарда «Математика» мен «Еңбекке үйрету» пәндерін кіріктіріп оқытудағы пәнаралық байланыстар***:**

- баланың еңбекке дайын болуын, математикалық білімдерін өмірде, нақтылы жағдайларда практикалық мәселелерді шешу үшін пайдалана алуын қалыптастыру;

- күнделікті өмірге және тұрмысқа қажетті бұйымдар жасауда математикалық білім, білік, дағдылардың пайдаланылуы;

- құрастыру және бұйым жасау жұмыстарында математикалық дәлдіктің және симметрияның пайдаланылуы.

*Біріктірілген сыныптарда «Математика» мен «Музыка» пәндерін кіріктіріп оқытудағы пәнаралық байланыстар***:**

- сазды әуен мен ырғақта математикалық дәлсіздіктің және сан мен үлестің пайдаланылуы;

- нота сауатында математикалық білімнің пайдаланылуы;

- саздық аспаптардың жасалуында және құрылымында математикалық білімнің пайдалануы;

- халықтық ән, күй, би, айтыс және терминдерді математика мазмұнына сіңіру және т.б.

*Біріктірілген сыныптарда «Математика» мен «Дене шынықтырудың» пәндерін кіріктіріп оқытудағы пәнаралық байланыстар***:**

- баланың кеңістікті болжауы және сәйкес түсінікті пайдалануы;
- уақыт аралығы жайындағы түсініктердің қалыптастырылуы;
- баланың қимыл қозғалысындағы реттік тәртіп пен дәлдік;
- қозғалмалы ұлттық ойындардың қолданылуы және т.б.

Шағын жинақты мектептерде жүргізілетін өзіндік жұмыстар мен ойынды жүргізудің мақсаты: мектеп педагогтеріне өзіндік жұмыстар мен ойынның ролін түсінуін меңгерту. Ойын әдісінің әдістемесімен таныстыру.

Шағын жинақты мектептерде өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың тиімділігі. Шағын жинақты мектеп оқушылары назарды тақырыпқа шоғырландыруымен, өзіндік жұмыс істеу білігімен ерекшеленеді.

Сабақтың жалпы құрылымы келесідей болуы мүмкін:

1-нұсқа:

1-кезең. Мұғалімнің басшылығымен орындалатын жұмыс.

2-кезең. Мұғаліммен жұмыс. Өзіндік жұмыс.

3-кезең. Өзіндік жұмыс. Мұғаліммен жұмыс. Өзіндік жұмыс.

4-кезең. Мұғалім басшылығымен орындалатын жұмыс (қорытындылау).

2-нұсқа:

1-кезең. Өзіндік жұмыс. Мұғаліммен жұмыс.

2-кезең. Мұғаліммен жұмыс. Өзіндік жұмыс.

3-кезең. Өзіндік жұмыс. Мұғаліммен жұмыс.

4-кезең. Мұғалім басшылығымен орындалатын жұмыс (қорытындылау).

Жоғарыдағы сабақ құрылымы мұғалімнің басшылығымен орындалатын жұмыс барлық сыныпқа ортақ. Сабақтың бастапқы кезеңі ұйымдастырушылық кезеңнен тұрады. Онда: сабаққа көңіл аудару, тапсырмалар алу, сабақтың жоспары мен мақсатын хабарлау, алдыңғы өткен тақырыпты қайталау (терминдер мен сөз тіркестерін айтып түсіндіру, яғни оқу пәндерінің лексикасын меңгеру). Кейде жалпы оқу және интеллектуалдық біліктерді қалыптастыру бойынша түсіндірмелер беру, жаттығулар мен тапсырмаларды орындау: жоспарлау, нақты дереккөздерден алу және т.б.

ШЖМ-дағы ойынның рөлі. Ойын әдісі белсенді тұлғааралық қарым-қатынас арқылы өзін-өзі анықтау үшін өте қажет. Әрбір пәнді оқыту барысында ойындарды пайдалану мұғалімдерге өздерінің іскерлік сапалары мен тұлғалық қасиеттерін жақсы түсінуге мүмкіндік береді, себебі ойын арқылы өзара іс-әрекетке түсу кезінде олар әртүрлі келісімдерді, қатынастарды талқылайды, іскерлік құжаттарға қол қояды, келіссөздер мен кеңестер, мәжілістер мен конференциялар жүргізеді, т.с.с.

«Ойын әдісі» оқу процесін белсендіру және жетілдіру құралы ретінде мына жағдайларда қолданылады:

✓ оқу пәнінің ұғымдарын, тақырыптарын және тұтас бөлімін меңгеру үшін дербес технология;

✓ жалпы технологияның бір бөлігі;

✓ сабақ немесе оның бір бөлігі;

✓ сабақтан тыс жұмыста дербес технология ретінде.

Ойын әдісі педагогикалық процесті педагогикалық ойындар түрінде ұйымдастыру әдіс-тәсілдерінің тобын құрайды. Педагогикалық ойындардың басқа ойындардан айырмашылығы – онда нақты оқыту мақсаты қойылып, соған сәйкес педагогикалық нәтиже болады және олар нақты түрде негізделіп, бөлініп көрсетіледі де, оқу-танымдық бағыттылығымен сипатталады.

Шағын жинақты мектептегі сыныпта білім алушылар санының аз болуы «психологиялық бір сарындылыққа» әкеледі, ал бұл өз кезегінде білім алушылардың оқуға деген қызығушылығын төмендетіп, олардың енжарлығын тудырады. Мұндай бірсарындылықтан қашу үшін мұғалімге шағын топтар жұмысында ойын және тренинг әдістерін қолдану ұсынылады.

Шағын жинақты мектептердегі 2-4-сыныптарда «Еңбекке баулу» пәнінің оқытудың мақсаты мен міндеттері

Мектеп оқушыларын еңбекке баулудың басты міндеттерінің бірі – балаларды негізінен еңбекке тәрбиелеу, қоғам игілігі үшін еңбек жасату, оқушылардың еңбекке деген көзқарастарын шығармашылық қатынаста тәрбиелеу. Еңбекке баулу сабағында баланың ой-өрісінің дамуына түсініктерінің кеңеюіне, ғылым мен техника туралы білімнің негізделуіне әсерін тигізу үшін біріншіден, «Еңбекке баулу» пәнінен сабақ өткізетін мұғалімдердің саяси сауаттылығымен бірге техникалық сауаттылығы қатар болып, білім аясы терең әрі жан-жақты болуы шарт.

Екіншіден, педагог өз бойындағы білімін мектептің бастауыш сатысында білім алып жатқан жас жеткіншектерге жеткізіп, асқан шеберлікпен меңгерте білуі қажет. Еңбекке баулу пәнінің міндеті – осы мақсаттарды шешуді көздейді.

Пәннің негізгі мақсаты, жалпы білім беретін орта мектептердегі оқу-тәрбие үрдісі барысында өтілетін «Еңбекке баулу» пәнін оқытудың әдісі мен оқытудың әдіс-тәсілдерін, формаларын игеру. Пәнге берілген жалпы сағат саны көп болмағанымен оқу материалының ауқымы көлемді. Жалпы білім беретін орта мектептерде өтілетін еңбекке баулу сабағы жасөспірім білім алушылардың еңбекке ынтасын, сабаққа ықыласын арттыруда, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуда орасан зор негіз.

Адамдардың ең бірінші өмірлік қажеттілігі – еңбек екені, сол арқылы өз бойындағы еңбек қабілеттерін дамытып отыратыны, өсе келе өзінің бойындағы асыл қасиеттерінен өмірлік нәр алатындығын мектеп табалдырығын аттаған жасөспірімдердің бойына ерте бастан дарыта білу керек. Педагогика ғылымының негізгі ұстанымдары бойынша бастауыш сыныптарда өтілетін барлық пәндердің ара салмағы бірдей болып саналатындығы белгілі екенін ескерсек те, дегенмен әрбір пәннің өзіндік ерекшеліктері, мүмкіндіктері әркелкі болып келеді.

«Еңбекке баулу» пәні – мектеп оқушыларына жай ғана білім беріп қана қоймай, ең бастысы білім алушылардың ізденімпаздылыққа, еңбекқорлыққа баулитын тәлім сабағы болып саналады. Еңбекке баулу сабақтары арқылы баланың бойында еңбек қабілеттері, дүниетанымдары кеңейіп, олардың бәрін жинақтау қабілеттері, техникалық сауаттылықтары арта түседі. Еңбек сабақтары арқылы баланың бойында еңбексүйгіштік қабілеттері дами түсіп адамгершілік қасиеттері қалыптасады және еңбек адамдары туралы түсініктері кеңейе түседі.

ШЖМ-да «Еңбекке баулу» сабағының ұйымдастырылуы. Бастауыш сыныптарда өтілетін «Еңбекке баулу» пәнінде білім алушылардың орындайтын жұмыстары қаншалықты қарапайым әрі оңай болғанымен еңбек жөніндегі тәжірибесі аз балаға оны орындап шығу қиынға соғады. Бұл жұмыстар алғашқы күннен бастап мұғалімнің көмегімен жүзеге асырылып отырады. Сондықтан алғашқы сабақтан бастап түрлі жұмыстарды жүйелі түрде орындай білуге оқушыларды дағдыландырсақ, іске төселдірсек олардың қандай істі болса да атқара алатындығына сенімдері арта түседі. Ондай кездерде білім алушы бойында еңбекке деген құштарлықтары, сабаққа ынтасы, ықыласы да арта түседі.

Шағын жинақты мектептегі бастауыш сынып мұғалімдері жаңа оқу жылының басында әрбір жекелеген сыныптар үшін бөлінген сағат сандары бойынша бағдарлама талаптарына сәйкес атқаратын тапсырмаларды енгізе білуі тиіс. «Еңбекке баулу» пәнінің блогтік бөлімдеріндегі жұмыс түрлерін, тапсырмаларды орындауға ыңғайлы оқу кезеңдерінің жыл мезгілдеріне байланысты рет-ретімен жоспарлай білуі тиіс. Біріншіден, бастауыш сынып мұғалімдері «Еңбекке баулу» сабағының тақырыптарының негізгі оқу мақсатын, сабаққа қойылатын негізгі талаптарды орындай білуі керек. Екіншіден, күнделікті өтілетін әрбір сабақты сапалы әрі жауапты түрде өткізе білуі тиіс. Аталған «Еңбекке баулу» пәнінің негізгі талаптарын орындай білуін мұғалім өз-өзінен және оқушылардан талап ете білуі шарт.

ШЖМ-да «Еңбекке баулу» пәнін ұйымдастырудың мақсаты: еңбекке баулу бойынша сабақтарды жоспарлау, дайындалу және өткізу әдіс-тәсілдерін меңгерту, еңбек кабинетінің жабдықталуын түсіндіру.

ШЖМ-да «Еңбекке баулу» пәні бойынша сабақтарды жоспарлау, дайындалу және өткізу. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың іс-әрекетінің бір түрі – еңбек. Еңбек әрекеттерінің мазмұны мен оған қойылатын талаптар балалардың жас шамасына қарай күрделене түседі. Мәселен, бастауыштың жоғары сыныптарындағы балаларға тәрбие беруде балалар еңбегін ұйымдастыруға төмендегідей міндеттер қойылады:

- үлкендер еңбегіне ынта-ықылас қойып қарау, анасының үйдегі, әкесінің даладағы еңбек нәтижелерінің әсемдігінен эстетикалық ләззат алу (техникалық қол еңбегіне, ауыл шаруашылық және гүл өсіру, өзіне-өзі қызмет көрсету еңбегі бойынша);

- асқа, шайға өздігінен дастархан әзірлеп, оның таза, ұқыпты болуына көңіл аудару (аспаздық жұмыстардың түрлері бойынша);

- қол еңбегі кабинетін, еңбек құралдарын, заттарын, тазалықта сақтау, заттарды, еңбек құралдарын үйлесімді, әдемі орналастыра білуге дағдылану;

- жеке басының тазалығы мен ұқыптылығына көңіл аудару, мәдени-гигиеналық дағдыларды бойында қалыптастыру.

Бастауыш мектеп жасындағы оқушылар еңбегін ұйымдастыруға қойылатын бағдарламалық талаптар:

- үлкендер еңбегімен бірге, ұжымдық еңбектің нәтижелеріне қуана білуге және оны бағалауға үйрету;

- аспаздық жұмыстар бойынша өздігінен дастархан әзірлеуге, оны жинауға, тазалық сақтауға дағдыландыру;

- қоғам пайдалы еңбекте мұғалімнің немесе жоғары сыныптың оқушылары көмегімен мектеп ауласын жинастырып, тазалауға қатысу, өз еңбегінің нәтижесін көріп қуануға, еңбекке қызығушылыққа тәрбиелеу.

Шағын жинақты мектептерде еңбек кабинетін жабдықтау. ШЖМ-да кабинет бөлмесін таңдап алу барысында, оқушы пен мұғалімнің қабілеттілігін арттыруда, санитарлық-гигиеналық факторларды сақтауға кері әсерін тигізбеу үшін барлық жағдайларға көңіл бөлу керек. Бөлменің көлемін таңдаған кезде оқушының жұмыс жағдайында көрушілік ерекшелігін, организмге қажетті таза ауаның болуын, сонымен қатар жабдықтарды қолайлы жерге орналастыруына көп көңіл бөлген жөн.

Тіктөртбұрышты терезелерді оны ұзына бойына қабырғасына орналасқан бөлме формасы мақсатына пайдалану сәйкестігін туғызады. Терезелердің бұлай орналасуы білім алушылардың жұмыс орнына бір жағынан жарық түсіруін қамтамасыз етеді және 30^{o}С-35^{o}С көру бұрышын сақтайды. Қарау бұрышы кабинет тақтасының жағдайындағы горизонтальды қарау сызығының арасындағы бұрыш деп түсінеміз. Егер айтылған бұрыш 30^{o}С аз болатын болса, тақтада орналасқан бетінің көріну жағдайы нашарлатады және студенттің (көру, қарау) мүмкіншілігін туғызады. Қажетті көру бұрышын тұрғызу үшін бірінші столдың тақтадан екі метр қашықтықта орналасу керек.

Бөлменің тым енді болуы да жарамайды, терезеден тым қашықта орналасқан столдарға табиғи жарықтың түспеуінен оқушыларға қолайсыз жағдай туады, ал тақтадан 10 м. артық қашықтықта орналасса оқушының көру әсері төмендейді. Қарастырылған бөлменің көлемі кабинеттің гигиеналық талаптарын қанағаттандырады, егер жалпы көлемі 66 м^2 құрса, биіктігі 3 м.-ден кем болмауы керек. Әр оқушыға кем дегенде 1,5-2,4 м^2 қарастырылады.

Шағын жинақты мектептерде біріктірілген 2-4-сыныптардағы «Дене шынықтыру» бағдарламасының мазмұны мен мақсаты: дене шынықтыру бағдарламасымен, стандартымен таныстыру.

«Дене шынықтыру» пәнінің мақсаты, міндеттері

Шағын жинақты мектеп оқушыларының дене-бітімінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұруға ықпал етеді. Мықты денсаулық – адамның еңбек және қоғамның іс-әрекетке жемісті қатысуының маңызды кепілі. Білім аушылардың денсаулығына қамқорлық жасауға қазіргі қоғам мейлінше

мүдделі. Сабақтарда, сабақтан тыс уақытта, спорт секцияларында дене тәрбиесін күн сайын ұйымдастырып, қолайлы жағдайлар жасау қажет. Табиғи қозғалыстың түрлері: жүгіру, қарғу, жүзу, лақтыру, шаңғы, коньки, велосипед тебу, акробатика өмірге қажетті дағды және іскерліктерді қалыптастырады. Жастардың денесі түрлі жаттығулар көмегімен ширап, дамиды. Сондықтан күш, жылдамдық, төзімділік, икемділік сияқты адам қабілетін дамыту білім алушылардың қозғалтқыш тәжірибесін байытады, дене қозғалысын үйлестіреді.

Дене шынықтыру саласында ырғақ, жеке гигиена, дене шынықтыру мәдениеті, туризм, спорт ерекше орын алады.

Дене шынықтырудың ең басты күн тәртібін, яғни, еңбек, демалыс, тамақтану, ұйқы, бос уақыт ырғақтарын дұрыс ұйымдастыруда талап етеді. Күн тәртібін тиімді пайдалану балалардың ақыл-ойы мен дене құрылысының дұрыс дамуына, денсаулығын сақтауға көмектеседі.

Күн тәртібін бұзбау міндет. Тәртіп дегеніміз – демалыс, тамақтану, жеке гигиена және күн мен түннің пайдалы сәттерін маңызды, мазмұнды қолдану.

Шағын жинақты мектептегі «Дене шынықтыру» пәнінің мұғалім, сынып жетекшісі, тәрбиеші басқарады. *Пән мұғалімі жұмысының мазмұны:*

• шәкірттерге оқу, еңбек және демалыс ырғағын ұтымды пайдалануды үйрету, білім алушылардың денсаулығын үнемі бақылау, жұмыс қабілетін жақсарту, оларға жағдай туғызып, қамқорлық жасау.

• оқу күні және оқу жылы бойында қозғалыс жасау, қозғалғыш әрекетке үйрету және қозғалтқыш сапаларын дамыту, дене шынықтыру және сауықтыру жұмысын тиімді өткізу.

Дене шынықтыруды мектепте және мектептен тыс оқу орындарында спорттық базаларда іске асыру үшін келесі талаптарды еске алған жөн:

• оқушылардың бойында жоғары адамгершілік сапаларын тәрбиелеу;

• шәкірттің денсаулығын нығайту, жұмыс қабілетін көтеру;

• спортпен шұғылдануға оқушылардың тұрақты қызығуын және қабілетін дамыту;

• негізгі қозғалтқыш сапаларын дамыту.

«Дене шынықтыру» пәнінің мазмұны, міндеттері және формалары

Дене шынықтырудың мазмұны, міндеттері және формалары әрбір мектептердің жағдайларына байланысты дене шынықтыру және сауықтыру жұмысының жүйесін жасауды қажет етеді.

Дене шынықтырудың негізгі құралдарына дене жаттығулары, гимнастика, ойын, туризм, спорт, табиғи факторлар жатады.

Дене жаттығулары – бұл саналы түрде орындалған қимылдар және қозғалтқыш әрекеттер. Дене жаттығулары бұлшық ет жүйесін, қан айналымын және тыныс алу мүшелерін дамытады.

Гимнастика түрлері: негізгі және гигиеналық гимнастика, спорттың гимнастика, акробатика, көркемдік гимнастика, өндірістік гимнастика және емдік гимнастика болып келеді. Ойын оқушыларды жылдамдыққа, төзімділікке тәрбиелейді. Туризм – білім алушыларды төзімділікке, ұжымдыққа,

еңбексүйгіштікке және қолайсыз сыртқы жағдайларда кездесетін қиындықтарды жеңуге тәрбиелейді. Спорт – оқушылардың денсаулығын нығайтатын, дене күшін, қозғалыс дағдыларын және моральдық – еріктік қасиеттерін дамытатын дене тәрбиесінің құралы.

Дене шынықтырудағы маңызды құралдарының бірі – табиғи факторлар: күннің көзі, ауа, суға шомылу, душ қабылдау.

Табиғат факторларын балалардың денесін сауықтыру жұмысы кезінде пайдалану өте тиімді. Дене шынықтырудың маңызды мақсаттарының бірі – балалар мен ересектерді дене шынықтыру ісіне жұмылдыру.

Дене тәрбиесінің міндеттері:

- денсаулықты нығайту және шынықтыру, дененің дұрыс өсіп-жетілуіне және ағзаның жұмыс қабілетін арттыруына әсер ету;
- қимыл дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру және жетілдіру;
- қимылдың жаңа түрлеріне баулу және оны теориялық білімдерімен байланыстыру;
- негізгі қимыл-қасиеттерін күшті, төзімділікті, шапшаңдықты және ептілікті дамыту;
- еріктілікке, батылдыққа, табандылыққа, тәртіптілікке, ұйымшылдыққа, достық пен жолдастық сезімге, мәдениет мінез-құлық дағдысына еңбек пен қоғамдық меншікке саналы көзқарасын тәрбиелеу;
- әдеттерді қалыптастыру және дене жаттығуларымен үнемі шұғылдануға ынтаны тәрбиелеу;
- гигиеналық дағдыларды сіңіру, дене жаттығулары мен шынықтыру гигиенасы жөніндегі білімді хабарлау.

Дене шынықтыру сабағы дайындық, негізгі, қорытынды бөлімдерінен тұрады. Дайындық бөлімі оқушылардың сергек көңіл-күйін, дене шынықтырумен шұғылдану ынтасын арттыру және балаларды сабақтың негізгі бөлігінде күрделі дене жаттығуларын орындау даярлығын жасау үшін пайдаланылады.

ШЖМ-дағы ертеңгілік жаттығулар, олардың маңызы, түрлері

ШЖМ-дағы ертеңгілік жаттығулар

Бастауыш мектептегі баланы дене жағынан тәрбиелеу ерекше орын алады. Мықты денсаулықтың, дененің дұрыс жетілуінің, жоғары жұмыс қабілетінің негізі нақ осы балалық шақта қаланады.

Мектепте дене жаттығулары келесідей түрлерге бөлінеді: таңертеңгі жаттығу, қимылды ойындар, спорттық жаттығулар, қарапайым туризм.

Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл-ой адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал.

Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, ең қабілеттілігі артады, балаларды тәртіптендіреді. Сөйтіп таңертеңгі жаттығу жасау алдында мүлде ерекше міндеттер қойылмайды, атап айтқанда: бала организмін «ояту», оны әрекетшіл

қалыпқа келтіру, жан-жақтылыққа, бірақ бұлшық ет жүйесіне жайлап ықпал ететіндей, организмнің жүрек, тынысы және басқа функцияларының қызметін белсендіру, ішкі органдар мен сезім органдарының жұмысын қарқындату, тұлғаның дұрыс, жүрістің жақсы қалыптасуына ықпал ету, табанның қисайып кетпеуін болдырмау.

Егер балалар күн сайын таңертең дене жаттығуын жасауға дағдыланса және мүдделі болса, ертеңгілік жаттығу сонысымен құнды. Осындай пайдалы әдет адамда өмір бойында сақталады. Таңертеңгі жаттығу мектепте күнде ұйымдасқан түрде бастауға мүмкіндік береді, күн кестесін дәл орындауға ықпал етеді. Бір уақыттың ішінде бірге жүргізілген бірқалыпты қимыл қызметінде жүгіріп, секіріп, үлгеріп, алып ұшқан балалар тыныштанады, ал белсенділігі төмендері белсенді етеді. Мұның бәрі балалардың барлығының да көңіл күйін бірдей етеді, сергітеді, оларды келесі сабаққа даярлайды. Сөйтіп таңертеңгілік жаттығуды бірден ұйқыдан кейін емес, біршама уақыт өткен соң жасағанда оның тәрбиелік маңызы кеңейеді. Ол күн кестесінің бөлінбес ұйымдастырушы сәті болады, балаларды белгілі бір тәртіпке, жинақылыққа үйретеді.

Шағын жинақты мектептегі таңертеңгі жаттығу жылдың жылы мезгілдерінде алаңда, ал суық кездерде залда өткізіледі. Белгілі бір тәртіппен іріктелінген дене жаттығуларының үйлесуі комплекс деп аталады. Бір ғана комплекстің өзі 2 апта бойы қайталанады. Егер комплекстің жекелеген жаттығулары тым қарапайым болса, балаларды қызықтырмаса немесе жалықтырса онда ол мұғалімнің қалауына қарай күрделенуі мүмкін.

Ұлттық тәлім – тәрбие беруде түрлі жаңашыл әдістерді қолдануға болады. Соның бір түрі – ұлттық сипаттағы, сондай-ақ салт – дәстүр элементтерін жаттығуға кірістіруге болады. Ұршық иіру, жүн сабау, киіз басу жаттығуларын жасауға болады. Мектептегі балаларға таңертеңгілік жаттығуды «сезім, зейін, ерік, сұлулық, мәдениеті мінез – құлықтың бүкіл мәдениеті» деп есептеуімізге болады.

Қорыта айтқанда, мектептегі таңертеңгілік жаттығулардың ерекшелігі – балаларды дұрыс қимылдауға үйрету. Бұл жағдайда балаларда кеңістіктегі орнын бағдарлай білуі, қимылды айқын, дәл, тәрбиеші ұсынған екпінде, ырғақта, бағытта орындауы, әр баланың, қимылы бүкіл ұжымның қозғалысымен үйлесуі пісіп – жетіледі. Таңертеңгілік жаттығудың ұйымдастырушылық үлкен маңызы бар.

Шағын жинақты мектептерде 2-4-сыныптардағы «Дүниетану» пәнін оқытудың мазмұны мен мақсаты: «Дүниетану» пәнінің оқытылу әдістемесімен, стандартты таныстыру. Білім алушылардың білім деңгейін арттыру, пәнге деген қызығушылығын ояту.

Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң мотивациясы мен іскерлігін: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған. Бастауыш білім беру баланың жеке тұлға

ретінде адамгершілік қасиеттерінің, оның қоршаған ортаға эмоционалдық – құндылық қатынасының, оқу процесіне оң мотивациясының қалыптасуын және таным әрекетіндегі жеке қабілеттері мен шеберліктерінің дамуын қамтамасыз етеді.

*ШЖМ-дағы топ саяхат, бақылау түрлерінің мақсаты***:** табиғатты қорғай білуге, сырын ұғуға, бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста бірлесіп жұмыс жасай білуге үйрету. Ауа райына байланысты болжамдармен таныстыру. Ұқыптылық пен жинақылыққа, табиғатты сүюге, қорғауға баулу. Білім алушылардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.

ШЖМ-дағы топ саяхат. Бастауыш мектеп – өзінің үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы ретінде өзінің белгілі қызметін атқарады. Балалардың қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыруға, табиғаттың сыйлаған сыйын қадірлеуге, жәндіктерді, құстарға зиянын тигізбеуге топ саяхат, экскурсияның маңызы зор. Балалар бойында қасиеттер қалыптасады:

- ұжымдық татулық;
- өз-өзіне деген сенімділік;
- таза ауада денсаулығының жақсаруы;
- дене қимылының жетілуі;
- қызыл кітапқа енген құстар, жәндіктер, жануарлар туралы білімін толықтыру т.б.

ШЖМ-да бақылаудың бірнеше түрлері бар. Олар:

- өлі табиғатты бақылау;
- тірі табиғатты бақылау;
- әр мезгіл сайын ауа райын бақылау;
- үлкендер еңбегін бақылау;
- жеке бақылау;
- топтық бақылау;
- өсімдіктерді бақылау және т.б.

Бақылау сынып жетекшісінің жетекшілігімен өткізіледі. Өйткені, бала әр өзгерісті қадағалап, түсіне білуі қажет. Бақылау кезінде бала бойында адамгершілік қасиеттер, айналаға, қоршаған ортаға, табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптасады.

ШЖМ-дағы біріктірілген сыныптардағы постермен жұмыс

1 топ - «Ойшылдар» тобы тірі табиғатты суреттейді.

2 топ - «Білімділер» тобы өлі табиғатты суреттейді.

3 топ - «Тапқырлар» тобы адам қолымен жасалатын заттарды суреттейді.

Топ басшылары ортада постер қорғайды.

№2 Табиғатқа байланысты тыйым сөздер білесің бе?

Ауа райына байланысты табиғат болжамдары

1. Қыста торғайлар ұясына мамық тасыса, күн кенеттен қатты суып кетеді.

2. Қыстыгүні әтеш бір аяғын көтеріп тұрса, аяз басталады.

3.Үйрек бір аяғында тұрып, басын қанатыының астына тықса, аяз болады, аязды күні қанатын желпісе, аяз басылады.

4. Ит арқасымен түлесе, қыс жайлы, бауырынан түлесе, қыс қатты болады.

5. Сиыр танауын тартып, мүйізін шайқаса боран немесе дауыл тұрады.

6. Боран жұма күні басталса, ол келесі жұмаға дейін басылмайды.

7. Наурыз күні қар жауса, ол жылы жақсылық көп.

8. Күн бұлтқа батса, келесі күн жауын-шашады.

9. Мысық пешке тығылса – күн аяздың алды, ит аунаса – жаңбыр жақын.

Бастауыш ШЖМ-да «Бейнелеу өнері» пәнін оқытудың мақсаты: «Бейнелеу өнері» пәні арқылы оқушыларды әдемілікке әсемдікке деген сезімдерін жетілдіріп, жаңа сапалық деңгейге көтеру, эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу.

Өскелең ұрпаққа эстетикалық тәрбие беруде бастауыш мектептегі «Бейнелеу өнері» пәнінің алатын орны зор. Себебі бастауыш мектеп кезеңінде баланың эстетикалық мәдениетінің негіздері қолданылады. Балаларды әсемдікті сезініп, түсініп, қадірлей білуге баулу бейнелеу өнері сабағында эстетикалық тәрбие беру арқылы іске асырылады. Оларға:

• «Бейнелеу өнері» пәні арқылы білім алушыларды әдемілікке әсемдікке деген сезімдерін жетілдіріп, жаңа сапалық деңгейге көтеру, эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу;

• «Бейнелеу өнері» пәні арқылы эстетикалық тәрбие берудің тиімді жолдарын анықтау;

• бастауыш мектеп кезеңінде эстетикалық тәрбиені ұйымдастыру деңгейін анықтау;

• оқушылардың «Көркем өнерге» деген қызығушылығының шығармашылықпен ұштасуына көмектесу және т.б.

Бастауыш мектепте «Бейнелеу өнері» сабағында эстетикалық тәрбие беруде оқушылармен бірлесе отырып, олардың өнердегі әсемдік пен әдемілікті түсіну, байқай білу қабілетін дамыту үшін көптеген ұжымдық жұмыстар жүргізілсе, сабақ барысында ойындар мен көрнекіліктер («Түстерді ажырат», «Кім алғыр», «Үйлестіре біл», т.б. ойындар) тиімді қолданылса, оқушылардың табиғат сұлулығын, көркем өнер шығармаларын эстетикалық мәнде қабылдаулары күшейіп, сабақ сапалық жаңа деңгейге көтеріледі. Сапалы сабақтарды жүргізу нәтижесінде бастауыш мектеп оқушыларының эстетикалық танымы, білімі, талғамы артып қана қоймай, олардың әрбір жұмысы шығармашылықпен ұштасып отырады.

«Бейнелеу өнері» пәні бойынша шығармашылық жұмыстар

Оқушылардың рухани жан дүниесі бай болуы үшін ең алдымен көркем өнерлік сана дамуының ерекше маңызы бар. Оқушылардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын оятып, эстетикалық сезім мен көркемдік талғамды қалыптастыруға, жалпы адамзаттық өнер құндылықтарын ажырата білуге, өнердің шын мағынасын түсініп, оны өмір қажеттілігіне жарата білуге бейімдеу

аса қажеттілікті талап етеді. Бастауыш сынып оқушыларының өнерден алатын орны ерекше. Бейнелеу өнері оқушылардың саналық пен білімділікке жетелеген қозғаушы күш. Сондықтан бейнелеу өнері оқушылардың әлеуметтік дамуындағы бірден-бір негізгі белгі болып табылады. Қазіргі жетілген қоғамымыздың жастары өзінің бүкіл адамгершілігі, ақыл-ой парасаты, мәдениеті жағынан бұған дейінгі қай кездегідей болса да еңсесі биік тұратын, жан- жақты тәрбие алып, жаңа сана, жаңа қасиеттермен шыңдала түскен рухани жан дүниесі мейлінше жетілген болуы тиіс. Бейнелеу өнері сабақтарында шығармашылық жұмыстардың әртүрлі тұрпаттары мен әдіс-тәсілдер түрін пайдалана, оқушының сурет салудағы шығармашылық үрдіске енуін белсендіріп, әртүрлі тұрпатта орындау әдіс-тәсілдерін игеруде жаңа шешім қабылдауына көмектеседі.

Шығармашылық деген балалық шақ кезінен басталады.

Таныс көріністер бейнеленген шығармаларды таныстыру оқушыларды өнерге тартудың ұтымды жолы.

*«Бейнелеу өнері» пәнін оқытудың әдіс – тәсілдері, сабақ жоспарын құрудың мақсаты: «*Бейнелеу өнері» пәнін оқытудың әдіс – тәсілдерін меңгерту, сабақ жоспарын құру ерекшеліктерін үйрету.

ШЖМ-да «Бейнелеу өнері» пәнін оқытудың әдістемесі

«Бейнелеу өнері» пәнін оқыту әдістемесі өзінің қағидаларын жасауға педагогика ғылымының мәліметтеріне сүйенеді. Бірақ педагогика ғылымы, практикасыз оқыту өнерін меңгеру нәтижесіне жете алмайды. Ол тек қана жалпы қағидаларды көрсетумен ғана шектеледі. Осыған керісінше жалғыз оқыту әдістемесі педагогикасыз мұғалімге оқу процесін дұрыс құра білуге мүмкіндік бере алмайды. Мұғалім мектептегі педагогикалық қызметін сәтті жүргізу үшін оған қазіргі дидактиканың негізгі қағидаларын жақсы біліп, оны практикада шығармашылықпен қолдана білуі тиіс. «Бейнелеу өнері» тәрбиелеп қана қоймай адамға қоршаған ортаны тануға көмектеседі. Білім беру жолы оқушыны ғылыми мәліметтерге негізделген лайықты білімге апаруға тиіс. Бұл жерден екінші принцип – ғылымилық принципі туындайды. Мұнан соң көрнекілік принципін айтуға болады. Балаларға меңгеретіндердің барлығы көру арқылы қабылдауға негізделуі тиіс. Бұл бізден заттар мен құбылыстарға таным негізі ретінде қарауды талап етеді.

Оқушылар білімінің шыншылдығына практика көз жеткізеді. Сондықтан да оқушылардың саналылығы мен белсенділігі принципі дидактикалық принциптердің маңыздыларының бірі. Балалар өз білімдерін нақты және берік меңгергенде ғана оларды қолдануға мүмкіндік алады. Осыдан келіп білімді меңгерудің беріктілігі принципі шығады. Бейнелеу өнерін оқыту барысында қолданылатын принциптің бірі – жүйелілік принципі. Бейнелеу өнерін оқыту белгілі бір жүйеге құрылады. Заттардың суретін салудың өзі бірінші – заттың өлшемдерінің қатынастарын айқындау, формаларына талдау, кеңістіктегі орнына сипаттама беру; екінші зат құрлысын қағаз бетінде жобалау, зат

құрлысын салу, формасын шығару, кеңістіктегі қалпын көрсету сияқты үлкен екі жүйеден тұрады

«Бейнелеу өнері» пәнін оқыту принциптері

«Бейнелеу өнері» пәнін оқушыларға көркемдік білім беріледі. Көркемдік білім берудің мазмұнын бейнелеу өнері негіздерін құрайтын білімдер мен бейнелеу дағдыларының жүйесінен құралады. Бейнелеу өнерін оқыту принциптері – оқыту үрдісінің тиімділігін арттыруға қажетті дидактикалық талаптардан құралады. Олар көрнекілік, ғылымилық, бірізділік, жүйелілік, өмірмен байланыстылық, лайықтылық, саналылық түрлеріне бөлінеді. Бейнелеу өнерін оқыту әдісі дегеніміз – мұғалімнің бейнелеу өнері сабақтарында оқушылардың бейнелеу іс-әрекетіне басшылық ету тәсілдерінің жүйесі. Оқыту әдісі арқылы оқушыларды көркемдік біліммен, бейнелеудің іскерліктері мен дағдыларымен қаруландырады. Оқыту әдісі – мұғалім мен оқушы арасындағы танымдық – педагогикалық әрекет болып саналады. Бұл оқушы үшін танымдық – бейнелеу іс-әрекет болса, мұғалім үшін, оқушының көркемдік білімді меңгеруіне басшылық жасау мақсатын көздейтін қызмет. Оқыту әдісі арқылы мұғалім оқушының танымдық практикалық іс-әрекетіне жетекшілік жасайды.

«Бейнелеу өнерін» оқыту процесі – бейнелеу өнерінің негіздерін құрайтын білімдер жүйесін меңгерту мен бейнелеу икемділігі мен дағдыларын оқушыларға меңгертуге, жеке бастың жан-жақты дамуы мен ақыл-ой тәрбиесінің алдында тұрған міндеттерді шешуге арналған мұғалімнің іс-әрекеті деп түсінеміз. Бейнелеу өнерін оқыту процесі – мұғалім мен оқушының іс-әрекетінің қосындысы. Оқыту процесі оқушының танымдық іс-әрекетіне бағытталған процесс. Оқу процесіндегі оқушылардың таным әрекетінің өзіне тән ерекшеліктері бар. Олар атап айтқанда:

1. білім алушылар ғылымдар зерттеген жүйені өздігінен оқу арқылы танып біледі. Олар ғылымның ашылған жетістіктерін игереді.

2. білім алушылардың таным қабілеттерін дамыту үшін бейнелеу өнері пәні бойынша маңызды білімдер негіздері іріктеліп алынады.

3. оқу процесінің ерекшелігі оқушылардың оқуды әрі қарай жалғастыруға және өздігінен еңбек әрекетіне дайындалуына қажетті іскерлік пен дағдыны игеру болып табылады.

4. «Бейнелеу өнері» сабағындағы таным процесі тек білім берушілік қана емес, сонымен қатар тәрбиелеушілік, дамытушылық сипатта болады. Білімді игеру барысында оқушылардың көзқарастары мен сенімдері қалыптасады.

5. Оқушылардың таным процесі олардың жастарына сай ұйымдастырылады.

6. «Бейнелеу өнері» сабақтарында таным процесі мұғалімнің бағыттаушылық рөлімен байланысты іс жүзінде асырылады.

Бейнелеу өнері мұғалімнің әдістемелік қызметі бірнеше бағыттарға бөлінеді:

1. Оқушылардың көркемдік білімдерінің деңгейін алғашқы бейнелеу сауаттылығын, бейнелеудің іскерлігі мен дағдыларын меңгергендігіне диагностика жасау қызметі;

2. Оқушыларға көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие беру мақсатындағы оқыту үрдісін жоспарлау қызметі;

3. Оқушыларға көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие беру үрдісін ұйымдастыру қызметі;

4. Оқушыларға көркемдік білім беру мен эстетикалық тәрбие беру мақсатында ұйымдастырылған оқу – тәрбие жұмыстарына сараптау және талдау жасау.

Негізгі орта білім беру деңгейінде ШЖМ-да біріктірілген сыныптарда кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар

Шағын жинақты мектептерде ұжымдағы педагогтер әрдайым өзара әдістемелік көмек көрсетіп, ақпарат алмасып отыруы керек. Мұндай мектептерде білім алушылардың да пікіріне құлақ салып, ұсыныстарын қарастырған жөн. Себебі, екі сыныптың бір кабинетте отырып, бір сәтте сабақ өтуі көптеген білім алушыларға қиындық туғызары анық. Балалардың зейіні тұрақты болып, қойылған сұрақтарға келесі сынып білім алушыларының алдында ұялмай, қысылмай жауап беруі педагогтің балаларға жоғары деңгейде әдістемелік және психологиялық тұрғыда дұрыс қолдау көрсетуіне байланысты.

Кіріктірілген сабақтардың көрсетілген мақсаттарға жетуіне дұрыс таңдалған әдіс-тәсілдер мен жаңа педагогикалық технологиялар ықпалын тигізеді. Педагог әр сабақтың өтілетін тақырыпқа, ондағы тапсырмаларға, оқушылардың жас ерекшелігі мен қарым-қабілетіне назар сала отырып, ұтымды әдіс-тәсілдер қолдана білуі керек.

Шағын жинақты негізгі мектептерде келесі әдіс-тәсілдерді жүйелі қолдану ұсынылады:

«Ақылдың алты ойлау қалпағы» Эдвард де Боно бойынша

Мақсаты: білім алушының сыни тұрғыдан ойлауын дамыту. Мәселені барынша мұқият талқылап, білім алушының жалпы ойлау қызметін жетілдіру үшін ойдың/сананың түрлі аспектілерін жандандыру мақсатында қолдану.

Тиімділігі: білім алушы ұсынылған мәселе бойынша өз ойына талдау жасайды. Жасалған жұмыс бойынша өз көзқарасына рефлексия жасай біледі, толыққанды, жан-жақты түйіндеме жасайды, жасалған жұмыс бойынша өзінің шығармашылық қатынасын көрсетеді, таным әрекеті үрдісінде қарым-қатынас шеберлігі артады.

Қолданылуы: *«Алты қалпақтың»* әрқайсысы ойлаудың түрлі элементтерін, аспектілерін білдіреді. Білім алушыларға қалпақтар беріледі (рас қалпақ немесе ойдан шығарылған), олардан мәселені талқылау барысында барлық ой операцияларын (ойлану, талдау т.б.) осы қалпақтың түсіне сәйкес келетін шекте жүргізу сұралады. Сынып топтарға бөлініп, бір топқа бір түсті қалпақ беріледі. Мұғалім әңгімені жүргізеді, бағыттайды.

«Шаттық шеңбері» (сергіту сәті)

Мақсаты: бұл әдіс білім алушылар бойында идея немесе тілек білдіру, тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау, сондай-ақ барлық білім алушыларды қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын теңестіру.

Тиімділігі: білім алушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл күйін көтереді, бауырмалдығын оятады.

Қолданылуы: сабақ басталар алдында қолданамыз. Білім алушылар үлкен шеңберге тұрады, кезектесіп тілек айтады.

«Миға шабуыл» әдісі

Мақсаты: қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша ой салу.

Тиімділігі: оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерінің еркін айтылуы, ешқандай сынға ұшырамау керек, қағазға түсіріліп, талқылау жұмысы болады.

Қолданылуы: жаңа сабақ алдында берілген әдіс бойынша сұрақ қою арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашуға болады.

«Галереяны шарлау» әдісі Саймон Браунхилл бойынша

Мақсаты: талқыланған мәселе, дайындалған постер бойынша қорытынды жұмыс немесе өнімді ұсыну арқылы өз жұмысын көрсету, идеяларын қорғау, ерекше идеялар ұсыну.

Тиімділігі: сараптау, жинақтау, бағалау; ақпаратпен тиянақты жұмыс жасалады. Сыныптастарын ұсынылған мәселе, ақпарат туралы елестетуімен таныстырады; ұсынылған мәселе туралы өзгелердің пікірін біледі; өз жұмысын сыныптастарымен талқылайды, жұмысқа терең сараптама жасау арқылы өз білімін, түсінігін кеңейтеді.

Қолданылуы: қабырғаға дайындалған постер ілінеді. «Галереяға саяхат» – топтар кабинет ішінде қозғалысқа түседі, қабырға газеттерін қарайды, сараптайды, талдайды және жапсырма қағазға пікірін немесе сұрағын жабыстырып кетеді. Галереяға саяхат аяқталған соң, топтар жұмыстарға шолу жасап, өз қабырға газеттеріне жазылған сыныптастарының пікірін сараптайды, талқылайды, сұрақтарға жауап береді және қорытынды жасайды.

«Джигсо» әдісі Элиот Аронсон бойынша

Мақсаты: берілген тақырыпты топ ішінде талқылап, әртүрлі тәсілдермен топтық жұмыс жасау. Басқа топтарға өкілдерді жіберіп, өз жұмысы туралы топта талқылау, идеялармен бөлісу, ынтымақтастықты дамыту.

Тиімділігі: ынтымақта бірлікте жұмыс жасауға, білгенін қатарластарымен бөлісуге, тақырыпты ортаға салып талқылауға, түйінді ойды саралауға жетелейді.

Қолданылуы: көлемді мәтін төрт бөлікке бөлінеді. Оқушыларда төрт адамдық шағын топтарға бөлініп («бастапқы топ»), 1-ден 4-ке дейін нөмірленеді. Осыдан кейін білім алушылардың әрқайсысы өз нөміріне сәйкес мәтіннің бір бөлігін ғана оқиды. Содан кейін топтар құрамы өзгертіліп, жаңа топтар («сарапшылар тобы») тобы құрылады, сарапшылар топтарында оқушылар өз нөмірлері бойынша жинақталады: мәтіннің № 1 бөлігін оқыған

оқушылар 1 топқа т.с.с. Өкілдер басқа топтарға барып, өз жұмыстарын таныстырады, топтық талқылау жүреді.

«INSERT» әдісі

Мақсаты: оқылған мәліметті түртіп алу жүйесі бойынша таным түсінігін қалыптастыру.

Тиімділігі: жаңа материалмен таныса отырып, түртіп алу жүйесімен мәлімет жинайды, саралайды, бағалайды.

Қолданылуы: тапсырманы оқып, түртіп алу жүйесі бойынша жұмыс жасалады: W – білемін; + жаңалық; - білмеймін; ? – білгім келеді; кесте жүйесі бойынша жұмыс жасайды.

«Кластер» әдісі

Мақсаты: идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды жинақтау, тұжырымдау.

Тиімділігі: тақырыптардың байланыстары туралы сұрақтар құрастырып, оларға жауап іздейді, идеяларды жинақтайды.

Қолданылуы: тұжырымды ойларын қарталарға түсіріп, топтық жұмыс қорғалады (постер)

«Кинометафора» әдісі Харизма бойынша (Н.Баринова)

Мақсаты: білім алушының ой-өрісін, ойлау қабілетін дамыту.

Тиімділігі: оқушының логикалық ойлау қабілеті дамиды.

Қолданылуы: бір мәселе бойынша бейнесюжеттен үзінді көрсету арқылы баланың өз ойын, ой-пікірлерін білуге болады.

SMART-мақсаттар

Мақсаты: мақсат құруда нақты, өлшемді, қол жетімді, шынайылыққа негіздеу.

Тиімділігі: нақты мақсатқа жете алады: SMART

Қолданылуы: тақырыпқа «ақылды» мақсат қоя алады.

«Дауыстап ойлау» әдісі

Мақсаты: оқи отырып ой түю, ой бөлісу.

Тиімділігі: оқушыларды дұрыс тыңдауға ынталандырады. Оқылым, тыңдалым дағдылары қалыптасады. Ойлау қабілеті дамиды, сөздік қоры молаяды.

Қолданылуы: жұптаса отырып берілген тақырыпты біреуі дауыстап оқиды, екіншісі тыңдай отырып ой түйеді. Бір- біріне түсіндіреді.

«Бір минуттық әңгіме» тәсілі Иен Майлс бойынша

Мақсаты: оқушының бір-бірінен ақпарат алу дағдысын қалыптастыру.

Тиімділігі: оқушылар бір-бірімен әңгімелесу арқылы ой қорыта алады, жұптық жұмыс жүреді.

Қолданылуы: оқушылар қарама-қарсы сызық бойымен қатарға тұрып, жұптық әңгіме жүргізеді. Үйге берген тапсырма туралы әңгімелесулеріне болады немесе жаңа сабақты бекіту мақсатында өз ойларымен бөліседі.

«Қара жәшік» ішіндегі жұмыс

Мақсаты: оқушының өзін-өзі бағалауын дамыту.

Тиімділігі: оқушының оқуға деген ынтасы мен өзін-өзі бағалауына ықпал етеді.

Қолданылуы: сабақ соңында оқушыларға бір-біріне тиімді сұрақ қойғызу арқылы кері байланыс жасатуға, оқуға белсенді қатыстыруға, өзін-өзі бағалауға қатыстыруға болады.

Шағын жинақты бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі де кез келген ғылым саласы сияқты екі жағдайда дамиды. Оның біріншісі – әдіскер, психолог, педагог сияқты ғалымдардың зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жүзеге асса, екіншісі – кейбір мұғалімдердің шығармашылық тәжірибелерін оқып үйренудің, оларды ғылыми түрде негіздеу, жалпылау арқылы жүзеге асады.

Шағын жинақты бастауыш мектептерде де математика пәні қалыпты мектептерге арналған оқулықтар мен оқу құралдарының көмегімен оқытылады.

Шағын жинақты мектеп жағдайында ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану арқылы білім беру, ғылым мен мәдениет және т.б. салаларда ақпараттардың халықаралық дереккөздерін, электрондық оқу материалдарын пайдаланады, тірек мектебімен (ресурстық орталықпен) байланыс орната отырып, сессияаралық кезеңде олардың білім қорларын пайдаланады, қашықтан оқытуды жүзеге асырады.

Жақын орналасқан шағын жинақты мектептерді біріктіретін, білім беру ұйымы болып табылатын тірек мектептер (ресурстық орталықтар) оқушылардың сапалы білімге қол жеткізуіне жағдай туғызады. Тірек мектептер (ресурстық орталықтар) базасында шағын жинақты мектеп оқушылары үш рет (оқу жылының басында, ортасында, соңында) он күннен (сессия) білім алады әрі онда аралық, қорытынды аттестаттау тапсырады. Сессияаралық кезеңде шағын жинақты мектептерде оқыту тірек мектеп мұғалімдерінің қатысуымен және қашықта оқыту технологияларының көмегімен жүргізіледі. Тірек мектептердің қорларын қолдану негізінде білім сапасы, мектептердің педагогикалық өзара қарым-қатынасы, тәжірибе алмасу жүйесі дамытылады.

Шағын жинақты мектептерде оқушылардың білім деңгейін мемлекеттік стандарт дәрежесіне көтеру, оқу-тәрбие жұмысының мазмұнын жақсарту – қазіргі уақытта өзекті мәселелердің бірі. Шағын жинақты мектептерде мұғалімнің негізгі мақсаты: бағдарлама мен мектеп белгілеген жоспарды орындап шығу екені белгілі. Бұл үшін шағын жинақты мектепте оқу-тәрбие үрдісін кіріктіре оқытудың әдістерін тиімді пайдалана отырып өткізу керек. Екі сынып қатар оқытылатындықтан сабақ кестесін, сабақ жоспарын дұрыс әзірлеу, оқушылардың өздері орындайтын жұмыстарын шебер ұйымдастыру, сабақ уақытын дұрыс пайдалану мәселесі туындайды.

Кіріктірілген сабақтарда оқушыға өзі өмір сүретін орта туралы, құбылыстар мен заттардың байланысы жайында ауқымды және айқын түсінік беріледі. Мұнда негізгі басымдылық қандай да бір білім көлемін игеруге емес, бейнелі ойлауды дамытуға беріледі.

Шағын жинақталған мектепте кіріктіріп оқытудың бұл ерекшеліктері алдыңғы алған білімін қайта жаңғыртуға көмектеседі. Бұл байланыс оқыту

барысында нақты жаттығулар мен тапсырмалар арқылы нығая түседі. Осы ерекшеліктерді ескере отырып шағын жинақты мектептердің мұғаліміне келесідей талаптар қойылып отыр:

- өздігінен білім көтерудің тиімді әдістерін таңдай білу;
- шағын жинақты мектеп жағдайына қарай бейімдеу, оқу үрдісін сапаландыру;
- әртүрлі жастағы оқушылар ұжымын басқара білу;
- білім алушылардың бірін-бірі өзара білім алуды сапаландыру бағытын дамыту;
- білім алушылардың бір отбасы балалары сияқты болып, өзін-өзі басқара білуін ұйымдастыру;
- білім алушылар арасындағы бір-біріне деген сенімділігін және сыйластықтарын арттыру;
- білім алушылардың ата-аналарын қоғамдық-педагогикалық жұмыстарға қатыстыру және т.б.

Шағын жинақты мектепте оқу үдерісін ұйымдастыруда тиімді педагогикалық технологиялар (деңгейлеп, саралап оқыту, ұжымдық оқыту, дидактикалық бірлікті ірілендіру, дамыта оқыту, модульдік оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технология және т.б.) қолданылады.

Деңгейлеп оқыту оқушылардың жас және білім деңгейі ерекшеліктерін ескере отырып, деңгейлік тапсырмалар беру арқылы олардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Ұжымдық оқыту әдісі динамикалық жұптар құра отырып, оқушылар арасында танымдық қарым-қатынасын, оқушылардың бірін-бірі оқытуын ұйымдастыру болып саналады. Ұжымдық оқыту әдісі балалардың қарым-қатынасы тапшылығын азайтуға, ауылдық жерлерде оқушылардың аздығы жағдайында оқушылардың монологтік және диалогтік сөйлеу қабілеттерін дамытуға жағдай жасап, мұғалімнің жалпы сыныппен жұмысын азайтып, жекелей оқыту уақытын көбейтуге мүмкіндік береді.

Дидактикалық бірлікті ірілендіру (ДБІ) – ақпараттардың біртұтас игерілуін қамтамасыз ететін, мағыналық қисынды байланыстар негізінде білімдік ұғымдарды біріктіру жүйесі. Бұл технология оқу пәндері және салалас пәндер белоктерінің ішіндегі материалдардың дидактикалық құрылымын құру арқылы аралас сынып сабақтарын ұтымды өткізуге мүмкіндік жасайды.

Дамыта оқыту технологиясының әдіс-тәсілдерін кең қолдану – әр білім алушының жан-жақты дамуына жағдай жасау арқылы белсенді тұлға тәрбиелеу.

Шағын жинақты мектеп мәселесін оңтайлы шешудің тағы бір жолы – бұл жаңа білім беру кеңістігін құру. Ол үшін материалдық-техникалық базасы мықты толық білім беретін мектептерден ресурстық орталықтар ашылды. Ресурстық мектеп – бұл шағын жинақты мектеп оқушыларының бейімделген, әр деңгейлі, көп сатылы, саралай және терең білім алуына жағдай жасайтын, оқу-тәрбие дамуын бағыттап отыратын ауыл мектебі.

Шағын жинақты мектеп жағдайында ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану арқылы білім беру, ғылым мен мәдениет және т.б. салаларда ақпараттардың халықаралық дереккөздерін, электрондық оқу материалдарын пайдаланады, тірек мектебімен (ресурстық орталықпен) байланыс орната отырып, сессияаралық кезеңде олардың білім қорларын пайдаланады, қашықтан оқытуды жүзеге асырады.

Шағын жинақты мектептердің біріктірілген сыныптарында кіріктіріп оқытудағы маңызды аспектілерінің бірі – инклюзивтілік

Шағын жинақты мектептердегі әртүрлі топтағы оқушыларға, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларға, қиын өмірлік жағдайдағы отбасы балаларына және т.б. қолдау көрсету педагогикалық жұмыстың басым бағыты. Ауыл мектебі жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды инклюзия бойынша қамту үшін жинақты жұмыс жүргізілуі керек.

Әлеуметтік осал отбасы балаларын қамту мәселесіне тоқталсақ, көптеген зерттеу дарынды оқушыларды ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік осал топтағы балаларды да қолдаудың маңыздылығын көрсетеді. Елімізде дарынды балаларды қолдау бағытында ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр.

Жоғары оқу орындарына іріктеу жүйесі, университет гранттарын бөлу, дарынды балаларға арналған арнайы мектептер, түрлі олимпиадалар, байқаулар өткізу және т.б. Педагогтерді бағалау кезінде де үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс істегеніне емес, дәстүрлі түрде жетістікке жеткен оқушыларының нәтижесіне назар көбірек аударылады. Әрине оны әділ деп айтуға болады. Емтихан тапсырып, ең жоғары балл алған, яғни ең мықтысы жеңіске жетеді деп.

Бірақ ата-аналар дарынды балаларға арналған мектептерге түсу үшін репетитор көмегіне жүгініп жататыны да жасырын емес. Әдетте әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен отбасылардың мүмкіндіктері бірдей емес. Бұл меритократияның «қараңғы» тұсы. Теориялық жағынан іріктеу барлығына тең және әділ қолжетімділікті қамтамасыз етуі керек, бірақ іріктеу жүйесі әлі де толықтыруды қажет ететінін көріп отырмыз. Сондай-ақ бұл жерде меритократия мен инклюзивтіліктің тепе-теңдігін сақтау маңызды.

Көптеген зерттеу дарынды оқушыларды ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік осал топтағы балаларды да қолдаудың маңыздылығын көрсетеді. Елімізде дарынды балаларды қолдау мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр.

Бұл жерде меритократия мен инклюзивтіліктің тепе-теңдігін сақтау маңызды.

Мектептерде, колледждер мен университеттерде осы мәселені теңестіру үшін келесі өзгерістер жүзеге асырылады. Сонымен қатар осы жылы ауыл мектептері түлектерінің жоғары білім алуға қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында олардың квотасын 35 пайызға дейін ұлғайтылып жатыр.

Шағын жинақты ауыл мектептеріндегі біріктірілген сыныптардағы пәндерді кіріктіріп оқыту кезінде инклюзивті білім беру саясатын ұстанғанда келесі әдіс-тәсілдерді басшылыққа алу ұсынылады:

Дифференциалды оқыту: түсінігі, түрлері мен формалары

Саралау ұғымы шетелдік сөздіктен алынған және стратификацияны, бірлікті құрамдас бөліктерге, сатыларға немесе формаларға бөлуді білдіреді. Толық анықтама оқу процесінде әдістерді бөлуді қамтиды. Саралау білім алушыларды топтарға бөлуді қолдануды білдіреді. Саралау білім алушыларды біріктіру процесінде көрсетілген интеграциямен сипатталады.

Шағын жинақты мектептерде білім алушыларды топтастыру айқын түрде, яғни нақты бөлінумен немесе қатысушылардың еркін қозғалу мүмкіндігінің болуымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Дифференциация (Саралау)

Шағын жинақты мектептегі біріктірілген сыныптарда кіріктіріп оқытуда сыныпты топтарға бөлу саралаудың маңызды белгілерінің бірі ретінде қарастырылады. Іс жүзінде бұл жалғыз болмауы мүмкін екендігі дәлелденді. Процесті топтарда құрудағы айырмашылық тағы бір маңызды сәт. Саралау кезінде оқыту өзгеріске ұшырауы керек, бұл міндетті шарт.

Саралауды нақты анықтау үшін білім алушыларды топтарға бөлінетін белгілерді ескеру қажет. Бұл әр білім алушының саралау жағдайында оқушыларды дұрыс бөлуге көмектесетін ерекшеліктері.

Оқытуды саралау – бұл білім алушыларды топтастыру түріндегі жеке және типологиялық тұлғалық ерекшеліктерді және қалыптасқан топтардағы оқу процесінің әртүрлі құрылымын ескеру деген сөз.

Сараланған тәсіл дегеніміз не?

Сараланған тәсіл оқыту тәсілі ретінде анықталады, онда оның әртүрлі формалары мен түрлерінде саралау болжанады. Бұл тәсіл білім беру мазмұнын игеруде әртүрлі топтарға ерекше талаптардың болуын білдіреді.

Саралап оқыту формаларының жіктелуі

Дифференциалды оқыту дегеніміз не?

Сараланған оқыту – бұл білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттерін анықтау, дамыту үшін оңтайлы жағдай жасауды мақсат ететін оқыту технологиясы.

Егер сараланған оқыту болса, оны қолдану формасын таңдауда проблема туындайды.

Алдымен педагог одан әрі оқу үшін бар нәрсені бағдарлауы керек.

Білім алушылардың жеке және типологиялық ерекшеліктеріне сәйкес олар келесіні басшылыққа алады:

✓ оқыту үшін типологиялық және жеке ерекшеліктердің маңыздылығын;

✓ жалпы білім беретін мекемедегі ерекшеліктерді анықтау және есепке алу;

Педагог білім алушылардың дұрыс топқа бөле білуі:

✓ жеке тұлғаның конституциялық ерекшеліктерін;

✓ оларды анықтау үшін қажетті аппаратура болмаған кезде қабілеттерді бейімдеуді;

✓ жүйке жүйесінің ерекшеліктерін;

✓ гендерлік айырмашылықтар және жас; темперамент;

✓ дене денсаулығының ақаулары және т.б.

«Саралау» әдісін қолдану арқылы білім алушылар бойынан келесі қасиеттерді анықтауға болады:

✓ қызығушылығын;

✓ психофизиологиялық ерекшеліктерін;

✓ кәсіби бағдарларын;

✓ діни бағытын;

✓ қабілеттерін;

✓ этно-мәдени ерекшеліктерін;

✓ білім алуға қабілеттілігін және т.б.

Саралау түрлері

Сынып деңгейінде негізгі формаларды сипаттауға болады. Тұлғаның психологиялық ерекшеліктері бойынша саралау студенттердің танымдық процестерінің ерекшеліктерін, атап айтқанда: есте сақтау, ойлау, зейінді ескеру болып табылады, олар табандылық пен шоғырлануды, логикалық есте сақтауды және басқаларды дамытуға арналған арнайы тапсырмаларды орындағаннан кейін көрінеді.

Дифференциацияның бейімделу және даму сипаты принципін басшылыққа ала отырып, жеке типологиялық ерекшеліктерді ұстану ғана емес, сонымен қатар қажетті деңгейге дейін дамымаған ерекшеліктерді ескеру және дамыту қажет.

Оқыту бойынша саралау осындай жоспардың тапсырмаларын есептейді, осылайша білімдегі олқылықтарды жоюға болады. Мектеп деңгейінде оқытуды саралау-бұл үлгерім бойынша сыныптардың қалыптасуы, және бұл жіктеу тиімді деп саналмайды, өйткені оқыту икемді болып саналады.

Ұсынылған әдістер: модульдік; білімді толық игеру басқа педагогикалық технологиялармен бірге жүреді.

Олардың соңғысы білім алушыларды екі топқа бөлу туралы айтылады: материалды игермеген және меңгермеген, ол үшін қорытынды нормативті тапсыру сияқты бақылау формасын қолдана отырып. Сондықтан екі топпен жұмыс істеудің одан әрі формасы әртүрлі болады. Материалды меңгергендер білгендерін түзету бойынша тапсырмаларды емес, бұрыннан бар білімдерін тереңдету және кеңейту үшін қосымша алады.

Ерекше ерекшеліктері бойынша саралау түрлердің бөлінуін білдіреді. Яғни, музыкалық, коммуникативті қабілеттер, танымдық және т.б. Мысалы, сабақта сурет салу немесе музыкалық шығарманы орындау үшін белгілі бір эмоционалды қатынасты құру үшін арнайы қондырғы жасау керек, өйткені бұл балалар үшін өте маңызды.

Танымдық ерекшеліктері бойынша саралауда: академиялық (жалпы) және арнайы болып бөлінеді.

Саралаудың бұл түрі деңгейлік саралауды да қарастырады.

Білім алушылардың бейімділігі мен қызығушылықтары бойынша саралау ерекше танымалдыққа ие болды. Ол орындалған шығармашылық тапсырмаларда немесе қызығушылық пен тақырыпқа сәйкес келетін кез келген басқа форматтағы тапсырмаларда көрінеді. Бұл түр студенттерге өз қабілеттері бойынша белгілі бір білім саласында өзін дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Оқытуда түрлер мен формаларды қолдану оның процесін әртараптандыруға мүмкіндік береді. Мұғалім оларды неғұрлым көп қолданса, оқушылардың оқуға деген қызығушылығы соғұрлым жоғары болады. Тек оқу процесіне дұрыс көзқарас сапалы нәтиже береді.

Біріктірілген сыныптарда пәндерді кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар

Біріктірілген сыныптарда пәндерді оқытуда әр мұғалім өздігінше жұмыстар жасауда. Кейбір мұғалімдер сабаққа екі сыныптың қысқа мерзімді жоспарын, кейбірі бір қысқа мерзімді сабақ жоспарларын әзірлейді. Бұл жерде 73-кестелерде біріктірілген сыныптарға байланысты пәндерді кіріктіріп оқыту бойынша сабақ үлгілері ұсынылады.

69-кесте. 7-8-сыныптағы «Алгебра» пәнін кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныс

Мектеп:		
Қатысқандар саны:	**Қатыспағандар саны:**	
Мұғалім		
Сабақ тақырыптары	**7- сынып** **Натурал көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері.**	**8-сынып** **Иррационал сандар және нақты сандар**
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	7.1.2.1 натурал көрсеткішті дәреже анықтамасын және оның қасиеттерін білу; 7.1.2.2 санның дәрежесі қандай цифрға аяқталатынын анықтау; 7.1.2.15 натурал көрсеткішті дәреже қасиеттерін қолдану; 8.1.1.1 иррационал және нақты сандар ұғымдарын меңгеру	
Сабақ мақсаттары	Оқушылар натурал көрсеткішті дәреже қасиеттері мен иррационал және нақты сандар ұғымдарымен танысады	
Сабақтың түрі	Жаңа материалдарды меңгеру	
Бағалау критерийі	натурал көрсеткішті дәреженің анықтамасын біледі және қолданады; натурал көрсеткішті дәрежесі бар өрнектерді дәрежелердің қасиеттерін пайдаланып ықшамдай алады; оң сандарды натурал көрсеткішті дәрежеге, теріс сандарды жұп және тақ көрсеткішті дәрежеге шығару нәтижелерін болжай алады және болжамдарды ережелер түрінде қалыптастыра алады; рационал, иррационал, нақты сандардың анықтамаларын біледі	

	ұсынылған сандардың арасынан иррационал сандарды таңдап алады
Тілдікмақсаттар	**Тілдік мақсат** - дәреженің қасиеттерін ауызша және жазбаша түсіндіреді; - пәндік лексиканы, терминологияны, символиканы сауатты қолданады. **Пәнге тән лексика мен терминология:** дәреженің негізі; дәреже көрсеткіші; натурал көрсеткішті дәреже; дәрежеге шығару; квадраттау, кубтау; санның квадраты, санның кубы; көбейтіндінің дәрежесі; бөліндінің дәрежесі; дәрежелердің көбейтіндісі; дәрежелердің бөліндісі; дәрежені дәрежеге шығару; - Рационал сан, иррационал сан, бүтін сан, бөлшек, бөлімі, ондық бөлшек, иррационал сан **Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:** бірнеше бірдей негізі сақталып, дәреже көрсеткіштері қосылады (азайтылады); негізі сақталып, дәреже көрсеткіштері көбейтіледі; теріс санды жұп көрсеткішті дәрежеге шығарғанда ...; теріс санды тақ көрсеткішті дәрежеге шығарғанда ...; негізі ... болатын дәреже түрін келтіріңіз; иррационал сандар … ондық бөлшектерден тұрады X/Y иррационал сан бола ма? X иррационал сан болуы керек, өйткені … Y иррационал сан болмайды, өйткені… … сандары нақты сандар болады, өйткені ...
АКТ қолдану дағдылары	Презентация, жаңа материалды меңгеру кезінде тақырыпты түсіндіруге арналған бейнематериал қолданылады.
Құндылықтарды дарыту	Оқушылар математикалық сөйлеу дағдысын дамытады, тапсырмалар сыни ойлауын дамытуға көмектеседі.
Бастапқы білім	Сандардың квадраты мен кубының мәндерін таба алу. Рационал сандарға амалдар қолдану, санның квадраты, кубы. Оқушылар натурал, бүтін, рационал сандар ұғымдарын біледі.

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	**Сабақта жоспарланған іс-әрекеттер**	**Ресурстар**
Сабақтың басы 1 мин	**Ұйымдастыру бөлімі** Мұғалім оқушылармен амандасады, олардың сабаққа дайындықтарын тексереді. Сабақтың тақырыбымен, оқу мақсатымен таныстырады.	Презентация 1-2

2 мин	**Үй тапсырмасын тексеру** Оқушылар дайын үлгі арқылы үй тапсырмаларын тексереді, қателерін анықтайды, түзетулер жасайды.		слайдтар
Сабақтың ортасы	Миға шабуыл. Қалыптастырушы бағалау (оқушылар өз ойларын айтады) Квадраттың ауданы және кубтың көлемін есептеу формулларын еске түсіріңіз? $s = a^2 = a \cdot a\,,\ V = a^3 = a \cdot a \cdot a$ $5^2 = 5 \times 5\,,\ 2^3 = 2 \times 2 \times 2$. **Жаңа тақырып** Бірнеше бірдей көбейткіштердің көбейтіндісін қысқаша қалай жазуға болатынын көрсетуге болады. Мысалы: $a \cdot a \cdot a = a^3$, $b \cdot b \cdot b \cdot b \cdot b \cdot b = b^7$ ***Егер a – кез келген сан, ал n 1-ден үлкен натурал сан болса, онда*** $\underbrace{a \cdot a \cdot \ldots \cdot a}_{n\ \text{рет}}$ ***көбейтіндісі a санының n-ші дәрежесі деп аталады және ол a^n түрінде жазылады.*** Мұнда *a* сан деп, ал *n* натурал саны ***дәреже көрсеткіші*** деп аталады. $a \cdot a \cdot a \cdot a \cdot \ldots \cdot a (n\ \text{рет}) = a^n, n > 1$ және $a^1 = a$ Оқушыларға өз беттерінше натурал көрсеткішті дәреже қасиеттерін тұжырымдап, қорытынды жасауы үшін негіздері бірдей, ал дәреже көрсеткіштері әртүрлі және негіздері әртүрлі, ал дәреже көрсеткіштері бірдей дәрежелерді көбейтуді және бөлуды сонымен қатар дәрежелеуді орындауға берілген тапсырмалар. Мысалы: 1) $3^5 \times 3^3 = (3 \times 3 \times 3 \times 3 \times 3) \times (3 \times 3 \times 3) = 3$ 2) $2^2 \times 2^4 = (2 \times 2) \times (2 \times 2 \times 2 \times 2) = 2^{\square}$ 3) $a^4 \times a^2 = \ldots = a^{\square}$	**Білімді жаңғырту** Мұғалім оқушыларға жалпы жиын, сандар жиындарын еске түсіру мақсатында ауызша сұрақ қоя отырып жауаптарын алады: Жиын дегеніміз не? Қалай түсінесіз? Жиынға өмірден мысал келтіріңіздер Ал математикада жиынға қандай мысал келтіре аласыздар? Қандай сандар жиындарын білесіздер? Ол жиындарға мысал келтірсеңіздер? Жалпы сол сандар жиындардың белгіленуі қалай? және т.с.с. Оқушылардың жауаптарын негізге ала отырып мұғалім жалпы сандар жиындарына тағы бір тоқталады және Эйлер диаграммасы арқылы тақтаға сызып көрсетеді. Осы диаграмма бойынша N – бүтін сандар жиынының ішкі жиыны, ал Z – рационал сандар жиынын ішкі жиыны екенін көрсетеді ($N \subset Z \subset Q$). **Өзіндік жұмыс:** $-100;\ -\frac{3}{5};\ \frac{4}{10};\ 7;\ -8;\ \frac{9}{2};\ 0;\ -\frac{6}{1};\ 1$ сандарының қайсысы: а) оң бүтін сандар; б) теріс бүтін сандар; в) оң бөлшек сандар; г) теріс бөлшек сандар? Оқушылар жауаптарын өз дәптерлеріне жазады. Дескрипторлар: оң бүтін сандарды ажыратады; теріс бүтін сандарды ажыратады; оң бөлшек сандарды ажратады; теріс бөлшек сандарды ажыратады. **Жеке жұмыс** Алдымен оқушыларға	3 слайд 4 слайд 5 слайд Қосымша 1 6-12 слайдтар 13 слайд

	4) $7^5 : 7^2 = \frac{7\times7\times7\times7\times7}{7\times7} = 7$ 5) $d^6 : d^3$ $= \frac{d\times d\times d\times d\times d\times d}{d\times d\times d} = d$ 6) $(\frac{3}{5})^3 = \frac{3\times3\times3}{5\times5\times5} =$ 7) $(\frac{y}{x})^5 =$ 8) $(2\cdot5)^3 = (2\cdot5)\cdot(2\cdot5)\cdot(2\cdot5) =$ 9) $(d\cdot e)^5 = de\cdot de\cdot de\cdot de\cdot de = d\ \ e$ 10) $(a^2)^4 = a^2\cdot a^2\cdot a^2\cdot a^2 = a$ 11) $(b^3)^5 = b^3\cdot b^3\cdot b^3\cdot b^3\cdot b^3 = b$ Натурал көрсеткіштік дәреженің қасиеттері $$a^n \cdot a^m = a^{n+m}$$ $$\frac{a^n}{a^m} = a^{n-n}$$ $$(a\cdot b)^n = a^n\cdot b^n$$ $$(\frac{a}{b})^n = \frac{a^n}{b^n}$$ $$(a^m)^n = a^{m\cdot n}$$ **Есептер шығару. (жекелей жұмыс)** 1.Көбейтуді дәреже түрінде жазыңдар. а) $3\cdot3\cdot3\cdot3$; в) $0{,}5\cdot0{,}5$; б) $7\cdot7\cdot7\cdot7\cdot7\cdot7$; г) $8{,}4\cdot8{,}4\cdot8{,}4\cdot8{,}4\cdot8{,}4\cdot8{,}4$. 2.Есептеңдер а) $\left(2\frac{1}{5}\right)^2$; б) $\left(-3\frac{1}{3}\right)^3$; в) $\left(-1\frac{2}{3}\right)^4$; г) $\left(\right.$ 3.Өрнектерді ықшамдаңдар а) $a^{12} : a^{10} : a$; в) $c^3 : c : c$; б) $b^{45} : b^{15} : b^{29}$; г) $d^{43} : d^{14} : d^5$. 4. Бөлшектің мәнін табыңдар.	өздіктерінен орындауға уақыт беріледі, кейін мұғалімнің белгісімен әрбір есептің жауабына «ия» немесе «жоқ» деген карточкаларды көтеріп көрсетеді. Дұрыс па: а) $\frac{4}{7}\cdot\frac{14}{5} : \frac{2}{5} \in N$; г) $\frac{7}{15}\cdot\frac{5}{7} - 3 : 9 \in N$; б) $\left(\frac{1}{2} - \frac{5}{8}\right) : \frac{1}{8} \in Z$; д) $\frac{2}{3}\cdot\left(1 - \frac{5}{6}\right) : \frac{1}{3} \in Q$; в) $\left(\frac{3}{4} - \frac{2}{3}\right)\cdot\frac{6}{5} \in Q$; е) $\frac{6}{7} : \left(2 - \frac{5}{7}\right)\cdot\frac{1}{2} \in Z$? Дескрипторлар: өрнектің мәнін есептейді; шыққан сан қай сандар жиынына жататынын ажыратады. Жалпы сыныпқа тапсырма: 0,33333... санын жай бөлшек түрінде көрсетіңіз. 2,23606798... санын жай бөлшек түрінде көрсетіңіз. Оқушылар 2-мысалды жай бөлшек түрінде көрсете алмайтындығын түсінеді. Жаңа материалға шолу Олай болса бұл сан рационал сан емес, бұндай сандарды иррационал сандар деп атайды. **Анықтама:** Иррационал сан деп кез келген шексіз периодсыз ондық бөлшекті айтамыз. Иррационал санды $\frac{m}{n}$ қатынасы түрінде және керісінше жаза алмаймыз. $\frac{m}{n}$ түріне келтірілмейтін кез келген сан иррационал сан болады. Тақтадағы тапсырма ауызша орындалады. Бейне материалға шолу https://bilimland.kz/kk/subject/algebra/8-synyp/irraczional-sandar-naqty-sandar-zhiyny Рационал сандар жиыны мен иррационал сандар жиыны **нақты сандар** жиынын құрайды. Яғни, $Q \cup I = R$, R – нақты сандар жиын.	14-15 слайдтар 16-18 слайдтар Қосымша 2

а) $\frac{7^3 \cdot 7^{12}}{7^{14}}$; б) $\frac{10^{15} \cdot 10^7}{10^{19}}$; в) $\frac{15 \cdot 15}{15^{12}}$

а) $\frac{(0,3)^3 \cdot (0,3)^{12}}{(0,3)^{13}}$; в) $\frac{(0,09)^5 \cdot (0,09)^4}{(0,09)^7}$

б) $\frac{\left(\frac{7}{8}\right)^{16} \cdot \frac{7}{8}}{\left(\frac{7}{8}\right)^{15}}$; г) $\frac{\left(\frac{1}{3}\right)^3 \cdot \left(\frac{1}{3}\right)^2}{\frac{1}{3}}$.

Жұптық жұмысқа арналған тапсырмалар:
кестені толтырыңдар

n	1	2	3	4	5	Қандай қорытынды жасауға болады?
0^n						
(-1)						
1^n						
(-2)						
(-3)						

Оқушылар кестеден дәреженің мәні қандай жағдайда оң, қандай жағдайда теріс ,қандай жағдайда ноль болатынын анықтай алады.

$(-a)^n = \begin{cases} a^n, & \text{егер } n \text{ жұп сан болс} \\ -a^n, & \text{егер } n \text{ тақ сан бол} \end{cases}$

Дербес жағдайда:

$(-1)^n = \begin{cases} 1, & \text{егер } n \text{ жұп сан болса} \\ -1, & \text{егер } n \text{ тақ сан болса} \end{cases}$

Сонмен қатар: $1^n = 1.$

$$0^n = 0$$

2.Натурал көрсеткіштік дәреженің қасиетін пайдаланып, теңдеуді шешіңдер.

а) $2^{2x} = 128$; **в)** 5

б) $3^{x-3} = 243$; **г)** 2

3.Берілген өрнектерден

Жеке тапсырма

0,8; 0; -19; 2,343443444…; $\frac{3}{7}$; -1,24242424...; $6\frac{2}{7}$; 12,6(7); 5,727727772...; $\frac{12}{5}$; π; 3,676776777… сандарды рационал немесе иррационал екенін анықтап екі шеңберге орналастырыңыз.

Дескрипторлар:

- Рационал сандарды анықтайды
- Иррационал сандарды анықтайды

Оқушылар тапсырманы орындап болған соң көршілерімен жауаптарын салыстырып, қажет болған жағдайда түзетулер енгізеді.

	пайдаланып $k+n$ қосындысын табыңдар. **а) $2^n = 1024$; $3^k = 81$;** **б) 7^n =**		
Сабақтың соңы 5 минут	Рефлексия жазу. - нені білдім, нені үйрендім - нені толық түсінбедім - немен жұмысты жалғастыру қажет Үйге тапсырма:		Слайд №13 Слайд14

Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?	**Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?**	**Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы**
Қиынырақ есептер беріп, олардың нәтижесімен қорытынды жасату Жеке тапсырмалар беру арқылы		
Саралау іріктелген тапсырмалар, нақты бір оқушыдан күтілетін нәтижелер, оқушыға дербес қолдау көрсету, оқу материалдары мен ресурстарын оқушылардың жеке қабілеттерін есепке ала отырып іріктеу (Гарднердің жиындық зият теориясы) түрінде болуы мүмкін. Саралау уақытты ұтымды пайдалануды есепке ала отырып, сабақтың кез-келген кезеңінде қолданыла алады	Бұл бөлімде оқушылардың сабақ барысында үйренгенін бағалау үшін қолданатын әдіс-тәсілдеріңізді жазасыз	Денсаулық сақтау технологиялары. Сергіту сәттері мен белсенді іс-әрекет түрлері. Осы сабақта қолданылатын **Қауіпсіздік техникасы ережелерінің** тармақтары

Сабақ бойынша рефлексия	**Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.**
Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?	

70-кесте. 7-8-сыныпта «Биология» пәнін кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныс

7.2 С: Тыныс алу Организмнің ішкі ортасы		**Мектеп:**	
		Мұғалім:	
Сынып: 7-8-сынып	Қатысқаны:4	Қатыспағандар саны:0	
Сабақ тақырыбы:		7- сынып	8-сынып
		Тыныс алу мүшелерінің аурулары.	Лейкоциттер,олардың құрылысы мен қызметі
Оқу мақсаты:		4.1.4.6.Тыныс алу мүшелерінің ауруларының себептері мен алдын алу жолдарын түсіндіру	Оқушыларды ұйымшылдық пен салауатты өмір салтына шақыра отырып, жаңа сабақты өткен сабақпен байланыстыру арқылы лейкоциттердің құрылысы мен қызметі, жұқпалы аурулардың пайда болуы, Фагоцитоз құбылысының мәні мен маңызы туралы білімдерін толықтыру
Сабақ мақсаты:		Оқушылар: Тыныс алу мүшелерінің ауруларының себептері мен алдын алу жолдарын түсіндіре алады	
Бағалау критерийі:		Сурет бойынша тыныс мүшенің қоздырғышын анықтайды. Жұқтыру жолын сипаттайды. Тыныс алу мүшесін анықтайды	Үй тапсырмасы мен жаңа сабақтағы белсенділік ескеріліп бағаланады.
Құндылықтарды дамыту		сауаттылық, сыни тұрғысынан ойлау, адамгершілік, үштілділікті дамыту.	

Сабақ барысы			
мерзімі	Іс-әрекеттер		Ресурстар
	7-сынып	8-сынып	
Ұйымдастыру 3 минут	Good morning Who is on duty today? Who is absent today? Today you have an open lessons. So lets go to the blascboard on psychological training I want the pupls to be active in todays an open lessons. (амандасу,кезекшімен сұхбаттасу,психологиялық тренинг ұйымдастыру).		
Үй тапсырмасын тексеру 7 мин.	-адамның тыныс алу мүшесін сипаттап тауып жазу. -тыныс алу мүшелерінің қызметтерін	Биологиялық диктант	Презентация

Жаңа сабақты ашу 3 мин	сәйкестендіру Оқушылар бір-бірінің дәптерлерін алмасып тексереді	Оқушылар бір-бірінің дәптерлерін алмасып тексереді	Бейнебаян,кроссворд,түрлі-түсті маркелер
Қызығушылықты ояту 10 мин	Шылым шегу зияны туралы бейнебаян көрету арқылы сабақтың тақырыбын ашу сабақ тақырыбы мен мақсатын айқындайды	Кроссворд арқылы сабақтың тақырыбын ашу, сабақ тақырыбы мен мақсатын айқындайды	
Мағынаны тану 5мин	**Сұрақтарға жауап іздеу:** -Тыныс алу мүшесі ауруының п.б. себебі -Тыныс алу мүшесі ауруларының түрлері -Алдын алу шаралары мен гигеналық талаптар	**Сұрақтарға жауап іздеу:** -Лейкоциттердің құрылысы мен қызметі -Фагоцитоз құбылысының мәні неде? -Фагоцитоз құбылысын кім ашты?	Слайд,кестелер,түрлі-түсті маркер,стикерлер
Сергіту сәті 2-мин			
Толғаныс 6мин	***Жұптық жұмыс:*** Жаңа тақырыпты «Пирамида»әдісі арқылы ашады, жан-жақты талдайды **«Тыныс алуға теріс әсер ететін жағдайлар»** оқушылар талдап және талқылап сызба жасайды және бір біріне дәлеледейді сызбаларын одан әрі толықтырады. **Өз өзін бағалау**	***Жұптық жұмыс:*** Беілген сұрақ төңірегінде Постер қорғайды	
Рефлексия 2мин			
Үйге тапсырма 1 мин Бағалау 1мин	*«Салауатты өмір салтымыз» жаттығулар жұмысы*	*«Салауатты өмір салтымыз» жаттығулар жұмысы*	Үлестірмелі қима қағаздар
	Қалыптастырушы бағалау Синквейн әдісі арқылы бес жолды өлең құрастыру	«Лото» әдісі жаңа тақырыппен өткен тақырыпты байланыстыру Синквейн әдісі арқылы бес жолды өлең құрастыру 1.не?	Стикерлер

	не? 2.Қандай? 3.Не істейді? 4.сөйлем 4 сөзден тұрады 5.синонимі «Даналық ағашы» **Рефлексия:** Сабақта қызық болды; Сабақта үйрендім; Сабақта қиын болды. §28 оқу	2.Қандай? 3.Не істейді? 4.сөйлем 4 сөзден тұрады 5.синонимі «Даналық ағашы» **Рефлексия:** Сабақта қызық болды; Сабақта үйрендім; Сабақта қиын болды. §31 оқу	

71-кесте. «Орыс тілі мен әдебиеті» пәні бойынша 6-7-сыныптарды кіріктіріп оқыту

Раздел долгосрочного плана: **Древние и современные цивилизации**		**Раздел долгосрочного плана:** **Национальные традиции и праздники**
Школа		
Дата проведения		
ФИО учителя		
Предмет	**Русский язык и литература**	
Класс	**6-7**	
Количество присутствующих:5 **Количество отсутствующих:**		**Количество присутствующих:2** **Количество отсутствующих:**
Тема урока	Античная цивилизация	Рождество
Цели обучения	6.1.1.1понимать основную информацию сообщения продолжительностью до 2-4 минут, определяя ключевые слова; 6.2.2.1 пересказывать подробно, выборочно содержание текста	7.3.1.1 понимать главную и второстепенную информацию сплошных и несплошных текстов, связывая информацию с общеизвестными, повседневными знаниями 7.5.2.2 использовать сложные предложения, выражающие условные, уступительные, сравнительные, сопоставительные отношения
Цели урока	Понимать основную информацию, персказывая подробно, определяя ключевые слова	Понимать главную и второстепенную информацию сплошных текстов, при этом используя сложные предложения
Ход урока		
Этапы урока	**Действия учителя**	**Действия учеников**	**Ресурсы**
Начало урока			

6 класс	7 класс
I. Организационный момент	
Эмоциональный настрой. **(К)** Для создания психологической атмосферы проводит игру «Солнечный зайчик». - Ребята, возьмитесь за руки и улыбнитесь друг другу. Скажите, что вы сейчас почувствовали? - Я надеюсь, что это ощущение вы сохраните до конца урока. **Проверка домашнего задания.**	
Начало урока	
6 класс	**7 класс**
II. Актуализация знаний. **Стратегия «Паутинка»** (учащиеся кидают клубок соседу, вспоминают ключевые слова по теме). (Служебная часть речи, не изменяется, не член предложения, производные и непроизводные и т.п.) Презентация «Производные, непроизводные предлоги». Упр. 2 Вставьте в предложения один из следующих предлогов: *из-за, вследствие.* Различаются ли они по стилистической окраске? Укажите, где одинаково уместны разные предлоги. Над непроизводными предлогами надпишите **н**, над производными – **п**. Упр. 3. Выпишите предложения с предлогами. Как образованы производные предлоги?	**Актуализация знаний.** **Стратегия «Паутинка»** (учащиеся кидают клубок соседу, вспоминают ключевые слова по теме) (Разряды имени прилагательного: качественные, относительные, притяжательные) упр.278. Сравните данные части речи. Назовите имена прилагательные. Обоснуйте свой выбор (деятельность учащихся) ученики называют части речи и находят прилагательных. Чтение лингвистического текста . Доказать, что имя прилагательное является вечным спутником существительного. Учащийся проверяют свой словарный запас путем подбора прилагательных к данным существительным. **Учимся применять правило!**
Середина урока	
Изучение нового материала **Стратегия «Паутинка»** (учащиеся кидают клубок соседу, вспоминают ключевые слова по теме). (Служебная часть речи, не изменяется, не член предложения, производные и непроизводные и т.п.) Презентация «Производные, непроизводные предлоги». Упр. 2 Вставьте в предложения один из следующих предлогов: *из-за, вследствие.* Различаются ли они по стилистической окраске? Укажите, где одинаково уместны разные предлоги. Над непроизводными предлогами надпишите **н**, над производными – **п**. **Упражнение 6.** **Дескрипторы:** -определяет количество предлогов -определяет значение предлогов в тексте Упражнение 5. Дескрипторы: -находит простые и составные предлоги	**Изучение нового материала.** упр.283. Сравните данные части речи. Назовите имена прилагательные. Обоснуйте свой выбор. (**(деятельность учащихся) ученики называют части речи и находят прилагательных.** Чтение лингвистического текста . Доказать, что имя прилагательное является вечным спутником существительного. Учащийся проверяют свой словарный запас путем подбора прилагательных к данным существительным. **Учимся применять правило!** **Упражнение 280.** **Дескрипторы:** -определяет притяжательные местоимения -находит главную информацию по таблице Упражнение 282. Дескрипторы: -образовывает притяжательные прилагательные

-составляют распространенные предложения	-обозначают суффиксы
Конец урока	
6 класс Прием «Верные и неверные утверждения» выявляет уровень усвоения полученной информации на данном уроке. **(И)** Укажите верные (В) или неверные (Н) ответы. ФО учителем «Японское оценивание» **Домашнее задание**. Для самостоятельного изучения предлагается «УС». Составьте синквейн к слову республика. Подготовьте сообщение о правописании предлогов, используя интернет-ресурсы.	**7 класс** Прием «Верные и неверные утверждения» выявляет уровень усвоения полученной информации на данном уроке. **(И)** Укажите верные(В) или неверные (Н) ответы. ФО учителем «Японское оценивание» **Домашнее задание**. Для самостоятельного изучения предлагается «УС». 1. Составьте тематическую группу слов «Фауна». Образуйте от названий диких животных, птиц, насекомых притяжательные прилагательные.
Обратная связь	
Приём «Три М» Учащимся предлагается назвать три момента, которые у них получились хорошо в процессе урока, и предложить одно действие, которое улучшит их работу на следующем уроке.	**Приём «Три М»** Учащимся предлагается назвать три момента, которые у них получились хорошо в процессе урока, и предложить одно действие, которое улучшит их работу на следующем уроке.

72-кесте. «Жаратылыстану» пәнін 5-6-сыныпта кіріктіріп оқыт бойынша ұсыныстар

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: Адам Жер Ғалам		Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:
Күні		
Мұғалімнің аты-жөні:		
Пәні	Жаратылыстану /жаратылыстану	
Сынып	5-6	
Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы	Жер бетін бейнелеу тәсілдері	Жер бетін бейнелеу тәсілдері
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	5.2.5.3 - Бір тәсіл бойынша жергілікті жердің түсірілілмін жасау	6.2.5.5 сағаттық белдеулер картасын пайдаланып, уақытты анықтау.
Сабақ мақсаттары	Жергіліктің жердің түсірілілмін жасай алады. Жергілікті жерді бағдарлау тәсілдерін	Сағаттық белдеулер картасын пайдалана алады Сағаттық белдеулер картасын пайдалана

	біледі Өзінің тұрған жерінің, ауланың түсірілімін жасай алады**.**	отырып уақытты анықтайды. Уақыттың өзгеру себебін түсінеді.

Сабақтың барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	**Мұғалімнің әрекеті**	**Оқушының іс әрекеті**	**Бағалау /ресурстар**

Сабақтың басы

- Оқушылармен амандасу, түгендеу.
- Сабаққа дайындығын тексеру.
- Сыныпта жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.

Сабақтың басы

5 сынып

Жеке жұмыс «Жалған және шындық»
Мұғалім басшылығымен орындайтын жұмыс
Жер бетінің жеке аумақтарын жазықтықта көрсететін тәсіл аэрофотосурет
План мен картада түрлі нысандарды белгілейтін таңбалар глобус
Картада немесе планда қолданылған барлық шартты белгілердің мағынасына түсіндірме беретін сурет -шартбелгі деп аталады.
Жер бетінің кішігірім телімін қағаз бетінде бейнелейтін сызба- глобус

Бағалау критерииі	**Дескриптор**
Шартты белгілер мен жергілікті жердің планын оқу	Шартты белгілерді ажырата алады
	Жер бетін қағазбетіне түсіру тәсілдерін біледі
	Жергілікті жер планын түсіреді.

ҚБ: «Кубок» әдісі .

6 сынып

Жеке жұмыс «Ойла да жаз» Берілген масштаб түрлеріне мысалдар келтіріңіз

Масштаб түрлері	Мысалы
Сандық	
Сызықтық	
Атаулы	

Бағалау критериі	**Дескриптор**
Масштаб пен географиялық координатаны анықтайды	Масштабты пайдалана алады Нысанның координатасын анықтайды.

ҚБ: «Кубок»

Сабақтың ортасы

1 оқушы Жергілікті аумақтың планын түсіру (алгоритм білу)
2 оқушы Жергілікті жерді бейнелеу тәсілдері

Бағалау критерийі	**Дескриптор**
Арақашықтық пен координата бойынша есептеу	Нысандар арасындағы арақашықтықты анықтайды
	Нысанның координатасын анықтайды.

Дескриптор арқылы «Екі жұлдыз,бір ұсыныс»

Ой қозғау
Сабақ тақырыбы мен мақсаты критерийлерімен таныстырылады.
Сағаттық белдеулер
Жергілікті уақытты анықтау
«Екі жақты күнделік» Жеке жұмыс Өз бетімен орындалады.

	Мысал	Қорытынды
Сағаттық белдеуді есептеу		
Жергілікті уақытты		

арқылы өзара бағалайды	есептеу **Бағалау критерийі** / **Дескриптор** Сағаттық белдеулермен уақытты анықтау / Сағаттық белдеуді есептейді Жергілікті уақытты есептейді **Дескриптор арқылы «Екі жұлдыз, бір ұсыныс » арқылы өзара бағалайды**
«Сәйкестендіру» әдісі Жеке жұмыс Градус торы Координата Меридиан Бойлық **ҚБ: «Сәтті жұлдыз»** Дескрипторға сай тапсырманы орындаудағы өзінің сәтті жұлдызын анықтайды.	**«Жарнамалау» әдісі** **ҚБ: «Сәтті жұлдыз»**
Сабақ соңы	
Кері байланыс	
Микрофон арқылы бүгінгі сабақ туралы өз пікірін оқушы ортаға шығып айтады. «Интервью» әдісі -Бүгін сабақта не туралы білдің? -Қай тапсырма қиын болды? Неге? -Өз бетімен қай жұмысты жасай алдың? Бүгінгі сабақтың мақсаты мен бағалау критерийлеріне қайта оралып нақтылай түсу	**Микрофон арқылы бүгінгі сабақ туралы өз пікірін оқушы ортаға шығып айтады. «Интервью» әдісі** -Бүгін сабақта не туралы білдің? -Қай тапсырма қиын болды? Неге? -Өз бетімен қай жұмысты жасай алдың? Бүгінгі сабақтың мақсаты мен бағалау критерийлеріне қайта оралып нақтылай түсу,

73-кесте. «Ағылшын тілі» пәнін 6-7-сыныптарда кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар

Unit:	Our Health	Reading for pleasure
Date:		
Teacher name:		
Subject:	English	
Grade: 6-7	**Number present:**	**Number absent:**
Theme of the lesson:	Ordering food	The Last of the Mohicans
Learning objectives(s) that this lesson is contributing to	6.1.1.1 use speaking and listening skills to solve problems creatively and cooperatively in groups 6.2.7.1 recognize the opinion of the speaker(s) in supported extended talk on a limited range of general and curricular topics 6.4.5.1 deduce meaning from context on a limited range of familiar general and curricular topics, including some extended	7.C9 use imagination to express thoughts, ideas, experiences and feelings 7.R4 read independently a limited range of short simple fiction and non-fiction texts

	texts	
Lesson objectives	**All learners will be able to:** listen and answer the questions listen and understand the text **Most learners will be able to:** answer the simple questions according to the theme say at least 5-6 sentences using new vocabulary **Some learners will be able to:** give own opinion about healthy eating	**All learners will be able to:** Express their ideas in groups; Complete the vocabulary task with some support; Assess performances of classmates; **Most learners will be able to:** Speak, using proper grammar rules with some support; Complete the vocabulary task with minimal support; Create their speech with some support; Give critical feedback to their classmates; **Some learners will be able to:** Complete the vocabulary task independently; Speak and write independently; Provide assistance and support to less able classmates.

Lesson plan			
Planned timings	**Teacher's actions**	**Children`s actions**	**Assessment / Resources**
ORGANISATION MOMENT:			
6 grade		**7 grade**	
1. Greeting students,inventory. 2. Check your readiness for classes. 3. - Creating a positive psychological climate in the classroom.			
Start			
6 grade		**7 grade**	
Warm up: Show learners a video (Waiter and customer) **Ask learners to guess the title of the lesson** (Ordering food) **Differentiation by support of students** **Ask learners for their favorite foods and restaurants** 1) Do you like to cook? Why or why not? 2) Are you a vegetarian? 3) What is your favourite food? 4) How often do you eat in a restaurant? 4.1 Where do you usually go? 4.2 Who do you usually go with? 4.3 What do you order? 5) Do you have a favourite bar or cafe or restaurant? If so, where is it? Why do you like it? 6) What is the cheapest place to eat that you know? 6.1 About how much is a meal? 6.2 Where is it? 7) What is the most expensive restaurant that you have ever been to? 7.1 What did you eat there?		**Task 1**Teacher gives both groups different text extracts from the last Mohican, Ss should do using methods JIGSO **Task 2** - Then teacher hands out pictures of characters and asks to choose correct words to complete sentences. *The story takes place in North/South America* *The story takes place in 1957/1757* *At this time, North America belonged to the Spanish/French and the British* *The American Indians lived in North America after/before the British and the French arrived* *The Mohicans and Hurons were American Indian tribes/animals* *In 1757, the French and British armies were fighting for food/land*	

7.2 When did you go?
8) Do you like to try new food and drinks? Have you ever been to an Indian/Chinese/Italian restaurant?
Activity 1
(W) "Flash card – "Slowly, slowly"
To show cards with picture of foods (New vocabulary)

The Huron tribe helped the British/French army
The Mohican tribe helped the British/French army
After the learners have finished, teacher asks the class and checks the answers together with them.

Descriptor: choosing the right words to complete sentences

Middle

Presentation
Activity 2 ("Word snake")
(W) Learners stand in a circle and say what they like to eat or drink. Next learner points to this phrase then says another
F.eg: The first learner: **- I like hamburger.** The second learner**: - Assel likes hamburger, and I like juice.** Etc.
Learners should know**: vegetable, soup, chicken, pancake, kebab, boiled rise, salad, rolls**

To divide into 2 groups by pictures: **"Healthy food", "Unhealthy food"**

Differentiation by tasks
(W) Pre – Listening
Take the card and read the dialogue then complete it.
Hi, May I take your order?
_____
Anything else?
_____
A pizza, spaghetti and a green salad. Right?
_____
Do you want some water?_____

Yes. I'd like a pizza and spaghetti. A green salad, please. Yes, that's right! Oh, It's too hot! Yes, please. (Key words)
After that listen to the video and check their tasks.
Descriptor: Complete the dialogue
Formative assessment by finger

I understand! Not bad! I can't do it!

While – listening
(G) Text (Learners will choose the tasks according to their abilities)

Task 3 – Group work
Learners divide into two groups and label the map of North America today1(The Last Mohicans takes place in North America)



Mexico Lake Champlain Canada
Hudson River United States of America

Descriptor: Correctly marks the map of North America

Teacher should monitor the preparation process, check, if everyone takes equal participation, and provide help if necessary.

Task 4– Group work
In groups, learners look at some of characters in the story and put the characters into the group they belong to

Europeans	*American Indians*

"Healthy food's" task – to find True, False
Healthy and unhealthy foods (text)
Life today is not like how it was before. (T)
They ate foods that do not contain chemicals, preservatives, artificial colour and artificial flavours. (T)
People hadn't a lot of time to cook their own foods. (F)
Everyone is busy and they have time to cook their own food.(F)
People eat foods that are easily cooked or ready cooked. (T)
They do not even think of what they eat, and if it can effect their health or not. (T)
Foods can be classified into three types. (F)
Descriptor: Find True, False from the text

(G)"Unhealthy food's" task – complete the sentences, expressing opinion
I'd like to eat …
I'd like to drink …
I prefer …
If I were you, I'd …
Descriptor: Complete the sentences by their opinion
(P) Post – listening
Fill in the gap with names of healthy food and junk food from the video

Healthy food	Junk food

Descriptor: Fill in the gap about food
Formative assessment by traffic light's colours



Red – "I can't do it!" **Yellow** – "Not bad!"
Green – "I can do it"

(W) Speaking. Game "Air plane"
1. When I come home …
2. I open the fridge and …
3. If I'm hungry, I …
4. If I am thirsty, I ….

Characters: Alice, Montcalm, Chingachgook, Magua, Cora, Uncas, Munro, Tamenund, Heyward

Descriptor: correctly places characters in the group to which they belong

ENDING THE LESSON:

Feedback

Ask questions:
Was the lesson is interesting?
Do you understand the lesson?

Teacher: Our lesson is coming to an end. Most of you have worked hard today. I'm proud of you. Your marks are...

Have you got any question about the lesson?

Evaluation Final Self-Assessment: Tick “Yes”, “No”

Association	**Yes**	**No**
I can memorize what I have learned		
I can apply what I have learned		
I can demonstrate what I have learned to my partner		
I can analyse what I have learned		

2) Reflection
Teacher invites learners to put sticky notes on the picture that best describes how they felt during the lesson.

Teacher: Now it’s interesting to hear your reflections on the lesson. Did you like today’s lesson. What was the most interesting part of the lesson? What was the most difficult for you? Finish the following sentences.

During today’s lesson I have ---
remembered…
learnt…
got acquainted…
found out…

Шағын жинақты мектепте оқушылардың жас ерекшеліктері, олардың сабаққа даярлығы сабақ құрылымына әсерін тигізбей қоймайды. Осы орайда біріктірілген сыныптарда оқу үрдісін ұйымдастыруда «сабақтың құрылымы қандай болу керек?» деген сұрақ туындайды.

Сабақ құрылымында барлық сыныптарға ортақ кезеңде мұғалімнің басқаруымен орындалатын жұмыс басты орын алады. Сабақтың басындағы ортақ кезеңде ұйымдастырушылық жұмыстар атқарылады: жұмысқа дайындау, жұмыс жоспарын, сабақтың мақсатын хабарлау, алдыңғы сабақта өткен материалды қайталау. Оқу пәндерін біртақырыптық жоспарлауда ауызша есептеу, сөздік диктанттары, ережелерді қайталау, т.б. жұмыстарды ұйымдастыруға болады. Сабақтың ортасындағы ортақ кезеңде бастауыш мектеп оқушыларына үзіліс (жаттығулар) жасатуға болады. Оқу жоспарында ауызша жылдам сұрақ-жауап немесе рөлдік ойындар ұйымдастыруға мүмкіндік жасау қажет. Сабақтың соңындағы ортақ кезеңде нәтижелерді қорытындылау жұмыстары жүргізіледі: сабақ жоспарының орындалуын талдау, жұмысты ауызша бағалау, үй тапсырмасын түсіндіру.

Мұғалім, алдымен, екі сыныпқа ортақ ұйымдастырушылық жұмыстарды атқарған соң, жаңа материалды түсіндіреді. Содан соң бір сыныптың оқушыларымен жұмыс жасау үшін екінші сыныптың оқушыларына пайдалы жұмыс беріп, оны өз бетінше орындауға тапсырма береді. Бір сыныптың оқушылары оқу тапсырмаларын өз беттерінше орындау барысында мұғалім өткен тақырыпты сұрап, жаңа материалды пысықтау жұмыстарын жүргізеді, сондай-ақ екінші сынып оқушыларына өздік жұмыстары үшін кезекті тапсырмаларды түсіндіреді. Осыған байланысты мұндай, сабақтардың бірінші ерекшелігі: оқушылардың өздік жұмысы қалыпты оқу әрекетінің шартына

айналады және шағын жинақты мектептің біріктірілген сыныптарында сабақтың міндетті компоненті болып табылады. Осыдан сабақтың екінші ерекшелігі шығады: жұмысты мұғалімнің тікелей басшылығымен кезектесе орындауы, мұғаліммен жұмыс және мұғалімнің тапсырмасын орындау немесе өз таңдауы бойынша өздік жұмысы. Үшінші ерекшелігі: жұмысты орындауға кететін өздік жұмысы мен уақыт көлемінің мұғалімнің басқа сыныппен жұмыс уақыты көлеміне тәуелділігі. Сабақ құрылымы екі компоненттің кезектесуінен көрінеді: МЖ – мұғаліммен жұмыс және ӨЖ – оқушылардың өзіндік жұмысы (МЖ-ӨЖ-МЖ-ӨЖ). Сабақ кезеңдерінің кезектесе келуі көптеген талаптарға байланысты: кестенің сипатына (әр пәнді және бірпәндік сабақ), оқу материалының мазмұнына, оқушылардың өздік жұмыс жасау білігіне, сондай-ақ оқушылардың мүмкіндіктеріне. Шағын жинақты мектептегі сабақ мұғалімі ұстанымы тұрғысынан нақты бір сыныпқа 2-3, кей жағдай 4 сыныпқа дейін біріктіріледі. 45 минут бойы мұғалім бір сабақтан екіншісіне, не болмаса үшіншісіне көшеді – осылайша бірнеше рет жалғасады. Оқушы тұрғысынан да сабақ әдеттегі сабақтан ерекшеленеді: үзілмелілігімен, назарды бір тақырыптың мазмұнына аударуымен. Бала үшін бұл өте қиын, дегенмен шағын жинақты мектеп осы міндетті жүзеге асырып келеді. Шағын жинақты мектеп оқушылары назарды тақырыпқа шоғырландыруымен, өзіндік жұмыс істеу білігімен ерекшеленеді.

Сабақтың жалпы құрылымы мынадай болуы мүмкін:

1-нұсқа:

1-кезең. Мұғалімнің басшылығымен орындалатын жұмыс.

2-кезең. Мұғаліммен жұмыс. Өзіндік жұмыс.

3-кезең. Өзіндік жұмыс. Мұғаліммен жұмыс. Өзіндік жұмыс.

4-кезең. Мұғалім басшылығымен орындалатын жұмыс (қорытындылау).

2-нұсқа:

1-кезең. Өзіндік жұмыс. Мұғаліммен жұмыс. 2-кезең. Мұғаліммен жұмыс. Өзіндік жұмыс. 3-кезең. Өзіндік жұмыс. Мұғаліммен жұмыс.

4-кезең. Мұғалім басшылығымен орындалатын жұмыс (қорытындылау).

Жоғарыдағы сабақ құрылымының сызбасында мұғалімнің басшылығымен орындалатын жұмыс барлық сыныпқа ортақ. Сабақтың бастапқы кезеңі ұйымдастырушылық кезеңнен тұрады: сабаққа көңіл аудару, тапсырмалар алу, сабақтың жоспары мен мақсатын хабарлау, алдыңғы өткен тақырыпты қайталау (терминдер мен сөз тіркестерін айтып түсіндіру, яғни оқу пәндерінің лексикасын меңгеру). Кейде жалпы оқу және интеллектуалдық біліктерді қалыптастыру бойынша түсіндірмелер беру, жаттығулар мен тапсырмаларды орындау: жоспарлау, нақты дереккөздерден алу.

Оқу пәндерінің бірпәндік үйлесуі кезінде: әдебиеттік оқу – әдебиеттік оқу, орыс тілі – орыс тілі, математика – математика, дүниетану – табиғаттану (бастауыш сыныптарда); жұмыстың ортақ кезеңінде жоғарыда аталғандарға қосымша: ауызша санау; сөздік диктанты; ескерту және түсіндіру диктанттары, талдаудың түрлері; есептер құру жүргізіледі; технология, еңбекке баулу

сабақтарында – қауіпсіздік техникасы және қандай болмасын еңбек әрекеттерін орындау тәсілдері көрсетіледі.

Сабақтың жалпы кезеңінде оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыруда мұғалім әдістемелік қағиданы қатаң сақтауы тиіс, әдістеме бойынша барлық сыныпқа сұрақтар мен тапсырмалар беріледі, оларға төменгі сынып оқушылары жауап береді.

Бір сыныптың оқушыларымен әңгімелескенде, мұғалім екінші сыныптың оқушыларына олардың жауаптарын толықтыруға, мысалдар келтіруге мүмкіндік береді. Нәтижесінде, жоғарыда айтылғандай, төменгі сынып оқушыларында өзіндік пікір қалыптасады, жоғары сынып оқушыларының жауаптары, әрине, төменгі сынып оқушыларының дамуын ынталандырады.

Жоғары сынып оқушыларының білімі жан-жақты, толығырақ, сондықтан өзіне деген сенімі де жоғары. Сабақтың ортасындағы жалпы кезеңде денені босаңсытуға арналған жаттығулар қосуға болады (барлығына ортақ дене шынықтыру жаттығулары).

Сыныптарға ортақ сұрақ-жауап, ертегілер бойынша ойын, сахналық қойылымдар ұйымдастыруға болады. Сабақтың соңында – сабақты қорытындылау, сабақ жоспарының орындалу-орындалмауын талдау, оқушыларды бағалау, үйге берілетін тапсырманы түсіндіру секілді жұмыстар жүргізіледі.

Осыған байланысты туындайтын қиындықтар мен мәселелерге қарамастан, қазіргі педагогикада үздік әдістерді қолданып, бағдарлама материалын сапалы өтуде біртақырыптық сабақтардың маңызы зор.

Біріктірілген сыныптарда математика сабағының ерекшеліктері қандай?

Шағын жинақты мектептегі оқу процесінің бірқатар маңызды ерекшеліктері бар, олар бір мұғалімнің бір бөлмеде екі, үш, тіпті төрт сыныптармен бір уақытта сабақ өткізуіне байланысты. Шағын мектепте мұғалім болып жұмыс істеу, әрине, қарапайым мектепке қарағанда қиын және күрделі. Математикадан бірнеше сыныптармен бір уақытта өткізілетін сабақтар шағын жинақты мектеп мұғалімінен келесі шарттарды орындауды талап етеді:

1. Сабақтың мазмұны мен құрылымын анықтау:

* білім алушылардың жадына сақтауға қатынасын және олардың ойлауын;

* оқушылардың шығармашылық және шығармашылық қызметінің көлемін анықтау;

* дайын түрде (мұғалімнің сөзінен, оқулықтан, оқу құралынан және т.б.) және өздігінен іздеу барысында білімді меңгеруді жоспарлау;

* білім алушылардың қызметін бақылау, талдау және бағалауды есепке алу.

2. Мұғалімнің өзін-өзі ұйымдастыру ерекшеліктері:

* сабаққа дайындығы және ең бастысы-психологиялық мақсатты түсіну, оны жүзеге асыруға ішкі дайындық;

* педагогикалық әдеп (көрініс жағдайлары);

* сабақтағы психологиялық ахуал (қуанышты, шынайы қарым-қатынас, іскерлік байланыс және т.б. атмосфераны сақтау).

Сабақта оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру:

1. Оқушылардың ойлауы мен қиялының өнімді жұмыс жағдайын қамтамасыз ету үшін шараларды анықтау:

* оқушылардың зерттелетін объектілер мен құбылыстарды қабылдау жолдарын жоспарлау, оларды түсіну;

* сендіру, ұсыныс түрінде көзқарастарды қолдану;

* оқушылардың тұрақты зейіні мен назарын жоспарлау;

* оқушылардың жадында жаңаларын қабылдау үшін қажетті бұрын игерілген білім мен дағдыларды өзектендіру үшін жұмыстың әртүрлі нысандарын пайдалану (әңгіме, жеке сауалнама, қайталау бойынша жаттығулар).

2. Жаңа білім мен дағдыларды қалыптастыру процесінде оқушылардың ойлауы мен қиялының қызметін ұйымдастыру;

* оқушылардың білімі мен дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау (нақты-сезімдік көріністер, ұғымдар, жалпылама бейнелер, «ашылулар», тұжырымдарды тұжырымдау деңгейінде);

* оқушылардың ойлау қызметі мен қиялын ұйымдастыруда идеялар, тұжырымдамалар, түсіну деңгейлері, жаңа образдар жасаудың психологиялық заңдылықтарына сүйену;

* оқушылардың ойлау белсенділігі мен дербестігін қамтамасыз ететін жұмыс түрлері мен тәсілдерін жоспарлау;

* оқушылардың шығармашылық жұмыстарының әртүрлерін пайдалану (жұмыстың мақсатын, оны орындау шарттарын түсіндіру, материалды іріктеу мен жүйелеуге, сондай-ақ жұмыстың нәтижелерін өңдеу мен рәсімдеуге үйрету);

3. Жұмыс нәтижелерін бекіту:

* жаттығу арқылы дағдыларды қалыптастыру;

* бұрын алған біліктері мен дағдыларын жаңа жұмыс жағдайларына ауыстыруға үйрету, механикалық ауыстырудың алдын алу.

Оқушылардың оқуға, шығармашылыққа деген қызығушылығын дамытуға оқытудың формалары мен құралдарын әртараптандыруға мүмкіндік беретін, оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыратын оқыту технологиялары ықпал етеді. Бұл технологиялар, тіпті жүйелі түрде құрылған, оқу процесін ұтымды ұйымдастыруға, тұлғаға бағытталған тәсілді қолдануға, ҰОҚ және АКТ, Интернет технологияларын белсенді қолдануға, оқушылардың белсенді танымдық іс-әрекеті үшін жағдай жасауға, «сәттілік жағдайларын» құруға, өзін-өзі бақылау мен өзара бақылауды дамытуға көмектеседі.

Шағын жинақты мектептерде технологиялардағы математика сабақтарын модельдеу оңай емес екенін көрсетеді. Ж.А. Караевтың технологиясын дамушы деп санауға болады. Өйткені ол әрбір оқушыға өзінің даму траекториясы бойынша жетілуге мүмкіндік береді.

Білім алушылардың денсаулығына жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру – қазіргі заманғы адамның жетістігінің қажетті шарты. Денсаулық сақтау тәсілін сабақтың әрбір кезеңінде сақтау қажет. Проблемалық оқытуды сабақтың тақырыбы мен мақсаттарын хабарлау және білім алушылардың өзіндік жұмысы кезеңдерінде қолдануға болады. Оқушының оқуға деген қызығушылығы жоғалып кетпеуі үшін жеке көзқарасты ұйымдастыру өте маңызды. Оның ішінде: өздігінен жұмыс жасауға, қиялын, шығармашылық ойлауын дамытуға, байқауға, талдауға, салыстыруға, жалпылауға, бастама көтеруге, қызығушылықтарын саралауға, уақытты ұтымды пайдалануға үйрету. Оқытудың жеке формасының артықшылығы – оқушымен байланыс бар және сіз әрқашан қателерді түзетіп, жетістіктерді белгілей аласыз.

«Биология», «Химия» пәндерінен ұқсас тақырыптарды кіріктіре оқытуға арналған біртақырыптық сабақ жоспарларының үлгілері

8-сынып

	Биология	**Химия**
Сабақтың тақырыбы	Тағамның маңызы, құрамы және қызметі.	Қышқылдардың жіктелуі, алынуы, химиялық қасиеттері, қолданылуы.
Сабақтың мақсаты	1. Тағамның маңызы, құрамы, қызметіне түсінік беру. 2. Оқушылардың қызығушылық қабілеттерін дамыту. 3. Салауатты өмір салтын сақтауды насихаттау.	1. Қышқылдардың жіктелуін және олардың қолданылуының пайдасын таныстыру. 2. Оқушылардың алған білімдерін қолдана білуге үйрету, қабілеттерін дамыту. 3. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету.
Сабақтың көрнекілігі	* Слайдтар: Сұрақ-жауаптар, «Кім жылдам?» ойыны, «Тағам түрлері» суреттер.	*Слайдтар: Сұрақ-жауаптар, «Кім жылдам?» ойыны * Кесте: «Қышқылдар». *Д.И. Менделевтің химиялық элементтерінің периодтық жүйесі.
Оқыту әдістері	Қызығушылықты ояту, сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын, салыстыру.	Қызығушылықты ояту, химиялық диктант, сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын, салыстыру.

І КІРІКТІРІЛГЕН БӨЛІМ

Бағдарлау-мотивациялық кезең

Мұғалім сабақтың міндеттерін таныстырады.

Мұғалім сөзі: Оқушылар біз өткен сабақта «Өкпенің тіршілік сыйымдылығы. Тыныс алудың жүйкелік және гуморальдық реттелуі. Тынысалу мүшелерінің аурулары» және «Негіздердің алынуы мен қасиеттерін» оқып, меңгердік. Мына сұрақтарға жауап беріңдер:

Мұғалім басшылығымен орындалатын жұмыстар

Сұрақ-жауаптар	*Химиялық диктант*
Өткен тақырып бойынша қайталау сұрақтары. 1. Ауаның ағзаға кіретін жолы? 2. Дыбыс сіңірлерінің арасындағы кеңістік? 3. Ер адамдардағы көмекейдің орташа ұзындығы.	1. Негіздер ... , ... , ... жіктеледі. 2. Суда еритін негіздер..... деп аталады. 3. Негіздерге жалпы ... түрлі химиялық қасиеттер тән. 4. Негіздер суда ... , ... және ..... болып бөлінеді. 5. Сілтілерді ..... және олардың ..... сумен

4. Тіршіліктің негізі. 5. Өкпені жарақаттайтын ауру. 6. Адамда өкпенің саны. 7. Бүкіл ағзаны әлсірететін ауру.	әрекеттестіріп алады. 6. Суда ... негіздерді .....реакциясының көмегімен алады.
II САРАЛАНҒАН БӨЛІМ **Операциялық-орындаушылық кезең** **Оқулықпен жұмыс**	
Мұғалім сөзі: Балалар, тағам туралы мақалдарды кім біледі? *Мысалы*: «Ас – адамның арқауы». «Асты көрсең, қадір тұт». «Еңбек етсең, ерінбей, Тояды қарның тіленбей», деген мақалдар бүгінгі өтетін сабағымыздың тақырыбына сай айтылған. * Жаңа тақырыпты игеру мақсатында оқушылар оқулықтағы жаңа сабақты өз бетінше меңгереді. *Оқушылар төрт топқа бөлінеді, әр топ «Кім жылдам?» ойынының деңгейлік сұрақтарына жауап береді. (Сұрақтарға жауап бере алмаған жағдайда басқа топтар жауабын бере алады).	
«Кім жылдам?» ойыны	
Оқушылардың өздігінен орындайтын жұмысы (ауызша түсіндіру) 1-топ: 1. Тағамның құрамында қандай ағзалық заттар бар? 2. Тағамның ағзалық заттары ағзаға қалай жеткізіледі? 3. Ағзада су мен дәрумендер не үшін қажет? Оларды ағза қайдан алады?	**Мұғалім басшылығымен орындалатын жұмыстар** 3-топ: 1. Мына тұздарды: а) мыс (II) сульфатын; ә) кальций хлоридін; б) барий сульфатын; в) калий карбонатын алмасу реакциясының көмегімен алуға болатын химиялық реакция теңдеуін жазып көрсетіңдер. 2. Азот қышқылын алудың қандай әдістерін білесіңдер? Химиялық реакция теңдеулерін жазыңдар. 3. Берілген заттардың: H_3PO_4, KOH, H_2SO_4, NaOH, HCl өз арасында қандай бейтараптану реакциясы жүреді? Химиялық реакция теңдеулерін жазыңдар.
Мұғалім басшылығымен орындалатын жұмыстар 2-топ: 1. Өңделген тағамдық заттар денеге қалай таралады? 2. Тағамның минералдық заттарын атаңдар, олардың ағза үшін маңызын түсіндіріңдер.	**Оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстары (ауызша түсіндіру)** 4-топ: 1. Қышқылдар қалай алынады? Тиісті реакция теңдеулерін жазыңдар. 2. Фосфор қышқылын алудың қандай әдістерін білесіңдер? Химиялық реакция теңдеулерін жазыңдар.
3. Тағамның құрылыстық және энергетикалық қызметін талдап беріңдер. Сызбанұсқамен көрсетуге болады.	3. Ортофосфор қышқылын қатты қыздырғанда оның құрамындағы судың мөлшері азайып, метафосфор қышқылына (HPO_3) айналды. Реакция теңдеуін жазыңдар.
III КІРІКТІРІЛГЕН БӨЛІМ **Рефлексиялық-бағалау кезеңі**	
Оқушының өздігінен орындайтын жұмыстары *Білімді бекіту. «Кім алғыр?» ойыны.* 1. Майлар қандай тағамдарда көп болады,	**Мұғалім басшылығымен орындалатын жұмыс** *Білімді бекіту «Кім шапшаң?» ойыны.* 1. Қышқылдардың жіктелуін айтып

олардың ағза үшін қандай пайдасы бар? 2. Ағзада нәруыз жеткілікті болу үшін қандай тағамдарды пайдалану керек? 3. Тағамдық заттардың энергетикалық қызметі дегенді қалай түсінесіңдер? 4. Тағамның құрамындағы ағзалық заттарды сызбанұсқамен бөліп, аттарын, әрқайсысы қандай тағамдарда кездесетіндігін көрсетіңдер? 5. Асқорыту дегеніміз не?	беріңдер. 2. Күкіртсутек қышқылын алудың қандай әдістерін білесіңдер? Химиялық реакция теңдеулерін жазыңдар. 3. Қышқылдар түзілетін қосылыстар қандай бейметалдардан басталады? 4. Қышқылдық оксидтер суда еріп нені түзеді? 5. Қышқыл ерітіндісін анықтау үшін нені пайдаланады? 6. Қышқылдарға қандай қасиеттер тән? 7 Қышқылдармен жұмыс істегенде қандай қауіпсіздік ережелерді сақтау қажет?
Оқушыларға өзін-өзі бағалау парағы беріледі.	
Үйге тапсырма: §43.	**Үйге тапсырма:** §47.
«Тағамның ас қорытудағы қышқылдардың маңызы» тақырыбында баяндама жазу.	

	8-сынып. Биология	**8-сынып. Химия**
Сабақтың тақырыбы	Қанайналым мүшелері. Жүректің құрылысы, қызметі, реттелуі.	Су құрамы, физикалық және химиялық қасиеттері.
Сабақтың мақсаты	1. Қанайналым мүшелері, жүректің құрылысы, қызметі туралы түсінік беру. 2. Оқушылардың қанайналым мүшелері, жүректің құрылысы, қызметі, реттелуі бойынша білімін дамыту, ой-өрісін, танымдық қабілеттерін жетілдіру. 3. Салауатты өмір салтын сақтау.	1. Су құрамы, физикалық және химиялық қасиеттеріне білім, білік, дағдыларын қалыптастыру. 2. Оқушылардың су құрамы, физикалық және химиялық қасиеттері бойынша білімін толықтыру, дамыту, ой-өрісін кеңейту. 3. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету.
Сабақтың көрнекілігі	Слайдтар: Сұрақ-жауаптар, тест тапсырмалары.	Слайдтар: Сұрақ-жауаптар, тест тапсырмалары. *Д.И. Менделеевтің химиялық элементтерінің периодтық жүйесі.
Пәнаралық байланыс	Химия, физика	Биология.
Оқыту әдістері	Сұрақ-жауап, топтастыру, талдау.	

Сабақтың барысы

І КІРІКТІРІЛГЕН БӨЛІМ

Бағдарлау-мотивациялық кезең

Ұйымдастыру кезеңі

Мұғалім оқушылардан өткен тақырыпты сұраған соң, сабақтың міндеттерімен таныстырады.

«Кім жылдам?» ойыны

1. Микробтарды ерітетін обыр жасушалар қалай аталады? 2. Дене температурасын тұрақты сақтайтын сұйықтық атаңдар. 3. Жасушалардың негізгі қуат көзі. 4. Лимфаның құрамында болатын лейкоцит жасушасын атаңдар. 5. Лейкоциттердің қызметін зерттеген ғалым кім?	1. Ерітінділердің концентрациясы қалай анықталады? 2. Массалық үлесі белгілі ерітінді даярлау үшін қай формуланы пайдаланады? 3. Еріген заттың массалық үлесін анықтау үшін қай формуланы пайдаланамыз? 4. Еріген зат шамасына қарай нелерге бөлінеді? 5. Ерітіндідегі еріген заттың массалық

	үлесі деп нені айтады?
II САРАЛАНҒАН БӨЛІМ **Операциялық-орындаушылық кезең** **Мұғалім басшылығымен орындалатын жұмыс** Жаңа тақырыпты меңгеру мақсатында оқулықпен жұмыс Оқушылар төрт топқа бөлініп, әр топ өзіне берілген тақырып бойынша оқулықпен жұмыс жасайды, соған сәйкес презентация дайындап, келесі топқа түсіндіреді.	
1-топқа: Қанайналым мүшелері. Жүректің құрылысы 3-топқа: Жүректің жұмысы. Жүректің реттелуі.	2-топқа: Судың құрамы және физикалық қасиеттері. 4-топқа: Судың химиялық қасиеттері.
Әр топ тақтаға шығып, келесі топтың тақырыбына сай презентация қорғайды	
Мұғалім басшылығымен орындалатын жұмыс. *Сұрақ-жауаптар* 1. Жүрек қызметі қанша жолмен, қалай реттеледі? 2. Жүректің тігінен 2-ге бөліп тұрған бұлшықеттің ерекшелігі неде? 3. Адамда жүректің жиырылу жиілігі өзгере ме? 4. Жүректің жиырылуы неге байланысты? 5. Жүрек автономиясы қандай құбылыс? 6. Ерекше жалпақ жасушалар жүректің қай қабатында болады? 7. Жүрек жұмысы неше кезеңнен тұрады? Әр кезеңіне сипаттама беріңдер.	**Оқушының өздігінен орындайтын жұмыстары.** 105-б., № 4, есептер; 107-б. 1-жаттығу *1-нұсқа:* 1. Синтез дегеніміз не? 2. Судың салыстырмалы молекулалық массасы қанша? 3. Қай ғасырда судың күрделі зат екендігі анықталды? *2-нұсқа:* 1. Талдау дегеніміз не? 2. Қай ғасырда су масса бірлігінің эталоны болды? 3. Оксид алюминийдің формуласын атаңдар.
III КІРІКТІРІЛГЕН БӨЛІМ **Рефлексиялық-бағалау кезеңі** (Сұрақтарға ең көп дұрыс жауап берген оқушы бағаланады.)	
Білімді бекіту: «Бой сергіту». Әр топқа 2 сұрақтан беріледі, оларды талдауға 5 минут беріледі. Дайын оқушылар жауап береді, қалған оқушылар жауаптың дұрыстығын қадағалап отырады.	
1-топ 1. Қанайналым дегеніміз не? Қанайналым жүйесіне жататын мүшелерді атаңдар.	
2. Жүректе қандай қабаттар бар? Әрқайсысын толық сипаттаңдар. 3. Жүректің қабаттары қандай ұлпалардан түзілген? Жүрек қабының ерекшелігі неде? Жүрек бұлшықеттерінің қаңқа бұлшықеттерінен қандай айырмашылығы бар?	
2-топ 1. Жақтаулы қақпақшалар мен жарты ай тәрізді қақпақшалар қайда орналасқан және қандай қызмет атқарады? 2.Жүрекше менқарыншаның бұлшықет қабаттарының ерешеліктері қандай? 3. Қанның тек бір бағытта ағатынын қалай түсіндіруге болады?	
3-топ 1. Жарты ай тәрізді қақпақшалар қайда орналасқан және олар қандай қызмет атқарады? 2. Жүрекшелер мен қарыншалардың арасында қандай айырмашылық бар? 3. Жүрекшелер мен қарыншалардың ерекшелігі неде?	
4-топ 1. Тынбай жұмыс істесе де, жүрек неге шаршамайды? 2. Адреналин гармонының әсері қандай реттелуге жатады? 3.Электрокардиограмма дегеніміз не? Оның қандай маңызы бар?	
Танымдық тапсырмалар 1. Қанның қанайналым шеңберімен ағатыны қай ғасырда ашылды? Ғалымның аты-жөні.	**Тест тапсырмалары** 1.Жүректің жалпақ бөлігі: а) негізі;

а) XIX ғасырда, Эдуард Дженнер; ә) XVIII ғасырда,.Гук; б) XVII ғасырда, ағылшын ғалымы. У. Гарвей Жауабы: б) 2. Ересек адамдар жүрегінің салмағы қанша? а) 250-300 г; ә) 210-310 г; б) 260-300 г; Жауабы: а) 3. Жүректің әр соғуы 3 кезеңнен тұрады: а) жүректің жиырылуы (0,3 сек), қарыншаның жиырылуы (0,2 сек), жүрек босауы (0,3 сек); ә) жүрекшенің жиырылуы (0,1 сек), қарыншаның жиырылуы (0,3 сек), жүректің босаңсуы (0,4 сек); б) жүрекшенің қағуы (0,2 сек), қарыншаның созылуы (0,4 сек), жүректің босауы (0,1 сек); Жауабы: ә) 4. Жүрек қуыстарымен қанның ағу бағыты: а) Қан жүрекшелерден → қарыншаларға → қарыншалардан → қантамырларына ағады; ә) Жүрекшелерден → қарыншаларға → қарыншалардан → артерия қантамырларына ағады; б) Қан жүрекшелерден → қарыншаларға → қарыншалардан → артерия қантамырларына ағады. Жауабы: б)	ә) ұшы. Жауабы: а) 2) Жүректің сүйірлеу бөлігі: а) үпешек; ә) ұшы. Жауабы: ә) 3) Жүректің сыртын дәнекер ұлпадан тұратын жұқа үлпешек ... . а) перикард қаптап тұрады; ә) жүректің ұшынан тұрады. Жауабы: а) 4) Жүрек 4 қуысты: а) 2 жүрекшеден және 2 қарыншадан тұрады; ә) 2 құлақшалардан және 2 көлденең жүлгеден тұрады. Жауабы: а)
Мұғалім оқушыларға өзін өзі бағалау парағын дайындайды.	
Үйге тапсырма: § 35 Реферат: «Жүрек ауруларын алдын алу».	**Үйге тапсырма:** §39, § 40. * Реферат: «Судың маңызы».

	8-сынып. Биология	**8-сынып. Химия**
Сабақтың тақырыбы	Заттар мен энергия алмасуының маңызы.	Элементтердің табиғи ұяластары және олардың қасиеттері.
Сабақтың мақсаты	1. Заттар мен энергия алма-суының маңызы туралы түсінік. 2. Оқушылардың білімін толық-тыру, дамыту, ой-өрісін, танымдық дағдыларын жетілдіру. 3. Салауатты өмір салтын сақтау.	1. Оқушыларды элементтердің табиғи ұяластары, олардың қасиеттері туралы алған білімдерін кеңейту. 2. Өздігінше жұмыс істеу қабілеттерін дамыту. 3. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету.
Сабақтың көрнекілігі	* Слайдтар: Сұрақ-жауаптар, «Кім жылдам?» және «Кім алғыр?» ойындары.	*Слайдтар: Химиялық тест, Химиялық диктант; сұрақ-жауаптар. * Кесте: - Сілтілік металдардың физикалық қасиеттері және олардың қосылыстары; - Сілтілік металдардың химиялық қасиеттері; - Сілтілік металдар, олардың сипаттамасы; - Галогендер, олардың сипат-тамасы; - Оттек және халькогендер, олардың сипаттамалары. *Д.И.Менделеевтің химиялық элементтерінің периодтық жүйесі.

Оқыту әдістері	Топтастыру, сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын.
І КІРІКТІРІЛГЕН БӨЛІМ **Бағдарлау-мотивациялық кезең**	
Мұғалім басшылығымен орындалатын жұмыстар Өткен тақырып бойынша қайталауға арналған сұрақтар: 1. Адамның бір тәулікте пайдаланатын ас тұзының мөлшері қанша? 2. Аскорыту жолының кеңейген мүшесі қалай аталады? 3. Тоқ ішектің соңғы бөлімін атаңдар. 4. Бауыр жасушаларынан бөлінетін сүйықтық. 5. Жасуша жарғақшасынан өту үшін тағамдық заттар алдымен қандай күйге айналады? 6. Май ыдырағанда энергияның бөлінуі. 7. Ирелеңдеп орналасқан мүше. 8. Өттің түсі қандай? 9. Ағзаның құрылыс материалы. 10. Күрек тістердің саны.	**Оқушының өздігінен орындайтын жұмыстары** *Химиялық тест:* 1. XIX ғасырдың екінші жартысында химиялық элементтердің нешеуі белгілі болды? а) 62-ден астамы; ә) 60-тан астамы; б) 63-тен астамы. Жауабы: ә) 2. Элементтерді өздеріне тән ортақ ұқсастықтарына байланысты нелерге бөлуге болады? а) металдарға және бейметалдарға; ә) сутекті және сутексіз; б) негізді және амфотерлік. Жауабы: а) 3. Нағыз металдар мен нағыз бейметалдар қандай қасиеттерімен байқалады? а) жылтыр және ақ;
	ә) энергиясымен және температурасымен; б) физикалық және химиялық. Жауабы: б)
ІІ САРАЛАНҒАН БӨЛІМ **Операциялық-орындаушылық кезең** **Мұғалім басшылығымен орындалатын жұмыс.** Жаңа тақырыпты меңгеру мақсатында оқулықпен жұмыс Оқушылар екі топқа бөлінеді. Әр топ жаңа сабақтың тақырыбын мұғалімнің басшылығымен оқулықтан игеріп, презентация дайындайды. Топтар бір-бірінің тақырыптарын және презентацияларын алмастырып, тақтаның алдында қорғайды.	
1-топқа: Заттар мен энергия алмасуының маңызы.	2-топқа: Элементтердің табиғи ұяластары және олардың қасиеттері.
Мұғалім басшылығымен орындалатын жұмыстар *«Кім жылдам?» ойыны.* *1-топ* 1. Не себепті сілтілік металдар мен галогендер әртүрлі топқа жатады? 2. Зат алмасу дегеніміз не? 3. Заттар мен энергия алмасу неше үдерістен тұрады және қалай аталады? 4. Пластикалық алмасудың басқа атауын айтыңдар.	**Оқушының өздігінен орындайтын жұмыстары** *Химиялық диктант:* 1. Металдар мен бейметалдардың қатарында бір-біріне химиялық қасиеттері өте ұқсас элементтер ... . 2. Сілтілік металдар деп атайды. 3. Химиялық қасиеттерінде ұқсастық болуына орай біріккен химиялық элементтер тобы – ... . 4. Галогендерге жататын химиялық элементтер ... . 5. Галогендер металдармен әрекеттесіп, ... деп аталатын тұздар түзеді.
ІІІ КІРІКТІРІЛГЕН БӨЛІМ **Рефлексиялық-бағалау кезеңі**	
Мұғалім басшылығымен орындалатын жұмыстар *Білімді бекіту. «Кім алғыр?» ойыны.* 1. Минералды тұздар және оның ағзада	**Оқушының өздігінен орындайтын жұмыстары** *Білімді бекіту. «Кім шапшаң?» ойыны.* 1. Не себепті сілтілік металдар мен

атқаратын рөлін айтыңдар. 2. Майдың алмасуы қалай жүреді? 3. Заттар алмасуының қандай маңызы бар? Зат алмасу қандай ұғым? 4. Нәруыздардың алмасуы қалай жүреді? 5. Нәруыз ыдырауының соңғы өнімімен не түзіледі? 6. «Метаболизм», «анаболизм» деген түсініктердің анықтамасын беріңдер. 7.Көмірсулардың алмасуын түсіндіріңдер? 8. Су мен минералды тұздардың алмасуы қалай жүзеге асады? 9. Су мен минералды тұздар ағзада қандай рөл атқарады? 10. Заттар мен энергия алмасуының маңызын сызбанұсқа арқылы түсіндіріңдер.	галогендер әртүрлі топқа жатады? Оларға тән оксидтердің формуласын жазыңдар. 2. Сілтілік металдар оксидтері мен гироксидтерінде қандай валенттік көрсетеді? 3. Сілтілік металл-литийдің оксиді мен гидроксидінің түзілу теңдеуін жазыңдар. 4. Салыстырмалы атомдық массасы өскен сайын металдың белсенділігі қалай өзгереді? 5. Галогендердің қасиеттері атомдық массаларының өсуіне қарай қалай өзгереді? 6. Ca, Sr, Ba элементтерін қандай белгілеріне қарап бір топқа жатқызуға болады? 7. S (күкірт) және Se (селен) бір ұяластар тобына жатады. Селеннің жоғары оксидінің, сутекті қосылысының және ол түзетін қышқылдың формулаларын жазыңдар. 8. Селеннің сутекпен және натриймен әрекеттесу реакциясының теңдеуін жазыңдар.

Өзін-өзі бағалау парағы

Тапсырма	Мұғалім берген ұпай саны	Оқушы жинаған ұпай саны	Баға
Сұрақ-жауаптар	5		
«Кім жылдам?» ойыны	9		
«Кім алғыр» ойыны	5		
Барлығы	21		
	Бағалау: «5» -21-19; «4» -19-17; «3» - 17-15		

Тапсырма	Мұғалім берген ұпай саны	Оқушы жинаған ұпай саны	Баға
Химиялық тест	7		
Химиялық диктант	9		
«Кім шапшаң?» ойыны	5		
Барлығы	21		
	Бағалау: «5» - 21-19; «4» - 19-17; «3» - 17-15		

Үйге тапсырма

Оқулықтағы §50. «Минералды тұздар» тақырыбында реферат жазу.	Оқулықтағы §51. «Сілтілік металдардың қасиеттері» тақырыбында баяндама жазу.

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сәйкес білім беру мақсаты мен міндеттері оқушыларды әлемдік даму деңгейіне сәйкес келетін белгілі бір біліммен қаруландыруды көздейді. Осы орайда шағын жинақты мектеп мұғалімдері оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерінің бар мүмкіндіктерін қарастыру қажет. Ол үшін бір сабақтың үстінде мұғалім әртүрлі жастағы, ой өрісі мен білім дәрежесі әртүрлі оқушылармен жұмыс жүргізеді, сондықтан ол балалардың психологиясын жақсы білуі тиіс.

Оқытудың әдіс-тәсілдері көп болғандықтан, шағын жинақты мектепте қолдануға болатын бірқатар әдістерге сипаттама берілді.

Қазіргі қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту және ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Осы орайда логикалық-құрылымдық әдіс оқытудың тұтас жүйесін жобалай отырып, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық процесс құруды, мұғалімге нәтижені талдап, түсіндіріп бере алатындай жүйе таңдап, құруды және оқушылармен жұмыс істеуде кездесетін қиындықтардың алдын алып, түзеу жұмыстарының жүйесін жасауды көздейді Бұл әдістің негізін академик В.М.Монаховтың технологиясы құрайды. Әдістегі негізгі объект – тақырыптық-дидактикалық модуль. Мұнда әр пакеттің өзінше қамтитын нақты мәселелері болады.

Логикалық-құрылымдық әдіс оқытушының бір оқу жылында пайдаланатын әдістемелерді жоспарлауына көмектесіп, төмендегідей кезеңдер жүзеге асырылады:

1- кезең – нақты технологияға көзқарас жүйесін (тұжырымдаманы), оның мағлұмат түрлері мен нақты дидактикалық модуль шеңберіндегі технологиялық процестің соңғы қорытындысын өз құрамында сақтайтын «оқытудың жаңа әдісін теориялық тұрғыдан негіздеу» деп аталатын құжаттар жинағын (пакетті) зерттеп, дайындау;

2- кезең – «берілген дидактикалық модуль шеңберіндегі технологиялық атқару тәртібі» деп аталатын құжаттар жинағын дайындау;

3- кезең – берілген дидактикалық модульге сай «мұғалімнің әдістемелік жабдықтары» атты құжаттар жинағын дайындау;

4- кезең – берілген дидактикалық модульге сай «технологиялық жұмыс мақсатын іске асырудың қорытындыларын өлшеу әдістемесі мен белгілері» деген құжаттар жинағын дайындау;

5- кезең – «оқытудың жаңа әдіс-тәсілін меңгеру мәдениеті» атты құжаттар жинағын дайындау.

Логикалық-құрылымдық әдісті аз уақыт ішінде меңгеру мүмкін емес, ол мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне, әдістемелік білім деңгейі мен іс-тәжірибесін жүйелі қолдануына байланысты. Белгілі бір дидактикалық модуль бойынша оқытуды бірнеше рет қайталаған жағдайда ғана мұғалімнің әдістемелік тұрғыдан жетілуіне мүмкіндік туып, пәнді оқушыларға саналы меңгертуді жүзеге асыруға болады.

Оқытудың әдістері, формалары және құралдарының пәнішілік интеграциясы лексикалық, практикалық және семинар сабақтарын жаңа деңгейде ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, ол үшін мына мәселелер іске асырылуы қажет:

- жеке тапсырмаларды құру және қарым-қатынас формаларын таңдап алуда тұлғалық сапаларды есепке ала отырып, оқушылардың танымдық іс-әрекетінің ұжымдық формаларын кеңінен пайдалану;

- ұжымдық және жеке оқу іс-әрекетін басқаруды ұйымдастыру үшін оқушыларда сәйкес дағдыларды қалыптастыру;

- интерактивті, проблемалық оқытудың әртүрлі формалары мен

элементтерін қолдану, қазіргі аудиовизуальды құралдарды, оқытудың техникалық, ақпараттық құралдарын қолдану;

- мұғалімнің кәсіби даярлық мазмұнын жетілдіру.

Интеграциялық әдіс-тәсілдерді пайдалану болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің даярлығын жетілдіруге игі әсерін тигізеді.

Ойын әдісі белсенді тұлғааралық қарым-қатынас арқылы өзін-өзі анықтау үшін өте қажет. Әрбір пәнді оқыту барысында ойындарды пайдалану мұғалімдерге өздерінің іскерлік сапалары мен тұлғалық қасиеттерін жақсы түсінуге мүмкіндік береді, себебі ойын арқылы өзара іс-әрекетке түсу кезінде олар әртүрлі келісімдерді, қатынастарды талқылайды, іскерлік құжаттарға қол қояды, келіссөздер мен кеңестер, мәжілістер мен конференциялар жүргізеді, т.с.с.

Ойын әдісі оқу процесін белсендіру және жетілдіру құралы ретінде мына жағдайларда қолданылады:

- оқу пәнінің ұғымдарын, тақырыптарын және тұтас бөлімін меңгеру үшін дербес технология ретінде;
- жалпы технологияның бір бөлігі ретінде;
- сабақ немесе оның бір бөлігі ретінде;
- сабақтан тыс жұмыста дербес технология ретінде.

Ойын әдісі педагогикалық процесті педагогикалық ойындар түрінде ұйымдастыру әдіс-тәсілдерінің тобын құрайды. Педагогикалық ойындардың басқа ойындардан айырмашылығы – онда нақты оқыту мақсаты қойылып, соған сәйкес педагогикалық нәтиже болады және олар нақты түрде негізделіп, бөлініп көрсетіледі де, оқу-танымдық бағыттылығымен сипатталады.

Сыныпта оқушылар санының аз болуы «психологиялық бірсарындылыққа» әкеледі, ал бұл өз кезегінде оқушылардың оқуға деген қызығушылығын төмендетіп, олардың енжарлығын тудырады. Мұндай бірсарындылықтан қашу үшін мұғалім шағын топтар жұмысында ойын және тренинг әдістерін қолданады.

Тренинг әдісі қарым-қатынас жасау барысында мұғалімнің тұлғааралық және кәсіби мінез-құлқын жетілдіруді көздейді. Бұл технология ынтымақтастықта оқытуға бағытталып, «жай ғана бір нәрселерді бірге орындап қана қоймай, бірге оқу» идеясын да іске асырады. Мұнда оқып-үйренетін тақырып (проблема) бойынша жұмыс істеу барысында әр топ (команда) мүшесінің басқа топ мүшелерімен үнемі өзара әрекет жасау арқылы өздігінше жұмыс істеуінің нәтижесінде қол жеткізген белгілі бір «топтық мақсатқа» және барлық топтың жетістігіне ерекше көңіл аударылады.

Тренингтің негізгі талаптары:

- топта кез келген басқа серіктестермен өзара әрекетте болу;
- берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарап, белсенді жұмыс істеу;
- серіктестерімен сыйлы қатынаста болу;
- өз жетістіктеріне қарап, барлық серіктестерінің, топтық жетістіктеріне жауапкершілікті сезіну;
- топта бірлесіп жұмыс істеу – бұл күрделі және өте жауапкершілікті

еңбек екенін толығымен саналы мойындау.

Тренинг технологиясын пайдалануда оның ерекшеліктерін білу қажет:

- топ мүшелерінің бір-біріне өзара тәуелділігі;

- әрбір топ мүшесінің және жолдастарының жетістіктері үшін жеке жауапкершілігінің болуы;

- бірлескен оқу-танымдық, шығармашылық және топтағы басқа да жұмыс түрлерінің болуы:

- топтағы оқушылардың іс-әрекетін әлеументтендіру;

- топ жұмысын жалпы бағалау.

Осы ерекшеліктеріне байланысты тренинг технологиялары үш негізгі принципке сүйенеді:

- барлығына ортақ марапат, яғни топ бірлесіп әрекет етуі нәтижесінде барлығына ортақ бір бағаға ие бола алады;

- әрбір топ мүшесінің жеке жауапкершілігі, яғни топтың жетістіктерге ие болуы немесе болмауы оның әрбір мүшесіне байланысты;

- жетістікке жетуде әрбір топ мүшесінің бірдей мүмкіндіктері, яғни әрбір топ мүшесінің өз тобына ұпай әперу мүмкіндігі бар.

Жалпы, тренинг интерактивті оқыту әдісіне жатады, оның бастауыш сынып мұғалімдерінің ғылыми ойлау стильдерінің қалыптасуына, қарым-қатынас жасау біліктерін дамытуға, тілдік қорын байытуға, ой-өрісін кеңейтуге әсері мол.

Тренинг барысында «әр адамның өз пікірі бар, әркімнің идеясы қашан да

«дұрыс» қағидасына сүйеніп, оқушылардың шығармашылықпен, өздігінше жұмыс істеуіне мүмкіндік беріледі. Мұның өзі оқушылардың пікірлерін еркін айтуға және танымдық белсенділіктерін арттыруға септігін тигізеді.

Аталған жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдердің басқа келешегі мол *«кейс-стади»* (нақты оқу жағдаяттарын пайдалану арқылы оқыту), *рефлексия* (өзін-өзі тану, өзіне-өзі баға беру әдісі және оқушылардың оқу материалын белсенді қабылдауын қамтамасыз ететін педагогикалық технология), *жобалау әдістерін* қолдану арқылы оқыту технологияларын ерекше атап өтуге болады.

«Кейс стади» әдісін іске асыру мынадай кезеңдерді қамтиды:

1- кезең. Жағдаят жазылған мәтінді оқи отырып, оқушы өздігінше проблеманың мәнін түсінуге, жағдаятты бағалау үшін өз ұстанымын анықтауға, сұрақтарға жауап ойластыруға және проблеманы шешудің нақты жолдарын табуға тырысу керек.

2- кезең. Шағын топта жұмыс істеу. Оқушылар шағын топтарда (4-6 адам) кейстің негізін құрайтын проблемалар шеңберінде пікір алмасады, диалогтік қарым-қатынас және консенсус әдістері арқылы проблеманы бірлесіп шешеді. Бұл кезеңде «брейнсторминг» (ми шабулы), диалог және полилог, дискуссия,сөз таластыру болуы мүмкін. Топтық талқылаудан кейін проблеманы шешудің жолдарын баяндауға қабілетті санаткер көшбасшылар айқындалады.

3- кезең. Жалпы топтық талқылау мұғалімнің басшылығымен

өткізіледі. Ереже бойынша әрбір топ жағдаятта баяндалған проблемалар шеңбері негізінде өз көзқарастарын айтады. Талқылаудың ерекшелігі – мұғалім жауаптарға сапалы баға бермейді, әрбір айтылған пікір өзінше қабылданады. Жағдаятты талдау процесі мұғалімнен кең ой-өрісті, тіл табыса білу қабілетін, бірнеше ұқсас пәндерден білім кешенін, пікірталасты жүргізу техникасын меңгеруді талап етеді.

«Кейс стади» технологиясын кез келген пәнді оқыту барысында қолдануға болады. Нақты жағдаят нақты дұрыс немесе дұрыс емес жауапқа ие бола алмайды, ол тек оқу материалы қызметін атқарады, сол арқылы оқушылар талдауға, сөз сөйлеуге, пікір таластыруға, өз ойларын негіздеуге үйренеді.

Рефлексия оқытушының педагогикалық әрекетінің табыстылығы мен тиімділігіне өзіндік *диагностика жасау әдісі,* белгілі бір педагогикалық құбылыс пен өмірлік жағдаятты еппен сезу құралы болып табылады.

Рефлексия әдісін меңгерудің негізгі шарттары мыналар:

- педагогтің өз жұмысын толығымен беріліп істеуі;
- өзінің ішкі даусын «қоса білуі»;
- өз әрекеттерін өзінше талдауға және оған психологиялық даярлығы болуы;
- педагогикалық іс әрекеттің нәтижелеріне жауапкершіліктің болуы;
- кәсіби шебер болуға тырысуы;
- ішкі әлемінің (қырағылық, қарапайымдылық, т.б.) белгілі бір деңгейде дамуы;
- сырттан алынған вербалды және вербалды емес ақпараттарды білу жәнемәнін түсіну.

Рефлексия кезеңдері мынадай алгоритм түрінде беріледі:

1. Педагогтің санасына жағдаятты, аудиторияның, жекеленген адамдардың, педагогикалық процеске немесе коммуникацияға қатынасушылардың реакциясын бағалауға мүмкіндік беретін минуттық «тоқта» белгісі.
2. «Мен не істеп жатырмын?», «Осы сәтте не болып жатыр?», «Қалай істеу керек?» деген ойлардың жұмысын «іске қосу».
3. Өзінің санаткерлік, эмоциялық жағдайына және қарым-қатынас бойынша серіктестерінің жағдайына баға беру.
4. Инсайт (аяқ астынан шешім қабылдау, «қалай екенін ... білемін, әзірше білмеймін, бірақ ойланып тұрмын ...» деген сияқты күтпеген шығармашылық ойлардың туындауы).
5. Шешім қабылдау (педагогикалық процесте – сөйлеу мәнері мен қарқынының, пікір сипатының, жұмыс формасының, жүріс-тұрыстың, бет әліпетінің өзгеруі).
6. Педагогикалық импровизация.

Шағын жинақты мектептер жұмысында оқытудың көптеген әдіс-тәсілдері ішінде *жобалау әдісі* ерекше орын алады. Бұл әдіс біріктірілген сыныптардың аражігі білінбей, екі сабақтың мазмұны тұтасып кететіндей етіп ұйымдастыруға көмектеседі. Бұл жерде айта кететін жайт, мұғалім мен оқушы тең дәрежеде

болуы керек. Ол үшін оқушылардың бойында өзіндік жұмыс істеу қабілеттері болуы тиіс. Ал бұл талаптардың бәріне соңғы жылдары мектептерде кең қолданылып жүрген жобалау әдісі жауап береді.

Жобалау әдісі оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өз бетінше ізденуге, ақпараттық кеңістікке бейімделу білігіне негізделген.

Жобалау әдісі, педагогикада жаңа құбылыс емес. Бұл әдіс отандық және шетелдік дидактикаларда қолданылып келді. Бастапқыда оны мәселелерді табу әдісі деп атады. Көптеген ғалымдар оқытуды оқушының белсенді әрекетіне құру керек дегенді пікірде болды.

Жобалау әдісі оқушылардың өзіндік әрекетіне (жеке, жұптық, топтық) бағытталған. Бұлайша келу ынтымақтастықта оқыту әдісімен үйлеседі. Бұл әдіс қандай да бір мәселені шешуді көздейді. Жобалау әдістерін қолдану арқылы оқыту технологиясынан басқа да әдістерді толықтыру ретінде пайдаланудың қолайлы екендігін мамандар дәлелдеп отыр.

Жоба, негізінен, пәнаралық сипатқа ие болып, білімнің әр саласынан ақпаратты байланыстырып тұрады. Сондықтан ғалымдар мұғалім мен оқушылардың әрекетінің реті мен құрылымын бөліп көрсетеді. Мысалы, төмендегідей жобалау әдістерін қолдану мүмкіндігін көрсетейік.

1- кезең – жобаны дайындау. Тақырып пен мақсатты анықтау. Бұл кезеңде оқушылар пәнді мұғаліммен бірге талқылай отырып, ақыл-кеңес алуы, соның негізінде мақсатты айқындауы қажет. Ал мұғалім зерттеудің келешегін ашып көрсете отырып, оқушыларды жігерлендіреді, ақыл-кеңес береді. Соның нәтижесінде тақырып пен мақсатты айқындайды.

2- кезең - жоспарлау. Осы тақырып бойынша оқушылардың ақпарат көзін, ақпаратты жинау және талдау тәсілдерін, есеп беру формаларын, нәтижелер мен процесті бағалау өлшемдері анықталады, рөлдерді (ақпаратшы, зерттеуші, хатшы, редактор, баяндамашы, референт, эксперт, т.б.) бөледі.

Оқушылар өзінше жоспар құрып, міндеттерді анықтайды. Мұғалім тарапынан түзетулер енгізіліп, идеялар ұсынылады, нәтижені болжау жүзеге асырылады.

3- кезең – зерттеу. Мұнда оқушылар берілген тақырып бойынша ақпараттар жинап, қойылған міндеттердің шешімін табу үшін әрекеттер жасайды.Мұғалімдерінен сұхбат алады, сауалнамалар, бақылаулар жүргізіледі, анықтамалық, ғылыми-педагогикалық әдебиеттермен жұмыс істейді, яғни оқушылар аралық міндеттерді шеше отырып, проблема бойынша зерттеулер жүргізеді. Мұғалім тарапынан үнемі бақылау жасалынып, керегінше көмек, ақыл-кеңес беріліп отырады.

4- кезеңде зерттеу нәтижелерін жинақтау, ақпаратты талдау, қорытындылар құру және шығару жүзеге асырылады.

5- кезеңде оқушылар шығармашылық есеп береді, нәтижелерді ұсынады. Есеп беру барысында ауызша және қосымша баяндамалар жасалынады, рефераттар қорғалады, қабырға материалдары дайындалады, кітапша, қаттама шығарудың нәтижесінде жазбаша есеп беріледі, т.с.с.

6- кезең – нәтижелер мен процеске баға беру. Мұғалім жобаға қатынасушылардың рейтингісін анықтауға қатынасады. Олардың пікірін ескере отырып, келешекте зерттеулер жүргізуге, әсіресе зерттеушілік қабілеті болашағынан үміт күттіретін оқушыларды жігерлендіреді.

Бұл әдісті кез келген пәнді оқыту барысында қолдануға болады. Ең бастысы, олар жобалау әдісінің мынадай негізгі талаптарына жауап беруі тиіс:

- зерттеушілік, шығармашылық тұрғыдан алғанда неғұрлым мәнді проблемалардың-міндеттердің болуы;
- алынатын нәтижелердің практикалық, теориялық, танымдық мәні;
- оқушылардың өзіндік (топтық, жұптық, жеке) әрекеті;
- жобаның мазмұндық бөлімін құру;
- зерттеу әдістерін (проблема мен одан туындайтын зерттеу әдістерін талқылау, соңғы нәтижелерді рәсімдеу, алынған мәліметтерді талдау, қорытындылар шығару) таңдап алу және пайдалану [8, 12].

Л.В.Занковтың пікірінше, оқытудың қандай әдісі болмасын, оқушының жалпы рухани дамуын қамтамасыз етуі қажет. Жоғарыда айтылғандар ойдағыдай ұштасса, балада оқуға деген белгілі жағымды оқу әрекеті қалыптасады. Мысалы, үздік оқитын бала мен үлгермейтін баланың оқу әрекетінде елеулі психологиялық айырмашылықтар бар.

Үздік оқитын балалар оқу міндеттерін шешуге белсене кірісіп, қалайда мақсатқа жетудің тиімді тәсілдерін ізденуге тырысса, үлгермейтін балалар мұндай жағдайда өздерін енжар ұстап, қиындықтардан жалтаруға даяр тұрады, оларды шешуге күш жұмсамай, жеңіл құтылғысы келеді. Оқуға үлгермейтіндердің бәріне тән ортақ қасиеттер бар, олар: өздігінен оқу әрекетін және жалпы психикалық процестерін (зейін, есте қалдыру, ойлау және т.б.) дұрыс ұйымдастыра және басқара алмайды.

Шағын жинақты мектептің білім беру процесінде мұғалім жоғарыда аталған оқытудың әдіс-тәсілдерін өзгертіп, жандандырып, кәсіптік даярлықтарына қойылатын талаптар деңгейін көтергенде ғана оқу тиімді болмақ.

Пәндерді оқытуда біртақырыптық сабақтардың педагогикалық мақсаттылығы сабақты тиімді ұйымдастыруға, сабақ уақытының көп бөлігін сынып оқушыларымен әңгімелесуге, өзіндік жұмыстар ұйымдастыруға, оны басқаруға және уақытында қажетті көмек беруге мүмкіндік береді. Шағын жинақты мектептің біріктірілген сынып оқушыларына өткізілетін сабақ құрылымының басты ерекшелігі – әрбір сабақта оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстары міндетті түрде болуы тиіс.

Оқу үдерісі екі жақты үдеріс болғандықтан, оқушылардың өзіндік жұмысы міндетті түрде мұғалімнің басшылығын, сонымен жасайтын әрекетін керек етеді. Осыған байланысты белгілі педагогтер мен психологтер оқушылардың өзіндік жұмыстарының негізгі ерекшелігі олардың ықыласы мен өз еркімен әрекет жасауына байланысты деп санайды.

Өзіндік жұмысты ұйымдастырғанда, оқытушы оқушылардың дара ерекшелігін ескеріп, соған қарай беретін тапсырмаларды өзгертіп отырғаны

жөн, орындалған жалпы жұмыстың қорытындысын, қалай қорытқанын тексеру керек. Өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру үшін, мұғалім мынадай үш жағдайды ескерген жөн:

1. Оқушылардың өзіндік жұмысының мазмұнын анықтау (берілетін білім және оның міндеттері).

2. Өзіндік жұмысты ұйымдастырудың жоспарын жасау, қолданылатын амал-тәсілдерді белгілеу.

3. Оқушыларға жұмысты ойдағыдай аяқтауға бағыт беріп көмектесу (жұмыстың барысына жүйелі басшылық ету, тиісті түзетулер жасап отыру).

Мұғалімдер бір сабаққа 2-3 өзіндік жұмыс қосады. Осыған байланысты оқушылардың бәрінде жұмыс істеу қарқыны әртүрлі екенін ескеріп, тапсырмаларды алдын ала тақтаға немесе карточкаларға жазу қажет. Осы жерде баспадан шыққан жұмыс дәптерлерінің (оқушылардың өзіндік жұмысына арналған) көмегі зор екенін айта кеткен жөн.

Өз бетімен жұмыс мұғалімнің ұйымдастыруымен дидактикалық мақсаттарды орындаудағы оқушының кез келген белсенді қызметін көрсетеді. Яғни арнайы берілген уақытта оқушының материалды игеруі, оны түсінуі, бекітуі, білім мен білік дағдыларының дамуы мен қалыптасуы. Өз бетімен жұмысты ұйымдастыру формасы:

– фронталды жұмыс;

– жеке жұмыс;

– топпен жұмыс.

Өз бетімен жұмыстың негізгі түрлері:

– оқулықпен, ақпарат құралдарымен жұмыс;

– жаттығулар;

– практикалық және лабораториялық жұмыстарды орындау;

– өзіндік, бақылау жұмыстары, диктант, шығарма;

– тәжірибе, бақылаулар және т.б.

Біріктірілген сыныптарда пәндерді оқытуда көбінесе біртақырыптық сабақтар өткізуге келмейтіндіктен, мұғалімнің басқаруымен оқушылардың жұмыс уақытын арттырудың басқа мүмкіндіктерін қарастыру қажет. Біріктірілген сыныпта осындай мүмкіндіктердің бірі – фронтальды жұмыстар жүргізу. Бұл әрбір сыныпқа арналған бағдарлама материалдары ескеріліп, бір мезгілде барлық сыныптарға қатар жүргізіледі.

Мұғалімнің оқушылардың оқу әрекетін фронтальды ұйымдастыруы барлық оқушылардың іс-әрекетінің бірлікте болуын қарастырады, яғни оқушылардың әрқайсысы тапсырманы бірге орындайды, жұмыс бәріне ортақ, барлық сынып талқылайды, нәтижені салыстырады, жинақтайды. Бұл тәсіл оқушылар мен мұғалім арасындағы сенімді нығайтып, ұжымдық сезімді тәрбиелейді, пікірлерді талқылауы ширайды, басқаның пікірін өзінің ой-түйіндерімен салыстырады, қателерін табуға жаттығады. Мұғалімге қойылатын басты талап оқушылардың жақсы айтылған ой-тұжырымды дәл таба білуі, оны алдын ала болжауы, оқу жағдаятын туғызуы, сабақтың міндеттеріне жауап іздеуі; әр оқушыны ықыласпен таңдауы, оны мәдени тұрғыда қолдауы,

сонымен бірге қажетті сәттерде түзетулер енгізуі, әр оқушының мүмкіндігіне жол ашу.

Фронталды оқытуды ұйымдастыру проблемалық, ақпараттық, түсіндірмелі суретті мазмұнда және репродуктивті, шығармашылық тапсырмалармен келуі мүмкін. Мұнда шығармашылық негізге құрылған тапсырма бірнеше шағын тапсырмаларға бөлінеді, жұмыстың бұл түрі барлық оқушылардың белсенділікпен жұмыс істеуіне жағдай туғызады. Бірақ, сабақтың бұл түрінде көптеген кемшіліктер бар, жұмыс барысында оқушылардың білім деңгейі әртүрлі болғандықтан, өз мүмкіндігіне қарай білімін арттыра алмайды, бәрінің білімі бір мөлшерде оқшауланбайды, әсіресе үлгерімі нашар оқушыға мұғалімнің көмегі үнемі қажет болса, ал қабілеті өте жоғары оқушыда уақыт артық қалады. Сол себепті сабақтың тиімділігін арттыру үшін сабақтан басқа түрлері де пайдалану керек.

Жеке жұмысты ұйымдастыруда әр оқушының өзіндік іс-әрекеті, жеке қабілеттері ескеріліп, оған арнайы дайындалып, оқу мүмкіндіктері алдын ала есепке алынады: әдебиеттермен, анықтамалармен, энциклопедиямен жұмыс міндетін шешу, шығарма әзірлеу, реферат жазу.

Жеке жұмысты ұйымдастыру барысында екі түрлі тапсырма орындалады: жеке және жекелендіру. Біріншісінің ерекшелігі: оқушы алдымен барлық сыныпқа берілген тапсырманы орындайды, басқа оқушымен қарым-қатынасқа түспейді, бірақ жұмыс қарқыны бәріне бірдей. Екіншісінің ерекшелігі: оқушы арнайы тапсырманы орындауда өзінің танымдық оқу іс-әрекетін мөлшерлейді, атап айтсақ, әр оқушы өзінің оқу әрекетіне қарай жұмыс қарқынын белгілейді. Жеке жұмысты сабақтың барлық кезеңдерінде жүргізген жөн және оны бекітіп отыру көзделеді, мұның өзі оқушының бұрын меңгерген білімдерін, қабілетін, дағдысын жетілдіріп отыруына ықпалы зор, сол секілді бақылау үшін зерттеу әдісін меңгеруге жол ашады. Сабақтың бұл түрі оқушылардың өзіндік іс-әрекетін тәрбиелейді, жинақылыққа, ұшқырлыққа, өзінің мақсатын айқындауға таба білуге бағыттайды, бірақ бұл сабақта оқушылардың қарым-қатынасы шектеулі, оны ұжымдық жұмыстың түрімен толықтыруға, топтық жұмыс ұйымдастыруға болады.

Топтық жұмысты оқушылардың оқу еңбегін ұйымдастыру негізінде құруға мыналар жатады:

– оқу міндетін анықтау үшін сынып екі топқа бөлінеді;

– әр топ берілген тапсырманы орындайды (бірдей, не саралап, не болмаса даралап берілген), топ ішінен шыққан топбасының немесе мұғалімнің басқаруымен өтеді;

– топтың енгізген жаңалығына орай тапсырмалар іріктеледі;

– топтың құрамы сабақтың мазмұнына қарай өзгереді; ең жоғары деңгейдегі оқушының мүмкіндігін ескеру қарастырылады;

– топтың және құрамның әртүрлі деңгейлікке орай оқушылардың қауымдастық құрамы сұрыпталады және мұның өзін оқушыларға байланысты.

Сабақтың топтық жұмыс түрінде оқушы саны көбейеді және жеке жұмыс барысында оқушыға не топ басшысының, не мұғалімнің көмегі қажет болып

отырады (фронтальды және жеке жұмыс кезінде мұғалімнің оқушыға көмек беруі қиындай түседі, сондықтан олар өзіндік жұмысқа көшкенге дейін кезек күтуге мәжбүр).

Топтық жұмыс практикалық жұмыстарды зертханалық және жаратылыстану ғылыми тақырыптардағы практикалық жұмыстарды, сондай-ақ шет тілдерді меңгеруде, ауыз екі сөйлеуде тілді дамыту бағытында және еңбек сабақтарын өткізгенде өте тиімді. Жұмыстың бұл түрінде ұжымдық талқылау қолданыла отырып, өзара кеңес беріп, өлшемдік параметрлері күрделеніп, өздік жұмыс тиімділігі жағынан бұрынғыға қарағанда жақсара түседі.

Білімнің қай түрі болсын оқушының шығармашылық қабілетін арттыру мүмкіндігін қарастыру керек. Осы тұрғыдан алғанда, шағын жинақты мектептің артықшылықтары әр оқушының жеке қабілеттерін дамытуға мүмкіндік жасайды. Бүгінгі озық технологияларының өзі ғылымға сыйымды жаңа жүйені құруда іріктеуді, белгілі бір пәннен игерген білімі таңдаулы болуды, құрғақ біліп қана қоймай, өз бетімен қорытынды жасауды қажет етеді. Шағын жинақты мектеп сыныптарында оқушы санының аздығы, бір жағынан, оларды даралап оқыту мүмкіндігін ұлғайтса, екінші жағынан, ұжымдық іс-әрекет жасау оқушылардың сөйлеу қабілеттерін дамытады. Сондықтан жаңа сабаққа байланысты жаттығулар мен тапсырмаларды жас ерекшеліктеріне қарай әрбір сыныпқа лайықтап, саралап, әрқайсысына жеке орындату көзделеді.

Шағын жинақты мектеп оқушыларының ауызша және жазбаша сөйлеу тілін қалыптастыру және дамыту мәселелері басқа оқу пәндерінің сабақтарында да шешілуі мүмкін. Барлық пәнді бір мұғалім жүргізетіндіктен, оның шешімі оңай.

Сөйлеу тілін қалыптастыруға және дамытуға көмектесетін негізгі талаптар – тілді дұрыс қолдану (екпін қою, ырғағы, т.б.), ауызша сөйлеуге дайындау тәсілдері (сұрақтар құру, тірек сөздерін іріктеу, жоспар құру, т.б.), монологтік сөйлеу тілінің құрылымдық формалары (түсінгенін айту, хабарлау, әңгімелеу).

Сыныпта оқушылардың саны аз болуы мұғалімге әрбір оқушының танымдық, білімдік өсуін жете зерделеуге, қабілет-қарымын ашуға бағытталған жұмыс жүргізудің ыңғайлылығы, ұжымдық жұмыс істеуге дағдылану үшін орта қалыптастырудың қолайлығы. Мұғалім осы мүмкіндіктерді қолдану керек. Осы орайда оқушыларды саралап оқыту оқу жұмысының жеке формасы ретінде біріктірілген сыныпты оқытудың барлық процесінде қолдануға болады

Сабақтағы біртақырыптық кезеңдерде жағдаяттық тіл жаттығулары, сөздік жұмыстары, диалог және жоспар құру, түрлі дидактикалық ойындар ұйымдастыруға болады. Бұл әдіс оқушылардың ауызша сөйлеу қабілетін дамытуға, сенімсіз жағдайда психологиялық кедергіні жеңуге көмектеседі. Осылардың барлығы оқушылардың ауызша сөйлеу тілін дамытудың тиімді құралдарының бірі екендігін көрсетеді.

Жағдаяттық жаттығуларға нақты ортада айтылатын жағдаяттарға жақын оқушылардың нақты сөйлеу тілін тудыратын оқу-тіл жағдаяттары жатады. Жағдаятты іске асыру оқушының нақты жағдайда әрекет ететін тұлғаға

айналуын талап етеді. Арнайы жағдаяттық тапсырмалар бойынша қажетті жағдайлар құру шығармашылық өзіндік жұмыстарда шешіледі. Оқытылатын тілдің практикалық жағын меңгеру міндеттерін шеше отырып, сөйлеу тілін өмірлік қажетті жағдаяттарда құру керек.

Уақыт аз кететіндіктен, ойындар сабақта тілдік орта құруға қолайлы. Әдетте аталған жұмыс сабақтың тақырыбына байланысты және сабақтың біртақырыптық кезеңінде өткізіледі. Ойынға арналған лексика бағдарлама тақырыптарына сәйкес таңдалады. Ойын элементтері сабақты қызықты етеді, өйткені оқытудың бастапқы кезеңінде оқушылар үшін ойын сабаққа қарағанда күнделікті іс-әрекет. Ойынды бір сыныпта сөздерді меңгерту, ал екінші сыныптабекіту және қайталау мақсатында қатар және сынып арасында өткізуге болады. Мұндай ойындарды оқушылардың сөйлеу қажеттіліктері туындағанда ұйымдастыруға болады.

Алдымен ойынның шарты түсіндіріледі және мұғалімнің басқаруымен жүргізіледі. Кейін оны жоғары сыныптың көмегімен ұйымдастыруға болады. Тәжірибе көрсеткендей, әрбір сабаққа 1-2 ойын қосып отырған тиімді. Сыныпта оқушылардың аз болуы дидактикалық ойындарға белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Мысалы, қазақ тілі және әдебиеті сабақтарында сөздікті жазу үшін бір мезгілде мынадай жұмыстар жүргізуге болады:

1. Мұғалім бір сыныпқа бір сөзді, екінші сыныпқа басқа сөзді айтады.
2. Суретті сөздік.
3. Перфокартаны қолдану.
4. Түсірілген әріптері бар карточкаларды қолдану.
5. Сөздік арқылы тексеру (бірін-бірі тексеру).
6. Түсірілген дауысты немесе дауыссыз әріптерді қойып, сөздік жазу.
7. Тақта, карточкада жазылған сөздердің басы немесе аяғы бойынша жалғастырып жазу.
8. Қатемен жұмыс.
9. Сөздерді тауып, еске түсіріп, белгілі тақырып бойынша мәтін құру.
10. Мәтіннен сөздікке жазылатын сөздерді табу.
11. Түбірлес сөйлемдер ойлап табу.
12. Дыбыстан гөрі әрпі көп сөздік сөздерді табу.

Әдебиет – бар білімнің іргетасы ретінде оқушылардың ақыл-ой қабілеттерін дамытуға негіз болатын пән. Әдебиеттің көркем мазмұны, тақырыптық-идеялық сипаты еркін ойлауға бастайды. Әдебиетті оқытудың басқа пәндерден артықшылықтары да бар. Ол – рухани қалыптың жалпылық түсініктілігі, ұлттық, адамзаттық мұраттардың ортақтығы. Әдебиеттегі материалдарды игертуде оқушыларға қойылатын талап – көркем шығарманы талдау.

Әдебиетті сатылы талдау мен деңгейлеп ұсыну оқушылар үйренген, қалыптасқан тәсіл ретінде де жұмыс істеуге жеңіл. Шығарма мен мазмұндама жазуға төселдіру үшін көркем шығарманы бірлесе оқу, талдау өнімді әдіс болып қала береді.

Шағын жинақты мектептің оқу үдерісінде оқушылардың өзін-өзі бағалауы, яғни өз іс-әрекетін қорытындылауы тиімді болары сөзсіз. Біріншіден, мұғалім уақыты үнемделеді. Екіншіден, оқушылардың өзін-өзі бағалауы, өзінің мүмкіндіктерін білуі, орындалған жұмысты жүйелеуі және түзетуі, іс-әрекет бағытын анықтауы, өзіне талап қойғыштық сияқты бағалау белгілері қалыптасады.

Оқушылардың өздігінен орындайтын жұмысты еркін әрі ұзақ істеуі нәтижесінде өзін-өзі басқару, шығармашылыққа талаптану, өз күшіне сену сияқты психологиялық қасиеттері нығая түседі.

Жеке тұлғаның өзіндік қасиеттерін білуде өз мүмкіндіктерін дұрыс пайдалана отырып, іс-әрекет бағытын анықтау және орындалған жұмысты жүйелеу, қорытындылау, өз тұжырымын жасау арқылы нәтижеге жетуі анықталады.

Әр оқушының сабақта өздік жұмыс істеуі, оның қабілетінің дамуы мен танымдық мүмкіндіктері әрекетінің жоғары деңгейлі сипаттамасы материалдарды игеруде кеткен кемшіліктердің орнын толтыруда білімді тереңдетудің ең тиімді түрі болып табылады.

Оқушылар өзіндік жұмыс орындағанда жетістікке жетуі үшін: тапсырмалар сараланып іріктелуі, үнемі мұғалімнің бақылауымен орындалуы және туындаған қиындықтарды шешу үшін уақытында көмек көрсетілуі тиіс. Жеке оқыту тұрғысында мұғалім әрбір оқушыға ықыласпен және қамқорлықпен қарайды, оқуға деген оң көзқарасты және оқушының жетістігін көтермелейді.

Білім қорытындысын тексерудің негізгі түрі – сынақ алу. Оны үлкен тақырыптарды меңгерген соң өткізуге болады. Сынақ алу барысында оқушылардың білім, біліктері: теориялық білімдері, есептер шығару және практикалық жұмыстарды орындау білігі. Оқушылардың алған бағалары есеп тізбесіне жазылады. Оқушы мұғалімнен ақыл-кеңес алған соң ұқсас тақырып бойынша тапсырма алып, алған бағасын көтеруге болады.

Оқушы үшін жүйелі әрі ашық бағалау тізбесі пәндерді игертуде стандарттың талаптарына сай таңдауына, жеке бейімделуі мен қабілетіне, интеллектуалдық және психофизиологиялық ерекшеліктеріне, білімге жұмылдыру мүмкіндігіне жасалады.

Әр сынып оқушыларының шағын тобында жұмысты дұрыс ұйымдастыру – маңызды әдістемелік проблема. Білім көлемі әртүрлі оқушы топтарының болуы дұрыс емес, өйткені жақсы оқитын оқушы есепті басқалардан бұрын шығарып, оны басқаларға көшіртеді. Егер жақсы оқитын оқушы нашар үлгеретін оқушыға көмектессе, оқу үлгерімін біршама жақсартады.

Ойлау арқылы оқушылар шығармашылыққа ұмтылады, материалды дайын күйінде қабылдамай, оны жеке зерттеу немесе бақылау жүргізе отырып, өз сұрағына жауап таба алады. Сабақта мұғалім оқушылардың тек интеллектуалдық дамуына назар аудармай, тұлғалық қасиеттерінің де ұшталуына басшылық жасауы қажет. Оқу оқуға күштемей, танымдық

қызығушылықтарын, талпынысын, ерік-жігерін оқу жұмысына бағыттағанда ғана тиімді болады.

Кез келген сабақтың өнімділігі мұғалімнің сабаққа дайындығына байланысты. Біріктірілген сыныпта сабақты жоспарлау жаңа оқу материалын түсіндіретін сыныптан бастау қажет. Бұл сабақ басқа сыныптардың сабағын (олардың жоспарларын) «жинақтайтын» өзек болып табылады. Жинақтаған соң түзеу, анықтау жұмыстары жүргізіледі. Біріктірілген сыныптағы сабаққа дайындалғанда, бір сыныпқа жоспарлаған уақыт тиімді пайдаланбаған жағдайда қосымша тапсырмалар дайындаған жөн.

Бірқатар жағдайда сабақтың басты элементтері мұғалімнің оқушыларға жаңа материалды және жаттығуды түсіндіруі, екіншісінде фактілерді бақылау, салыстыру, әңгімелесуі, соның нәтижесінде оқушылар өзіндік жұмысы қалыптастырады және оны қолданумен жаттығады. Кей сабақтарда оқулық материалдарын меңгеру жиі қолданылады, кейін игерген материалды түсінгенін бақылау мақсатында әр сыныппен ортақ әңгімелесу, содан соң жаттығулар жүргізіледі.

Сабақтың мақсаты – білімді берік бекіту, оқушылардың білік, дағдыларын қалыптастыру. Оған жұмыстың мақсатын хабарлау, теориялық материалды игерту, тапсырмаларды орындау тәртібі туралы нұсқау беру, жұмысты орындағанын тексеру (ішінара немесе түгелдей), үйге тапсырма беру жұмыстары кіреді. Жұмыстың негізгі түрі жаттығуларды ауызша немесе жазбаша түрде жүргізеді.

Міне, осы секілді жұмыстар шағын жинақты мектептің оқу үдерісіндегі сабақты тиімді ұйымдастыруға жағдай жасайды және білім алушылардың ақпараттық, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға, ойлау, шығармашылық, өзіндік шешім қабылдау қабілеттерін дамытуға, білімге деген қызығушылығын тәрбиелейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінде шағын жинақты ауыл мектептерінің басты проблемалары – бала санының аздығына байланысты ауыл мектептерінің жабылу ықтималдығы, кадр тапшылығына байланысты білім алушылардың сапалы білімге қолжеткізе алмауы, мектептерінің инфрақұрылымы және материалдық-техникалық жабдықталуы, мектептердің ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен жабдықталмауы, қашықтан оқыту, мектептердегі педагогикалық үдерісті ұйымдастыру, ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу және т.б.

Берілген әдістемелік ұсынымдаманың бірінші тарауы «Шағын жинақты мектептің біріктірілген бастауыш сыныптарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері» деп аталады. Бұнда: шағын жинақты мектептердің жағдайы, қалам мектебі мен ауыл мектептері арасындағы білімдегі алшақтық, сыныптарды біріктірудің ерекшеліктері, біріктірілген сыныптардағы кіріктіру мәселесі, пәнді оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, 2-4-сыныптарда әр тоқсандағы «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу», «Математика», «Жаратылыстану» пәндері бойынша ұсыныстар мен педагогтерге үлгі ретінде сабақтың қысқа мерзімді жоспарлары ұсынылған. Сонымен қатар осы бөлімде ШЖМ-нің бірнеше өзіне тән тиімді жақтары мен шағын жинақты ауыл мектептерінде педагогтердің мәселесін шешу жолдары ретінде келесі ұсыныстар берілген.

Екінші «Шағын жинақты мектептің негізгі орта білім беру деңгейінің біріктірілген сыныптарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері» тарауында негізгі орта мектептегі пәндерді біріктіріп оқытуда 5,6,7,8-сыныптардағы әр тоқсандағы «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан тарихы», «Математика», «Алгебра», «Геометрия» пәндері негізінде ұсыныстар, пәндер бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларындағы мақсаттар жүйесімен жұмысты жүргізуге ұсыныстар, педагогтерге сыныптарды біріктіріп оқытуда мақсаттарды өзара кіріктіру, қысқа мерзімді сабақ жоспарының үлгісі және т.б. материалдары берілген.

Үшінші тарауы «Шағын жинақты мектептің біріктірілген сыныптарындағы пәндерді кіріктіріп оқыту бойынша ұсынымдар» деп аталады. Берілген тарауда шағын жинақты мектептердің тарихы, сыныптарды біріктіру жағдайы бойынша ұсыныстар, шағын жинақты мектептер бойынша зерттеу еңбектерін жазған ғалымдар, шағын жинақты мектептердің тиімді жақтары, шағын жинақты мектептер бойынша білім беру деңгейі, оқыту тілі бойынша мәлімет, 2021-2022 оқу жылының мәліметтері бойынша Республикадағы шағын жинақты мектептердегі жағдай, шағын жинақты мектептерде (ШЖМ-да) оқыту тілдері бойынша мәлімет, білім алушылар контингенті бойынша ақпарат, ШЖМ желісі бойынша (2022 жылғы 18-сәуірдегі) мәлімет, шағын жинақты мектептегі мұғалімдердің қажеттілігі туралы ақпарат, біріктірілген сыныбы бар шағын жинақты мектеп мұғалімінің мақсаты, ШЖМ мұғалімінің басшылығымен және оның тікелей қатысуымен атқарылатын жұмыстары,

меңгерту процесін ұйымдастырудың кең тараған түрлері, ШЖМ-да өздік жұмысты ұйымдастыру бойынша ұсынымдар, ШЖМ-дағы 1–4-сынып оқушыларының өздік жұмыстарының түрлері, ШЖМ мұғалімдеріне өздік жұмыстарды жоспарлағанда ескерілетін жағдайлар, шағын жинақты мектептердің мұғалімдеріне қойылатын талаптар, шағын жинақты мектептерді дамыту тұжырымдамасының жүзеге асыру шарттарын іске асыру бойынша ұсыныстар, педагогтің міндеті, сыныппен жұмыс жасай отырып, педагогтерге оқыту мен оқу тәсілдерін қолдану бойынша ұсыныстар, біріктірілген сыныптарда кіріктіре оқытудың тиімді жақтары, ШЖМ-ның жоғарыда келтірілген қиыншылықтары, ШЖМ-дағы оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері бойынша ұсыныстар, шағын жинақты мектепте жалпы жаңа жүйе бойынша оқыту жұмысын ұйымдастыру шарттары бойынша ұсыныстар, ШЖМ-да оқу – процесінің тиімділігін анықтау бойынша ұсыныстар, бастауыш сынып білім беру деңгейінде ШЖМ-да біріктірілген сыныптарда кіріктіріп оқыту бойынша ұсыныстар, шағын жинақты мектепте екі немесе үш сыныппен өткізілетін сабақты ұйымдастыру, ШЖМ-да сабақ кестесін құрастыру жолдары бойынша ұсынымдар, ШЖМ-да ұсынылатын сабақ кестесінің үлгілері, ШЖМ-дағы сабақтарды өткізу ерекшеліктері және оқыту түрлері бойынша ұсыныс, біріктірілген сыныптардағы бір тақырыптық сабақтардың ерекшеліктері, шағын жинақты мектептердегі оқу үдерісін ұйымдастырудың тиімділігі, біріктірілген сыныптардағы біртақырыптық сабақты жоспарлауға қажетті ұстанымдар, шағын жинақты мектептерде өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру, өзіндік жұмыс түрлерін ұйымдастыруда талаптарды орындау бойынша ұсыныстар, шағын жинақты мектеп сынып жетекшісінің сыныптан және мектептен тыс тәрбие жұмысы бойынша ұсыныстар, Біріктірілген сыныптағы сынып жетекшісі жұмысының негізгі міндеттері бойынша ұсынымдар, сынып және сынып жинақ жағдайында тіл сабақтарын бірпәнділік жүйе бойынша сабақтарды жоспарлау, тілдік сабақтарда өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру бойынша ұсынымдар, ШЖМ-дағы «Математика» сабағы, оның түрлері және олардың ерекшеліктері бойынша ұсынымдар, біріктірілген сыныптарда «Математика» мен «Қазақ тілі» пәндерін кіріктіріп оқытудағы пәнаралық байланыстар бойынша ұсыныс, *біріктірілген сыныптарда* «Математика» мен «Әдебиеттік оқу» пәндерін кіріктіріп оқытудағы пәнаралық байланыстар бойынша ұсыныс, біріктірілген сыныптарда «Математика» мен «Дүниетану» пәндерін кіріктіріп оқытудағы пәнаралық байланыстар бойынша ұсыныс, біріктірілген сыныптарда «Математика» мен «Бейнелеу өнері» пәндерін кіріктіріп оқытудағы пәнаралық байланыстар бойынша ұсыныс, Біріктірілген сыныптарда «Математика» мен «Еңбекке үйрету» пәндерін кіріктіріп оқытудағы пәнаралық байланыстар бойынша ұсыныс, біріктірілген сыныптарда «Математика» мен «Музыка» пәндерін кіріктіріп оқытудағы пәнаралық байланыстар бойынша ұсыныс, біріктірілген сыныптарда «Математика» мен «Дене шынықтырудың» пәндерін кіріктіріп оқытудағы пәнаралық байланыстар бойынша ұсыныс және т.б. материалдар қарастырылған.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Қазақстан Республикасының Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) бекітілген тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 26 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы № 25 бұйрығының 1-қосымшасы «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары»

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 6-қосымшасы «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары»

4. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңының 7-бабы

5. «Қазақ тілі» пәнінің Үлгілік оқу бағдарламасы 2018 жылғы 10 мамырдағы №199 бұйрығына 187-қосымша

6. «Әдебиеттік оқу» пәнінің оқу бағдарламасы 2018 жылғы 10 мамырдағы №199 бұйрығына 187-1-қосымша

7. «Математика» пәнінің Үлгілік оқу бағдарламасы 2018 жылғы 10 мамырдағы №199 бұйрығына 180-қосымша

8. «Жаратылыстану» пәнінің Үлгілік оқу бағдарламасы 2018 жылғы 10 мамырдағы №199 бұйрығына 181-қосымша

9. Жаратылыстану (оқу жүктемесі төмендетілген) 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрығына 12-қосымша

10. «Дене шынықтыру» пәнінің Үлгілік оқу бағдарламсы 2018 жылғы 10 мамырдағы №199 бұйрығына 186-қосымша

11. «Музыка» пәнінің Үлгілік оқу бағдарламасы 2018 жылғы 10 мамырдағы №199 бұйрығына 184-қосымша

12. «Көркем еңбек» пәнінің Үлгілік оқу бағдарламасы 2018 жылғы 10 мамырдағы №199 бұйрығына 185-қосымша

13. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 192-қосымша Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

14. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 193-қосымша Негізгі білім беру деңгейінің 5-9-

сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

15. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 198-қосымша Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Ағылшын тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

16. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 199-қосымша Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптарына арналған «Математика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

17. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 199-1-қосымша Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Алгебра» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы

18. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 199-2-қосымша Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Геометрия» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы

19. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 206-қосымша Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 26 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы № 25 бұйрығының 1-қосымшасы «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары» берілген.

Бұнда

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны					Жалпы жүктеме, сағат
		1	2	3	4	апталық	жылдық
Инварианттық компонент							
	Тіл және әдебиет	10	11	11	11	43	1452
1	Әліппе, Ана тілі	6	-	-	-	6	198
2	Қазақ тілі	-	4	4	4	12	408
3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	3	9	306
4	Орыс тілі	2	2	2	2	8	270
5	Шетел тілі	2	2	2	2	8	270
	Математика және информатика	4,5	5	6	6	21,5	726,5
6	Математика	4	4	5	5	18	608
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	1	1	1	3,5	118,5
	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	203
8	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	203
	Адам және қоғам	2	2	2	2	8	270
9	Дүниетану	1	1	1	1	4	135
10	Өзін-өзі тану	1	1	1	1	4	135
	Технология және өнер	2	2	2	2	8	270
11	Көркем еңбек	1	1	1	1	4	135
12	Музыка	1	1	1	1	4	135
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
13	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
Инварианттық оқу жүктемесі		22,5	24	26	26	98,5	3326,5
Вариативтік компонент							
Белсенді-қозғалмалы		-	1	1	2	4	136

сипаттағы жеке және топтық сабақтар						
Вариативтік оқу жүктемесі	-	1	1	2	4	136
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі	22,5	25	27	28	102,5	3462,5

Берілген үлгілік оқу жоспарын басшылыққа ала отырып шағын жинақты қазақ мектебінің білім алушылары жылдық оқу жоспарын құрастырады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы № 130 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 6-қосымшасы «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» негізінде жүзеге асырылады.

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны						Жалпы жүктеме, сағат
		5	6	7	8	9	апталық	жылдық
Инварианттық компонент								
	Тіл және әдебиет	11	11	11	11	11	55	1870
1	Қазақ тілі	3	3	3	2	2	13	442
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	3	3	12	408
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	15	510
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	15	510
	Математика және информатика	6	6	6	6	6	30	1020
5	Математика	5	5	-	-	-	10	340
6	Алгебра	-	-	3	3	3	9	306
7	Геометрия	-	-	2	2	2	6	204
8	Информатика	1	1	1	1	1	5	170
	Жаратылыстану	2	2	7	8	8	27	918
9	Жаратылыстану	2	2	-	-	-	4	136
10	Физика	-	-	2	2	2	6	204
11	Химия	-	-	1	2	2	5	170
12	Биология	-	-	2	2	2	6	204
13	География	-	-	2	2	2	6	204

	Адам және қоғам	4	4	4	4	5	21	714
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	10	340
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	5	170
16	Құқық негіздері	-	-	-	-	1	1	34
17	Өзін-өзі тану	1	1	1	1	1	5	170
	Технология және өнер	3	3	1	1	1	9	306
18	Музыка	1	1	-	-	-	2	68
19	Көркем еңбек	2	2	1	1	1	7	238
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
20	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
Инварианттық оқу жүктемесі		29	29	32	33	34	157	5338
Вариативтік компонент								
Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар		1	1	1	1	1	5	170
Элективті курстар		1	1	1	-	1	4	136
Жеке және топтық жұмыстар		-	-	-	-	-	-	-
Вариативтік оқу жүктемесі		2	2	2	1	2	9	306
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі		31	31	34	34	36	166	5644

Нысан

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
_____(білім беру ұйымының атауы)
Қысқа мерзімді (сабақ) жоспары_____(сабақтың тақырыбы)

Бөлім:		
Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары		
Сабақтың мақсаты		

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар

Сабақ жоспарының аталған тармақтары міндетті болып табылады. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңының 7-бабы 1-тармағы 1-тармақшасына сәйкес педагог кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде «Қазақстан Республикасының Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) бекітілген тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға құқықығы бар.

Егер сыныпта мүмкіндігі шектеулі оқушылар болса, әдістемелік бірлестіктермен мақұлданған жеке бағдарламаларды бейімдеу және жүзеге асыру бойынша әрекет қарастырылған.

Пәндер бойынша орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспар
_____пәні_____сыныбы

Барлығы:____сағат, аптасына:___сағат

№р/с	Бөлім/Ауыспалы тақырыптар	Сабақтың тақырыбы	Оқу мақсаттары	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
I тоқсан						
II тоқсан						
III тоқсан						
IV тоқсан						

Нысан

(білім беру ұйымының атауы)

Автоматтандырылған ақпараттық жүйеден автоматты түрде жасалатын түсініктемелері бар бөлім бойынша жиынтық бағалау мен тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелері бойынша талдау (ақпараттық жүйе болмаған жағдайда, қағаз түрінде)

_____ тоқсан _____ пәні бойынша

Сынып:

Оқушылар саны:

Педагог:

Мақсаты:

БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау

Пән	Оқушы	Жоғары балл	ЖБ балдарының пайыздық мазмұны			Сапа %	Үлгерім %
			төмен	орта	жоғары		
			0-39%	40-84%	85-100%		
			Оқушылар саны				
БЖБ 1							
БЖБ 2							
ТЖБ							

	Қол жеткізілген мақсаттар	Қиындық тудырған мақсаттар
БЖБ 1		
БЖБ 2		
ТЖБ		

1. БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау білім алушылардың мынадай білім деңгейін көрсетті: жоғары (В): 85-100% орта (С): 40-84% төмен (Н): 0-39%

2. Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларда туындаған қиындықтар тізбесі: _____

3. Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларда туындаған қиындықтардың себептері:_____

4. БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау қорытындысы бойынша жоспарланған жұмыс (қажет болған жағдайда білім алушылардың ТАӘ көрсетумен) :_____

Күні_____

Педагогтің (Т.А.Ә. (болған жағдайда)____

Мазмұны

Кіріспе 3

1 Шағын жинақты мектептің біріктірілген бастауыш сыныптарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері 5

2 Шағын жинақты мектептің негізгі орта білім беру деңгейінің біріктірілген сыныптарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері 132

3 Шағын жинақты мектептің біріктірілген сыныптарындағы пәндерді кіріктіріп оқыту бойынша ұсынымдар 327

Қорытынды 419

Пайдаланған әдебиеттер тізімі 421

Қосымша 423

Шағын жинақты мектептердің біріктірілген сыныптарында оқу үдерісін ұйымдастыру

Әдістемелік ұсынымдар

Басуға қол қойылды 29.07.2022 г. Формат 60×84 1/16.
Офистік қағаз. Офсеттік басып шығару
Шрифт Times New Roman. Шарты б.т. 26,75